



ШАЙМЕРДЕНОВ  
Сағуан

Би шабадар  
Залуған





Сафуан

ШАЙМЕРДЕННОВ

# БИТАБАР ЗАРУАН

Повестер

Жыл құсының адаспайтыны  
да соғ өз жолы – құс жолы  
болғандықтан...



АЛМАТЫ  
«АТАМҰРА»  
2004

ББК 84 Қаз 7-44

Ш 18

Шаймерденов С.

III 18 Битабар балуан. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 272 бет.

ISBN 9965-05-961-6

Қайткан жыл күсы канатының жылдам сұылындағ өмірдің касағым сөттері, оның қатпарлы, терең ірімдері мен жұмбак құдіреттілігі тағдырыдан талайлы сокпағынан откен адамдар жан дүниесіндегі кат-қабат сырлармен астарласып жатуы – көрнекті жазушы С. Шаймерденов шығармаларының негізгі аркауы.

Кезінде оқырман ілтишатына боленген «Мезгіл», «Жыл күсы», «Ит ашуы», «Мәжнүн тал» повестеріндегі кейіпкерлермен кім де болса, араға жылдар салып, сағына қауышары сөзсіз.

53233

III 4702250201-258  
418(05)-2004 хабарландырусыз – 2004

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-05-961-6

© Шаймерденов С., 2004  
© «Атамұра» баспасы, 2004

Салтанат библиотека  
А.Н. МУКЕНОУЛ

## МЕЗГІЛ

Өгей анам Жақсыбай қызы  
Бейіс марқұмының аруагына арнаймын.

Автор

Күн ұзак билет алудың қамымен әбден титықтап, шаршап жүріп, онаша күпеге кеп жайғасқан соң, болат донғалактардың дүрсілін тындалап шайқақтап жатып, қалғып кетсем керек, дабыр-дубір дауыстан ояндым. Байқасам, есік алдында екі жолаушы тұр. Бірі – кірпішешеннін инесіндей тікірейтіп шаш койған, қалкан құлақ, кара жігіт, ал екіншісі – тым жүдеу, жак еті суалған, сонысына қарамастан осы Арка әйелдерінін салтын сактап көк жаулық, оның үстінен какырайтып шаршы тартқан карт адам. Бет әлпетіне қарағанда ұзак уақыт тәсек тартқан, мол сырқаты бар жанға ұксайды. Қалтыраған қолымен кірпі шаш жігітті демеу етіп, зорға жылжыды.

Кірпі шаштың кейіпінде дағдарыс бар.

– Екеуі де үстінгі орын еken ғой, кайттім енді?

Карсыдағы астынғы орында мана мен кіргенде тұрі тас күдайға ұқсаған мықыр мойын бір көзілдірік газет қарап отырған еді. Енді көз салсам, сол баяғы қалпы, қозғалмапты. Мына есік алдында тұрғандарды елейтін тұр білдірмейді.

«Осындаі бір типтер болады-ау» деп ойлаймын мен. Ондай-лар үлкенге үлкен еken деп ізет көрсетпейді, кішіні кіші еken деп күрмет тұтпайды. Ал «өзін бір ұялтып таставын» деген оймен осындаі бір қызығын бетіне салық етіп көрші, сонда қайтер еді дейсін ғой. Кайтуші еді, қысылмайды. «Сіз өзініз не кыл деп тұрсыз? Міне, билетім сатып алған. Ауру? Ауру болса қайтейін, ауырмасын» деп жауап береді. Дәл осындаіларды ел ішінде: «Ой, ол ма, ол адам емес, мал ғой» деуші еді. Тауып айтады еken ғой. Мен түрегелдім де, кірпі шашқа қарап:

– Сіз дағдарманың, дені сауға төмені не, жоғарысы не, бәрібір емес пе. Шешей мына мен жатқан жерге жайлассын, – дедім. Сөзімнің бір ұшығын мықыр мойынға әдейі тиғізе сөйледім. Бірак оған мән беріп жатқан мықыр мойын болған жок.

Босатылған тәсектің шетіне келіп отырған кария:

— Көнілің ашылсын, шырағым, өзін бір иман жұзді бала екенсін, — деді бөліп-бөліп. Ал кірпі шаш болса, өзінің үлкен алаканына менің колымды салып алды да, ризашылығын танытып, қыса берді сыйырлатып.

Баікаймын, кірпі шаш лыпып жүр. Жүгіріп барып тәсек-орын алып келді, кемпірдің жастығын түзеді, үстіне айқарып көрпе жапты. Сонысын көріп мен «анаңы болуға тиісті» деген токтамға келдім. Бірак ол бір сөзінде:

— Бишәм, тандайын құрғаксызы ғой деймін, сусын жұтсан қайтеді? — деп калды кемпірге қарап.

«Анасы болса атын неге атайды? Әлде әлпесі болды ма екен? Койшы, кімі болса, онысы болсын, онда сенің не шаруаң бар?!» деген оймен дәлізге беттедім мен. Бір мезгілде тас құдайға ұқсап, мықыр мойын, көзілдірікті көршім де купеден шыкты. Артына қарай сүйір иегін нұскады: .

— Кайдан сая болды? Ынқылдап-күрсілдеп, мазаны алып бітті тіпти. Бос орны бар күпе болса, соған ауыстырысак қайтеді өзін?

— Ондағы жолаушылардың мазасын алмай ма екен өйткенде? — дедім мен ұнатпаған үнмен. Мұнымның онша сыпайы жауап емес екенін де сеземін. Дегенмен «Ит кағанағына какалмайды» деген бар емес пе, ауырлаған ол жоқ, әйнегінің калындығы бір елі кара көзілдірігінің астынан сүзе қарап, бір сәт тұрды да:

— Құрк-құрк жөтеледі, жолға шығып несі бар екен. Одан да ауруханага түсіп емделмей ме! Ал бұлар, емделудің орнына, қызырады. Құдай біледі дейін, дәл осы кісі бар ғой, ит жаңын сүйретіп, не бір құдасына немесе құдасының құдасына тәбе көрсетем деп бара жатыр. Бұлар кара шыбын сиякты, жұқпалы ауруларды кара өрттей киптататындар, міне, осындайлар, — деп әрі актала, әрі бір пәлені таяй сөйлемеді.

Үстірт сөйлем, женіл байлам жасап тұрған бұл жігіттің сөзіне мен әрі кейіп, әрі ойланып калдым.

Кейітін себебім, осы мықыр мойын сияқтылардың алға басар ісімізге кеселін тигізер жайын жиі байқайсың. Ел тұрмысында әдет-ғұрып дегенің ғасырлап қалыптасады. Әрине, оның жақсысы да, жаманы да бар. Жиренетіні де, үлгі етерлігі де болады. Ал жанағы мықыр мойын сиякты «жанашылдар» соның байыбына барып, мынасы дұрыс, мынасы бұрыс деп сарапал жатпайды. Өзі бір бар жаманшылықтан арлып ала койғансиды да, өз көнілі тұрғызған жалған бір биіктен төмен қарап: «Бәрін де жою керек!» деп жар салады. Жұрт мұндайларға сескене қарайды да, өз бойындағы асылын да, жасығын да корғап қалуға тырысады. Ал ойланатын себебім, шынында да ана мықыр мойын айтқандай туыссырап бара ма екен бұл жолаушылар? Әлде басқа бір

себебі бар ма? Олай болса бұлар қайдан шыкты? Қайда бармак?  
Кірпі шаш жігіт кім? Ауру ана ше?

Мен осы бір мазасыз оймен терезе алдында сыртка қарап тұрғанмын. Қек сілемік мұнар басқан ашық күн. Тектайдай ұлан-кызыр жазық дала. Аңызакты апташ шілденің жуан оргасы болса да, дүние ренкі көгілдір, ізнерлі жер бояуын әлі бермеген. Ойпаны мен биік-біік қыраты, жұлге-жұлге таулары жок, осындай көгілжім жазықтарда қек жиегі де алыстап кететін болса керек, тым киян шалғайдан көз үшінің ілігіп, сағыммен ойнап, белбеулене көтерілетін үйірім-үйірім, бұлын-бұлын, шок-шок ағаштар бейне тенізде жұзген ғажайып та жұмбақ алып кемелерге үқсан көпке дейін толқып, баяу жылжып жақындаиды да, айналып артқа түсіп алыстаған сайын әлгі бір ойнакы кейпіне тез ауысып, тағы да бұлындаپ, тағы да толқып сала береді.

Бір кезде дәл құлағымның түбінен:

— Міне, енді Мезгілдін даласы басталды, — деген дауыс шыкты. Жалт қарасам, касымда кірпі шаш жігіт тұр екен.

Мен бұл дала жайында жас кезімде киян-кырлы әнгімелер еститін едім. Ол кезде, бір ғажабы, біз балалар болып айнала тұнеріп, тұнжырап тұратын нұ орманнан коркатынбыз. Ал сол шетсіз-шексіз орманды айлап кезсе селт етпейтін үлкендер: «Мезгілдін даласы құрдым ғой, шетіне бір шыға алмайсың. Нысана етер, белгіге алар тұлдырып таппайсын, калай қарап жүрсөн де көсліп жаткан кең жазық, адасып кетуін оп-онай» дейтін.

Мен сонда «адасса орман ішінен адаспай ма, айналана көз салсан қырымдағы көрінер медиен далада қайтіп адасуға болады» деп таңданатынмын. Сонда да «Мезгілдін даласы» деген сөзді естісем, әрі коркынышты үреймен, әрі күмарпаз арманмен ұмтылушы едім осы бір ғажайып алыска.

Міне, біз, сол Мезгілдін даласына еніп келеміз. Шынында да әлгі бір бұлын-бұлын ағаштардың бәрі де азайып, көз үшінде дейін бұлдырап кете берер қек тенізге үқсан жалпақ дала – егін дала-сы басталып кетті.

Терезеге үніліп тұрған кірпі шаш:

— Мезгіл! – деп бір тыныстыда да, күрсініп алды. Құрсінісінде де, қарасында да терен бір сыр жатқандай. – Жол болса ұзак көрінеді. Танысып алсак қалай болады? Менін атым – Мезгіл.

— Мезгіл?! – дептін таңданған кейіппен.

— Ие, Мезгіл... Мына Мезгілдін даласында туылпын. Содан болса керек, атымды азан шақырып Мезгіл қойыпты.

Енді байқадым, Мезгілдің киыктау келген монгол көзінен жайдарылық пен үйірсектікті танып тұрмын. Танысудың орайы енді келгендей. Мен өз атымның Тулан екенін айтып, манадан

бөрі пілмінің үшінша орала берген сұракты тәбеден түскендей етіп койып қалдым.

— Ал жол болсын, Мезгіл? Мына ауру карияны кайда апара жатырысыз?

Жігіт, тегі, әңгімені бұлай тұрып бастағысы келмеді білем:

— Карагандыға, — деп сүлесоктау етіп келте қайырды. Содан кейін купеге кіріп кемпірге бірдеме деді де, кері шыкты. — Мұндай составта ресторан дегенін бола ма екен?

— Элбетте.

— Олай болса, соған барып сусын іше отырып әңгімелесейік. Мына азықтак жел де тандайынды кептірмей қоятын емес. Кариядан рұқсат алып шықтым.

Мен Мезгілдің әңгімесін естігенше асық едім. Содан ба, жігіт ұсынысына қарсылық білдіре коймадым.

\* \* \*

Вагон-ресторанда адам онша көп емес екен. Біз онашалау бір үстелге келіп отырдык. Айнала үлкен терезелері бар самаладай жарық рестораннан зырлап қалып жаткан дала көрінісі бұрынғыдан да айқын, бұрынғыдан да әсем. Біз отырған беттегі сонау шалғай етекте жалғыз шуда бұлтқа ұксап бұлынғырып бір тәбе көрінеді. Ал мына бетте киян алыста жер шегіндей болып орман көгеретін сияқтанады. Осы бір жалпақ жазықта көзге ілінер де сол екеуі ғана. Қай бетке қарасаң да, болат донғалакқа келіп соғылар сары балак тарткан егін тенізі тұп-турға темір жолдан басталады да, көз үшінша дейін құлдырап арманғы алысқа кете береді.

— Сейтіп, кария жайын білгініз келе ме? Бұл бір ұзак сонар әңгіме. Жалықласаныз, басынан айтайын, — деді Мезгіл ыстық кофеден бір ұрттап қойып.

— Неге жалығайын, кайта жол қыскарады.

— Мен мына Караганды тубіндегі Саран қаласында тұрамын. Кен инженерімін, — деп бастады ол әңгімесін. — Құдайшыл болмасақ та айта береміз ғой, құдай біледі дейін, тап беделсіз емеспін. Топ жарып, суырылып шығар анау айтқан өнерім бар демеймін, сонда да «Мезгіл өз ісін білмейді» деп ешкім айта алмайды. Содан ба, коллектив те, бастық та теріс қарап көрген емес. Өз ісіне мығым болсан, біреуеге киянат жасамасан, теріс міnez көрсетпесен кімнін кімде не шаруасы бар дейсін, — деп бір тынды Мезгіл. Содан кейін шалқая отырып, темекісін тұтатты да, көзін дала-нын киян шалғай алыс бір нұктесіне қадап отырып қалды. — Тулан, сіз білуғе тиіссіз, біз бір карбалас, аласапыран өмірде көктеп, дән салып келе жаткан жандармыз ғой. Жолымыздын бұлтарыс-қалтарысы жок болғанымен, бұраланы көп. Кейде үндермен ғана

тындыра салар шаруа үстінде орынсыз даурығып бітеміз. Мен сондайда осы бір айқайшылдығымыздың өзі әлсіздігіміз емес де екен деп те ойлат каламын. Әйтеуір артық кетейік, кем түсейік, сонын бәрі арманды бір жарқын болашақ үшін деп түсінеміз де, соған семіреміз. Кайтсе де ниетте алалық жок.

Осылай бір кезекті науқанның кезі болатын. «Егер коммунизм күнін бір табан жакыннатқын келсе, көмір өндірудегі токсандық жоспарды мезгілінде орында!» деген үранды газетке де үсті-үстіне төпелеп жазып, әр шахтаға да ілгізіп, қызыл танау болып жатқанбыз. Соған ала көніл болдым ба, немене, әйтеуір түнімен үйіктай алмай шыктым. Ет жүрек кейде сезе ме деймін жаманшылықты, қобалжумен болдым. Содан ерте тұрып, мекемеге келсем, жұрт та жиналып қалған. Күтіп отырғандай-ак, өре тұра келіп, иіліп, ілтипат көрсетіп жатыр. Бірі тұрып: «Сені бастық тосып отыр» деді. Дегенмен мұның бірін де жаманшылыққа жорымадым: «Ет үйренген күнделікті науқан жайы шығар» деп ойладым да, кіріп бардым. Ол өзі анау-мынауға секектей бермейтін, өз бағасын түсінетін, жакынмын дегенді іші-бауырына біржола тартып та ала қоймайтын, алыспын дегенді үзілдікесілді алшақтатып та жібере бермейтін, кайсысын болса да «ұрымтал жерін осы-ау» деген жерде ұстайтын, орныкты жырынды адам еді. Сол мінезінен басекен де айырылып қалыпты, калбалактап жатыр.

— Мезеке, Мезгіл жакқа барып кайтуына тұра келе ме, әлде кайтеді?

Біз болсак, жүріп-тұруға піскен, көнбіс адамдармыз ғой:

— Тығыз шаруа болып тұrsa... — деп күмілжідім.

— Ие, ие, тығыз шаруа. Тап бүгін аттанғаның жөн. — Ол үстел тартпасынан бір қағазды суырып алды да, шиышықтап біраз отырды. Сосын маған ұсынды.

Алсам, телеграмма екен:

«Кайтсен де жет. Аナン әл үстінде. Қөргісі келеді».

Мезгіл тұра маған қаралы. Шіркін, көз атаулы да киян-килы болмай ма. Мезгілдің осы бір күшік келген дөрекілеу кескінінде, ана киыкша келген монгол көзінде де жан тұнығы, аяушылық пен сенгіштік байқалатындей.

Ие, Мезгіл тұра қаралы маған. «Ал сосын кайттің? Аナン байғұсты көре алдың ба?» деген сұрау қысып, мен де тағат таптай отырмын.

Мезгіл менің осы ойымның үстінен түскендей.

— Мен анырып отырып қалыптын. Қалтыраған кольыммен шиышықталған телеграмманы укалай берсем керек. Бастық болса, аяушылығын білдіріп жатыр.

«Камықканмен өнер ештene жок енді. Берік бол. Мүмкін әлде-  
калай беріле салған телеграмма шығар. Мүмкін айырып та кететін  
болар. Осында жұрт шығарып саламыз, көмектесеміз деп камда-  
нып жатыр, мен де солардын ішіндемін... » деген сияқты.

Обалы нешік, пейіліне раҳмет. Өз қасиетін де, жора-жолдас-  
тарының адамгершілігі де осындауда көрінбей ме. Аянғаны бол-  
ған жок, қолынан келгенін жасады бәрі де...

Мен, сөйтіп, жол жабдығына кірсейін деп үйге келдім де,  
телеграмманы әйеліме бердім.

— Бұл кайдағы анан? Анаң бар ма еді сенін? — Әйелімнің  
бірінші сұрағы осы болды. Бұл байғұста да кінә жоқ. Мен басын-  
да балалар үйінде тәрбиелендім. Одан біраз жылды майданда оқ  
пен оттың ортасында өткердік. Сосын институтқа түстім. Сонда  
жүріп сол замандасынмен кездестім. Оку да бітті, үйлендік.  
Балалы-шағалы болдық. Содан жұмысқа орналастық дегендей.  
Бірақ осы жылдардың ішінде «анам бар еді» деген сөзді тісімнен  
шығарып көрген пенде емеспін... Сол себепті кайдан кінәлі бо-  
лады ол бейшара. Бірақ анасынан безіп кетіпті деп жазғыра  
көрменіз. Бұл жерде менің де кінәм онша көп болмаса керек.  
Сөйтіп, не керек, қыскартса сөйлегендеге әйеліме бар сырды осы  
жерде баяндадым да, марқұмның басына бір уыс топырак салу-  
ды өзіме парыз санап, жолға аттандым.

\* \* \*

— Көкшетауға келгесін білдім, — деп жалғады Мезгіл  
әнгімесін. — Мен іздел келе жатқан үй Мезгілдің Есіл жақ шал-  
ғай шетіне жана коныс тепкен тың совхозында екен. Олай қарай  
жүретін автобус ертемен кетіп қалған. Оны күтсем, тағы бір күнім .  
босқа өледі. Ен абзалы — такси жалдап кету болды.

Мен, сөйтіп, бір «Волгага» отырдым да, айналып жүретін жана  
тас жолды тастап, бұрын бала шағымда талай рет шиырлап өзім  
жүрген ескі жолмен төте тарттым...

Мен токтаусыз жүріп келемін. Жүріп келе жатсам да, ұстара-  
нын жүзінде отырғандаймын. Мегзеулі жерге жакындаған сай-  
ын жүрегім өрекпиді. Әуелде байқалмаған бір сезімге  
берілгендеймін. Көп жылдан бері көріспей жат бауыр болып кет-  
кен осы бір адам сәт сайын кимасым болып, қымбат тартып ба-  
рады. «Көре алмай калам ба» деп асығамын да мазасызданамын.  
Оған себепті — жок-жұтән балалық шағымды өткерген осы бір  
ыстық өлке — туған жер ме деп те шамалаймын. Бір кезде бала  
жүрекке түскен өткен күннің із-танбалары, кайғы-касірет жай-  
лары — ұлы дауа — уақыттың өз шипасымен көмексі тартқан  
кайғы-касірет жайлары міне, енді дүрбіден көрінгендей тым

ұлғайып, айқын елес береді де, сөнген сезімдерді кара өрттей лау-латады. — Мезгіл тағы да темекі тұтатты. Сездіргісі келмесе де, колының қалтырағанын байкаймын. Толқып отыр. — Өрт! Өрт! — деп, екі рет кайталап тынды ол. Содан кейін бері бұрылды. — Бұл даладағы қара өрт дегеннің не екенін білесіз бе?

— Эрине... өрттің аты өрт емес пе, — деп күмілжідім. Мезгілдін кабағына кірбін ілінді. Даусы каткылдау шыкты.

— Жок, Тулан. Мезгілде бұрын болып көрмесеніз, кара өрт дегеннің не екенін білмейсіз онда. Ондаған жыл бойы үйисып жаткан өлі қауға от тисе бітті, акыр заманнын келгені деп түсіне берініз. Кау дегенің лапылдаш майша жанады. Қызыу қандай десенші бет қаратпайтын.

Жолындағының бәрін де жалап, жалмайды да жылжи береді. Қыбырлаған жан иесінде ес қалмайды. Тайлыш-таяғымен шығып, күн алысады, түн алысады, бірак жаһанды жалпағынан жайлап алған кара өрттің беті қайтпайды. Құдайдын дес берісінде, кара нөсер тәғіп берсе, сонда ғана басылады. Әйтпесе, сендей соғылысқан халықтың өлгені өліп, елменегені жан сауғалап, бетінің ауған жағына босып кете береді. «Жұт жеті ағайынды» десе, тап мына Мезгілдің даласы үшін сегіз ағайынды болған-ақ шығар деймін. Бала кезімізде сондай қара өрттің талайын көрдік кой.

... Міне, машина жылжып келеді. Қай тарапка көз салмайын адамның аңы терінен жарапған егін теңізі – бұрын осы даланы басып, жаныштап өтетін сан алуан жұттарды келмеске жіберген ырыс теңізі сахара самалымен толқып, тербеледі. Қек аспанда ала шарбы бұлт қошеді. Құдды дүніне, дүніне болып жарапғалы аспанында дәл осылай ала шарбы бұлт қошіп, даласында дәл осылай егін толқып тұргандай. Құдды бұл өнірде осы жарқын көріністен басқа өзге көрініс-құбылыстардың көленкесі түсіп, өтпеген сияқты. Ие, бұл тосын көзге, санылауы жок, ойсыз көзге ғана солай. Байымдағанға талай-талай оқиғалардың талай-талай іздері жатыр мұнда.

Міне, жайкалған егін арасынан әлдебір төмпелер қылан береді. Одан әрі шөп басқан көл бар. Ал сол көлге құлай беріс кабакта зырлап өтіп жаткан заман толқынының, зырлап өтіп жаткан әр килі адам толқындарының токтап, тұнып қалған бір сәті – молалар қарайады. Ана төмпелер біздін ауылдың ескі жұрты, ана молалар біздін сол ескі ауылдың моласы. Екеуінде де осы даланы жайпап өткен қара өрттің ізі бар...

Жаз болса сулы, томарлы, көлді жерлерді сағалап, Мезгілдін жан бармас түкпірлеріне қарай сұғына кешіп, ілгерілеп кете беретін біздін ауыл 1930 жылы осы «Торқа» деп аталатын шөпті көлдің ық жағынан қоныс тепті. Мен онда сегізде едім. Сегізде

бөлсам да, сондағы көп жайлар көкірегімде бүтінгідей сайрап тұр. Олі есімде, көктемнің жаңбырлы бір күнінде шинельді бір тапал келді. Басына оттай қызыл жұлдызы бар шлем киіп, колына жуан портфель ұстап келгеніне дейін ұмытпаптын. Жұрт жиналып, кішкене тәбені айнала отырды. Жанағы шинельді тапал тәбенің мұғар биігіне шығып алды да, колын олай-бұлай сермен сейлей берді. Содан есімде калғаны «ТОЗ»<sup>1</sup> деген бір сөз.

Сол сол-ак екен, үлкеннің де, кішінің де бар айтатыны «ТОЗ» болды да кетті. Егін салса да «ТОЗ», мал барып, пішен шапса да «ТОЗ». Кора-копсы, жайларды салып бітіріп, үйге енгеннен кейін әкем де:

— Біз енді «ТОЗ» болып үйымдастық, — деді.

«ТОЗ-ы несі?» деп мен ойлаймын. Мені әлде баласына ма, болмаса, айтқанды жетіп өзім түсіне алмаймын ба, кайдан білейін, әйтеуір бір пенден тұрлаулы жауап ала алмаймын.

Әкем менің шапеті, шағын денелі қағілез кісі еді. Эрі мінезі де жұмсак, көп сөйлеуді білмейтін-ді. Әңгіме айтқандарды кезек құптаپ, киықша келген монгол көзін құлімдеп, үн-тұңсіз отыра беретін көз алдыма.

Өзі де бір бак деген малды бағып, істе деген шаруаны істеп жүре беретін көлденен сөзде жұмысы жоқ, кой аузынан шөп алмасын өзі еді. Сонысына бағып көп айтып анықтауға еріне ме, болмаса, өзі де айқын түсініп жетпеген бе, кім білсін, ол да:

— «ТОЗ» деген ол кәдіулігі ТОЗ-дағы, — деп жауап береді.

Кысқасы, біздін ауыл, сейтіп, «ТОЗ» болып үйымдасты. Трактор деген болса да жоқ ол кезде. Дегенмен сирек көретін басқа саймандардың бірсызырасы — ат сеялкасы, бричка деймісін, шөп жинайтын ат тырнауышы, соқа-саймандар деймісін, әйтеуір ауыл котанына жинала берді. Кайдан келіп жатқанын да жөндел білмеймін. Жалғыз-ак, «ана Әлти байдың көк бірішкесін жек те, шөпке бар», «ана Тырнауық байдың көк қаскасымен өкілді сыртқы ауылға апарып сал!» деп әкеме арнап жиі айтылатын тұжырымды бүйректардан ғана «е, бұл байлардың дүниесі екен ғой» деп шамалаймын. Ол, тегі, казіргі ойым болса керек, өйткені сегіз жасар баланын ненің кайдан келіп, кайда кетіп жатқанында не шаруасы болады дейсін! Жалғыз-ак менің есімнен кетпейтіні сол жылғы жаздың айрықша ыстық болғаны. Ойпыр-ай, бұл жерде сондай ыстық болады екен-ая. Кубыладан соккан анызак жердүниені қүйдіріп, каусатып жатты. ТОЗ болып, бірлесіп салған аз егінге карасан, ішін ашиды. Сүт қүйінде сабағы курап, дән салмаған масағы сарғая қуырылып, жел өтінде елбектейді де тұра-

<sup>1</sup> ТОЗ – товарищеская община земледельцев.

ды. Ала жаздай сазарып бір тамбай койған күн ренкі тым бұзық.  
Содан түршіге сескенген жұрт аузында:

- Жыл репеті жаксы емес. Кыс аужайы калай болар екен?
- Құдай сақтасын да, бір сірінке басы ұшып түссе, Мезгілдің даласында жалғыз түп көде қалады деп ойлама!
- Кағына тиеді дей бер.
- Кезектесіп құзет койған жөн. Сақ болған жөн.
- Өңшен тобырлар жынылып «ТОЗ» құрыпты, тоздырып жіберу керек дейтін көрінеді өшіккен байлар. Карап қалады дейсін бе?

Ескі күнді еске алса жұрт: «Біздін елде ана бай, мына бай болған» десіп жатады. Ал мен болсам, тұмысымда бір байды кездес-тіріп көрген емен. Содан да «бай» десе, зәрем ұшады. «Бай» де-геннің кім болатынын да білмейтін болсам керек онда. «Бай», «бай» деп жұрт жамандай беретін болғандыктан ба, әйтеуір ол маган кездескенді жалмап, жұта беретін аждаһа сиякты елестейтін-ди. Сол үрейдің салдары фой деймін, жұрт сөзін тын-дасам, жүрегім тітіренеді. Көрінбейтін бір құбыжық акырын жылжып келе жаткан сияқтанады маган...

Әлі есімде, желді, анызак күн еді. Кеш түсті. Жалқынды өрттей қызырып, зорайып барып күн батты. Дүние алаудай мұнартып түтіндең түрдьы. Үйге төсек салынды, мен жатканымдығана білемін. Содан ояна келсем, әкемнің колында жүрмін. Төнірек самаладай. Ашы тутін ісі шығады. Айнала орап, қаурай жаңып кара өр келеді. Бет бактырмас алды – біздің ауыл. Арты кара тұннің өзіндегі кап-кара үнірейген жоктық. Екілене ішін тартып, жел соғады. Жел сокқан сайын алтын наизалар жарқ-жұрқ етіп, ырғып-ырғып түседі де, дуылдай жөнеледі. Карғып, кораларға шығып жатыр. Кешеғана енбекпен түрғызған мекен жайлар, міне, енді көз алдында күтір-күтір, күрс-күрс құлай бастады. Кора аркалықтарын ораған сұғанак жалын тілдері сокқан желдің күшімен карманарға ештене таба алмағандай, бір ауық созыла дірілдеп, жаландап тұрады да, үзіліп барып, алдағы тын жерге жабыса қалады. Содан кейін тағы да дур етіп қоздап, балалап жатканы.

Төнірек шуға толы, азан-казан. Шәуілден ит үреді. Әйелдер зарлайды. Барлығып еркектер айқайлады.

Мен де әкемнің койнында жылап жүрмін. Біздің үйдің терезесінен жалын сумандағы бастады. Содан коркамын ба, дауыстап апамды іздеймін. Бірақ, кайтып көруге жазбапты оны маған. Кейін білдім ғой, «Аксұнқар балапаны үшін торға түседі» демей ме, жаңылыстан мені үйде қалды деп ойлап, лаулаған оттың ішіне койып кеткен де, содан кайтып шықлаған.

– Сейтіп, анам сорлы тағдыр ойыншығы есепті, қайғылы жансактықтың құрбаны болып кетті... Мен, сейтіп, анамнан айырыл-

лым. Бала кездің куанышы да, қайғысы да тамырсыз, негізсіз келеді. Тез таркайды дейді ғой. Мен осыны теріс ұғым ба деп шамалаймын. Өйткені қанша жұрт жиналды. Мола басына калай бардық, бәрі де есімде. Тіпті анамның қыр мұрынды қызыл жүзі, қалың келген кара қасы, басын әнтек бұрып, төмен отырып құлгенде көрінетін ақ тістері де көз алдымда. Мен оны ұмыта алмадым. Біреуден жәбір көрсем де, карным ашса да, әкемнен қалып койсам да үнемі есіме апам түседі де, боздай беремін. Ал біреу-міреу шакырып алып, колыма бір үзім нан ұстаса, «алда байғұс-ай!» деп арқамнан какса, кайғы-касіреттін бәрі ұмыт болған сияқтанады. Асыр салып, ойнап кете барамын. Ол бірақ көпке бармайды, жетімдік бұлты тез келіп қайта орнайды.

Дегенмен жер-дүниені жайпап кеткен осы бір өрттен кейін ТОЗ өмірінде де, менін өмірімде де үлкен-үлкен өзгерістер болды. Маялаган пішіні мен тірі тұрған егінін, үй-жайы мен шаруашылық құралшарын өртке берген сон ТОЗ-да не күй калды дейсін, тозып кетті. Ал мен болсам...

Осы кезде поезд жүрісі бәсендей берді де, кішігірім станцияға келіп токтады. Мана біз келгенде карсы алдымыздың күн шырап тәбебеге шығып алышты. Мезгіл сағатына қарады.

— Ehe, тәуір-ак отырыппыз ғой. Карияны тамактандыратын уақыт та болған екен. Мен шай апарып беріп келейін, — деп шириқ басып шығып кетті.

Онаша калғандықтан ба, мен ала көніл болып отырмын. «Бір анасы өліпті, бір анасын іздеп бара жатыр. Бір қарияны ертіп келе жатыр. Бәрі де жұмбак болып барады» деп ойлаймын.

\* \* \*

— Сейтіп, мен ойда жокта жетім болып шыға келдім, ал ТОЗ болса, тозып кетті, — деп жалғады Мезгіл әнгімесін поезд қозғалып кеткен сон. — Бірак ТОЗ-дың жарасы женіл болды. Кайта сол төніректегі талай ТОЗ-дар, талай ауылдар жиналышп, келер жылы «Майбалық» деген кайран қелдің жағасына жана коныс тепті, колхоз болып үйимдасты. Қызыл шатырлы, көк шатырлы биік-биік үйлер көбейді. Күнде жиын болады, қызуқызу сөздер айтылып жатады. Ак көбік болып аттар сабылады. Ел-елдін арасында шапқындар жосылады. Ізін күргатпай өкілдер жүреді, портфель ұстап, мылтық асынып, соттар келеді жуан-жуан папкаларды аркалап. Ойын-той, думандар да көп. Больп жатқан бұл қызба, ал кеттім көрініс-құбылыстардың көбіне мен түсінбеймін. Сонда да ел өмірінде қауырт бір өзгерістердің болып жатқанын андасам керек. Міне, тозған ТОЗ-дың акыры осылай өрге тартты.

Ал менің халім мұлде мұшкіл. Әкем жұмыска кетеді. Мен үйде жалғыз қала алмаймын. Кайда барса да қасындағын. Шешенің жоктығынан маған да, үй ішіне де жүдеушілік кіре бастағанға ұксайды. Оны інің жыртылған көйлегімнен, бұрыш-бұрышта салбырап тұратын өрмекші сілбісінен, әкемнің қабағынан анғарамын. Үндемейді, күлмейді. Осындаida сап етіп апам түседі есіме. Сағынамын. Қөршідегі үйдің терезесінен пешінде маздал жанған отты қөрсем де көнілім жүдеп, жасып қаламын. Мына қаскөйлікті қойсанышы, әкем екеуіміз болып тұтатқан тезектің бықсымай, тұтіндең ана сиякты маздал жанатын бір күні жок. Пешке басты тығып жіберіп, өңештей үрлеп үнемі қызыл кенірдек боламыз да жатамыз.

Ести-өсти күндер де өте берді. Жылауық бұлтты күз түсті. Қи-лы адамдарға киңи-киңи тағдыр дайындал, отыз бірінші жыл-дың аты шулы қысы да таянып келе жатты.

\* \* \*

Себелеп жаңбыр бүркеді. Дүние құнгірт, жабынкы. Қыс келерін танытар ызғар бар ауда. Суға малышынған қамыс қораның ығында құлағын салбырата жусап ақ каптал бір арық ат түр. Белсенділерден ығыр болған ба, кім білсін, мені қөріп қаға беріске қарай айнала береді. Жауырда менің не шаруам бар. Өз әлегім өзімде. Кітабымды арқалап, мектептен келемін. Тонып келем. Жамбастап қалған көн етігім бар. Доғарылған ұлтаны қайырылып қалмасын деп аяғымды көтеріп басамын. Жер лайсан. Етіктің іші одан да өткін. Жалаң аяқ саман үйдің лайын басып жүрген сияктымын. Корп-корп етеді.

Үйде әкем жок. Ертемен тұрып, басқа бір колхозға кеткен. Қасында колхоз ісіне араласып, белсенді атанаңып жүрген Нұрым деген жақынныңыз бар. Кайда әкетсе де сол әкетті.

Мен лай басып, үйге жақындаадым. Сұсты, сұық үйге кіргім де келмейді. Міне, терезе алдынан өттім. Кенет пеште жанған отты қөрдім. Тағы да өрт екен ғой деп жүрегім су етті. Бірақ тұтін дегенің мұржадан шығып жатыр. Бықсып жанған оттың тұтіні емес, дауылдан жанған оттың тұтіні. Түйін-түйін, буын-буын болып будақтап шығады. «Кім келіп жакты екен? Әлде әкем бе екен?» деген оймен үйге кірдім... Пеш қасында бір әйел отыр. Басында қызыл шәлі. Устінде батсайы қамзол. Пеш койнында сары самауыр ызыллайды. Үй іші жып-жылы. Бірақ әкем жок. Бейтаныс әйелден басқа бір пенде жок. Мен есік алдында бокшамды ұстал, адырая қарап анырып қалдым.

— Сен Мезгілмісің? Өй, айналайын, келе ғой, — деді әйел. Сонан сон бетімнен сүйді. Колыма бір түйір қант ұстартты. — Тондың ғой, кел, жылына ғой.

Менде үн жок. «Колы да жұмсақ, сөзі де жұмсақ бұл кім? Әлде мен білмейтін жақын жекжат, нағашылардың бірі ме?» Мен бірак кімсін демедім. Ол да пәлемнің деп айтпады. Даала шыктым. Келдібай дейтін жырық танау бір даукес бала болатын. Сол кездесе кетті де, жаналыкты табан аузында жеткізді.

– Өкен катын әкелді. Қөрдін бе, ей?

«Әкем әйел алады-ау» дегенді мүлде ойламасам керек, жырық танаудың сөзі жай түскендей болды. Жүргім ауырып жүре берді. Содан күн үзак үйге жоламадым. Етік ішіндегі лайды былышбылш басып, кора төнірегінде жүрдім де койдым. Бәрінен бұрын әкемді қызғанамын. Сөйтіп жүргенде кеш түсті. Ауыл-үйдің Нұрым бастаған бірер адамы келді. Казанға ас салынды. Әкем байғұс бұрынғыдай емес сиякты. «Осы баяғыда...» деп әңгімені баяғыдан бастап, көтеріле сөйлеп отыр. Әкем жайдарыланған сон, менін де ауруым тарқай бастаған секілді. Кисайып жатып, казан-ошақ жакка қараймын. Ол бір ығыр еткен дүние еді мені. Енді әйел колына тигені етеп мактаныш та сиякты ма, қалай??!

Ауылды жерде таң сарғаймай тамақ пісе ме, солай жатып үйыктап та қалыптын. Ояна келсем, жым-жырт, кап-каранғы. Қасымда әкем жок, жалғызыбын.

– Өке! Кайдасын, әке? – дедім шошынып.

– Жатағой, жаным, мен осындастын. – Әкем қозғалатын емес. Бір жарым жыл бойы койнында жатып, бауыр басып, іісін алып қалғандық болса керек, кармалап жүріп қасына бардым. Ойымда түк те жок. «Неге жалғыз қалдығран?» деймін кайта. Барсам, ар жағында тенкіп біреу жатыр. Кенет жырық танау ойыма сап ете түсті: «Әкен катын әкелді. Қөрдін бе, ей?» – Қөрдім. Міне, енді қөрдім.

– Мынау кім, әке? – деп сұрадым білсем де.

– Ол сенін Бибігул апаң. Саған апа бола келді осында.

– Ие, саған, апам емес. Біреудің апасы апа болмайды маған. Кетсінші әрі. – Намыстанып жатырмын. Ертен жырық танау Келдібай: «Әкен ана алып келген катынның жанына жатты. Сен үйыктап қалдын. Үйқы-шы-л» деп мазактарында дау жок. Мен екеуінін арасына түстім де, әкемді катты құшактап жатып алдым.

... Ояна келсем, сәске тұс. Төсекте әкем жок, терезеден каруы қайтқан күз күні сығалайды. Соңан ба, үй іші қөнілді, сергек сезілетіндей. Он жақта батсайы шымылдық желбірейді. Соңдай сәнді. Пештін кара кожалак күйесі де жок, шанқандай ак тартып, жалтырайды. От та маздалап, қыза жанып жатыр. Еден де кірден тазарып қалған. Қыскасы, бір құдіретті қолдың құшімен үй де, күн де өзгеріп, айрықша нұрланып кетіпті. Кенет казан-ошақ жағынан біреудің жүргені естілді. Сары самауыр

күжілдейді. Маған: «Сені күтіп күжілдеймін, түрегел» дейтін сиякты. Қозімді салсам, көк көйлекті біреу жүр. Қәдуілгі менің апам. Жұріс-тұрысы, айна-катесіз аумайды. «Апа!» деп дауыстап жібере жаздал токтадым. Жок, ол апам емес, кешегі әйел, тұндегі Бибігүл дейтін әйел.

Мен түрегелдім. Карсы алдында жылы жүзбен құле карап Бибігүл тұр. «Тым қызғаншақ екенсін. Әкенді қызғанып сомадай болып... үят-ай!» деп қуле ме, кім білсін. Мен төмен қарадым.

— Ана үстіндегілерді шеш те, мынаны ки! — деп ол қасыма бір түйіншекті тастады. — Тез киін де, түрегел, шәйін суып қалады.

Түйіншекті жазсам, жана тігілген көйлек пен дамбал екен. Жана нәрсені қөрмегеніме қанша болды десенші, куанғанымнан жүргім дүрсілдеді. Тез киіп алды да, шайға отырдым. Пеште дүрілдеп от жанып жатыр. Бибігүл менің ескі көйлек-дамбалымды домалақтап алды да, отка үрдь.

— Бар қырсық осымен кетсін!

Мен отка карап отырмын. Ол шай құйып беріп отыр. Екеуімізде де үн жок. Пеш ішінде торсылдан-борсылдан менің құрым болып кеткен көйлек-дамбалым жанып жатыр. Қызық-ай, ескі кіім дегенін отка салса, тезек сиякты бықсымай, камыс сиякты лапылдамай, бытырлап-шытырлап жанады екен ғой. Оны кім білген!

Ол бірінші болып үн қатты:

— Ана желқомнан басқа көйлегін жок па еді? Неге жырым-жырым болған соншама?

— Жок. Апам барда көп болатын. Бәрі де жыртылып қалды.

— Апан қайда?

«Білмейтін шығарсын!» деп койдым ішімнен.

— Өліп қалған, — деп келте жауап бердім.

Бибігүл күрсініп қойды.

— Сенде апа жок, менде бала жок...

— Балаң қайда? — дедім оқыстан, ойланбастан.

Ол да жауапты келте қайырды.

— Өліп қалған...

Кенет менің көз алдымға өрт елестеді. Неге екенін кім білсін, онын баласы да менің апама үқсан, анасын іздеп жүріп от ішінде қалған сияқтанды.

Әлде өлген баласын есіне алды ма, болмаса басқа қайғысы бар ма, қайдан білейін, төмен салған басымды көтерсем, Бибігүлдің көз шарасы жасқа толып, мөлдіреп тұр екен. Бұл бейшаранын халі менен де жаман екен деймін бе, әйтеуір, көнілімде оған деген бір аяушылық пайда болды.

— Апанның жоғын естігемнін, — деді ол. — Ести тұра әдей келдім, бада етіп алайын деп келдім.

Мен үндемедім. «Бала болмаймын!» деп айта алмадым. Бірақ бала міnez дегенді койсанызышы, осы құні ойласам құлкім келеді. Отырып, отырып:

— Бірақ әкемнін қасына жатпайсын. Өйтіп апа болмайды. Сен түгіл өйтіп апам да жатып көрген емес, — деппін.

Бибігүл құлді:

— Ол рас, өйтіп апа болмайды.

Бірақ қазір құлкі болса да, ол кезде шын қөnlім сол ғой. Қөлденен біреу келіп бар сенген әкеннін жанына тенкиніп жатып алса, енді кайтесін? Ол соны ұкты ғой деймін. Менің дегенімді істейтін болды. Мен оған «бала болам, айтқан сөзінді тындаимын» деп уәде бердім. Содан кейін о да, мен де анттан тайып көрген емеспіз. — Мезгіл тағы да езу тартты. — Маған білдірмей бұзса өзі біледі, ал көзімше әкеме бір таянған кезін байкаған емеспін. Сол себепті, өгей шешенін айтқанын мен де қайталатып көрmedім.

Сейтіп, мен өгей шешеммен осылай таныстым. Жай шарттасқанмен адам қөnlіне құдік деген кіре береді еken ғой. Қөпке дейін бауыр басып кете алмай жүрдім. Сәл нәрседен кісі киікше секем алып, состиып қаламын. Өстіп күндер өтіп жатты.

Бір құні бір топ бала асық ойнадық. Ішінде жырық танау Келдібай да бар. Мен онын асығын ұтып алдым. Ол менің жағамнан алды:

— Асығымды қайтар. Мен өтірік ойнасам, сен шындаисын.

— Жібер деймін, қойлегімді жыртасын.

— Ол сенін қойлегін емес. Әкеннін қатыны берген саған. Бер асығымды, — деп Келдібай жағамнан тартып қалып қақ айырды да, тұра қашты. Мен әудем жерге жібермедім, куып жеттім де, желкеден бірді кондырып қалпактай ұшырдым.

— Ал, жырық танау, саған керегі осы ғой, — деп үстіне мініп алып, төмпештей бастадым.

— Ал саған керегі ше? — Құлағым тызылдап әкетіп барады.

Жалт карасам, жырық танаудың ағасы:

— Ә, қалкан құлак, әлім жетті деген қалай еken?!

— Өзі неге тиіседі кісіге?

Келдібайдың ағасы мені тұрғызып алды да, кеудемнен түйіп кеп жіберді. Он тәрт, он беске келіп қалған сойталдай немеге мен төтеп бере алайын ба, шалкамнан тұстім. Сол кезде Бибігүлдін даусы шыкты:

— Бұл жетімек сорлыны өлтірейін деп пе едіндер-әй, екеулеп?.. — деп жүгіріп келді де, Келдібайдың ағасын шапалакпен сарт еткізді. — Ендігәрі бұлай істесен сирағынды қырқамын, білдің бе? Соктыққандарының соны осы болсын.

Менің төбем көкке жетті. Ол маған қарағаштай пана еken ғой. Сейткенше болмады. Бибігүл мені сүйреп жетелеп үйге кірді.

— Өзінде де бар. Неге соктығасын сол содырларға! — деп ал кеп ұрыс. Мен «мұнысы несі?» деп жаутандап тұрмын. Бірак бай-каймын, зілі жоқ секілді. Жек көріп, жекіп ұрыспайды, таяқ жедін деп аяп, жаны ашып ұрасды. Кәдүлгі өз апамның ұрысканы сиякты. Мен оны құшактай алдым да, өксіп жылап жібердім. Бибігүл кеудемнен итермеди. Қайта өз анама ұқсап, бауырына тартты. Байқасам, онын да қөзінде жас тұр. Мен сонда ол екеуіміздін мұндас жандар екенімізді ұқсам керек, әйтеуір бар балалық сезіміммен біржола құлай берілдім.

Кейін білдім, Бибігүл де сінірі шыккан кедейдін қызы еken. Он бес жасында зорлықпен бір бай шалға әйел үстіне токал болып барыпты. Содан жүре-бара бір бала көтерген еken, уш жас-ка жетпей ауырып өлген. Ал бай 28-ші жылы конфескеге ілінген соң, бұл байғұс басына бостандық алғып, босап шығыпты. Бірак мұны кейін білдім дедім ғой. Мұндас дегенде мен оны аяп жүр дейсін бе. Бала махаббаты деген үлкендердін өзіне қалай қарайтынына қарай тумай ма. Бұл әйелден сондай бір жылы сезімді, жұмсақ алаканды байқасам керек.

Сейтіп, мен өгей шешеммен осылай табыстым.

Бибігүл маған шын мағынасында ана бола білді. Мен оған бала болуға тырыстым. «Өгей шеше» десе көптің ұғымында бір ғана жәбір -жапа, ұрыс-керіс тұралы. Мен мұны бір жакты үстірт ұғым демекпін. Қазір өз бойымда көзге түсер жағымды бір касиет бар болса, сол өгей шешемнен келген касиет деп білемін. «Көре ал-сам жарар еді!» деп тағат таппай асырып келе жатканым да содан болса керек.

Мен шыдай алмадым:

— Сол жақсы көрген ананыздан қайтып ажырасып қалдыныз? Эйелінізге «анам бар еді» деп айтпағаныныздын мәні қалай? — деп сұрадым.

Мезіл ойланған отырып қалды. Колайсыз сұрақ қойып ренжітіп алдым ба деп менде де маза жоқ. «Өзі айтса айтты, айтпаса не шаруам бар еді казбалап?!» деп өкінемін. «Ебін таппаған тұз жалайдының» кері болып, сасқанымнан терезеге қараймын. Манағыдай емес, жер бедері де өзгерген. Жазық далалар ауысып белбелестер, адыр-тәбелер көбейе бастады. «Тегі, Мезілдін даласынан өтіп кетсек керек» деп ойлаймын.

— Бұл даладағы жынды боранның не екенін түсінесін бе, Тулан? — деп сұрады Мезіл оқыстан.

«Әрине, боранның аты боран емес пе?!» дегім келіп бір түрдым да, манағы өрт жайындағы жауабым есіме түсіп, тоқтап қалдым.

– Жок, былай естігенім болмаса...

– Бәсе, білмейсіз. Өй, сойқан ғой ол бір. Кара өрт дегенін түк емес мұның жаңында. Одан әйтеуір жол тауып құтылуға болады ғой. Ал мына жыңды бораның қармағына бір іліксен, тірі шығуың жок. Жок, жұт сегіз ағайынды емес, тоғыз ағайынды болған мына Мезгілдін даласында. Айлап соккан ак түтек толастамайды-ау! Жер мен көк астасып, ак кебінге оранып алады да, құтырына үйткіди кеп. Осында сиртқа шықсан болды, көз алдында карайып, калкайып көрінген көрші үйлерден табан астында көз жазасын да, ак сүркай коймалжын бір зәһәрлі дүниенің ішіне еніп жүре бересін... Үйде отырып та ракат таба алмайсын. Шөккен пілге ұксап терезе алдында тау-тау қар тұрады. Әр килы өрнек салып әйнекке қалың қырау катады. Құн тал түс болса да, өз үйін өткен түннің бір бөлшегін жасыра тығып, үстап қалғандай, тым каранғы тартады. Сырттан кіргенде көзің үйрәнгенше әр нәрсені бір карманып, мүгедек боласын да қаласын. Пеш мұржасы әлденені азалаپ, ертендікеш ұлиды кеп. Жүргінді тырналайды. Айналан гулеген жел болады. Пеш манынан басқа баспана таппайсың тіпті.

«Анаңыздан кайтіп ажырастыныз?» деп сұрадың ғой жана. Айтайын. Мен ол кісіден сол жылы осындағы бір жынды боранда адасып қалдым. Туған шешемді Мезгілдің өрті алды, өгей шешемді Мезгілдің бораны әкетті...

Осы кезде поезд бір станцияға келіп токтады. Ресторанға лап койған аумакты топ буфетті коршалап алды да, сыра сұрап, арак сұрап дабырласа бастады.

– Далаға шығып аз-кем бой жазсак кайтеді? – деді Мезгіл.

Мен карсылық жасамадым. «Е, мына өзімен бірге келе жаткан кария – сол Бибігүл шешесі болды ғой» деп мен де козғалдым. «Бірақ, әлгінде Бишәм демеп пе еді? – деген тағы да бір ой келеді. – Бұл әлде үшінші анасы болды ма екен?»

\* \* \*

Поезд тағы да ілгері жылжыды. Біз тағы да баяғы орнымызға келіп отырдык.

– Ол заманда зорлық-зомбылық дегенде шек болған ба, менін әкем жәбір көрсе, өз ағайындарынан көріпти, – деді Мезгіл. – Бойдак кезінде әлді ағайындарының малын бағып, отын-суын тасығаны өз алдына, кейін отау болып онаша шыккасын да, «бәрекелді, бетіннен жарылқасын!» дегенді ести алмаған. Шабындық бөлінсө, жердің таз-шакатты жерлерін беріпти. Ал егін салса, «алған сокасайманыңның майы, мінген көлігіннің майы» деп, түскен шығымның молын өздеріне алыпты. Ананың кезегі, мынаның кезегі дейтіндердің бәрі де кит етсе Койшыбайдікі бола қалады. Үй ішінің

«әрі отыр, бері отыры» сияқты жақындарынан көрген жапасы итермеледі ме, әлде карашы болса да заман ауқымын бағдарлай білді ме, Әйтеуір, Койшыекеннің жалғыз аты мен жалғыз сиырын ортаға салып, колхозга бірінші болып кіргенін білемін.

— Ағайын арасында артық-кем деген болмайды. Бәріміз де жұмылтп жұмыс істейміз. Бірлестік, тенестік деген осы, — деді ол мүше болып келген күні қуанып. Эке қуанса, бірдемені біліп қуанады да. Біз қайтіп қағыс қаламыз. «Өзімдікі» деген қаншық ит, ол заман түгіл, осы қүннің өзінде де әркімнің ішінде күшікten жатпай ма, корамыздан мал кеткенге жанымыз еттеп ауырды. Сонда да өгей шешеміз екеуіміз болып біз де қуаттап, макұл десіп жатырмыз.

Әкем әуелі орталықтың малын бақты. Анам орталықтың сиырын сауды. Содан кейін екеуі де сарайға ауысты. Ол кезде машина дегенін түске енген бе, әкем үш сырғауылды мосы етіп асып алады да, ертеден қара кешке дейін қол елеуішпен бидай елейді. Койшыекен бойы шырға болса да, аса қарулы, жынын-тойларда құреске түсіп, белдескенді жығып жүретін, балуан атанған кісі еді, бір қажымайды. Шанырактай үлкен елеуіш толған бидайды тағандап тұрып алып шайқай береді, шайқай береді. Кас карай колына киіз кітабын ұстап есепші келеді де: «Бүгін Койшыекен пәлен еңбеккүн тапты, пәлен тонна тұқым қорын тазалады. Сөйтіп колхоз құрылышының жауларына пәлен тонна соккы берді. Жарады!» дейді мактап. Есепші әкемді осылай мактаса, мен шешем үшін қалай мактануым керек екенін таба алмаймын. Өйткені әкем пәлен тонна тұқым қорын елеп, колхоз құрылышының жауларына пәлен тонна соккы берсе, сол пәлен тонналарды бір сарайдан шелектеп тасып елеуішке салатын да, одан шықкан соң екінші сарайға тасып апарып құятын да — менің өгей шешем. Әйтеуір бірді бірге косса, екеу болатынын білемін де. Бибігүл апам екі әкенің жұмысын атқарып жүр деп бағалаймын.

Құн сайын тонналап акталған соң шыдасын ба, көп кешікпей тазармаған бидай қалмады. Ал колхоз құрылышының жаулары кайтсе де құрып кете қоймады.

... Толассыз жынды боран соғады. Сондай тұндерді баспана-лап төрт аякты, екі аякты аш бөрілер жортады Мезгілдің даласында. Олар колхоздың малын ториды. Олар колхоздың сарайларын ториды. Қыбын тапса қарап қалмайды, атады, шабады, соккыға жығады, сөйтеді де айдал әкетеді, арбалап әкетеді.

Осындай шабыншылыктан ығыр болған колхоз белсенділері құзетшілерді сенімді деген адамдардан кояды. Сол сенімді дегеннің бірі менің әкем болыпты.

Ол бір күні кеңсеге шакырылды. Ауданнан келген тұрақты әкіл — Жұсіптің өзі шакырған. «Өзі» дейтін себебім бар: дикта-

тор болу үшін кол астындағы халыктың аз-көбі, карайтын жердің көлемді-көлемсіз есеп емес пе деймін. Бір диктатор бар, миллиондаған халыкты билеп, мындаған шакырым жерге әмірін жүргізіп отыrsa да місе тұттайды. Басқа елдерге, басқа жерлерге көз алартумен болады. Ал екінші диктатор бар, кол астында елу-алпыс құралпы үй болса басқаны іздемейді. Ондайлар соган разы.

Жұсіп біздін ауылдағы сондай «Айдағаны бес ешкі, ыскырығы жер жаратын» кішкене «диктатор» еді. Ен алдымен онын ауылға қалай келгені менің күні бүгінге дейін есімде. Уш ат жегіп, екі иығына айкарып екі винтовка асынып келді. Келді де шапқылап жүріп қошелерді арапады, қошелерді арапай жүріп, тарсылатып мылтық атты. Сырттағылар қашып үйге тығылды, үйдегілер «не сүмдыш болып калды» деп, босып далаға шыкты.

Осыдан кейін үйді жаппай тінту басталды. Не жок іздептінін кім білсін, *Kahap Жұсіп* күнде ертемен көшениң бір басынан түседі де, астан-кестенін шығарады. Көрпе-жастық, төсек-орын жұлынған тауықтай бүркырап, терезеден сыртқа лактырылады. Пеш киаратылады. Есіктердің топсасы жұлынады. Үлкен болсын, кіші болсын, бәрі де далага шығарылады. Ак карда сөйлеуге аузы келмей кемсендеген кемпір-шал мен жас нәрестелерге карайтын бір пенде табылмайды. Осы күні келмеске кеткен сол бір көріністерді ойлаймын да, кайран каламын, Тулан. Жәберлеуші де, жәберленуші де адамға тән сезімдерден ада секілді. Жәберлеушінің бойынан: «Ертен осы үйдің халі не болады? Шиеттей балалары бар еken, аштан өліп калмас па?» деген аяушылық сезілмейді. Колына түскеннің бәрін де сыптырып альш, кенсеге карай аттандыра береді. Осымен тынса жаксы ғой. Тынбайды ғой мұнымен. Корал мен шошала көртесінен азын-аулақ үн шыққан, карынға салған майы мен ет шыққан үй тайлы-таяғымен жауапқа шакырылады. Кайдан алса одан алсын, шындығы керек болмайды. «Ұрлап алдым, жасырып, соыйп алдым» дегенді мойындағанша, тартатын азап пен жазада толас жок. Суық шошалаға камаған талай ана мен талай балалардың жан тапсырганын көзіммен көрдім, Тулан. Ойласан, денен мұздайшы тіпті. Хайуан екеш хайуан да нәсіл калдыруға тырысады еken. Нәсіл калдырmasa, тұқым-ұрпағымен құрып кететінін о да біледі. Қазір Жер шарында екі жарым миллиард халық бар дейміз. Егер сол екі жарым миллиардтың өнім-өсімін елу-ак жылға токтатар болса, Жер бетінде бір пенде калмайды еken. Адамзат ұрпағы құрып кетпек! Көз жүгіртші, Тулан, осыған. Өзі конактап отырған бұтакты араған *Kahap Жұсіпті* не деуге болады?! Карғыстың қандайы бар оған лайық? Хайуан дермісін, мал дермісін?!

Ал жәберленуші ше? Бұл да бір осы күнге дейін шеше алмай қойған жұмбак сырым: бір үйлі жан болып, ошарылып, талғажау

етіп отырған көжелігін тартып алып кетіп бара жатканда даусын шығарып тіл қатар бірі жоқ кой. Ертең аштан өлерін біледі. Біле тұра үндемейді. Жалынбайды. Жағынбайды. Томсаған күйде кала береді. Олар кайыр-садака сұрауды да білмейді. Бала болсам да, бүгінгідей көз алдында. Аштықтан көзінің алды құлтеленіп, аяқ-колы ісініп, бұралып жатқандардың талайын көрдім сол қыста. Бірдеме берсен алады, жейді. Бірак өз бетімен колын созбайды. Ештенені дәметпейді де. Өнменіннен өтер өткір көзін бірдемеге мағынасыз қадап жата береді. Бұл не нәрсе, Тулан? Ерлік пе? Өлде ездік пе? «Береген колым алаған» демеуші ме еді халық? Бар күнінде конакжай дарқан пенделердің өлім аузында басқадан тұқ дәметпеуін, дәметпей жатып жан тапсыруын қалай түсінуге болады? Жұмбак бұл маған. Күні бүгінге дейін жұмбак.

Бірді айттып бірге кете беремін, Тулан. Адам болған сон, көкейде жүрген сыр ғой бұл. Енді Қаһар Жұсіптің өзіне оралайық. Ие, менін әкемді сол Жұсекеннің өзі шакырған.

— Сен кімсін?

— Мен, Ко-Койшыбаймын...

— Кой бағып жүріп, байып кетсін деп койған ғой. Ниетінің жаманын карашы. Байлармен байланысын жоқ па?

— Жо-жоқ...

— Жоқ болса, бар. Колхоз сарайын күзетесін. Байқа, какпа алдынан күс жорғалай өтсе, жаксылық көремін деп ойлама! — деп Жұсекен алтатарын сұрып алып, әкеме кезенген.

Койшыекенде «жоқ болмайды» деген болған ба, «колхоз сарайын күзетсем, күзетейін» дейді ғой әрине.

Сейтіп, менін әкем күзетке шыкты. «Күзетсем, күзетейін» дегенімен, Койшыекеннін тапсырылған жұмысқа сұлесок бола алмайтыны тағы бар ғой. Күн демейді, түн демейді, сарай маңынан аяғын аттап баспайды. «Жұсекеннің өзі айтты ғой, күс жорғалай өтсе, расында да ұят болар» деп жүреді де кояды. Өйтүіне тағы бір себеп, күзде құйған тұқым қорының қыс ортасында жарым-жартысы жоқ болып шығыпты. Сарай төнірегіндегілердің күзетшіге дейін түгел ауыстырылуының мәні де осында. Содан кейін, кайдан келіп жатқанын кім білсін, колхоз сарайына шана-шана бидай келіп түсіріле бастады. Ашықкан жұрт осы шаналарды, шанада тенкиип жаткан алаша қаптарды торуылдайды. Сол кезде сап етіп Қаһар Жұсіптің өзі жетіп келеді де, бала демейді, шаға демейді, камшының астына алады. «Мына иттерді неге күмайсын?!» деп әкеме ақырады. Ал Койшыекен болса, үндемейді. Тұтас алашадан тігілген канар қаптардың аузын шешіп, тұқым-дық бидайды шелектеп таси береді.

Бір күні осындай бір іс үстінде тағы да Каһар Жұсіп келді.

— Мына шелекпен не өнеді. Каптап неге тасымайсындар? — деп кілтші Нұрымға төнді.

— Бұл қап емес, алаша ғой, кім көтере алады дейсін, Жүсеке... — дейді Нұрым ақырын ғана.

Каһар Жұсіп менің әкеме бажырая қарады:

— Эй, Койшыбай, сені жұрт мықты дейді ғой. Мына алашаны көтеріп сарайға жеткізші, кәне, ақысына бір пүт бидай аласын.

Әкем «рас па?» дегендей кішкене көзін құлімдете қарады. Бұл кезде біздін үйде де қаптын такырланып қалған кезі еді, итермелеген сол жай ма, тайынар емес.

— Неге қарайсын? Рас айтам. Бір пүт таза бидай аласын.

— Көтерсем, көтерейін. Тек демесіп, иығыма салып жіберетін болсын.

Менің жүргім су ете қалды. Жадағай шананың өн бойын алып, тенкиіп жаткан бір алаша бидайды қалай көтермек? Астында қалып мерт болмас па? Бірақ оны ойлаған бір пенде жок. Каһар Жұсіптің қабағын бағып тұрған жүкшілер алашаны арқасына құлата бастады. Денем қалтырайды. Бақырайын десем, дыбысым шықпайды. Жасқа булығып, үнсіз тұрмын.

Дегенмен ақыры куанышпен тынды. Ең әуелі, алаша әкемді шын басып қалған секілденіп еді. Кол-аяғы, басын түгел жауып кеткен. Енді карасам, сарайға қарай сүйретіле қозғалып барады. Алашадан әкемнің қыбырлаған өкшесі ғана көрінеді.

Әлі есімде, таразыға салған Нұрым:

— Он сегіз пүт, бес қадақ! — деп нәштей сөйлемеді. Даусында дән ырзалық бар.

Біз, сейтіп, өгей шешем екеуіміз бір пүт бидайды көтеріп, куана-куана үйге оралдық. Бірақ әкем күзетке шыкканин бері ол жазғанда да маза жок. Каһар Жұсіп атып тастай ма деп шын корка ма, әлде колхоз сарайына төнген кауіп күшті ме, білмеймін, кеш түссе-ақ тери шалбар, үлкен тұлып киеді де, тымактың бауын бастыра байлайды. Содан соң тот басқан ескі бытыраны арқасына асып алып, әкемнің сонынан кетеді. Мен болсам, азынаған иесіз де қаранды үйде жалғыз қаламын. Сықсіманы жағып қояйын десем, жалп етіп сөніп қала береді. Желдің қайдан соғатынын да білмейсін. Жел қопсыткан тәбе канылтыры боранмен үйткып тарсылдай ма, дұрсілдей ме, бір тынбайды әйтеуір. Қөзім ілініп бара жатып, шошып оянамын. Колхоз жаулары төбені келіп копарып жаткан секілденеді. Толассыз терезе тысырлайды. Қөзім ілініп бара жатып, тағы да шошып оянамын. Солбан өтіп бір көкжал түсіп келе жаткан сияқтанады. Тарс етіп мылтық атылғандай болады. Гұрс етіп бірдеме құлап тұсқен секілденеді. Бір

ауық қаскыр ұлды, бір ауық інгәлап бала жылайды. Әйттеуір боранды дүние көтерлі де жұмбак ызын-шұға толы. Мен айқай саламын. Әкемді, Бибігүлді шакырамын. Бірак олар енді қайтып оралмайтын сияктанады.

Осыны ойласам, осы құннің өзінде де арқам мұздап жүре береді. Калай жынданып кетпедім екен десенізші!

Сондай бір үрейлі тұндердін бірін артқа салып, таң ата көзім ілінген екен, жылаған дауыстан шошып ояндым. Карасам, екі бүйірін таянып алып, өгей шешем дауыс етіп отыр. Алдында әкем жатыр. Басын таңған шүберектен үйіп каткан кан көрінеді. Кіріп, шығып жұрт салырылысады. Бәрінің де айтатыны:

— Соққыға жығып кетіпти.

— Албардың құлпын сындырып, тұқым корын талап кетіпти.

— Бибігүл сорлының аяқ-колын байладап, аузына шүберек тығып кетіпти!

Сөз осы. Мен сорлыда не қайрат бар, әкемді құшақтап бакыра бердім.

Бір кезде шалқасынан есік ашылды. Ен әуелі жарқ етіп найза, содан кейін ақ пиманың басы көрінді. Сырттан бір кора ызғарды алдып, жырық етек тон киген, ала көз, дәү кара кіріп келе жатты. Жұрт – тым-тырыс. Бибігүл тас түйін, дыбыссыз калды. Мен салмастан таныдым. Бұл – Жұсіптің өзі.

— Құлыпты бұзып алған бидай қайда? Қайда тыктыңдар? Тап! Кәне?! – деп шешеме төнді. Менде үн жок. Жүрегім сұылдайды. Байқаусызыда көзім түсіп кетіп еді, бір ала көзімен оны, бір ала көзімен мені атып бара жатыр. Корыкканынан бакыра беріппін. Баксам, ол сондай ақи көз екен.

— Алмаған бидайды қайда тығады. Ұрылар әкетті, – деді Бибігүл. Тайынатын сиякты емес.

— Тінтіндер! – деді Жұсіп қасындағыларға.

Осы бір жалғыз сөздін қаншалыкты құдірет-күшінің барын мен Жұсіптер кеткен соң білдім. Еден копарылды, пеш тас-талкан болды. Кора кертелеріне сумандап сүймен жүгріді. Шешем үш күн сүйк албарға қамалып шыкты.

Осыдан кейін біздің үйдің шаруасы оналмады. Әкем жатып қалды. Бибігүл істі болды. Талғажау етіп отырған баяғы бір пүт бидай белсенділердің колында кетті.

Аш иттей әр үйді бір торып, әр кораны бір тіміскілей, шетке шыкканға ауыз салып жүрген аштық біздің үйге де аранын ашып келе жатты.

— Енді қайттік? – деді дағдарған әкем төсектен басын көтеріп, үйге кіріп шығуға жараған соң.

— Ие, енді қайттік?

\* \* \*

... Айнала шайкалған теніз бейнелес. Үйтқып жынды боран соғады. Алда тутеген ак коймалжыннан әрен-әрен көрініп екеу келеді. Ол — менің әкем, ол — менің өгей шешем. Артта, кішкене кол шанада мен отырмын. Күшімнің жеткенінше үшеу болып, катарапаса жүрейін десем, оған жағдай жок. Жамбасынан басқан көн еткітін ұлтанды бір бөлек, өзі бір бөлек болып әлдеқашан қалған. Мен тобан аяктын. Сол себепті, Бибігүл байғұс калын кигізге орап, шанаға отырғызып койды.

Олар бір басады, екі басады, ілгері жылжиды. Кол шананың сонында тартылған сымдай болып, ап-айқын жіп-жінішке кос сызық қалады. Жок, қалмайды, өкшелей куған, жанапайлап куған қар тенізі толқынымен лық еткізіп көміп келеді. Ак ирек жолдын кедірі мен бұдыры да көп. «Шанада отырмын» деген атымғана. Қолденен түрған атжал, акбайталдарға киялап шыкканда жел екпінімен әлсін-әлі аунап кете беремін. Ондайда Бибігүлдің жылы алаканы тағы да кеп демеп, шанаға отырғызып қымтап, шымкап жатқаны.

Алдымыз сұп-сұық белгісіздік. Бірак мен оған онша кеп киналмаймын. Өйткені алда баяғының алыптарынша соныдан сокпак салып келе жатқан әкем бар. Бибігүл бар. Сол екеуі бар түрғанда, кай тарапка бет койып жүрсек те, бір жүрттан барып шығарымыз хак. Жалғыз-ак ана жоғалып жатқан ізімізден шошынайын. Туған жерден Мезгілдің бораны ығыстырып барады. Біржола ығыстырып бара жатқандай. Қайта айналып келу жок, қайта айналып көрісу жок секілді. Оның үстіне құлак тұндыра соккан үскірік жел койны-конышымды аралайды. Бейне бір жылан ысылдал, аралап жүргендей. Тісім тісіме тимейді. Карынға түскен де каукарлы ештене жок. Ол да бір жағынан сәт сайын оға оралып, мазалайды.

Біз шыккалы, міне, екі күн. Құнәсіз болсақ та, құнәлі есепті, ұрланаңып, тұнде шыктық. Кайырыз үйдің оты жағулы, тәсекорны жилюлы, тіпті өгей шешемнен келген батсайы шымылдыры да құрулы, бәрі де өзіміз бардағы күйінде калды. Бұл — екі-үш күн болса да Қаһар Жүсіп секем алмасын деп із тастауғана.

Жүреді, тұрады олар. Тұнделетіп, бір жай-мекендерге келеді. Конған үйдің отынын ұсактайды, есігінің алдын алып қалған таутеніз қарды аршиды. Содан кейін су-суанын ішіп, жолға деп бір уыс көжелігін сұрап алып, тағы да ілгері кетеміз. Соккыдан әлі есін жылып болмаган әкем байғұс жиі токтайды. Кол шананың жібі аш болсын, ток болсын бір мойымайтын, бір қабақ шытпайтын өгей шешеме, дұлдул шешеме қайта-қайта ауысып барады

ла, ұзағырап токырап қалады. Қол шана артына бір карыс қос сзық салып жылжи береді...

Содан бері отыз бір жыл өтті. Мен, міне, тағы да дәл сол жолмен келемін. Ақ сүтін бермеді дегенің болмаса, шын ана бола білген, аяулы адамға асығып келемін. Бірақ, қол шана емес, астында желдей жүйрік машина. Сонда да асықкан көнілге ілесе алмай, егін-егіннің арасындағы шокалақ жолмен өндірмей келеді.

Жол!

Жол тағдыры да адам тағдыры сиякты қызық болады еken fой, Тулан. Бір кезде мұлгіп жатқан казақ сахарасына сор әкеліп, ырысын әкете берген, бүкіл Европаға әйгілі аты шулы қаска жол еді бұл. Нілдінің мысы мен Карагандының көмірі осы жолмен ба-рып, бүкіл дүниелік базарлардың саудасына түскен. Француздың жібегі де, ағылшынның жұн маталары да осы жолмен айлап, жылдан жүріп жеткен-ді. Казак даласына бұл жолмен жәбіржапа, кулық-сұмдық келді, акша келді, тез келді бірак. Самарқау елдін санасы да осы жолмен оянды. Кеш оянды, бірак. Бұл жолмен жаяу-жалпылап жүріп Пушкин келді. Некрасов келді далаға. Бұл жолға қазақ халқы қасқыр көрген жылқыша осқырына, шошына қарап жақындей берді, жақындей берді... Пайдасын да көрді, басын да құлдыққа байладап берді.

Сөйтіп, бір кезде дүние жүзінің жебірлерін бал арасына «мен мұндалайтын» қызыл гүлше өзіне тартқан жол – міне, енді егін арасының шокырап сокпағына айналып кетіпти.

Ие, Тулан, жол тағдыры да қызық. Бір кездегі даңғыл жолдар шөп шығып, бүркей тартады да, жоғалады. Соныдан таспалай болып жана жолдар түседі. Ол жол жана да жақсы мекен жайларға апарады. Алдау-сұмдығы жок, пәле-жаладан қағыс, осек-ғайбаттан ада қарым-катаңтарға – адам қарым-катаңтарына апарады...

... Кайда апарарын білдім бе мен онда. Эке-шешем сүйреткен кол шана мені қалың бір қарағайдың ішіне алып кірді.

Ен жақсысы, бораннан құтылдық. Быксыған тезектен, құр лапылдағанымен, қызуы жок қамыстар құтылдық. Карагай басы шайқақтап тулайды. Мезгілдің бораның сол ғана еске салады. Ал койыны болса, құлакка ұрган танадай тып-тыныш. Үп еткен жел тұрса, жоса жөнелер қалың қардың қозғалар түрі білінбейді. Гесегін мықтап салып алған. Үлкендер болса, жуан-жуан ағаштарды кесіп әкеледі де, отқа тастайды. Жан-жакқа жалқын қызыұн жайып маздалап, коздап жанады ол.

Біз енді жалғыз да емеспіз. Жана бір үй ішімен табыстық. Үйнесі сопақ бет, сары сакалды Нұрыш дейтін енгезердей сары кіси. Ұзын сапты ақ балтасын жарқылдатып, құлаштай соғып, құла-

тылған қарағайларды бүттарлайды да жатады үнемі; сөзбен де ісі жок, әкем сияқты үндемейтін бір пенде. Нұрекен үндемесе де жақсы адам еді. Шай ішіп жаткан үстіне кіре қалсан, айыр саусакты, арбиган қолымен бөлкө наннан уыстай үзіл алады да, әйел-ге тән жінішке даусымен:

— Ал, қағып ал! — деп есікке лактыратын. Эрине келген шаураны бітірген соң қарап тұрам ба, жақсы көретінімді жайылған езуіммен танытып, жайыма жөнелемін фой. Жоқ, жөнелмеймін, алғанға қөнілім қөншімесе, арқамды бір қиқан еткізіп тұра беремін. Арқаны қиқандататын себебім де бар. Баяғы Бибігүл апамнан келген көйлектің жалғыз жағасы мен омыраушасы ғана қалған. Жат көзге көйлегі бар еken десін деймін бе, қамыт кигізген атша, сол жаға мен омыраушаны мойныма іліп, жалаңаш етіме шапан киіп жүретінімін. Нұрекен сонымды байқаған болса керек, бір барғанымда үстіндегі көйлегін шешіп алып, маздала жаңған отка жағасынан бүрмелей үстап, әрлі-берлі дөнгелетіп алды да, қолыма үстітты.

— Бар, үйіңе бар да киіп ал.

Нұрыш осындай жақсы адам.

Осы жақсы Нұрекеннің үйінде менің қыртысым сүймейтін де біреу бар. Ол — көзі тышканның қөзіндегі жылтырап тұратын құшық бет кара кісі — Садыр. Ол мені кездескен жерде: «Өй, бокмұрын» деп кемсітіп, мұрнынан шертіп кетеді. Нұрыш жокта бара қалсам: «Неге келдін, бокмұрын? Ана мұрнынның сорасын ағызбай, табанынды жалтырат!» деп айдал шығады. Сол себепті, мен оны жек көремін. Жек көргенімді қайтейін, шынымды айтсам, коркамын одан. Корка жүріп, атарға оғым тағы болмайды. Өйтетінім: Садыр Бибігүлмен кездессе-ақ болды, бірдемелерді айтып, өзілдей бастайды. Қолайсыз жерлерге қолын жүгіртеді. Сонда мен қызғаныштан жарылып кете жаздаймын. Бірақ Бибігүл де оны ұнатпайтын сияқты. Алдырмайды:

— Кет әрі, іннен шыккан қаптесерге үқсамай! — деп бетін қайтарып тастайды. Сонда ғана жаңым жай тапқандай, сазайын берген шешеме разы болып, Садырга ішімнен: «Өзіне де осы керек!» деп коямын.

Сол Садыр мен әкем ағаш аралайды. Нұрыш жығылған қарағайларды бүтталайды.

Бұл кәсіппен айналыскалы тұрмыстың беті түзелейін деді. Қалай десен де, нанға аузымыз тиді. Әкем кешкे жұмыстан босаған соң, асханаға барып, ақ бөлкені қолтықтап қайтады. Жалғыз ғана қолайсыздық бар: Нұрыштың үйі де, біз де қалың жабылған коста тұрамыз. Тәйірі, ішіп-жемін болса, дені сауға аяз дегенін түк емес еken фой. Өгей шешем жуан-жуан дөңбектерді алып келіп,

түрлдетіп отты жағады. Картопты шелектеп асады. Ақ нанды, үгілген картопты тоя жейміз. Содан кейін қабат-қабат жамылып, жатамыз да қаламыз. Танауымыздан ак буды паровозша будакта-тып, үйкіға да кетеміз. Бір ғана жаманы – ертесіне тұрганда киын. Айнала қыскан сары аяз басынды қөтерсөн-ак бас салып, жылы ғосекке қорғалата береді. Бір тұрып алған сон мұртынды балта кеспейді. Лаулап жанған отқа талтая қактанып, екі бетін бал-бұл жанып отыра бересін. Ал, реті келсе, Нұрекеннің косына карай жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп ала жөнелесін. Ак карда аяғында пыпандын жоғы да түк емес екен, карнын ток болсын де!

Бірақ менің бұл қызығым ұзакқа бармады.

Әкем әуелі «басым айналады» деп шағына беретін болды. Бара-бара жатып қалатынды да шығарды. Ондайда «кой кезегі» Һибігүлте келеді. Бірақ ған Садыр разы емес. «Койшыбай тойын-ған сон, шолжандайын деді. Өзі үйде қалып, жұмыска әйелін жіберетінді шығарды» деп қалады. Онымен де тынбады! Бір күні коска келіп қиғылықты салмасы бар ма!

— Паекті бірдей аласын да, жұмыска катыннынды жібересін. Олай болмайды енді. Не орынды босат. Не жұмыска шық. Екінің бірі.

Шешем болса:

— Асырай алмай жаткан қызыл сирактарың бар ма еді?! Кып-қызыл жігітсін, үлсалайшы осылай деуге. Менен артық киратып, сен де ештенені қырып тастаған жоқсын, — деп шаптыға сөйледі.

Ал әкем болса, үндеңей қалды. Ертениңе:

— Айтты-айтпады, Садырдан үт болды. Бүгін жаман сияқты смеспін. Өзім барғаным жөн болар, — деп жұмыска кетті. Бірақ сол кеткені кеткен болды. Қайтып коска кіре алмады. Енкейіп ағаш арадап жаткан кезінде:

— Көзім қарауытып барады, тұра тұршы, Садыр, — деп отырып жатыпты да, өтіп жүре беріпті...

\* \* \*

Осы кезде ресторан кухнясынан шыжылдал, бұркырай шықкан екі бифштекс «былай тұрындар, жол беріндер, мен келемін!» легендей әр ауыздың сілекейін шұбыртып, біздің алдымызға келіп тоқтады. Мен бір рюмка конъякты құтты орнына аттандырып жібердім де, қуырылған етті ала беріп, ойланып қалдым. Көз алымда бала Мезгілдің Сібір орманынын ішіндеңі халін, мүшкіл халін елестететін сияқтымын. Содан кейін не істеді екен бұл байғұс? Әлде ақ қардың, көк мұздың үстінде жалаң аяқ жүріп ел актады ма? Әлде...

Менің ойымды Мезгілдің даусы бөлді:

— Экे кеткен соң бізде не күй қалды дейсін, Тулан. Бибігүл әуелі Садырға серік болып, ағаш аралап жүрді. Бірак бұрынғыдай емес, жок нәрсеге кейіп, кабак шытатын міnez шығарды. Быксып, от жанбаса да, байқаусызыда казанның түбі күйе бастаса да, «құдайы құрғыр, ку құдай-ай!» деп таусыла қалады. Бірақ мен онысынан сескенбеймін. Өйткені бала деген тамыршы сиякты емес пе, өзіне деген көніллің ала-құлалығын дәп басып, бірден біле кояды ғой. Экем өлгеннен бері шеше көнілінен ондай өзгерісті байқамаймын. Кабак шытса, басына түскен ауыртпа-лыққа, жан жолдасынан айырылғанына, өз тағдырына кайғыра-тын шығар. О나й деймісін!

Мен, бірақ осы бір тышкан көз, жыпылық Садырдан сескенемін. Соның міnez-құлқында, жүріс-тұрысында маған ұна-майтын бірдемелер бар. Жұмыс басында дем алған болып оты-рып, шешеммен ұзак сөйлеседі. Мен өйтіп отырмаса екен, сөйлес-песе екен деймін. Кейде әр нәрсені себеп етіп, кастарына ба-мын да, малакайымды табаныма салып тұрып қаламын. Не сөйлесетіндерін білгім келеді. Бірак тындау қайда маған?

— Эй, бокмұрын, бар, табаныңды жалтырат, менен бірдеме көрмей тұрғанында. Тыншы сияктысын көрдің бе өзінін! — деп акырады Садыр.

Сол кезде шешемнін көзінен мөлтілдеген жасты көремін:

— Жетім деп, жесір деп басынасын-ау, Садыр. Мезгілдің әкесі болса, бізben бұлай сөйлеспеген болар едін ғой. Сөйле. Саған кер келер деймісін, — дейді акырын ғана құрсініп.

Сондайда мен шешемді әрі аймын, әрі іштей кейимін де оған. Кейитінім: бұрынғыдай адудын сөйлеп, бетін қайтарып тас-тамайды. Каждыңдығын танытып, мұсәпірси сөйлейді. Неге өйтеді екен, картоп сиякты сопиып тұрған жылтыр мәндайы-нан бір періп: «Бар, енді қайтып қарамды көрме!» деп неге айт-пайды екен деп кейимін. Бірак тұра беруге шама жок. Садыр-дан қаймығамын да, коска карай тартып жөнелемін. Онда да мазам болмайды. Мына сұнғылалыкты қараңызшы. Каршадай болып алып, Садырдың мені ғана емес, Бибігүлді де жәбірлей-тінін сезетін сияктымын. Жатып алып, әр түрлі айла ойлаймын. Тор құрамын. Қайтсе де тышкан көз Садырдан құтылудың ама-лын іздеймін. Біресе Садырдан екі есе зор, батыр жігіт болсам, сөйтіп, оны қөтеріп апарып бір ағашка асып койсам деймін. Кенет орман ішінен бір жолбарыс шыға келіп, арқалап алып жөнелсе деп те киялдаймын. Жүріп келе жатқанда алдынан бір ор кездесе калып, соған неге түсіп кетпейді екен деген ой келеді. Бірак канша айла-тәсілді армандал баксам да, Садырға бір кер келмейді. Қайта біздін коска ана-мынаны сылтауратып, жиі

келгіштейтінді шығарды. Бір келсе болды, жокты- барды сөз етіп шықпай кояды.

Осылай кыс та өтті. Біккө көтерілген күн Жер-ананы бусандыра бастады. Жер аяғы кеніп, орман іші килем-килем гулге, килем-килем үнге толды. Бірақ мен ауырып қалдым. Көзім карауытып, басым айналады. Кара судан басқа түк ішкім келмейді. Шөлдей беремін. Тұн болса-ак, көз алдымға керемет бір елестер кеп орнайды. Мағынасыз бір қызынектарға араласып кететін сияктымын. Үйтқып боран соғатында... Жапырылып ағаштар құлайлар. Солардың астында қалған әкемді көремін. Тегі сандырактайдын болсам керек. Ояна келсем, мандайма сүйк су басып отырған Бибігүлдін: «Тиышталшы, шырағым. Бәрі де орнында. Мынау шыққан көктем ғой. Боран кайдан соқсын. Ағаштар да құлаган жоқ. Басынды көтеріп, асқа қараған кезінде әкеннін басына барып, дүға оқып қайтамыз. Сабыр ет, балам» деген қоныр үнін естімін.

Бұл сөз маған әл беретін сиякты. Кембағал көніл жұбаныш табады. Көзім кайта іліне бастайды. Тағы да әлгі бір қызылдың жасылды әлеміш дүниеге барып енемін. Сол бұлдыр елестін ішінен ап-айқын болып, Бибігүл шешемді көтеріп әкетіп бара жатқан Садырды көрем. Айқайлайтын болсам керек. «Мен, міне, касында отырмын. Сабыр ет, шырағым» деген Бибігүлдін даусы келеді тағы да. Мен сонда өгей шешемді құшактап аламын. «Кетпеші, апатай, кете көрмеші!» деп жалына бастаймын.

— Сені тастан кайда кетеді дейсін, мен бейбак! — дейді Бибігүл аузыма су тамызып. Мен оның бауырына кіре түсемін. Бар қарағаштай панам сол. Айрылып калсам, өлетін сияктымын. Бибігүл де сонымды сезер болса керек. Касымнан екі елі кетпейді. Сұранымды екі етпей, ұзакты күн отырады да кояды.

Осындаі алас-капас, жан ұшырумен талай күндер өтті. Тегі бетім бері қараған болса керек, тамакқа көнілім шаба бастады. Бірақ тұрайын десем, басым айналып, құлап қаламын. Тесекті босағана жакын салдырып, ұзак жатам. Есіктен көк мөлдір аспанның аядай бір пұшпағы көрінеді. Одан бері көк жапырактарын жайып келе жатқан ак қайын бар. Баяу тенселіп, қыбырлап тұрады. Не іздептін кім білсін, қайын бұтағының арасында ұшып-конып бір сары шымшық шырылдайды ертенді-кеш. Мені сикырлы көктемнің осы бір құлпырма көрінісі әлдебір киян шалғайға шашқыргандай болады. Ана бір сары шымшық болсам деймін. Сары шымшық болып, мөлдір сулы тостаған көлдері бар Мезгілдін даласына қарай самғап кетсем деймін. Сол кезде: «Ал Бибігүл кайда қалады?» деген сауал кaperіме сап етеді. Жүргегім су ете түседі. «Жоқ, Бибігүл шешемнен өлсем де айрылмаймын!»

Бір күні Бибігүл есік алдында менің көйлегімді жамап отырды. Мен күнделікті дағдымен коста жаттым. Дауыстай сейлеп Садыр келе жатыр. Менің жүрегім тулап коя берді. Кос есігінен сығалаймын. Садыр келген бетте-ак жантая беріп, Бибігүлдің мықынына кол жұгіртті:

— Мықынының өзі немене, өлген койдың жамбасына ұксап шодырайып кетіпті ғой.

Шеше жауабын тындарға дәрмен калмады. Қалай тұрғанымды да, не ойлағанымды да білмеймін. Қостан атып шыктым да, Садырдың үстіне мысықша жармаса түстім. Аянбадым. Бейғам жаткан Садыр тұрғанша тырнакты да, тісті де батыра салып, жосалай бердім. Көзім канға толды ма, әлде булықкан жасқа толды ма, оны да білмедім, әйтеуір ештенені көрген жоклын.

Садыр да аянып калмағанға ұксайды. Белім, кабырғам күтірледі. Содан кейін лактырылған допша көтеріле бердім де, сырлқа ете түстім жерге. Басым жанғырыкка тиді.

— Мына әкеннін аузын... Иттін баласы, қайтеді? Бетімді тырнап тастады ғой! Колынды кол, бұтынды бұт етіп тас-талқанынды шығарайын ба осы!

— Ойбай, құдайы құрғыр, шұнақ құдай-ай, өлтірдің ғой күжетімек сорлыны. Жоғалышы, көрінбеші көзіме! — деп Бибігүл жүгіріп келді. Даусы ширак, баяғы әкем бардағыдай. Маған керегі де сол ғой, қатты қысып құшактап алдым да, ағыл-тегіл жылап бердім. О да мені ыстық бауырына тартты да, дауыс кости.

Міне, сол ана арада отыз жыл өткен сон әл үстінде жатып іздепті мені, көргісі келіпті. Неге іздеді? Неге көргісі келді екен? Мен осыны көп ойладым, Тулан. Ойладым да бір сұрапқа кеп тірелдім. Білгін келеді: адам осы өлер алдында не ойтайды екен, соны билгін келеді.

Менінше, адам өлерде дүниенін ыстық екенін түсінеді. Кимайды. Осы жасында киль-киль бұлтарыс, қалтарысы бар бұралан жолмен жүріп, жаксыны да көрді, жаманды да көрді. Жаксы адаммен де кездесті, жаманмен де кездесті. Өзінің де жаман, жаксы болған күндери бар. Соны ойлағанда жаманның бәрі ұмыт болады да, дүние енді нұрлы, ыстық, жарқын жағымен көз алдына ұлғая сыландайды. Сондай сәтте адам өзінің адамдық махаббатын берген, мейірімін салған, қымбатта кимас, аяулы деген жандарын іздейді. Солардың болашак тілеуін тілейді. Соған қызыға, қызғана қарайды. Мен, міне, осылай деп ойлаймын да, асыға түсемін. Көргім келеді, тілдесіп қалғым келеді.

— Ие, содан соң? — дедім мен дегбірсізденіп.

— Содан соң сөз қыска. Жолымыз екіге айырылды ғой. Мен көп кешікпей балалар үйіне кеттім. Ал Бибігүл болса, тұрмысқа шықты...

– Садырға ма?

Мезгіл маған қаралы. Кейпінде «өзін қалай ойлайсын?» деген сұрау бар.

– Ие, соған... – Мезгіл түнжырап отырып қалды. Содан кейін бір күрсініп қойды да, сөйлей берді. – Жок, тұрмысқа шыкты леп жазғырмаймын. Қазір ойласам, сол кезде маған кексе корінгенімен, жиырма бесте ғана екен гой. Жиырма бес деген пемене, уызы арылмаған сәби емес пе! Ие, сәби! Жок, шындал келгенде, тіпті Бибігүл байсырап та шықпаған болар. Сараласам, бірден-бір дұрыс жол осы. Мен балалар үйіне алынып, мемлекет тәрбиесіне көшпесем, ол тұрмысқа шықпаса, Сібірдің қай ағашының түбінде қаларымызды құдайым білсін! Міне, «анам бар еді» леп әйеліме айта алмаған себебім осы еді, – деп токтады Мезгіл.

– Содан кейін көріспедіндер ме?

– Жок, көрістік. Құз түскенге дейін жиі-жиі келіп тұрды. Бірсесе ак бөлкесін арқалап, бірсесе паекқа алған тәттілерін орамалына түйіп әкеп жүрді. Содан кейін тегі, коныс аударып, басқа жерге көшіп кетті гой деймін, көз жазысып қалдық. Жок, тағы да бір рет кездестік. Ол соғыстан кейін, дәл бұдан он бес жыл бұрын еді. Мен майданнан оралған сон Днепропетровскінің кен институтына барып түскен едім. Соның үшінші курсында оқып жүріп, мына Карагандыда практикада болдым. Сонда кімнен естігенин білмеймін, осына «Мезгілден» күртты мен майын арқалап іздел келді. Көріспегелі көп жылдар өтті гой. Көп жаңалықтары бар екен. Ең алдымен, өз сөзімен айтқанда, «заман түзелген сон» «Мезгілге», колхозға оралыпты. Тағы да бір куаныш, менің өзім танымайтын екі інім, бір карындасым бар болып шыкты.

Бибігүл қасында он күн болды. Коштасарда:

– «Жетім еді, жетсе екен, адам болса екен» деп тілеп едім жатсам да, тұрсам да. Жат бауыр болма, шырағым. Жазынды үнемі шешененнін қасында өткіз, – деді.

Бірақ мен бара алмадым. Тышқан көз Садырдың алдында несіне мұсәпірсін деген намыспен бармадым...

– Ғажап екен, ал көре алдыңыз ба Бибігүл шешейді бұл сапарынзыда? – деп сұрадым тағы да.

– Ғажабы сол – кіріп барсам, үлкенірек келген төргі бөлмеде капитап отырған жан екен. Бәрінің де жүзі сынық, бәрі де тілсіз. Солардың ішінен көзім бірден Садырға түсті. Баяғы калпы. Тышқан көзі жылтырайды. Устінде барқыт бешпет. Бар өзгерісі – сұлу етіп кара сакал жіберіпті. Колында таспиық. Көптен бері жұмысқа жанаспағандықты танытар күсі жок ақ саусактарымен таспиықтың жақұт тастарын бір-бірлеп ауыстырып күбірлейді. Одан кейінректе сол Садырға үкссас екі бала жігіт отыр. Ішімнен:

«Бейтаныс інілерім осылар шығар» деп ойладым. Оң жакта ак кереует. Устінде біреу жатыр. Беті ак орамалмен көлегейлеп койылған. Мен оның кім екенін бірден білдім. Бірак мына жұрттың сынық жүзіне, көрсем деп асығып келген кісімнің қимылсыз калған тұлғасына қарап, жүрегім су ете түсті.

Әуелі Садыр шырамыгты мені.

— Ау, келді ғой...

Жұрт қимылдаш, қозғалып қалды. «Е, алда байғұс-ай! Қайтсін!» деген күбір жүгірді.

Бейтаныс інілерімнің екеуі де ұшып түрегеліп, құшақтай алып жатыр.

— Жаңа ғана көзі ілінді, — деді бірі мені корқытпайын дегендей.

Сол кезде көлегейленген орамал да қимылдады.

— Басымды қотерші, — деді әлсіз ауру дауыс. Содан кейін әжімді бір тереннен жанары кайтып, суала бастаған бір көз қадалды маған. Арада көп жылдар өтсе де, қөнілімде ыстық суреті сакталған, мейірбан көз, ана көзі бұл...

— Үйбүй-й-й. Мезгілмісің?.. Шыбыным-ай, келдің бе? — деді ол ақырын ғана. Ол осыны айтты да, қайта қисайды. Көзін жұмыш, көп уақыт үнсіз жатты. Карасам, жас моншактары сарғайып, суалған бетіне мөлдір сызық салып, домалап барады екен. Неге жылады? Не ойлады ол дәл осы сәтте? Мына қазіргі екі дүниенің ұстара жүзіндей қыл арасында жатқан ауыр халін ойлап, жарық дүниені кимағандықтан жылай ма? Әлде: «Сенде ана жок, менде бала жок, соны естіп бала етіп алайын деп келдім» деген сөзін есіне алып, оның ана бола алған, менің бала болуға талпынған алғашкы құндерін, ауыр құндерін есіне алып жылай ма? Болмаса, «екі талай кезенге келгенде, сөзімде тұра алмадым, затым әйел болған соң, әлсіздік еттім, кешір сонымды» дей ме? Кайдан білейін мен оны, Тулан. Адам қөнілі ғажайып ұндерге, ғажайып сырларға тұнып тұрған нәзік перне сиякты емес пе?! Бір қылыш бассан-ақ қуаныш-кайғы болып, қүйінш-сүйінш болып, төгіліп кетпей ме! Сейлеп кетпей ме? Екінің бірі ұға ала ма оны.

Міне, үй толы жандар отыр осында. Бірі тұнжырап, бірі жылап та отыр. Мұмкін олар өзінің сәбідей пәк тазалығымен, ағайын-туғанды алыс-жақын деп алаламай, бәріне де мейірбан ана бола алған, ауыл а纳斯ы бола алған Бибігүллі аяп тұнжырайтын болар, аяп жылайтын болар. Бірак, мұның бәрі өткінші, ұмыт болар сезімдер ғой. Олар ана қунде сылап, қунде тараپ сұлу сақал жіберіп, колына таспиық ұстап қалған пірәдар Садырдың қөнілінде не күй бар, мына ыстық дүниеден өткелі жатқан ана қөнілінде не күй бар, ақыры отыз жыл бойы көріспей, сусысып

кесем де, екі сөздің күшімен қаңбақтай ұшып келіп түскен менін көнілімде не күй бар, кайдан білсін, кайдан ұксын! Бар болғаны:

— Әлсіреп каласын, жылай берме! Күткен балан келді. Арманың жок енді, — деп косарлана сәйлеп, басу айтып жатты. Бірақ ша байғұс тіл катпады. Қөп жатты. Содан кейін тағы да басын көтерді. «Кысылып каларсын, жата тұр!» деген ақылды алған жок.

Енді жүдеу кескініне аныктай карасам, әлгінде жок бір күйге келіпті. Бет ұшында әнтек қан ойнап шыға келгендей. Көніллі де сергек сезіледі.

Мен мұны өз басымдағы құдікті үмітке жендерген «е, бәсе, осынай болса екен!» деген алдамшы сезім күбыльысы ма деп едім, оның іеріске шықты. Шешем бұрын тұн болса, жетеліп, тынши алмай шығады екен, мен келген тұні тыныстап, жаксы ұйықтады. Ертеңіне аска көнілі шабатының айтты. Содан кейін белін мата белбеумен қалты буып, үй ішінде бас көтеріп бірер басып жүрді де.

Сұрастыра келсем, мұнын бәрі де мен келгеннен бергі өзгерістер. Көніл деген, әне сол. Іздеп еді, ансан еді. Қорді де, тынды. Жок, тынбады. Дертіне дауа тапты. Сергіп, сергек сезініп қалды.

Сейтіп, ауру шешемнің алғашкы шипасы — мен, менін келуім болды. Бірақ мен келдім, бітті демедім. Аудан орталығына машина жіберіп, дәрігер алдырдым. Тышқан көз Садырдың: «Пыращышырашынды қайтесін, шырағым. Алланың жазуы осылай болса, тұра келген ажалға кім ара түсе алады!» дегеніне қарағам жок.

«Ал сонда, анаңның сыркаты не болды?» демексіз фой. Ол — шылайды баудай түсіріп жаткан құрт ауруы — туберкулез екен. Мен дәрігермен ақылласа отырып, бір тоқтамға келдім де, шешем-шылай алып, станция қайдасын деп бір-ақ тарттым.

— Ойпир-ау, ана Бишәм деген кісі сол Бибігүл шешей ме?

— Ие, сол кісі. Кайдан шыкканың білмеймін, әйтеуір солай шылай кетіппін фой кішкене кезімде. Бишәм деп қалсам, сол дағыма бағып жатканым да.

— Ана Садыр шал неғып көне койды? — деп сұрадым тағы да.

— Шафғат, Сафғат деген екі жасөспірім інім карсы болмаған соң ол қайда барсын!

Бірақ өзіне аттанарда:

— Бір кезде жалаң аяқ қар кешіп, панасыз қалған кезімде көзімнің жасына, мұрнымын ғоғына қарамап едін, енді менің шылай саған қарайтын жайым жок. Бүгін өстіп, үсті-басына тозан туғрмей, жігітше сыланып, сипанып отырсан, мен оныннан күн шемей, тұн демей салпактап, колхозда енбек еткен, одан қалса, сиырынды сауып, кол диірменінді тарткан, отынды жағып, күлінді шыгарған, кірінді жуып, балаларынды баккан, сейтіп, саған жағынам деп жүріп, мезгілінен ерте солған анатының ашы терін, азап-

мехнатын көремін. Жеткергенін осы болыпты. Бишәм енді жок саған, – дедім.

– Эрине, «жок» дегенді ойнап айттым. Ойлансын деп айттым. Балалы-шагалы болып, бауыр басып қалған кария ел-жұрттың сағынбай тұра алар ма? Карагандыда ірі дәрігерлер бар, тамаша ауруханалар бар. Соларға көрініп, сонда емделіп, айығып, тазарып шықкан соң, апарып саламын ғой, – деп Мезгіл әңгімесін бітірді.

Бағана бұлар күпеге кіргенде ана ауру кемпірдің басында осыншалықты тамаша хикая бар деп кім ойлапты. Мен енді сол бір таза жан иесін анықтап көрсем екен деп асықтым.

Біз күпемізге келдік. Карт ана шайқақтаған поезд жүрісімен тербеліп, демалып жатыр екен. Әнтек жұмылып, жазылынқырап қалған кабағында сергектік бар. Он қолы диваннан сырганай түсіп жатыр. Енді байқадым, ана суалған, шөккен тұлғасына қарағанда бір түрлі ірі де кесек тарамыс қол. Жолдын бір бұрылсызында күн көзі ойыса келіп, кәрі алақанға қорғалай тұрып қалды. Айқыш-үйкыш тартылған шытырман сыйыктары да енді тым айқын. Кенет Мезгілдің жол туралы айтқаны есіме түсті. Ие, бұл сыйыктар да шытырман жолдар есепті. Үзілмес үмітті, аяулы арманың жолы. Киямет бейнет пен азап-мехнаттың жолы. Енді бір ауық қол қозғалып кетті де: «Аларыңды алып болдың ғой, берерін кайда енді?» дегендей көтеріле беріп, токтап қалды...

Бибігүл ана аунап түсті.

\* \* \*

Карагандыға поезд ертеңіне түсте келді. Тегі, «анасын әкеле жатыр» деген хабар жеткен болса керек, карсылап жатқан топ карамы едәуір. Сол куанышты, жарасты топ ішінен кала тәртібімен киінген бір жас әйелді көремін. Колында гулі бар, арадан сұрыраша шығып, ұмтыла басып келеді. «Мезгілдің жары осы болса керек» деген ой келді маған. Кария поезддан түскен соң бір колымен жанағы келіншекке, бір колымен Мезгілге асылып, машинаға карай жүрді.

Поезд тағы да ілгері жылжыды. Терезеден үніле қарап мен тұрмын. Кенет «мен мұндамын» дегендей газет сыйбырлады. Ол, әрине, мықыр мойын «тас құдай» ғой кешегі. Мазасыз жолаушылардан құтылғанына куанып отыр. Сөз жок, куанады. Өгей шеше түгіл, өз шешесіне қайырылмай кететін мұндаイラр «махабат» деп аталағын ұлы сезімнің қасиетін түсінеді деймісін.

Поезд көсіле тартып заулап келеді. Мен де үй ішімді сағынып, заулап келемін. Бірақ, өзім асықканмен, көнілім Карагандыда қалды. Кенет менін де шешем сол Бибігүл сияктанып кетті. Өзім де Мезгілге үксаймын. Мезгілге үқсанап, карт ананы қолтықтап, демесіп бара жатқандаймын...

1963 ж.

## БИТАБАР БАЛУАН

### 1

Кеше кештетіп төгіле жауған кара жаңбыр жер бетін жалап откен екен, сарғайып қуқыл тарткан кер дала химчисткадан шықкан көне киім секілді – сондай таза, сондай өңсіз. Жақындарап калған күз белгісін танытып, ызырық жел соғады.

Битабар өтішшелерді Сарысудың әлі де нәрі бар көкшіл өзекшесіне сәскеде айдал түсірген еді, казір шанқай түс. Жаз бойы ен жаланы еркін жайлап, жонданып алған жануарлар тұмсығын жерге кенеше қадап, үскі тілімен қылтанак алсынды орай соғады. Қолға қарап корада тұrap ұзак қыстың алдында қарбытып қалайын дейтін секілді. Битабар көп уақыт осы бір ойды қызықтады. «Мал екеш мал да қыска дайындық жасап әлек». Бір қызығы, тосыннан мал баккан адамның екі қолы алдына сыймай қалатыны болады екен. Бұрын шулы, думан тірлікке үйреніп қалған жігіт ағасына мұнда жым-жырт дала да, аспанды үңсіз көшкен ақ бұлт пен үңсіз қалықтаған қарақұс та әлдебір жат әсер салып, мазалайтын секілді. Зерігінкіреп барып, бір тастың ығына кисайып еді, көп жата алмалы, жер әлі сыз екен, жамбасы шылқып, мазасын кетірді. Содан ба, тағы да келер күнді ойлап: «Қыс шіркін, биыл ерте түсейін деді ау, – деп койды. – Мал мен жанға колайлы бола койса иғі еді».

Басқа ермек болмаған сон, көне заманнан бері кимылсыз жаткан дәу тастарды қопарып, домалата бастады. Бір шұбар тастың асты бықыған шұбар жылан екен. Шошып қалды. Бірақ сұық соғып әлсіреген жыландар басын баяу көтеріп шұлғып-шұлғып койды: «Ұямызды бұзатындай біз саған не жаздық?!»

Әлден уақытта мұна жым-жырт даланын тынышын бұзып лүріл естілді. Битабар шұбар тасты өз орнына домалата салды да, мойнын созды. Сарысудың арғы қабағынан бір машина құлап келеді. Әлгіндей болмай екі жағынан күміс қалкан тұрғызып, откелден де жарып өтті. Дөнгө шықты. Сосын тағы бір өзекшеге сұнгіді. Битабар ойыншыққа алданған баладай ұзак қарады: «Апыр-ау, бұл макұлығын да жүзіп кетеді екен гой».

Күн бесін болды. Битабар әлі қарап тұр. Өзекше толассыз ызынға толы. Бірде зорайып, бірде өлеусіреп шығады. Ұйықтар кезде құлағынның түбінен естілетін масаның ызыны секілді. Битабар солай қарай бет алды.

Машина бір кішкене жырашықтың үстінде тұр. Екі адам көрінеді. Бірінің басында шетен қалпак, оқшауырақ жерде, ызырық желден ығысып, мойнын тығып алған. Екіншісі – машинаға секіріп мініп, машинадан секіріп түсіп әлек.

— Е, неге тұрсындар, ерте күнді кеш қылып мидаій далада?

Шетен қалпак ұнатпаған кейіппен:

— Неге тұрганды білмейді, ә? — деп кекетті шала казақшалап.

Бертшегі секілді мынау бір жатқан қырсық қой» деп қойды.

— Көріпкелің болмаса да, көріп тұрған жоксын ба?

Битабар да енді шетен қалпақтын әуенімен:

— Көргемен білмейді, — деді.

— Казактар өстіп, білмегенсіп, анқау келеді.

Машина касындағысы казак жігіт екен, жылы тұс танытты.

— Ау, ақсақал, білмеген жердін ой-шұқыры көп деген емес пе, байқамаппыш, сазға түсіп кетіп, шыға алмай жатырмыз.

«Машина сазға батып қалады, машина саздан шыға алмай қалады» деген үғым Битабардың калерінде жоқ екен, машинаны айналып жүріп-жүріп, басын шайқады.

— Бұл мақұлығын да батып қалады екен ғой. Енді қалай шығарасын?

— Біле алмай тұрмын. Сүйреу керек шығар, не көтеру керек.

Битабар жаңып кетті.

— Көтеру керек?

— Ия, көтерсе де болады.

— Сонда бұл мақұлықтын салмағы қанша?

— Салмағы ма? Салмағы екі тоннадай.

— Тоның не? Атан түйедей бола ма, соны айтсайшы.

— Екі жарым түйеге парапар-ау...

— Сонда бұл мақұлығының бір бөкссесі... — деп Битабар сөл күмілжінкіреп, әлденені есепке салған адамша ойланып қалды.

Осы кезде шетен қалпак айғайлап жіберді.

— Саздал жатқанда не әнгіме бұл?! Догар әнгімені. Машинанды батпактан шығарып ал әуелі!

Жіріт бір жеріне біз сүғып алғандай шоршыды.

— Ойбай, ағайын, былай тұр, нашәндіктің ашуы жаман.

Битабар да ерегісіп кетті.

— Сол нашәндігіне ерегіскенде машинаның көтеріп берсем не дер едін?

Шофер жігіт күлді:

— Не дейін, туған-ау, айта жүрем де.

— Ал ендеше, құрегін болса, шым ой.

Шофер жігіт қағілез кимылдап шым ойды. Битабар бір-екі шымды жотасына тастап жіберіп, машинаның астына енді.

Аяқ-колымен жер тіреп бір сәт тұрды да:

— Ия, аруак, колдай көр, һәүіп! — деп қалды.

Сазға кіріп кеткен кос донғалақ сопан етті. Содан кейінгісі онай болды. Машина бұғаудағы аргымактай ілгерілі-кейінді сәл ғенселіп түрді да, жұлқына жөнелді. Шетен қалпақ кабинаға жармасты. Жакындаш қалған Битабарға шофердің: «Ал, туыс, рахмет!» деуге ғана мұршасы келді. Неге екені белгісіз, Битабар шетен қалпакқа ызылды: «Ененді..., шекірейген бірдеме екен, шым ойған жерге ауната салмаған екенмін өзін!» Сойткенше болмады, тызылдаш дөңге шығып үлгерген машина, қазықты айнала шапкан атша дөңгелене беріп, кері салды. Битабардың жүрегі луп етті. Құдды осы бір теріс ойдың үстінен дөп түсіп, үстап әкетуге бұрылған секілді. Шетен қалпақ есікті аша берді.

— Аксакал, сіз кім боласыз? — Байқаса, тап жаңағыдай ашулы смес, жүзінде жылылық белгісі бар. Битабар осыны байқап, кайта кесірлене қалды.

— Қазак боламын!

— Қазак екенінді біліп тұрмын. Аты-жөнінді айтам.

— Менін аты-жөнімде не атаның құны бар. Бар, жүре бер жайына!

Шетен қалпак сәл абыржынқырап барып, басын шайқап есікті жапты.

Кайта өрге шығып бара жаткан машина соңынан қарап қалған Битабардың ойына шофер жігіттің: «Нашәндіктің ашуы жаман» деген сөзі түсті де, шошынып кетті.

— Жөнсіздеу сөйлемдім-ау осы. Мылтығы болып атып кетсе, не істейтін едім!

Осы ой Битабарды кешке дейін мазалаумен болды. Ауылға да тым кештетіп, кас қарайып кеткен кезде біреу желкелеп, біреу сүйрекендей болып зорға келді.

## 2

... Битабар кештетіп келсе, ауыл іші у-шу.

— Балуан Шолақ келіпті!..

— Балуан Шолақ келіп, байдың үйіне түсіпті...

— Балуан Шолақ керемет қызық ойын көрсетеді дейді!....

Битабардың қоқтен іздегені жерден табылғандай, бір аяқ айранды котара салды да, шала жуынып, байдың үйіне тартты.

Бай — Әлім деген бетінде секпілі бар, сопак бет, ұзын ак сары кісі. Көзі басқа казактан өзгеше, көкшіл. Сақал-шашы да жас кезінде жириен болған деседі. Бірак бұл күнде ұзын өскен сұлу шокша сақалы мен екі ұшын әдемілеп басқан мұрты да аппак. Жириен түстің түк нышаны жоқ. Әлім бай болғанымен кіслігі мол, ел адамы. Өткен-кеткен қонактар да бұл ауылға келсе «Әлім» деп келеді.

Әлім бұл жолы да қонақжай, мырзалығынан таңбапты. Арқаның ерке серісі, балуан серісі Шолакқа арнап ауылдан алысырақ көкорай шалғынға тоғыз канат ак боз үй тігіп, іргесін түріп тастаған. Айнала нәпір жастар.

Біреулер жабықтан сығалайды, біреулер жі ашылып-жабылып жаткан есікке үніліп қалады. Үй іші у-шу. Эйелдің сынғыр күлкісі, «бей, шіркін!» деп көтермелеген ерлер даусы. Солардан езгеше бөлініп, баппен қағып, тартылған домбыра сазына кешкі самалдай есіліп, майда коныр дауыс кеп қосылады:

Фалияның қолында бүйда пышак,  
Фалияны көрдім де-ау, жайдым құшак...  
Отыр ма екен Фалия, жатыр ма екен,  
Айдын көлде жұзғен акқуға ұқсан?  
Акқуға ұқсан...

Беу, Ғалия-ай, жан сәүлем, бетіннен,  
Алпак кардай етіннен.  
Бір күн ауру, бір күн сау,  
Жазылдың ба-ай дертіннен?

Битабардың жүргөш шымырлап кетті. Бұл ән Балуан Шолақтың Ғалияға ғана арнап шығарған әні емес, бүкіл мұскін бозбала атаулының өз ғашық жарларына арнап шығарған әні секілді. Ыстық құмарлықты, ынталық, адал сезімді паш етегін ән. Битабардың көніл зердесіне тағы да Жанқумістің Ғалиядай асыл бейнесі кеп орнай қалды. Онаша бір сәтті тауып кездесе қалғанда әмәнда бір асыл сөз айтқысы келуші еді, бірақ айта алмаушы еді. Сондағы айтып жеткізе алмайтыны осы ән екен гой. Балуан Шолақтың «Ғалиясы» екен гой. Битабар соны жана тапқандай.

Битабар селк етті. Енді анғарды, киялдың пырағына мініп, тым үзап кеткен екен. Бай үйін төніректеген бозбала шұылына қайтып оралды.

— Кіп, кір, Битабар, үйге кір! — Айнала қоршай қалған жас жігіттер Битабарды есіккө итермеледі.

— Ау, өздерің неғып тұрсындар?

— Біз сені күтіп тұрмыз. Әуелі сен кіресін, Балуанға сәлем бересін. Сосын біз...

Битабардың ойлауына пүрсат болған жок. Ақ боз үйдің табалдырығынан барып бір-ак шықты. Эйтеге ешкім елемеген секілді. Жұрт құлағы әнде, жұрт көзі Балуан Шолакта. Битабар әуелі қақ төрден Жанқұмісті көрді. Тұғырға қонған қаршығаға үқсан, Шолактың он тізесінде отыр. Байқаса, сол тізесінде тағы бір үкілі қызы. Балуан екі қызды құс балапаныңдай айқара құшақтап, төсіне

шыстып да, домбыра шертіп, «Фалияны» шыркайды. Элдебір қызынаныш оты ма, Битабар тіксініп қалды да, шегіншектей берді.

Балуан бір сәт тынып қалды. Жұрт жапырылып, есікке каралы. Конактын көзі Битабарға түсіппі.

— Э, кел, кел!

Балуанның сол жағын ала отырған Элім байдын жалғыз ұлы Бершектін:

— Эй, жаман, сәлем неге бермейсің! — деген даусы шыкты.

Битабар айыбын жумак болды да, тез басып барып, колын ұсына беріп:

— Ассалаумағаләйкөм! — деп дауыстанқырап айтты. Неге екені белгісіз, үй іші осы кезде ду ете түсті. Тұғырда отырған екі қыз да сол бетін қалкалап, үрлана құліп жатыр.

— Ұағалейкөм... — деп барып Балуан Шолак жігіт колын асық-шай алды да, оқыс бытырлатып қысып жіберді. Аңғырт жігіттің жаны мұрнының үшінша келді. Ауырғаны сондай, бакырып та кала жаздалы. Мұнын бәрі жалғыз-ак кабақ кағыста болған жай еді, ендігі сәтте есін тез жиған Битабар да еруліге қарулы жасап, қайрат көрсетіп жіберді. Шолак басын көтеріп алды да, жалт қарады:

— Э, көп жасықтың бірі ме десем, жас арыстан екенсің ғой, кел, кел, отыр.

Битабар осы сөзді ғана күтіп тұрған екен. Еркін кимылмен Балуанның он тізесінен Жанқұмісті суырып түсірді де, екеуінің арасына барып отыра кетті.

Топ іші гу-гу: «Жарайсын, Битабарым! Ел сағын сындырмаған озін ғана!», «Е, бәсек, біз де елміз ғой, анамыз ұл тапкан екен ғой!»

Құлағының дәл тубінен Жанқұмістің ыстық демі естілді:

— Сен де бакырасың ба деп зәрем ұшып еді.

Сыртта жабықтан сығалап жүргендердің аужайын Битабар енді анғарайын деді: үйге кірген бозбалалардың сәлемін Балуан Шолак өзінше алады екен:

— Атынды айт.

— Атым — бәленшебай...

— Жоқ, дұрыстап, жұрт еститіндей етіп айт!

— Бәленше... еба... й.

— Е, дұрыс, ал енді күрт үрлағанынды, кебежеге түсіп қаймақ жегенінді баянда!

Мұндай үрлігі болған күннің өзінде де жұрт алдында, мына тұғырда отырған сұлу қыздар алдында қалай айтсын.

— Шөке, ондай үрлік жасамаған едім.

Мұндайда Балуанның әдісі бар: мұжық колымен жігіт колын батырлатып қысып жібереді. Амалы құрыған жігіт не бакырады немесе құрт пен қаймакты қалай үрлағанын тәптіштеп баяндалап

береді. Қыздарға қырындап жұрген бозбалаға қайсысы болса да өлім. Жұрт соған мәз. Дуылдап күліседі. Дыбысын шығармай қыздар да күледі: «Жігіт болған түріне болайын!»

Осы сыннан аман өткен Битабар Балуан Шолактың он қана-тында мәртебесі есіп, биқтеп отырды. Жұрт көnlінің гүл шоғы – Балуанның өзі де былайғы жұртты жайина калдырып, «жас арыстанға» бұрылып алған. Не айтса да, сөзін жалғыз соған арнаған адамның шырайын білдіреді.

Бұрынғыдай емес, Жанқумістін де, ілтипаты өзгеше. Битабардың әр күлгін тамыршыша қылт еткізбей костап, жымып кояды. Кей-кейде тіпті жанаса отырып, акырын ғана сүйкеніп калатын да мінез шығарды. Битабар соған бір түрлі шалқып кетті. Қызғанышы үстірт екен, көnlі орнына түсейін деді. Енді Жанқумісті өз еншісіне қайтарып алған соң, акырын отырып дакпырты үш жүзге бірдей тараған Балуанға көз қырын сала бастады. Атын көп естігендіктен бе, Балуан Шолак айрықша бір алып адам болып елестейтін еді, мүлде олай емес екен. Отырған калпы осы. Битабардың өзіндей-ақ. Бірақ төртпак, тым жоталы. Балуанға өзін қанша теңестіргенімен, мүлде кейінде, әкесінін артында отырған балаға үқсан калғанын Битабар біраздан соң барып білді. Бірақ одан да артық әсер – Шолактың айрықша көркем сұлулығында жатқан секілді. Аздап корасан дагы бар дөңгелек қызыл жүзіне кішкене шокша сақалы сондай жарасымды. Ашқуға емес, жайдарылыққа біткен калың қасты жайпак кабағының астынан кішкене кара көзі күлімдей қарайды. Ал мойны мүлде өзгеше. Іші тартылып қалған жарау аттың қеудесіне үқсас, тынысы мол кең қеудесіне онша көп үйлесе коймайтын шошактау келген кішкене басы сомдап сокқан жұмыр темірге орнатады. Ал мен жұрт тегін мактамайды екен. Құдай тағала бар өнерді кадактап өлшемей, бір басына үйіп-тегіп бере салған. Ән мен жыр да, күй мен карасөз де бір басында.

Осы бір сезімді ұзак тамашалап, ынтыға қарап қалған «жас арыстанға»: «Жығылсан нардан жығыл» деген бар емес пе, белдесіп көрер ме еді өзімен» деген бір ой келді. Балуан құдды осы ойын сезіп қалғандай домбырасын іргеге сүйей салды да: «Ал мен бір ойын көрсетейін» деп, ортаға қарай жылжыды. Бұл ойынның тәртібі – кімде-кім колымның каруы бар десе, ортаға шығып, Балуанның алкымынан қысып қылқындырады екен. Балуан өліп кетсе, құдай алдында сұрауы жок, аяма, жаны шықканша қыса бер. Қыса алмасаң, женілгенін. Бұл ойын Битабарға ойыншық секілді болып көрінді. Өйткені, өткен кыста Битабар құрық сілтесе, карсы шабар халде бір курайды тасалап болдырып жатқан каскырдың алдына бір аңшыны қалдырып, өзі арты-

шан келіп, кона түсken бойда алкымын салып жіберіп, жерден көтеріп алған да, дарға асканданып өлтіре салған елі. Жұрттын есінде осы окиға бар ма, «Балуаншықсын!» деп ду сте түсті. Битабар женіл қарғып түрекші Балуан тоят іздеғен бүркіттей комданып алыпты. Кейпіндегі бір жылылық жоғалып үлгірген. Екі көзі қанталап, от шыны.

Битабар арбіған саусактарын Балуаншықсынана кадады... Бірак қос уысы айқаспады. «Тегі, көңінен мойнынан да жуан-ау!» болды алғашкы ой. Ал Балуаншықсын мүлде жайбарақат отырған секілді.

— Аянба! — деді Балуан сәл қырылдаған. — Не саған серт, жас арыстан, не маған серт.

Аянаіын деп түрған Битабар жок. Даңын көкжалина ұксатниса да, «ойбай өлдім, коя бер!» дегізіп. Балуаншықсын өз алдына келтірсе, одан артық мерей бар ма!?

Бар күшін жинап Балуанды алкымдаған көтере берді. Сол кезде Балуан койдын жілігін жемсауып жіберіп, бытыр сткізе түсіретін бүркітке ұқсап, басын мөненала беріп, шұлғып қалып еді. Битабардың қолы сарт етіп шептетті. Мойын емес, іемір дерсін, тырнактың ізі де қалмапты. Егеркайта ұмтылмады, женілгенін танытып, басын шайқап, орнекеп отырды.

Балуан осыдан кейін талай ойын көркіншілік жігіт жабылып, жалғыз жұдырығын аша алмады. Он жіліп шынып, жалғыз аяғын бүге алмады. Сонын ішінде Битабар да. Бірак мұның бәрі күші аскандық емес, өнері аскандық болған көрінді Битабарға. Борі де тәсілдін, ұзак жаттығудың нәтижесінде.

— Балуан, мұның бәрі жақсы ғой, деген белдесіп күш сыйнасқанға не жетсін! — деп салды Битабар.

Әкесі Балуанға айрықша құрмет көркіншілік тігіп онаша қарсы алған соң, баласы қадірлі қонақты өзіншешіктең алса керек:

— Арыстанмен алысып, мерт болайып пе едін! Жайына отыр, Битабар, — деп Бертшек косарланған.

Балуан жайдары қалпымен байсалды.

— Жас арыстан жықса, кәрі батасын. Ал кәрі арыстан жықса, мерт етем деп жықпайды, әйткеніншар біргім осы, жеткен жерім осы демейді. Десе шын картыны онын. Кайта мен бол, мына мендей бол, деп кияға баузы. Жас арыстанның бетінен какпа, Бертшек.

Сөздің токтамы Балуанның осы айткыш болды.

\* \* \*

Неге екені белгісіз, Битабар түнімен шытай алмай шыкты. Ертеннің күн сәт сайын күбылып, киян-кезең көрініс береді. Әуелі

Балуан Шолакпен жағаласкан секілді еді. Сол елестің арты алыстап, арыстан, жолбарыс секілді түсі сүйк макұлықтарға ауысып кетті. Осы бір ой азабы тіпті ұзак мазалады. Үсті-басы малшынған қара тер. Битабар терең бір күрсініп, аунап түсті. Байқаса, әлі түн екен, өзі әлі төсекте жатыр. Тұндіктің жабылмай қалған бір санылауынан қара көк аспанның пүшпағы көрінеді. Содан кос жүлдіз жымындаپ тұр.

Битабар сәл езу тартты да, тағы да көзін жұмды. Әлті бір қияли елестер күрт жоғалып, енді басқа бір шытырманға енген секілді.

... Жүріп келеді. Жок, жүріп келе жатқан жок, тоқтап, дағдарып тұр. Жүрейін десе, алдында тосқауыл бар. Сом темір секілді кесек, бірдеме көлденең жатыр алдында. Аттап өтуге де, бұрылып кетуге де Битабардың халі жок.

Апыр-ау, «жас арыстанға» тосқауыл болған бұл не екен? Битабар үніле берді... Байқаса, әлгі «бірдеме» дегені Балуан Шолактың мойны. Битабар шошып қалды. «Шошыма, Битабар! Шошыма!..» Балуан Шолактың өз даусы.

Осыдан кейін әлдебір нұрлы дүниенің ішіне еніп жүре берді. Аздап корасан дағы бар кілен бір дөңгелек қызыл жұз... Кілен бір сұлу шоқша сақалдар... Калың қасты жайпак, жадыранқы кабақ астынан жымындаған кілен бір кішкене қара көздер...

Битабар тағы аунап түсті. Баласының мазасызданып, үйықтай алмай жатқаның білді білем, касына анасы келді:

— Битажан, не болды саған, дөңбекшіп, үйықтамай жатырысың ғой?

— Әлі ештеңе болған жок. Не болса да, ертең болады...

Ана бірден түсінді:

— Қой, шырағым, Балуан Шолак — үш жұзге аты кеткен аруакты адам. Жағаласпа. Мерт боласын.

«Үш жұзге аты кеткен аруакты адам...» — бұл сөз көкейіне үялай кетті. «Мерт боласын» — бұл сөзді Битабар қабылдамады. Неге мерт болады? Битабардың күреске түсіп жүргені осы ма еді?!

Анасы тағы бірдеме дейін деп келе жатыр еді. Битабар тұрды да, далаға шығып кетті.

Шашырап күн шығып келеді. Котан қаңырап бос жатыр. Кой өріп кеткен. Киіз үйлердің тұндігі түрілген, есік алдындағы жер ошақта от жылтылдайды. Құлындар да желіге байланып үлгерілген. Тек кейбір кеш қалған әйелдердің «құраулаған» жалғыз-жарым даусы ғана ертеңгі тыныштықты бұзатындей.

Битабардың көзі ауыл сыртындағы оңаша, окшуа түрған ак боз үйге түсті. Есік-тұндіктің бәрі жабық. Балуан Шолак әлі шырт үйкыда. Бүгін сәскеде үлкен майдан түрғаны қаперінде де жок. Үй төнірегінде Әлім қарттың өзі жүр. Ақ таяғын әріге сілтеп,

«дабырлап сөйлеп, конак тыныштығын бұзбандар, алыстан орағытып жүріндер!» дегенді ыммен танытып, жақынырақ келген малшы, сауыншыны куалайды.

Осы көріністің өзі Битабарға катты әсер еткендей. Бір түрлі жүргеті лүпілдеді. Енді жатып, үйықтап жарыттайтын болған сон, Иманак тауын бетке алып ұзак жүрді. Ауылға сәске түстін кезінде оралды.

Оңаша үйден оқшауырақ жерге кілем жайылған. Кара-құра халық көп. Солардың ортасында Балуан Шолак, сарандау домбыра шертіп, әлдебір әнгіме айтып отыр. Тұндегіден де көркем, нұрлы жүзі бал-бұл жанады. Битабардың келгенін алдымен Бертшек біліп, ұшып тұра келді де:

— Кешегі есустықты таста. Әкем де естіп, ренжіп жатыр, — деп Битабардың құлағына сыйырлап үлгерді.

Битабар жауапты келте қайырды:

— Өлсем де жағаласып өлем!

— Ә, жас арыстанбысын? Кел, кел бері карай, — деді Балуан тұндегі сөзін қайталап. Даусында кешегідей кұлық-ажуа жок та, құрмет бар.

Битабар енкейіп тағзым етіп, кос қолын ұсынды. Жүрегі орекліп, буын-буыны қалтырады.

Балуан Шолак домбыраны былай қойып, жаланаш етіне жамылған түйе жүн шекпенді сырьп тастанды, құреске дайындалып келгені көрініп тұр. Кешегі нұрлы көз бүтін сондай өткір — келсен кел.

Битабардың даусы сәл дірілдеп шыкты.

— Шөке, мен кеше асылық айтсам керек. Екі кісі белдессе бірі жығары аян гой, не сіз, не мен... Корғалап, корқып тұрғаным ол емес, бірак. Сіздің қасиетті жағанызға кол апаруды артық деп білем. Қаласаныз батанызды былай алғым келеді.

— Е, міне, мұның жөн сөз, — деді Бертшек.

Балуан оны тындаған жок. Басын көтеріп тіктеп карады:

— Өнерін не сонда? Көрсет көпке өнерінді.

— Түйе көтереді! — деді біреу топ ішінен.

Шолак даусы ширак.

— Келтір ендеше түйелерінді.

Атан түйе көлденен тартылды. Битабар бауырына кірді:

— Ия, аруак! — Төрт түйе табан жерден біршама көтеріліп, салбырап калды. Түйе түйе болып жарапғалы кісіге мінгені осы болса керек, бақырып жатыр. Битабар оған караған жок, отырған жүрттүйе бір айналдырып барып, жанағы жерге каз койды да, Балуанның алдына келіп бір тізерлеп отыра калды.

— Жарадын, жас арыстаным! Үш жүздің баласында өзіме тартып туған кім бар деуші едім. Асылық екен айтқаным. Бар екен.

Тасың өрге домаласын! – деді Балуан Шолак. Содан кейін шу ете қалған жұртты мұжық қолын жоғары көтеріп тоқтатты да: – Жалғыз-ак айтарым: құрес те өнердің бір төресі. Мал табар онай кәсіпке айналдыра көрме! – деп Битабардың мандайынан сүйді...

Битабардың төбесі көкке жетті. Балуанға тағы да тағзым етіп, түрегелді. Шулаған жұрттың біріне де қараған жоқ. Ауылдың аяқ жағында шала дүмбіlez молла болатын. Тура соған тартты.

– Молла-еке, бір ауыз сөзім бар, соны қағазға түсіріп берсен?..

– Е, ол не сөз?

– Құдай сөзі.

– Е, құдай сөзі болса, түсіруге болар, еншалла. Тек садакасын ұмыта көрме.

Битабар да моллаша сөйлеп жатыр.

– Садакасы бола жатар, еншалла.

– Ал айта ғой, пендесі.

– «Құрес те өнердің бір төресі...»

Молла дауыстап жіберді:

– Мұның несі құдай сөзі, пендесі-ay?

– Нағыз құдай сөзі, жаза бер, молла-еке... «Құрес те өнердің бір төресі. Мал табар онай кәсіпке айналдыра көрме!»

Молла анырып отыр.

– Жаз, молла-еке. Бір қыстық шөбінді шауып берем.

– Ә, онда жазайын, балам. Кім біледі, құдай тағаланың өзі айтқызып тұрған шығар мұндан сөзді...

Осыдан екі-үш күн өткен соң Битабардың колтығынан анасы үшкіл бір затты көрді.

– Бұл не нәрсе, балам-ay?

– Бұл ма? Бұл тұмар, апа.

Ана байғұс дән риза.

– Е, тұмар таққаның жаксы, балам. Пәле-жаладан қағыс жүресін.

\* \* \*

Балуан Шолак бұл ауылда ай жатты. Аттанатын күні Әлім аксақал шапса үстіне су төгілмейтін құлын мүше бір қара жорғаны дереге әкеп байлады.

– Уш жұзге атың шықкан Балуан Шолак едін. Ел таппай келген жоксын. Мініп кетесін.

Битабар бағып тұр: Балуан Шолак мұлде балаға ұқсан кетті. Арғымактың ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып көп қара-ды. Сом білектерімен қаз мойнынан құшактап, жас балаға ұқсатып қысып та койды. Каршадайынан ер канаты – ат мүсінін та-мыршыша бағып өскен сыншы көз бірден таныды: алдында –

жай қарабайыр емес, түрікпенниң атакты текежәуміт сәй-  
тулігі.

Балуаннын аузынан шыккан алғашкы сөз:

— Сурет секілді. Мұндай да жылқы баласы туа береді екен гой?!

Әлім акылдылық жасады. Өткен жылы бір нар түйе, бір ту  
оне, оның үстіне он козылы кой косып, сатып алған жорға екенін  
айттып жатпады.

— Колымыздығының сізге лайықтысы осы болды, — деп тынды.

Балуаннын қуанғаны сондай, ай-түйге қарамастан жорғаға  
карғып мінді де, Иманақ тауына карай төгілте жөнелді. Кайтып  
келгенде айтқаны:

— Жануарым-ақ екен! — Осыдан кейін жиналған топка үніле  
карап, кейінірек тұрған Битабарды тауып алды.

— Эй, жас арыстан, бері кел!

Битабар ілгері шықты. Балуан ат тізгінін ұсына берді:

— Әлім ақсақал жорғаны маған сыйласа, мен жорғаны саған  
сыйладым, жас арыстан.

Битабар тізгінге үмтүлмады. Шолактан ат мінем деген ойын-  
да болған ба, абдыраңқырап қалды. Сөйткенше Бертшек даусы  
жарыса шықты:

— Құдайға шүкір, Битабар ат мінем десе, табылады. Бұл – атам-  
ның сізге арнаған сыйлығы. Мініп кетесіз.

Балуан Шолак Бертшекке бұрылды.

— Бертшек шырағым, жән-жобаны біліп, түзу өсіп келе жат-  
кан ақылды бала екенсін. Бір сөз айтсам, түсінесін ғой деп ой-  
лаймын.

Бертшек карсылық еткен жок. Жұзін тәмен салып тындал  
қалды.

— Өмір деген кан базар. Мен сол базардың жуан ортасында жүр-  
ген жанмын. Базардан қайтқандарға жорғаның керегі жок. Есек  
мінсе де жарай береді. Жорға мен жүйрік кан базарға бет алған  
жас арыстандарға керек. Солар мінген жән. Атаң маған ат мінгіздім  
деп қалады. Мен атаннан ат міндім деп аттанам. Қара жорғаны  
штке тастасам да ерік менде емес пе енді, — деп қадала айтты.

Бертшек бірдеме демек болып келе жатыр еді, Әлім ақсақал  
ак таяғын көтеріп, баласын сейліттей тастанды.

— Батырым, жән айтасың. Сыйламақ парыз бізден. Алмақ па-  
рыз сізден. Екі парыздың екеуі де орындалды. Әңгіме жорғада  
смес, көнілде. Ендігісі өз қалауын.

Балуан шегіншектей, жасқанып тұрған Битабарға қаткылдау  
үн катты:

— Жасқаншақтық ердін ісі емес, ездін ісі. Бойына үйір етсен,  
кор боласың. Кел бері, ал тізгінді!

Бұл сөзден кейін Битабар тұрып қала алмады. Еркін, нық басып келді де, бір тізерлеп отыра қалып, тізгіннің Балуан ұстаган жерін сүйіп-сүйіп алды. Ендігі сәтте дәл жанағыңай кара жорға көктемнің самал желін төсіне алып, көк мұнар басқан тауға қарай сілтеп бара жатты.

Бір үйдін босағасына сүйеніп карт әйел тұр. Жылап тұр. Рazy болып тұр. Ол – Битабардың анасы.

Бір үйдін босағасына сүйеніп жас кыз тұр. Құліп тұр. Куанып тұр. Ол Битабардың сүйгені – Жанқұміс сұлу.

Топ ортасында Балуан Шолак тұр. Кадала қарап тұр. Құдды бір көлденен адам:

– Айна катесіз Балуан Шолактың өзі! – деп жұртты ду күллірді.

\* \* \*

Кілен жарап атқа мінген қалың топ – үкілі кыздар, жас боз-балалар Балуан Шолакты шығарып салып барады.

Алда Балуанның өзі. Бір жағында Бертшек. Бір жағында кара жорға мінген Битабар. Сағым шеккен самарқау кең сахарада ән толқиды, Балуан Шолак әні – «Фалия».

«Беу, Фалия-ай, жан сәулем!..» деп қайырған кезде, неге екені белгісіз, Битабар кыздар тобына көз салып, Жанқұмісті іздейді. Ол да «... жан сәулем...» деген сайын сондай бір терен мағынамен Битабарға күле қарайды.

Жанқұміс – Фалияның жакын сінлісі, Әлім қартка құдаша. Сондай қылыкты, сұлу кыз, пан кыз. Қырындаушыларда кисап жок. Бірак біріне мойын бұрмайды. Біріне ынғай білдірмейді. Өз үйіне келген конак болған соң қызығыштай қорып, иемденіп Бертшек жүреді. Сөйтсе де оған да ықыласы жок. Ал Битабар жөні бір басқа – қылығына қылықпен жауап береді. Сөйлесе де Битабарға арнап сөйлегендей. Құлсे де Битабарға арнап құлгендей.

Балуан атының басын тартты. Кыздар бір топ, жігіттер бір топ болып алқа котан құрды.

– Бір тілегім: не нәрсе болса да жұбымен сәнді, – деді Шолак. – Кыз, бозбала, араласа тұрындар.

Жұрт құйындағы сапырылысып кетті. Қозғалмай қалған Битабарғана. Байқаса, касына Жанқұміс келіп тұрыпты.

Балуан Битабарға қарап сейледі.

– Ән шырқайықшы бір мына сахарада кең көсліп!.. – Шолак бір түрлі капастан шықкан адамша армандағай айтты.

Тағы да кең даланы «Фалия» баурады. Балуан Шолак тобы осы бір сұлу ән тербеткен Иманақ бектеріне кол бұлғап қоштасып, үзап сала берді...

Кілен жараптасқан калың топ – үкілі кыздар, бозбала-шып Балуан Шолакты шығарып салып қайтып келеді.

Алда кара жорға мінген Битабар. Қасында Жанкүміс. Жұрт Балуан тілегін орындаған. Екеу-екеу, жұп-жұп.

Жанкүміс жақындай тұсті.

– Битабар, жарысайықшы!

Кара жорға бауырын жерге төсеп, көсіле жөнелді. Жанкүміс астындағы көккасқа косарлана тартты.

Артта айқай:

– Жанкүміс, тоқта! – Бертшек даусы.

Караса, созыла тарткан топтан Битабар мен Жанкүміс жұбы үзіп кетіпті.

«Тоқта!» дегенмен, бұлар тоқтаған жок. Иманакты бөктерлей, кара үзіп барып, тасаға тұсті. Ат басын сонда ғана тежеді.

Онашада сөз таппаған Битабар мактаулы жорғаны қайта макты:

– Басын тежеп отырдым қайта. Еркіне жіберсем, көккасқага шалдырмай кете ме деймін. Жануарым-ак!

Жанкүміс өзілдей сөйледі:

– Битабар, сен казір Балуан Шолактын өзіне ұқсан тұрсын.

Битабар тауып кетті:

– Ал сен болсан, баяғыдан бері Ғалия секілдісін ғой маған, Жанкүміс.

Жанкүміс жымия құліп, Битабарға жанаса жүрді. Бұл Битабарға әл бергендей. Кыздың білегінен барып ұстады. Жанкүміс карсылық көрсеткен жок.

– Жанкүміс, аударып алыш, алыш қашып кетейін бе осы?

– Көкпарға тартар лақ емеспін. Аударып алыш қайтесін, Битабар, – Жанкүміс сондай мұнлы.

«Караәткел жағында айттырылған жері бар деуші еді», рас болды-ау сол сыйбыс!

Битабар үндеңей қалды. Жанкүміс күрсініп қойды. Атын қамшылап Бертшек осы кезде жетті...

– Апыр-ау, тоқта дегенде неге тоқтамайсындар?

Жауапты Жанкүміс кайтарды:

– Жас арыстанға сыйлаған жорғаның қарымын байқадық батырекесі.

Әлде кыз қызығанышы, әлде кара жорға күйігі, Бертшек астындағы торының сауырына қамшыны көміп-көміп алды.

– Битабарға кара жорғаны мен сыйлаппын ба?! Жұр, кеттік. Эйтпесе көкем тағы ұрысып жүреді.

Жанкүміс қарсыласқан жок. Бертшекпен бірге ілгерілей беріп, Битабарға күле карап, көтерген он қолының саусактарын қыбырлатты. Битабар кейіндегі берді.

\* \* \*

Битабар шалқалап тәсекте жатыр. Кешегі нұрлы күн көріністері көз алдында: қол бұлғап күліп бара жаткан Жанкүміс... Көзіннен жас ағызып көсле жорғалаған қара жорға... Битабар көріліп, езу тартты.

Сырттан дауыс естілді:

— Битабар, шығып кет! — Бірден таныды. Бертшек даусы.

Битабар сыртқа шықты. Бертшек ат үстінде. Жетегінде бір тай.

— Мына тайды келер жылы ат қып мінесін. Қара жорғаны өзіме кайтар.

— Кайтарғым келсе, қара жорғаны иесіне қайтарам да, саған не деп кайтармақпын?

Бертшектін беті катты.

— Кисық сөйлеме ейтіп, Битабар. Қара жорға не тенің?! Екі арада мына «ал» деп тұрған тайдан айрылып қаласын.

Битабар шамданып қалды.

— Тайында менін шаруам жок. Қара жорғада сенін де шаруан болмасын.

— Жок, шаруам бар менін қара жорғада. Тайды да бермеймін.

Жорғаны да алып кетем.

— Алып кете алмайсын, Бертшек. Қан боласын, білдің бе! Мен тірі тұрғанда қара жорға түсіне де енбейді. — Битабар шын ашуланып айтты.

Бертшек те ашуға булығып, тұтығып қалды. Жетегінде тайдын ноктасын сыптырды да, «әкеннің аузы!» деп как жонынан камшымен бір тартты. Боктағаны әлде тай, әлде Битабар, бір күдай білсін. Қанына қарайған жас балуан ұмтыла берді... Бай баласының астындағы жарап ат екі көзі шатынап, ырғып-ырғып түсті. Бертшек ат басын тартқан жок.

— Көрсетем әлі мен саған! — деп айқайлалды ол үзап алған сон.

\* \* \*

Битабар уәдесі бойынша моллаға шөп шауып қайтты. Үй төнірегі күбір-күбір.

— Оу, не болды?

Битабар қайта дауысталды:

— Уа, не болды деймін?

Битабардың қасына он жасар бала келді. Жамагайын баласы — Хамит.

— Сен шөпке кеткен сон бар ғой, ана Бершек агатайым бар ғой, ия, кара жорғаны бар ғой, келіп алып кетті...

Битабардың өні өзгеріп сала берді:

— Кайда алып кетті?

— Жетелеп апарып бар ғой, ия, үйдің ар жақ тасасына бар ғой, ия, байлап қойды. — Біреу естіп қалмасын дегендей бала мойнын созып, сыйырлай сөйледі.

Канына қарайған жас балуан бір шешімге мықтап келген секілді. Адымдай басып бай үйіне беттеді. «Әні, ана жакта!» деп бала жортактап келеді.

Рас, кара жорға бала көрсеткен бетте екен. Бершек ерттеп жатыр. Қасында екі-үш жігіт, мәз-мейрам.

Битабардың тұсі сондай сұсты болса керек. Бершек не істерін білмей сәл тұрды да, үйге қарай жүгіре жөнелді. Жігіттер шеттей берді. Битабар үндеген жок, ер-тоқымды сыптырып гастап кара жорғаға қарғып мінді де, кешегі Бершектің өзіне үқсан салмакпен дауыстай сөйледі:

— Бершек, шығып кет тыска!

Үйде тырс еткен дыбыс жок.

Битабар үш кайтара дауыстады. Бершек үш кайтара үн демей қалды.

Дауысты естіді білем, үлкен үйден таяғына сүйеніп Әлім карт шыкты. Битабар бұрын көрмеген ашулы халде.

— Ой, өншең иттер! Біреудің жалғыз атын барымталайды скенсіндер, енді жауабын неге бермейсіндер. Әлде бұлай болағын ойламадындар ма?!

Үйден дыбыс шыққан жок. Ат пен Бершекті төніректеген олгі жігіттер күмға сінген судай жымып отырды.

Әлім карт тұсін жылтырып, Битабарға қарады:

— Ана Бершек ит балалық жасап жұр, құдай алдында сұрауы жок, кара жорға сенің малын. — Бершек естісін дегендей әдей дауыстай айтты.

Битабар ақылымен аты шыққан Әлім картқа риза болып үйіне келді.

— Жорға дауы осымен біткен болар, — деді карсы шыққан анасына.

\* \* \*

Ай туды. Тау жактан самал жел соқты. Үй тұндіктері әлде-кашан жабылған. Ел шырт үйкіда. Котанда кой жусайды. Қүйіс қайырған мама сиырлар анда-санда бір ыңыранып кояды.

Битабар есік алдында отыр. Үйкітай алмайды. Жұмбак бір ансау бар. Сол күш жетелеп сыртқа шығара береді.

Жанқұмісті аңсайды. Қөргісі, кездескісі келеді. Бірак Балуан Шолак аттанып кеткеннен бергі құндер сондай бір сүркай, көнілсіз. Шолак бардағыдай кешкүрым қыз-бозбала жиналмайды. Кен сахараны тербетіп ән де шырқалмайды. Алтыбакан ағашы әлдекашан отқа жағылған. Битабар бір ауылда отырып, Жанқұмісті көруден қалды.

Бәрін де бағып отыр, бәрін де біліп отыр. Құнде үлкен үйде жататын Жанқұміс бүгін отау үйде. Бертшек үйінде. Олар әлі жаткан жок. Біреу кіріп, біреу шығып, абыр-сабыр.

Ай жоғары өрмелеп, кара макпал тұн тыныштығына бөккен сахараға бозғыл сәулесін септі.

Бертшек үйінің есігі ашылып, екі адам шықты да, бері салды. Қарандап кой ішінен өтті. Шыға түсіп кідірді де, бірі орнында, бірі осылай қарай жүрді. Битабар бірден таныды – Хамит.

– Сені бар ғой, аға, Жанқұміс тәтем бар ғой, сол шақырады...

Битабардың жүргегі тулас, тұла бойы от тигендей шымылдан жүре берді.

– Жанқұміс тәтен қайда?

– Жанқұміс тәтем бар ғой, ия, әне, кой арасында...

Лаулаған бір от-жалынға ұқсан Битабар ұмтыла берді. Бірак Жанқұміс күйі өзгеше. Сәл қалтыраған сүп-сүық қолымен жас балуанның қеудесінен итеріп тоқтатты да, салқын үн қатты:

– Жоқ, Битабар, сезім мастығына жендірме. Мен қоштасқалы келіп тұрмын. – Даусы да сондай қалтырап шықты.

Битабар анырып қалды:

– Коштасканы несі?

Жанқұміс құлген секілді.

– Аралбай еліне біржола келді деп пе ен мені! Кетемін-дағы.

Битабар кара тас сиякты, не дерге сөз таппай түйіліп тұр.

Тағы да Жанқұмістің даусы – сондай мұнлы, сағынышты:

– Кызықты құндер тез өтеді ғой, кеше ғана келген секілді едім.

Міне, енді құз болыпты. – Жанқұміс Битабардың қолынан ұстады. Жас балуан қайтып ұмтылған жоқ. Кыз алдында шөккен нарга ұқсан, бір тізерлеп отыра қалды да, ойындағысын лақ еткізді.

– Қайда кетсек те бірге кетейікші, Құмісжан!

Жанқұміс құрсініп алды.

– Тағдыр оған жазбаған ғой...

– Неге жазбайды? Өзін шынынды айтшы, сүйесін бе мені?

Жанқұміс сәл кідіріп барып, тым баяу сөйледі:

– Сүймесем, бүйтіп келем бе, Битабар...

– Олай болса, не кедергі бар? Косыламыз.

Жанқұміс үндемеді. Кенет Бертшек үйі жағынан даусы шықты.

– Жанкүміс! Ә, Жанкүміс?! – Бертшек даусы. Жанкүміс тұла  
войы қалтырап қозғала берді.

– Бакұл бол, Битабар. – Жана ғана қызымен Битабарды тар-  
мың тұрған тірі Жанкүміс қарандап көлеңкеге айналып барып,  
қарандылыққа сініп, жоқ болып кетті.

Ай төбеге көтерілді. Битабар мелшиіп әлі отыр.

Бертшек үйінің сыртынан дүр етіп тарантас қозғалды да,  
Караөткелге өтетін кара жолға қарай салды. Мөлдір тұнді тербел  
он естілді.

Баяғы таныс ән. Ғашықтар әні. «Фалия». «Беу, Фалия-ай, жан  
соулем...» деген кезде талып үзіліп, барып, «Жазылдың ба-ай,  
щергінен?...» дегенде әлдебір жойқын құш – су тасқыны келе  
жатқандай болып кетті. Битабар қарғып тұрды: қазір тұсаулы  
жүрген кара жорғаны іздел тауып алды да, Караөткелдін кара  
жолына бұл да барып тұседі... Қарсы келгенде қиратады.  
Жанкүмісті алып қалады. Шешім осы.

Битабар жүгенін ұстап олай жүгірді, былай жүгірді. Інірде ғана  
ұсап жіберген кара жорға ұшты-қүйлі...

«Апыр-ау, жер-көктің бәрі от, ұзап кетпеске керек еді ғой?»

Тан атты. Иманақ жақтан бір салт атты көрінді – жылқышы  
екен.

– Уа, кара жорға көзінізге тұскен жоқ па?

– Ана төбенің астында қарайып бір мал жатқан секілді. Сол  
болмаса, бейсауат жылқы көре алмадым.

Битабар екі өкпесін қолына алып, тәбе астына барды: кара  
жорға мойнын соза құлапты. Ішек-қарыны актарылып жатыр.

Битабар еңкейіп, кара жорғаның мандайынан сипады – сұп-  
суық. Жас арыстанның көзінен жас моншактары домалап-дома-  
лан кетті.

\* \* \*

Сәске кезінде аспанды біртіндеп сүркай бұлт жапты. Сілімтік  
жанбыр сіркірейді. Ұзак күндер жылап жауар әк жанбыр.  
Гүндіктеріне тіреуіш қойылған киіз үйлер шағын-шағын төмпес-  
тер секілді. Мелшиіп қалған. Иманақ тауы да үлкен бір обага  
ұқсан, жым-жырт құлазып тұр.

Битабар жүгенін арқалап бай үйіне келді. Ортада маздал от  
жанады. Айнала айшықты тұскиіз. Жып-жылы. Әлім карт бас  
шолып, үй іші жас қой етінен жасалған ыстық кеспеге бас қойып-  
ты. Пияз бен кара бұрыш, ет іісі мұрынды қытықтайды. Бірақ  
оғул үй де қанырап қалған секілді – Жанкүміс жок.

– Битабармысын, кеспеге кел. – Әлім даусы ықыласты. Берт-  
шек басын көтермейді.

— Жок, алда разы болсын. — Битабар селқос айтты.

Әлім тіктең карады.

— Шырағым-ау, саған не болған?

Битабар жүгенді босағаға тастай салды:

— Біреу қара жорғаны пышактап кетіпти...

Ақсакал баласына карады. «Сен емессін бе?» деген карас.

Бершек безектеп жатыр:

— Мен емес, әке, мен маңайынан да жұрген емеспін, әке.

Анада өзін айтқаннан бері қара жорғаны мұлде ұмытканмын.

Әлім карт байсалды:

— Мен саған ештене деген жоклын ғой. Байбалам неге салдын, балам?

Бершек үндемей қалды. Ақсакал Битабарға карады.

— «Ат тұғын тай басар» деген, Балуан Шолактан бата алған баласын, жаяу қалғаның жарамас. Жылқыға бар да, тандаған құнанына күрық сал.

— Кара жорға тұғын құнан да, тай да баса алмайды, Әлеке. Айтқанынызға рахмет. Мен мал дауламаймын, — деп Битабар бай үйінің есігін жапты.

\* \* \*

Кыс түсті. Ел қыстауға оралды. Арада айлар жатыр. Битабар Бершекті қөрген емес. Кара жорғанын ішін кім жарды? Сұрау салған жок. Бершек ақылымен болған іс екеніне имандай сенеді. Ал Жанқұмістің кетуі көпкө аян. Бершек Битабардан корқып, қыздын туыстарына да, айттырылған жеріне де хабар салған: «Тез келіп, Жанқұмісті алып кетіндер. Әйтпесе, қолды болатын түрі бар!» Жанқұмістің тұнделетіп кетуінің себебі осы. Бірақ Битабар: «Жанқұмісті неге жібердін?» деп кінә тағып, Бершекке барған емес. Бұлар жақын туыс адамдар. Әлім карт — қадірлі ақсакал, ел кісісі. Ағайын арасы ашылмауға тиісті. Бұл — Битабардың өз түсінігі. Жел бергендер де, токтау салғандар да болған. Бірақ ашқанды да, косқанды да балуан тыңдаған жок. Өз ұфымы, өз иланымы мықты адамға қөлденен сөз қашанда әсерсіз келеді.

Арада айлар жатыр. Кыз жаrasы да, ат жаrasы да жазылыш келеді. Сөйтсе де, Бершекті әлі балуан қөрген емес.

Битабар жүгіре басып келеді. Беті — Бершек үйі. Жок, Әлім карттың үйі.

Әлім карт әл үстінде...

Ел тайлыш-таяғымен басында, күзетте отыр. Бұғін сәскеде карт көзін ашыпты. Айтқаны: «Битабар қайда? Битабар баламды шақырындаршы!»

Битабар сол себепті жүгіре басып келеді.

Есік ашылды. Алғашкы естігені:

— Кайта-қайта сені сұрап, асығып жатыр жарықтык.

Битабар төргі бөлмеге өтті. Бес-алты жібек жастықты аркасына койдырып, Әлім карт шалкалап жатыр екен. Өні күп-ку. Шұнірәйіп, ішіне түсіп кеткен көзі жұмулы. Жарланып біткен килен қабагы аппак. Айрыкша өсіп, салаланып кеткен ак сакалы омырауын түгел жапкан.

Карияның осы бір калпы, көрмесе де естіген, ерте заманғы соуегей әулиені елестеткендей.

Дауыстар:

— Жакынырақ кел!

— Берірек, берірек отыр.

Битабар лезде жасып, шөгіп, жүзін төмен салды. Карт кияпты жаксы көретін Битабарға сондай аянышты.

Дабыс-дыбысты естіп, кария көзін ашты. Сөзі айқын, түсінікті:

— Ата-бабалар кеткен келмес сапарға мен де аттанғалы жаңырмын, балам...

Біреулер солқылдаپ жылап, біреулер күрсініп алды.

— Құдай тағала Бертшек екеуінді кем жаратқан жок. Ата — балаға сынцы! Білем мен. Екеуің қосылып бір құстың кос қанағысындар. Бірінде білек пен жүрек бар. Бірінде ақыл мен білім басым. Осы төрт қасиетті тен ұстасандар — биікке самғайсындар. Сонда бұл атанаң баласы кор болмайды. Өлер алдындағы осиетім, тату жүріндер. Тату жүрсендер, ат та бар, ас та көп...

Кария даусы үзіліп кетті... .

Бас жағында отырған көсе молда:

— Кәлимаға тілінді келтір Әлім, кәлимаға... — деп токтады.

Әлім карт кәлимаға тілін келтіре алмады. Әдейі осы өсиетті айтуды ғана күтіп жатқан секілді, жан тапсырды. Көсе молда бірдене деп күбірлеп, карияның бетіне ақ жаба берді. Әйелдер дауыс көтерді. Бертшек әкесінің аяқ жағында отыр екен, енбектеп келді де, Битабарды бас салып, құшактап, боздай бас-гады.

Битабар жан дүниесі езіліп, тебіреніп кетті. Арыстай ел адамы опат болып жатқанда күйкі тірліктің ашу-араз, өкпе-назы деген не тәйірі. Іші бос бөшкедей ебедейсіз қонқылдаپ, бұл да Бертшекті құшактай алды.

— Үйиткымыз еді ғой, Әлекен!

— Мәйегіміз еді ғой, жарықтык!

\* \* \*

Баяғы Балуан Шолақтан бата алған күннен бастап Битабар бұл өлкеде Балуан атанған еді. Аты шулы ас, жиын, тойлардың

бірі Битабарсыз өтпейді. Қайда жұрсін, Битабар арнайы шакырылады. Қайда жұрсін, Бертшек оның қасында болады.

Өлген адамның соңғы сөзі – құдай сөзі. Өлген адамның өсие-тін орындамау – кісілік емес. Битабар сертіне берік. Әлім карт айтқан ھақ жолды айнаңтпай ұстап келеді. Ақыл мен білім – Бер-шектің үлесі. Білек пен жүрек өзінде. Бәйге атаулы да өзінде. Бірақ, бір қызығы, сол бәйгеден түскен олжаның бір суыртпа-ғын иемденіп көрген емес.

Битабардың осы мінезін білетін ел түгел сауғашы. Таласып келіп, алып кетіп жатады. Таласып келіп, жетелеп кетіп жатады. «Мынаны мен алайын» деп ел сұрамайды. «Мұны сен неге ала-сын?» деп Битабар сұрамайды. Өзді-өзі болып, бөлісе алмай өк-пелесіп жатқандарды ғана көреді. Сонда да «сенікі дұрыс, сенікі тері!» деп төрелік айттар балуан жок. Дауласып келген біреу болса бар айтары:

- Бар, Бертшекке барындар. Сол біледі.
- Ойбай-ау, сол Бертшектің өзі ғой озбырлық жасап отырған.
- Битабар айттар сөзден жанылмайды.
- Бертшекпен барып сөйлес дедім ғой. – Дауды балуан осы-лай тындырады. Олжага Бертшек кана ие.

Осы парыксызықтың есесі Битабарға бір-ак жерде ғана кай-тады. Ел аралап, той тойлап ала жаздай үйіне бір соклайтын ба-луан «малым бар еді-ау, жаным бар еді-ау» деп көрген емес. Мал камы, жан камы ел үстінде.

Битабар осындай сауық-сайранмен жүріп, отыз бес жастың беліне шықты.

\* \* \*

Бұрын кісі жіберетін Бертшек екі-үш жасының үлкендігіне қарамастан өзі келді.

- Ал, балуан, дайынбысын?
- Балуан кашанда дайын ғой, Бертшек.
- Ал, кеттік олай болса! Бұл бір бұрынғыдан мүлде өзгеше той.

– Несі өзгеше? Талай көрген тойымыз емес пе?!

Бертшек жымып күліп койды.

– Өзгеше екенін барғасын көресін.

Битабар қайталап сұрап, казбалаган жок. Ағайынды екеуін атка конды. Беті – Сарысұдың төменгі жағын жайлайтын тамалар-дың елі.

\* \* \*

Дағдыдағыдай қырық-отыз шакырым жерге ат кетті. Дағды-дағыдай бел шешіп, Битабар ортаға шықты. Баяғы ұстазынша түйе

жұн шекпенді айқара тастан көп отырды. Карсы елден шығар ба-  
луанды күтіп отыр. Ол елде мұнымен жағаласар еркек кіндіктің  
жоғын да біледі. Сөйтсе де «бәйгемді күреспей бер!» деп асылық,  
артық айттар бұл емес. Көріп отыр: әркімге құрық салынады.  
Құрық салынғандар отырған жұрттың алдына шығып шешінген  
болады. Шешініп жатып, даяршылармен тағы да сөйлескен бо-  
лады. Әйтеуір күйбен қөп. Сол күйбенің акыры – қайта  
кінумен, топ арасына қайта барып карасын үзіп кетумен тына-  
лы. Құн түске ауды. Битабардың шыдамы таусыла бастаған кез-  
де өз жағының бір даяршысы келіп, Бертшектің шакырып жат-  
канын хабарлады.

...Бертшек тойға арнап тігілген боз үйде онаша отыр. Бұрын-  
тыдан да айрықша ілтишті. Түрегеп келіп қарсы алды.

– Мына көп шуылдақ тамадан ер мінез, жүректі бір жігіті та-  
былмағаны-ау сонымен.

– Қайдан білейін, күйбендесіп жатыр ғой әйтеуір.

Бертшек сәл ойланып алып сейледі:

– Тамамен арамыздың жақсы емес екенін білесін ғой, балуан.  
Жаз болса, мал жайылымына таласып дегендей... – Бертшек лекіті  
куліп алды. Онысы Битабарға ерсілеу көрінді. – Бір жолға тама-  
ның ырқына көне салсак да болады-ау осы? Не дейсін осыған?

– Өзіңе аян ғой. Несін сұрайсын, Беке. Катар кешіп, катар  
қонып жүрген ел болған сон, араның ашыла бергені жақсы емес.

Манадан бері тұлқі бұланға салып, әр жерден тамырын ба-  
сып, сақ отырған Бертшек мына сөзден кейін кесіп айтты:

– Ал ендеше бұл жолы кезекті тамаға бересін.

Битабар түсінбеді.

– Кезекті бергені қалай? Кезекті жығып алмаушы ма еді?

– Жығып алу колынан келмесе кайтесін? Олар кісі салып  
отыр. Арамыз ашылмасын десендер, Битабар бұл жолы жығыла-  
тын болсын депті.

– Сен не дедін?

– Ойлай келе қөнуге тұра келді.

– Сен көнгенінмен мен көне алмаймын. Аруак аттатар жай-  
ым жок.

– Жоқ, көнесін!

– Жоқ, көне алмаймын!

– Онда қүреске түспейсін!

Битабар ұшып тұрды да, есікке беттеді.

– Битабар, токта!

– Ал не айтайын деп ен?

– Таманың бұл тілегін орындасан, екеуіміз де көк ала қағазға  
шаш етектен боламыз.

Битабар мысықша карғып келді де, Бертшекті жерден жұлып алды.

— Ел басшысы десем, коркау екенсін ғой!

Бертшектің зәресі үшты. Жайшылықтағы сабыр-салмактын бәрінен айырылып, шынғырып, бакыра берді. Ілеңде жүрт жи-налды. Битабар сасқан жок, тынысы тарылып, серейе бастаған жемтігін әлдебір түйіншекке ұқсатып, жиналған жұқ үстіне карай лактыра салды да, «не болды?» деп анталап, анырып қалған кальын жүрттты қамысша жапырып, далаға шыкты...

Осы оқиғадан кейін Битабар күрт өзгеріп кетті. Баяғы ойын-сауық, серіліктің бәрін тастады да, үйіне кеп жатып алды. Жаз болса, бірер карасына шебін шабады. Шабындықтың жаксысын бердін, жаманын бердін деп, не алғап, не карғап жатқан да бұл жок. Кыс болса, өз корасының төнірегінде. Былайғы дүниенін бәрінен бейхабар. Өсек-аянға да құлағы сондай керенау. Жаналық сөз болса да, жаманшылық сөз болса да, қайтарар жауабы біреу-ак: «Е, жақсы болыпты». «Откенді ұмытысайық, татуласайық» деп Бертшек жіберген ара ағайынға айтканы: «Мен ешкіммен араз емеспін».

Арада талай жыл жатыр. Заман да қауырт өзгеріп сала берді. Кешеға да бұл өлкені ұлы конфискация науқаны дүр сілкіп өткен. Әр жерде кедей, арық жақыбайлар топтасып, үйым құра бастағы. «Союз косшы» деген, «ТОЗ» дегендер шыкты. Осы жаналықтарды әркім әр килем кабылдап жатыр. Біреулер үркеді, біреулер құшақ жаяды. Ел іші дүрмек. Дала мен Караганды арасына каска жол түсті. Кешегі шаруа қуған жандар енді шахтага ағылды.

Битабар бұған да селт еткен жок. Бір күні бір топ белсенді келді.

— Биеке, ТОЗ-ға мүше боласын!

— Жарайды, мүше болсам, болайын.

Арада бір-екі ай өтті.

— Ал, Биеке, ТОЗ-ға кірдін. Енді үйде қарап отыруға болмайды. Ортаның өгізшелерін бағасын.

— Жарайды, ортаның өгізшелерін баксам бағайын.

Битабар жаналықты осылай қарсы алды. Өтізше бағуға осылай шыкты....

### 3

... Битабар кештетіп келсе, ауыл іші тып-тыныш. Бірінші кездескен адамнан сұрағаны:

— Ауылға машина келді ме?

— Ия, келді. Бірак токтаған жок. Құланөттескесе карай өтті.

— Кім екенін білдіндер ме?

– Білдік. Карапандыдан шыккан өкіл.

«Битабар үйде болсын, екі-үш күнде ораламыз» деп кетті.

– Өкіл? – Битабардың жүрегі луп ете қалды. Танғаларлық жай. Битабар осы далада туды. Осы далада ержетті. Күні бүгінге дейін осы далада ол өзін су ішіндегі балықша сезінеді. Кең сахараның кең тынысы, көз ұшына кете беретін жұмбак көкжиек, ала құйын ак бораны мен кара нөсер жанбыры әмәнда оған қуат береді. Әмәнда ол осы даладан киындықты іздеді. Екі аякты, төрт аякты дала көкжалдарымен кездессем деп жүреді. Кездесе қалса, селт етпейді, карсы барады. Карсы барады да, қабыргасын қаусатып шығады. Сөйткен Битабар далага еніп келе жаткан жаңалықтан сескенеді. Кара жорға мен атан түйе де, шаңырак мүйіз шандакы өгіз де даланың пернесі іспетті. Жорғалтай басса да, жә болмаса алшандап, ман-ман басса да килькиян күй саулайды. Сондай күй атаулының бір-ақ аты бар. Ол – «дала гөй-гөй!». Дала гөй-гөй! Битабарға тән гөй-гөй. Осы даланың баяу ауыскан көктемі мен жазына, күзі мен кысына үйренген, балпаң басқан баяу жүрісіне үйренген Битабар үшін құйынша құйғытқан шайтан арба да, селтендеген шетен қалпак та көзге шыккан сүйел секілді әрі оғаш, әрі ерсі еді. Жүрегі луп еткен Битабардың алғашқы ойлағаны: «Екі-үш күнде кайтып оралады-ау».

Осы бір ала құйын сезіммен үш күн өтті. Бес күн, тіпті он күн де өтті. Шетен қалпак оралмады. Битабардың көnlі орнығайын деді: «Сол жақтан тұра Карапанды тарткан гой!».

Бір күн танертең төсектен тұрса, келер қыс белгісін танытып, қырбық кар жауып қалыпты. Суық жел бар. Далада жана саз, жана әуен: «Қыс келе жатыр, қыс келе жатыр!»

Көрші екі үйдің өзі жок, жұрты қалған.

– Е, бұлар қайда кеткен?

– Карапандыға, шактаға кетті. Көшіп кетті...

Тұс ауды. Кеш болды. Күн сұытта тұсті. Битабар тұмысында тұнғыш рет келер қыс жайын ойлады. Қалай ойласа да, алдағы неғайбыл, каранғы заһар қыс. Қазан-ошақ жанында құйбендеп катын бишара жүр. Ұлы – Амантай біресе далага шығады, біресе үйге кіреді: алғашқы жауған кар да қызық. Дағдысынан ықтасынға ерте тығылған токты-торым, мал да қызық. Бірақ биылғы жылы жанбыр-шашынның тапшы, куаншылық болғаны, егін-шөптің шықпай қалғаны ойында жок. «Мал кайтіп күн көреді? Жан кайтіп күн көреді?» Биекен «ененди...» деп құбірледі де, киіз үйдің как ортасында маздал жанған отқа карай жантайды. Содан кейін езу тартты: «Тартпай кеткірдің тартқанын!..» Ия, тап өзі секілді. Өзі секілді анқау, өзі секілді парықсыз. Дене бітімі де дәл өзіндей

кесек. Өз тендесі түгіл, он бес, он жетідегі жігіттеріннің өзі де батпайды оған.

Битабар келер күн әкелер жүдеушілікті бір сәт ұмытты да, Амантай арқылы өз балалығын есіне түсіріп жадырайын деді...

Кенет гүрлдеген машина даусы шыкты. Биекенің арты қылп ете қалды: «Мына иттер әлі де осы жакта жүр екен гой». Қатынына «бар, карашы!» дегенше болмады, есік ашылып, шетен калпак кіре берді. Алып денелі Битабар тұра келші де, ебедейсіз кимыл жасап:

— Е, тамыр, үй таппай келмеген шығарсын, төрлет! — деп калбалактады.

Шетен калпак сәлем орнына сәл жымиды да:

— Кымыз бар?.. — деді басқа тілдің ырғағымен.

Битабар да қонақ еркіне көшіп алған.

— Кымыз ба? Кымыз бар, тамыр. Кымыз бар.

Сілеусін дағдылы әйелдігіне бағып:

— Осы кеште кымыз кайдан болады, — деп күнк етті.

Битабар әйелін окты көзімен бір атты: «Құдай-ау, осы әйел атаулы неткен халық? Кеудесіне мылтық тәсеп тұрсан да, «бар еді» деп бір айтпайды. Бір аяқ кымызға бола атылып калса не болады сонда? Шіркін-ай, содан кейін сөйлесер ме еді?! Бірақ атылып қалған сон, сөйлестін не, сөйлеспедін не?! Кара тас та бір, ол да бір».

— Кымыз бар, тамыр, — деп қайталады Битабар сөзін. — Кымыз болмаса, саумал бар.

— Ә, онда отыруға болады. — Өнінде жылыштық. Заты зұлымдықпен келген кісі секілді емес.

Битабар көнілі орнығайын деді.

— «Е, бір көрген біліс, екі көрген таныс» деген. Үй таппай келмеген шығарсын, төрлет, тамыр, — деді Битабар тағы да, осы кезде еркін басып, төрдің как тәбесіне шығып үлгерген шетен калпакка. — Кымыздан басқасы да болады.

Алып денелі үй иесінің калбалактап жатқанын кызықтағысы келді білем:

— Е, кымыздан басқа нен бар? — деп сұрады қонақ.

— Бәрі де бар. Бәрі де. Тоқты бар. Ісек бар. Құлын да бар.

Қазақ даласын көп аралап, ой-шұқырын егжей-тегжейлеп біліп алған шетен калпак бір нәрсеге қайран: бұл далада осылардың әрқайсының алар өз орны бар. Бұлар айла-кулық та жасай алады. Дау-шарға да түссе алады. Ал сырт күшпен, сенімен кездессе, дәп осындағы сорлы, бейшара. Өз ортасында алар орнынан, өз арасындағы дәреже салмағынан айырылып, калбалактайды да қалады. Сол себепті, бұлардың кай дәрежедегі кандай адамдар екенін білу де киын. Қонақ бір сәт құмырска илеуін көз ал-

лына келтірді. Кайнап жатқан бір дүние. Бірак, не қарекет жасап жатыр? Кайсысы қандай қызмет атқарады? Қанша уақыт үнілме, бөрібір әркайсының ат қойып, айдар тағып, айыру киын... Құмырсқа илеуінің айқын елестегені соншалық, шетен қалпақ үзак уақыт үніле қарап тұрды да, «ә, жарайды!» деген адамға үксап колын бір сілтеді де, аяғымен таптап жүре берді...

Битабардың даусы шықты:

— Ойбай-ау, күйдің ғой, алдында жанып жатқан от бар...

Шетен қалпақ шын дүниеге кайтып оралды. Байкаса, шынында да отты аттап барады екен. Отка қарыла бастаған балағын үкалап сөндірді де, басын шайқап, кейін шегінді.

Шофер жігіттің аты Есім екен, сөзге араласты.

— Тұнде Құланәпестің өткелін таба алмай, көрер танды көзімізben атқызып едік. Суық тиіп қалмаса игі еді.

Битабар бәйек бола бастады.

— Ойбай-ау, конакты онда үсітіп алмайық, катын. Отка қарағанды қебірек таста. Калың етіп көрпе төсе төрге.

Шетен қалпақтың көзіне тағы да құмырсқа илеуі елестеді. Әзгелерінен мұлде өзгеше бір дәү құмырсқа басқаларын апрызып жапырып, кетіп бара жатыр... Конак жымиып күліп алды.

— Катын, карағанынды аяма. Үйді жылыт тезірек. Өлтіріп атып, үятка қалып жүрерміз. Бәледен машайық қашқан.

Шетен қалпақ «машайыкты» түсінбеді, «бәлені» түсінді.

«Менін өлімім тұк емес бұларға. Бәлесінен корқады».

Тағы да Битабардың даусы:

— Амантай, ә, Амантай, бері кел.

Үйге Битабардың өзінен аумай қалған кеспелтек, дөнгелек иек бала келіп кірді де, конактарға кол берді. Алаканы үлкен кісінің атақанынан да ірі екен. Шетен қалпақтың интеллигент уысына сыймай жатыр: «Әкесіне тартқан мынау да бір алып қой!»

— Аманжан, бұл кісі – құдайы конак. Ана токты-торымның бірін әкеп сой.

Амантай сөз каткан жок. Тағым етті де, сыртқа шығып кетті.

Құдайы конак расында да сұыкка ұрынған болса керек: денесі мұздаған сон көрлені отқа жақынырақ салғызып, орана отырды.

— Анада мына жігітке қатты ренжіп тұрған ем... Калай ренжімессін, екі адым бұрытып жүрсе тұк жок еді ғой. Жок, койды да кетті. Сөйтіп тұрғанда арамыз шәлкем-шалыстау болып қалды. «Батыр кексіз келеді» деген, ұмытқан шығарсын, — деп шетен қалпақ енді кішірейе сөйледі.

— Оқасы жок, — деді көnlі орныға бастаған Битабар. — Кейде үй ішінде катын-балаға кейіп жатқанда өзіміздін де сәлем алу дегенді ұмытып кететініміз бар.

Битабар сөзінің аздап кекесіні барын сезгендей болып, қонақ кенкілдей күлді. Сөзді Есім іліп әкетті:

— Иван Иванович менің бір ісімді дұрыс деп көрген емес, сонда екі адым бұрылып жүрсем бұл кісімен жүздесе алмай қалатын едіңіз гой.

— Онын рас. Есім, рас айтасын, — деді де қонақ Битабарға бұрылды. — Атына бұрын қанықпын. Шіркін, бір кездессем деп жүруші ем. Мына Есім ретін келтірді. — Осыдан кейін оқыс өзгеріп, көптенгі бір таныс, құрбы адамша Битабардың арқасынан қағып-қағып койды. — Апырау, өзін де қызық екенсін. Келген бетте: «Мен Битабармын!» десен, болып жатыр еді гой.

Битабарда қалтқы жок, мынадай сөзге ағынан жарылды:

— Битабар орыс арасында да қадірінің барын біліп пе?!

— Бұл кісі орыс емес.

— Енді кім?

Конақ ендігі сөзді асықпай отырып қазакшалап өзі жалғады.

— Бұл отырған кісі, — деп өзін көрсетті. — Левенштерн — Иван баласы. Өзі де Иван. Мынадай кішкене кезінде Германиядан келген. Сосын шоқынған аздап. Сосын орыс болған...

— Әлгі ана жылы орыспен соғысатын керман ба?

— Ия, тап сол Германия.

Битабар басын шайқады.

— Енді аз-маз қазак та болғысы келеді, — деп Иван Иванович күліп койды.

— Жарайды, тамыр, казак бол. Қазак болған жақсы.

Осы кезде өзіне жуық бір токтыны сүйреп Амантай үйге кірді.

— Ал, тамыр, бата қайырасын.

Қазак арасында көп жүріп, әбден қазақуар болып алған Левенштерн қашкан да, қысылған да жок.

— Қазак шахтерлері көбейе берсін! — деп кәдуілгі қазакша бетін сипады.

Казан жақта жүрген Сілеусін аузын бір сылп еткізді де, Левенштернге тесіле қарап, бетін жыртты. Битабар дағдысынша домалай күлді.

— Ей, тамыр, — деп қонақ енді мүлде анайылыққа көшіп алды. — Құлме. Мен жай жүрген жок. Осы жүргенде қазак жұмысшыларының басын құрап жүр.

— Бұл кісі — жана ашылған шахтаның бас инженері, — деп койды Есім.

Шай келді.

— Катын, бұл бір іздесе таппайтын қонақ екен, қант, майын мен ірімшік, құртынды аяма, бәрін сал, — деп Битабар шалқая отырды.

— Бәрін салып, ертен ненде жейсің?! Жел обасын ба?

— Эй, катын-ай, бүйтпесен сен катын боламысын! — деп Битабар кейінкіреп қалды. Содан кейін кайта жайылды. — Окасы жок, катын, сал деген сон сала бер. Таңдағы тамак тәнірден. Аштан өлгеннің моласын көрген жоксын.

Левенштерн осы бір макалды талай естіген. Естіген сайын есіне оралатыны: парыксыз халық. Ертөнді құнін ойламайды. Сөйтө тұра аштан өлген бірі жок. «Дегенмен есеп-қисапқа срекктерінен ғөрі қатындары жүйрік».

Әлдебір ишара-белгі болды ма, Есім жүгіріп даға шыкты да, әлдебір түйіншек пен екі-үш мылтықты алып кірді.

— Мына мылтықтарың не?

— Кәдуілгі мылтық. Бұл кісі — мерген кісі. — Осыны айтты да, Есім оқыстан: — Иттерін жок па еді? — деп сұрады.

— Оны неге сұрадың? — Битабар құдікпен карады тағы да.

— Жай. Машина үстінде атып алған бес-алты ақбөкен бар еді.

— Ит болған құнде де, иесіне тарткан ит болса, ақбөкенді алдына тастасан да жемейді, — деп Левенштерн үй иесін мактай сөйлемеді.

— Итке сенім жок сонда да, байлаң тастандар, — деді Сілеусін сактық жасап. Дегенмен итке мән берген Левенштерн жок.

— Жә, болды енді. Одан да, ана түйіншегінді әкел бермен карай...

Есім дастаркан шетіне бір тізерлей отырып, түйіншекті шешті.

— Мен, тегі, ауыратын болармын. Денем қалтырайды. Тона берем. Толтыра-толтыра құй, — деп Левенштерн әмір етті.

— Жок, өздерін болмаса, Битабар мұндаиды ішпейді, — деді Битабар кесеге құйылып, алдына койылған мөлдір суға жиіркене карап.

Левенштерн кояр емес.

— Ендеше конак та ішпейді. Ауырады сосын.

— Жок, ауырма.

Есім де қыстырылып жатыр.

— Окасы жок, Биеке. Жұмакқа жалғыз барып не барқадар табасыз, барсақ бәріміз бірге барайык.

Битабар мұртын бір сипап, Сілеусінге карады.

— Мына жазғанның көнілі шын кетіп отыр ма? Таста әрі. Әлде у шығар, кім біледі...

— Ал у болса іштім онда, — деді де, Битабар бір кесе аракты көтере салды. Ыстық корғасын секілді ме, әйтеуір салмакты бірдеме өнешін тіліп, бөтегесіне барды да, от болып жайылып жүре берді.

Мактағаны ма, кім білсін:

— Нағыз шахтердің өзінше тартты! — деді Левенштерн. Содан кейін орысша ұзак сейлеп кетті. Есім оны қазашалап отырды. Битабардың содан түсінгені – жаксы тұрмыс та, келешек те шахтада.

Битабар ойы: «Бар жұрт шахтаға барса, сонда мaldы кім бағады, егінді кім салады?» Бұл сұракқа жауап таба алмай отырды да: «Жә, койшы!» деп колын бір сілтеді. От маздалап жанғандыктан ба, үй іші бір түрлі жылынып жүре берді. Битабар серпіле отырды. Байқаса, болмаши нәрсені уайымдаған екен. Кыс келе жатса, не мене, Битабардың бірінші көрген кысы осы ма еді. Шөп?.. Тәйірі, шөп те сөз болып па! Тіпті болмаса, Битабар колына күрек алды да, кар аршиды. «Тождан» қалған ұсак-түйек мaldы сейтіп те асырайды. Ал мат аман болса, жан да аман. Нан болмаса, ет жеп, сорпа ішіп те күн көреді. Битабар мырс етіп күліп жіберді. Бұрын асқаралы таудай ауыртпалық деп жүргенінің бәрі де баланың ойыншығы секілді бірдеме екен. Дүниенің бәрі де оп-онай, жеп-женіл. Аяқ-колын қозғаса – о, тоба, – су ішінде гідей түк салмак жок. Өстіп өзімен-өзі болып отырған Битабардың көзі Амантайға түсіп кетті. Токты әлі бұтарланып болмаған. Ашуы келді.

— О, иттің баласы! Сомадай болып бір токтыға шаман келмей жатыр ма?! Тартпағырдың нағашы жүрттына тартуын! – Битабар суда жүзген адамша екі колын дағдыдағыдан гөрі ерсілеу, ербендетінкірей қозғап, созыла беріп, Амантайдың колындағы пышакты алды. Содан, кейін белдемеден бір кабырғаның басын шығарып, екі жақта тартып қалып еді, жыртылған шыт матадай дар етіп сөгіліп жүре берді.

— Ал, катын, тезірек казанға сал!

Осы жайдың бәрін кылп еткізбей бағып отырған конак:

— Бұл бала нешеге келді? – деп сұрады.

Сілеусін бұрынырақ жауап берді:

— Әлі онда ғана. Біздін үйдегі кісі бет алды айта береді.

Левенштерн Есімге карады:

— Нағыз шахтердің өзі болашактағы.

Битабар алған бетінен кайтар емес.

— Мен он жасымда асаудың құлағында ойнағанмын.

Амантай үндеген жок. Кызарактап төмен қарай берді...

\* \* \*

... Битабар көзін ашты...

Есінде қалғаны – Амантайдың төмен қарай бергені. Қалай орнына келді, сосын не істеді, не әнгіме болды, төсек қалай салынды, кім кайда жатты – білмейді. От сөніп қалған. Казан босағада, беті жабық: «Ет желінді ме осы?»

Конактар тұрып кеткен...

Жұғіріп далаға шықты. Есім машина астына от жағыпты.

— Ау, мұнын не? Басқа жер жетпей ме от жаксан?

— Машина жүрмей жатыр...

— Е, жүрмесе, онда көтерейік те.

Левенштерн құліп жіберді.

— Көтергенге болмайды, тамыр. От жағып, жылыту керек.

— Е, сұмдық-ай, адам секілді, бұл мақұлығың да тонады скен ғой...

— Тонбак түгіл үсіп те кетеді...

Битабар шын таңырқап, астынғы ернін жымқырып, басын шайқап-шайқап қойды.

«Үсіп кеткен» машина жылынған соң, Есім кузовтан бір акбөкеннін істәгін алғып түсті. Сөзді Левенштерн алды.

— Бұл — өзін секілді дала тағысы. Байлағанымыз, тамыр.

Әуелті ойы: «Керек болса, өзінді де осындай етем дегені ме, о не дегені?!» Бірақ райынан тез кайтты.

— Е, раҳмет, қанжыған майлана берсін осылай.

— Саған да раҳмет! Ал соңғы сөз: енді Қарағандыда жолығысамыз. Шахтада... Еш нәрседен қысылып, кам жеме. Бәрі де ал-лында әзір тұрады...

Машина жүріп кетті.

Басы ауырған Битабар өгізше бағуға бармай қалды. Күн ұзак сары тонды бүркеніп жатты да қойды. Келесі күні ала көбеден оянды.

— Катын, тұр, үйді жығамыз.

Сілеусіннің ойында түк жоқ екен.

— Үй жыққаны неси?

— Көшеміз...

Көп кешікпеді, жан-жактан құйылып, Қарағандыға бет алған көп керуеннің тобына Битабардың да көші келіп қосылды...

#### 4

Битабар түнгі кезектен келіп, енді ғана дем ала беріп еді, сыртта Амантайдың даусы шықты:

— Әке, әке, ау, әке!

— Е, не болды?

— Кызық бар, керемет қызық!

Битабар «үйге кел» деуді де үмыттып кетті. Дамбалашан жұғіріп далаға шықты.

— Ие, не қызық?

Амантай қолындағы газетті ұстата берді:

— Мә, мынада сенін суретін бар.

Битабар газетті алғып, олай төнкерді, былай төнкерді.

— Көне, кай жерінде?

— Эке, жок, теріс ұстап тұрсыз, міне, былай... Міне, мына төртеудің ен зоры...

Битабардың көзі ен әуелі кішкенесіне түсті. Ол — Эли деген Битабардың иығынан ғана келетін бәкене жігіт. Одан қалқың-кысы — Левенштерннің өзі. Ушіншісі — Ылғаз атты балуан. Шахтаға жаңа келгендердің бірі. Ен зоры — Битабар. Аналарды салмай танығанымен өзіне келгенде үніліп, көп қарады. Өз суретін бірінші рет көріп тұрғандыктан ба, кызық тіпті. Үксамайтын секілді. Үксамайды дейін десе, үксайтын да секілді.

— Ал не депті?

Газетті колына алған Амантай мұдіре берді. Ол да Битабардың өзі секілді, мектеп бетін көрген жок әлі. Ентігіп Эли келді.

— Ой, Биеке, бізді газетке беріпті.

— Ия, ентікпей, не деген екен, соны оқышы.

Әли ежіктей бастады:

«Ле-вен-ште-рн да-ла-ның кө-пейі мен дө-кейін шахта-ға алып келді!»

Битабар құліп жатыр.

— Көпей болып, дөкей болып кездескен екенбіз...

Әлидің құлығы бар екен:

— Көпейін ана Ылғаз екеуін де, дөкейі менмін-ау сонда.

Әйткені мен — Эзірет Әлимін!

— Ой, Эзіреттен садаға кеткір, — деп Битабар үмтыта берді. Әли зытып отырды.

Үйге кірген сон да әңгіме — сурет жайы.

— Катын, байқа енді, Битабардың қайда кеткенін?!

Сілеусін аузын бір сылл еткізді.

— Құдай-ау, дәл өзі. Қалай айнытпаған!

— Айнытса, тамыр бола ма! Тамыр болған сон да айнытпай салдарығаны. — Битабар сәл кідіріс жасады да: — Біздін тамыр шіркін нағыз азамат екен ғой, айтқан жерден шықты, — деп түйді.

Ия, Левенштерн айтқан жерден шықты. Өзі карсы алды. Тандалап жүріп, үйді де бір әдемі жерге тіктірді. Шахтаға да өзі алып түсті. Битабар Әлимен осы жерде кездесті.

— Мынаның салмағы елу бес екен. Ал, тамыр, сен болсан бір жүз алпыс тарттын. Норманы да бұдан үш есе артық орындаيسын. Келісім осы. Әйтпесе паекты тегін бермейді шахта, — деп Левенштерн ойын-шынын араластыра айтты.

— Үш есе деген не, тәйірі, бес есе, — деп койды көнілденген Битабар.

— Онда тіпті жақсы. Жалакы да көп. Бәйгеге берілетін нәрсесе де мол. Абыыр-атағы да бар.

— Жақсы, тамыр, жақсы.

Левенштерн қолын ұсынды:

— Уәде осы.

Левенштерн дауыстап жіберді.

— Николай, кайдасың?

— Мен мұнда, Иван Иванович.

Шалғы мұрт, москалдау біреу келді. Десятник.

— Сен осы Николайдын қарамағында істейсін.

— Макұл, тамыр.

Десятник кайла әкеп берді де, казатын жерді көрсетті.

Бір жаманы, көмірдің қалындығы қара саннан аспайды екен, спбектеп, тізерлеп отырып, не жатып қазу керек. Сахараның кең ынысына үйренген, не істесе де еркін, көсіле сілтейтін Битабарға ұнамағаны осы болды. Соған назаланды ма, кайланы құлашын жаза сілтеп, тартып қалып еді, сабы қолына келді. Десятник ба-сын шайқады. Кайла сағағына дейін көмірге кіріп кетіпти.

— Иван Иванович, темір сапты кайла болмаса, ағаш саптысы жарамайды. Көрмейсің бе, саз балшыққа кірген секілді.

Иван Иванович үндемейді, мұртынан құледі.

— Иван Иванович, осындаіларды қайда жүріп тауып аласыз лейім, — деп десятник те сылк-сылк құлді.

Бұлардың не деп тұрғанын Битабар түсінбеді. Басында сын-тан кайла үшін ренжіп тұр ма деп ойлап еді, құлқілеріне қарап, конілі орнына түсті. Жамандап тұрмаған секілді.

Алғашқы күн осылай аяқталды. Келесі күні Битабардың қолына темір сапты кайла тиіді. Кешегі біреуі айбалта селкілді шолтан ете түсіп еді, мынау ондай емес, салмакты.

— Қалай шабам? — деп сұрады Битабар десятниктен.

— Осылай қарай үнги бер. — Жауап осы болды.

Каруға разы Битабар енді бір жамбастай жатып, көмірді ке-сек-кесегімен копарып, домалата бастады...

## 5

... Біреу Битабардың аяғынан қақты:

— Эй, жоллас, шық, былай қарай. — Сондай зілді, өктем дауыс.

Битабар бұрылайын десе, мүмкін емес. Жас кезінде бәстесіп, касқырдың апанына кіргені бар еді, дәл сол апанда жаткан секілді, біршама үнгіп, біраз жерге кетіп қалыпты.

— Эй, шығасың ба-ей, жок па? Не қылған немесін өзін?

Битабар шегіншектеп кейін жылжыды. Өктем сөзге шамдан-тан түрі бар. Ебедейсіз кимылдап, төбесін де соғып алды.

— Немесін саптап тұрған бұл кім өзі? Кім болсан да жағынды айрымын ба?!

Кесек денелі, шұбар бет бір кара екен, болар емес.

— Біреудің жағын айырам деп, өз жаныннан айрылып қалып жүрме!

Битабар шын ашуланды: «Көкіген немені бір аунатып алайын!»

— Шық, былай ендеше, көзіне көк шыбын үймелетейін!

— Шықсан шық, к...не тотияйын қыстырып жіберейін? — Кара шұбардың колы Битабардың жауырынына сарт ете түсті. Тым катты, жолбарыстын тебісі секілді. Тәлтіректеп барып зорға түзелді: «Мына иттін баласы кайтеді?»

— Ә, өле алмай жүрген біреу екенсін ғой! — деп Битабар жауырын тұсынан салып жіберді де, өзіне карай тартып қалды. Кара шұбар да сүрініп барып түзелді. Жығылған жок. Битабар сесскенейін деді: «Шынында да мынау бір ит кой!» Өйткені балуанның осы бір алғашкы шабуылынан бір пенде сау қалмайтын. Шірік томардай кисалан етіп барып, жер сүзетін. Сонда ол есін жиғызып ұлгерпей, құлап бара жаткан жерінен тұрғызып алатын да, он жамбасын тоса беріп, іштен шалып алып, жалп еткізе түсіретін. Мынау оған көнбеді. Енді не істеу керек? Сөйткенше болмады, шұбар кара сакылдаپ күлді де, колын босатып коя берді:

— Сен Битабарсын ғой? Колыннан таныдым.

— Болсақ, болармыз. Ал сен ше? Сарысудың төменгі жағында Ылғаз балуан бар деуші еді, сен сол Ылғаз емессін бе?

— Болсақ болармыз.

Әлгінде ғана тіресіп тұрған екі асau бір-біріне құле карасты да, құшақтай кетісті.

— Ылғаз, сен де келген екенсін ғой?

— Екі ай болды. Біз енді байырғы шахтерміз.

— Біз де келдік...

— Естідім. Тамыр айткан.

— Тамырын кім? Ләуен бе?

Ылғаздың тілі дұрыстау екен:

— Ия, Лебен... штерн. Шахтыға алып кеп жүрген сол ғой мені.

— Мені де сол әкелді. Әйтпесе шахты дегенді кім билген.

— Өзі бір жаксы адам.

— Ойбай, сұрама. Кіслігінде кисап жоқ тіпті. — Ылғаздың көзі кайлаға түсті: — Е, саған да темір сапты кайла жасаттырып берген екен ғой?

— Саған да ма?

— Ия, менде де темір сапты қайла. Ана ағаш саптысы баланың ойыншығы секілді, салмағы жоқ, шолтандап жаткан бірдеме.

Битабар өз басындағы жай айтылған соң кенкілдей күлді де, қайланы қолына алып, салмактап-салмактап қойды:

— Сілтегенінде қара тасқа мылтықтың оғындаі қадалады.  
Асыл темір.

— Кадалғаны жақсы-ау, өліп қалып жүрме, бірак.

— Е, неге өлем?

Ылғаздың айтқанында жан бар екен. Әр адамның құндік нормасы сексен сантиметр жердің көмірі. Әр елу сантиметрде тіреу койылуға тиісті. Әйтпесе ана қалың жыныс басып, тірідей көміліп қалуға болады екен.

Битабар қазған жерін көзбен шамалады: кісі бойы кол ұсыным.

— Құдай сақтады десейші.

Десятник өтіп бара жатып, бері бұрылды:

— Әңгімелеге жол болсын, жұмыс қайда?

— Жұмыс артығымен орындалды, нәшәндік.

Десятниктің көзі шығарылған көмірге түсті.

— Жарайсын, Битабар. Үш погон метр, төрт норма!

Битабардың түсінгені – төрт норма. Ылғаз ана-мынаны көріп, ысылып қалғанға ұксайды.

— Төрт нормасы жақсы-ау, бірак тіреу қоюды неге айтпасын?!

— Айтпаса, айтылады.

— Өлтіресін ғой?

— Еhe, шахтаға бір түскен соң өзін де өлмей шықтайсын, – деп десятник жөнеле берді. – Тұрмандар, тіреу кой да, шаба бер. Күн әлі ерте. Ал сен, жөн үйретпей, өз орнына бар. Айтқан тілді алмасаң, норманды кемітіп жазам.

Десятник ұзап кетті.

— Өзі осындаі бір қырық.

— Кой, онда тұрмайық, Ләуен естіп калса, ұят болар, – деп Битабар қайланы алды.

## 6

... Күн батуға айналған шақ. Битабар шахтадан шыкты.  
Кеудесін керіп дем алды:

— Қайран, таза аяа-ай!

Шахтадан шықкан қоқыс өз алдына бір тау. Әр жерінен от жылтылдайды. Тымырсық күйік ісі шығады. Битабар бетін тыржитты. Осы бір іске үйрене алмай-ак қойды. Жел күшайсе, күм боран соғып, беті-көзінді осқылап тұратыны бар. Ол кез Битабар үшін тіпті киямет. Сондайда өзінің туған жері – Сарысу бойы, шілдеде де көгеріп жататын Иманақ тауы көз алдына келеді де, әлдене жүрегін шымшып ауыртады.

Битабар бір күрсініп алды да, шахтадан аулағырақ тігілген үйіне карай адымдай жөнелді.

– Эй, Битабар, бері бұрыл. – Эли екен.

– О, Әзірет Әлі, жайша ма?

– Жок, жәй емес. Сені Левенштерн шакырып жатыр...

Битабар алдыңдай басып келеді. Эли бұлқілдеп жортып келеді. «Ләуен неге шакырды екен? Жаксылық па екен? Әлде...» Жаманшылық па деп айта алмайды. Мұдіріп қалады. Бастық алдына тұнғыш рет келе жатканы.

Ылғаз да осында.

– Ләуен сені де шакырды ма?

– Ия. Ал сен ше?..

– Мені де шакырды.

Екеуінің де жұмыстан шықкан беті. Екеуінің де бет-аузы кара кожалак күйе.

Іштен Левенштерн шықты. Далада кездескеніндей емес, ұстамды, салқындау, сыпайы. «Өзі отыратын жерінде баstryқ осындаи болады екен-ау».

Ылғазға «отыра тұр» дегенді колымен көрсетті де, Битабарды алдымен алып кірді. Отыратын бөлмесі тым үлкен екен. Мұндай үлкен кабинетті де тұнғыш көргені. Есік пен төрі – ат шаптырым. Өзінше, даланың өлшемімен мөлшерлеп жатыр: «Он екі қанат үйдегі бар-ау шамасы. Бай емес, жалғыз өзіне осынша үйдін не керегі бар екен? Мәжіліс-дүкен құрады-ау есебі».

Есіктен төрге тартылған ұзын стол. Сонын орта тұсынан Левенштерн конағына орын көрсетті. Өзі жакын отырып, езу тартты. Бірап өмірі орындыққа отырып көрмеген Битабар колайсыздандыған секілді. Сасқаны ма, қабырғаға қарады. Мәндай бетті түгел алып үлкен бір кісінің суреті тұр. Бір колын шалбарының қалтасына салып, екінші колын ілгері созған. Битабар: «Бұл кім?» деп құмартқан жок. Алғашкы ойы: «Не деп тұр?» Көп карай берген соң, Левенштерн түсінік берді.

– Бұл кісі – көсеміміз Ленин!

Битабар балаша танырқады.

– Ә, Ленин деген кісі осы ма?

– Ия, осы кісі. Ал жалакынды алдын ба?

– Алдық, тамыр.

– Паектарынды ше?

– Оны да алып жатырмыз.

– Паекты молырак жазғам...

Сілеусін үнемі дүкеншіні мақтап келетін – «мен десе пейілі кен, жүртқа бір өлшесе, маған екі есе өлшеп береді». Дүкенші сырын Битабар енді білді.

– Матаның да талонын артығырақ бергізгем...

Битабар айтты:

— Бұйырған нәсіпті ішіп-жеп, киіп жатырмыз. Алда разы болсын, тамыр.

— Сол сенімге лайық жұмыс істеу керек енді.

— Истегендे қандай, істейміз, тамыр.

Левенштерн жүріп кетті:

— Бүгін шахтерлердің жиналышы болды. Жер астында жүрген соң жұмысынан қалдырмадык.

— Кош?..

— Әңгіме былай: «Құніне пәлен тонна, айына пәлен тонна өндірлісін» деген жоспар бар бізде. Калай өндіреміз, қалай орындаимыз – бүгінгі жиналышта біз соны қарадык.

— Кош?..

— Смена мен смена болып, бригада мен бригада болып, бір шахтер мен екінші шахтер болып өзара социалистік жарыска түсіп жатыр.

— Кош?..

— Көтерінкі міндеттемелер алып жатыр...

— Ендеше жүрттан қаламыз ба, мен де жарыска түсейін, мен де көтере-көтере міндеттеме алайын, – деді Битабар.

— Жүрттан қаламын ба емес, жүрттын алдында боламын де.

— Е, құдай жазса...

— Сонда жарыска кіммен түсесін? Ана Әлимен, әрине, түспейтін шығарсын?

— Құдай сактасын. Естіген жүрттан ұяттағы.

— Енді кіммен? – Левенштерн ерікті Битабардың өзіне тастады.

— Ана есік көзінде Ылғаз отыр ғой. Сол дұрыс болар...

Левенштерн куанып кетті:

— Ө, өзім де солай ойлаң едім.

— Дұрыс ойлагансың, тамыр.

— Бұл жарыс та қазактың құресі секілді. Женіліп қалып, сүйегіне танба салып жүрме.

— Құдайға шүкір, өзірге ондай атағымыз шықкан жок, тамыр.

— Кара нар, қалы кілем болмаса да, жүрт алдында атап берер бәйгеміз бар.

— Шаптай бер десем, асылық болар. Құні бүгінге дейін Битабардан бәйге күтылып көрген жок, тамыр.

— Бәйге күтылмағанын білем. Сонда да ескерткен жөн.

— Онына рахмет, тамыр, – деп Битабар түйенін табанындаі үлкен алақанын ұстата берді.

— Қандай тілегің бар, қысылма, айт, – деді Левенштерн.

— Лұқсат болса бір ғана тілек: су тапшы. Жұмыстан келгенде жуынайын десен, шай ішейін десен...

Левенштерн Битабардың сөзін бөліп жіберді:

— Ия, су мәселесі киын мәселе. Тасып үлгере алмайды. Дегенмен тағы да көлік бөлеміз. Эрі... Битабар тамырға суды бұрынырак құй деп тапсырармын, — деп Левенштерн сәл жымышп қойды. — Тағы не тілек?

— Басқа тілек жоқ, тамыр, — Битабар түрегелді.

Левенштерн сәл ойланып барып, оқыс бір сұрап қойды:

— Балан нешеде еді осы?

— Оннан он бірге шығады.

Левенштерн тағы да кідірді.

— Биылғы окудан қалып қойды-ау, ә?

— Ия, көшіп-конып жүріп мектепке бара алмай қалдык.

Левенштернің жүзіне кірбін жүгірді.

— Мен бала болса да еңбек-қарекетсіз отырғанды жек көрем.

Битабар үндемеді.

— Амантайды да шахтаға түсіру керек.

Левенштерн не айтса да, қарсы болар Битабар жок.

— Түссін. Элі жеткенше істер.

Левенштерн анықтап қойды.

— Көмір қазбайды, ат басына мінеді. Вагонеткамен сыртқа көмір шығарады.

— Е, оған ие ғой, қанша тартпады десем де, — деп Битабар құлді.

— Оnda ертеннен бастап жұмысқа шықсын. Паек алады, ақша табады.

... Битабар сондай көнілді, адымдай басып келеді. Эли бүлкіл-деп жортып келеді.

— Е, неге шакырыпты нәшәндік?

— Мына шахтыда жұмыс істей де кәдуілгі күрес секілді екен.

Тамыр кіммен күресетінімді сұрады.

— Ия, кіммен күресем дедін?

Битабар мырс етті.

— Эзірет Элі түрғанда кіммен күресуші едім. Өзінді танда-дым да.

Эли болатын емес.

— Оnda бас бейге менікі.

Битабар бас салып, жерден көтеріп алды.

— Сенікі ме?

— Эрине, менікі.

Битабар Элиді жағасынан ұстаған қалпы көтере тусти.

— Элі де сенікі ме?

— Эрине, менікі. Өйткені мен сенен әлі де жоғары тұрмын.

Битабар күлді де, Әлиді коя берді. Кенет көз алдына Левенштерн келді: «Тамыр, жарайсың!» Кинодағыдай оқыс алмасып, Бертшек шыкты: «Бауырым, жарамайсың!»

Битабар қолын бір сілтеді. Жортақтап келе жатқан Әли қалпактай ұшты...

Балуан қайырылған жок.

## 7

Дүкен алдында кара-құра кісі көп. Кезекте түр. Кант, шай, ет, май – бәрі де осында. Қазан бас сатушы таразыны асыктай үйреді:

— Ал кәне, талонынды әкел! – Қазан бас сатушының кайшысы да өткір. Көз ілеспейді. Талон деп аталағын қағаздың айқыш-үйкыш сызыктарын бойлап, ойып түседі. «Бір жарым килө ет. Бес жұз кірәм май. Ал болды, тайып түр. Жұртты ұстама деймін, жөнел дедім фой!»

Күндеңісі осы. Біреулер дауласып жатады: «Талонды артық кидаң... қантты кем өлшедін...»

Мұндай даудың не екенін Сілеусін түсінбейді. Кайтсе де дүкеншіге дән разы. Келе жатқанын әйтеуір киядан көреді. Елу адам, жұз адам тұрсын, есеп емес:

— Елбаев Битабардың семьясы! Бері кел, бері! Оу, былай тұрындар деймін. Елбаевтың семьясына жол беріндер деймін... – Сөз осы.

Сілеусін де үйреніп алған. Қаймықпайды, қалын жұрттың арасын жарып келіп, талонын береді. Таразы тілі қылтын-қылтын. Жұрт дорбадай қолына ұстап шығып жатса, Сілеусін капшықтап, арқалап шығып жатады.

Ондайда жиналғандар тырс үндеңей калады. Сол тыныштықты қазан бас дүкеншінің өзі ғана бұзады:

— Міне, жұмыс істесендер, Битабарша істендер!

Бұл жақсылықтың арғы түбі кайда? Оны ойладап Сілеусін басын катырмайды. Көз алдында қазан бас дүкенші болған сон бар алғыс, рахметін соған арнап үйіне оралады.

## 8

Битабар жұмыстан қайтты. Дүкеннен келген Сілеусін сыйырлай сөйлейді:

— Үлкен атам үйіндеңі қайын аға келіп отыр.

— Е, ол қайдан жүр екен?

— Қайдан екенін сұрамадым.

— Ай, Алла-ай, кеше ғана ойыма алып едім.

Бершек жылы оранып, от басында отыр екен. Сакал-шашын коя беріпті. Тым жүдеу. Есқи есепті ұмытып ұлғірген Битабар ұмтыла берді:

— О, Бекенбісің? Қайдан жүрсің?

Бертшек «акырын сөйле» дегендей қолын көтерді:

— Расынды айтты, сен баяғы Битабармысың? Әлде белсенді болып алдын ба? — деп сыйырлай айтты.

— Белсендісі несі?

— Э, өзім де солай ғой деп ем. Аласпаған екем...

- Ад, үй іші, ауыл-аймак аман ба?

— Ауыл-аймак дегеннен не қалды дейсін, тозды ғой. Үй ішінен хабарым жок.

= Сонда не баска жактан келемісін?

— Сен сұрама, мен айтпайын. Каны бір туыс кой, паналатар деп келдім. Жаксы орналасты, тұрмысы оңды дегенді және естілім.

— Е, не көрініпті соншама, аунап-кунап жата бер. Үй жетеді. Төсек-орын бар. Паек та бар.

Дастарқан жайылды. Ак бөлкені түйе табан колымен Битабар омырып-омырып тастанды. Отырған калпы керегеде ілуді тұрған дорбаны алмак болып, бір-екі рет изеп еді, бытыр етіп бауы үзіліп дорба колына келді. Сідеусін бай-байладап калды.

— Эй, осы үйдін кісісі-ай, өзім де алатын елім ғой,

— Оқасы жок. Ана майынды сыйымдамай, молырақ сал. Тамыр аман тұрса бәрі де болады, — деп Битабар жаңағы дорбадан күмшекерді колымен көсіп-көсіп алып, ортаға үйіп койды.

— О, жарыктың-ай, ылдыс бар еді ғой. Міне, аякка салайык та.

— Ока емес, катын. Тек бар болсын де. Ал, шәйді қүй дұрыстас.

Бірак Битабардың өз пейіліндей кең дастарқаныңдағы ең тапшы нәрсе осы шай болып шыкты. Шай емес, су тапцы.

— О заманда, бұл заман Кербаланың шөліндегідей суға жарымаған не сүмдүк! — дед Сідеусін кейіп алды.

Шай дегенін бір-бір кеседен-ак келді. Көптен қарны тойып тамак ішпеген аш конак нан мен майды қантка араластырып карбытып жатыр. Шайды, түйлгенде ғана, есеппен саран ұрттап кояды. Битабар қонағын бір түрлі аяп кетті: бала күннен тай-құлындай тебісіп бірге өсіп еді. Бірі аға, бірі іні болған күндері бар. Тетелес құрбы болған да күндері бар. Ас пен тойда екеуінің жұбы да жазылмайтын. Битабар Бертшекке сенетін. Сол себепті көп мәселе де өз басын көп катыrmай, тізгіннің ұшын соған бере салатын. Балуанның осы қасиетін Бертшек те білуші еді. Аяқ асты еткен, қадірлемеген жері болған емес. Артта қалған ұзак жылдарға

Битабар дәл казір тым биқтен қарап отыр. Бұралан ұзын жолын бұлтарыс-бұрылыстары жазылып, ой-шүкірлары тегістеліп кетті де, өзара катынастағы ашу-реніш, кикілжіндер мән-мағынасын жойып, ұсақталып, аласарып жүре берді. Өткен өмірдің күнгейі ғана балуанның көз алдында. Басқа ағайын-туғанды іздемей, Битабар деп келуі де содан фой. Сондай ағайынға құшағын айқара ашпаса – адамшылығы кайсы?

– Катын, жок нәрсеге таусыла берме. Бас амандығын айт. Шүкіршілік ет осыны.

– Ия, барды қанағат ету керек, – деп койды ішіне ел қона бастаған Бертшек ықылышқатып.

Сәл қысылынқырап қалған Битабар:

– Тамырға айтқам. Ертеңнен бастап суды өзімізге арнап әкеледі. Ал казір қалған сұына казанынды қөтер....

Бертшек қателеспепті. Битабар ойлаған жерден шықты. Ет жеп, әбден тойып алған сон, қолын қайыс белбеу етік конышына сүртіп, түннің бір уағында үйқыға ауысты.

## 9

Темір сапты кайла ұстаған екі балуан, сөйтіп, бәсекелесіп кетті. Арада десятник жүр. Битабарға келіп казылған жерді өлшейді де:

– О, Ылғаздан қалынқырап койыпсын, – деп бәсеке отын өршіте түседі. Бірақ қанша қалғанын айтпайды. – Кимылдай тұс, батыр!

Ылғазға барғанда да айтатыны осы:

– О, Битабардан қалып койыпсын, кимылдай тұс, батыр!

Битабар кимылдай түседі. Осындай қызыл танау, жанталаспен он күндік корыттынды шыгаратын мезгіл де жакындалп қалды.

Шахта кенсесінің алдында асулы тактай бар. Битабар қалай өтпесін, сол тактага үніліп кара-құра халық тұрады! «Бұл не болды екен?» Білмекке құмарлық женді білем, шахтадан шыққан бойда бұрыла кетті. Жұрт ығыса берді.

– Неге бүйтіп жиналып тұрсындар?

– О, Битабармысын? – деп топтан Әли шықты. – Бұл социалистік жарыска түскендердің суреті ілінген тактай. Ана ең жоғарыда тұрған сенсін. Содан кейінгісі – Ылғаз. – Әли сәл мұдірді. – Содан кейінгі... әрине мына дәден.

Жұрт ду күлді. Битабар мәз.

– Кім қанша орындасты сонда?

– Үшінші болып тұрғаныммен, мен бәріннің де алдындағын.

– Кара-қара, құтыруын! Бері келші, «алдағыны» көрсетейін, – деп Битабар ұмтыла берді. Әли бұлтын етіп ұстатпай кетті:

— Жок, ойнап айтам, алдынғы орында Ылғаз, екіншісі – сен.  
— Кой?..

Ұзын сары жігіт түсіндіре сөйледі.

— Жок, мұнда әлі кімнің алда, кімнің артта екені көрсетіл-  
меген. Он күндік корытынды бұрсігүні кешке шығады. Бәйге де  
сонда тапсырылмақ.

## 10

... Битабар үйге беттеп келеді. Қара дауыл. Киыршық тас ашық  
жерді тікенше осқылайды. «Карашаның қары жауып өткеніне екі  
ай болды, қыс түсетін мезіл де өтіп барады-ау». Бірак қөнілі тып-  
тыныш. Жуырда ғана екі бөлмелі жылы үйге көшіп шықкан.  
Көмір көп. Тамак бар. Су да анадағы әнгімен кейін үзбей келіп  
тұрады. Амантай да іс басында. «Бүгін пәлен тонна көмір шығар-  
дық» деп кәдіулігі үлкен адамша күн сайын баяндап келеді. Кісі  
болып қалған. Жалғыз-ак мазасызданатыны – Бершек жайы.  
Келгеніне бір ай. Оналып, торалып алды. Бірак, не ойлағанының  
барын кім білсін, табан аудармайды, жатады. «Біздің тамырға  
айтып, жұмысқа орналастырайын, оған не дейсің?» деп бір көріп  
еді. Бершек «коя тұр» дей салған. Содан кейін «ішкен асын, жа-  
тар орнын қызғанды демесін» деп, Битабар бұл тақырыпты жау-  
ып қойды.

Ертең ел ішінде «Бершектің ішпесін ішіп, жемесін жеп жүрген  
Битабар елі, арып-ашып туыссырап келгенде дардай басымен бір  
ай да паналатта алмапты» деген қанқу тараса бұдан артық өлім бар  
ма! Ия, үйіндегі бар асылы мен жылы-жұмсағын қонаққа деп сак-  
тайтын қазак үшін бұл өліммен тен.

Осы оймен Битабар үйге келді.

Амантай жұмыстан келіп үлгеріпті. Тамак ішіп жатыр. Үстінде  
жұмыс кімі. Жуынбаған.

— Эй, неге жуынбағансын?

Сілеусін шағынып жатыр:

— Ойбай, су жок тағы да.

— Е, әкелмеді ме?

— Әкелді. Бірак кісі сондай көп болды. Жетпей қалды.

Битабар әлдекімді іштей сыбап алды.

— Ал ендеше, шәйінді берші. Шахтер болған сон жуынуды  
көпсінетін шығар бізге.

— Су жок дедім ғой.

— Ой, сонда шайлығын да жок па?

Сілеусін жауабы шолак:

— Шайлық та, тамактық та. Мына балаға кешеден қалған та-  
макты жылытып беріп отырмын.

Битабар шын ашуланды.

— Мына иттін балалары шөлден катыратын шығар, — деді де, бұгжіп жатқан Бертшектін касына киімшен қисая кетті.

... Ертеніне Битабар жұмыска бармай қалды. Басын да көтерген жок. Бертшек те солай, козғалмайды. Амантай тұрып кетті. Сілеусін де тұрып, от жакты. Содан кейін бір шәйинек су әкелем леп ит өлген жерге жаяу жөнелді. Сәске кезі. Бертшек бір аунап түсіп, Битабарға қарап жатты.

— Битабар?..

— Ә, Беке, құлағым сенде.

Тағы тым-тырыс. Битабар су жайын ойлап жатыр. Бертшек ойы әр сакта.

— Битабар?..

— Әу, Беке, бірдеме дедін бе? — Битабар басын көтерді. Бертшек қоымен кеудесінен басып, кайта жатқызды.

— Он күннен бері айтсам деймін, бірақ айта алмай жүрмін бір жайды.

Осындай көрбілте, көмескілікті Битабар ұнатпайды.

— Ия, айтсайышы айтатын болсан, сағыздай созып неге керек.

Бертшек үндемей қалды. Битабардың ойына тағы да су түсті. «Тамырға тағы да барсам ба екен?» Бертшек ойы: «Айтсам ба екен, айтпасам ба екен?»

— Битабар?..

— Иә?..

— Сөзіме құлак сал.

— Құлак салып жатырмын.

— Менде... көп қазына бар.

«Апыр-ау, сұзы тұскірді не істеуге болады?»

— Сондай көп қазына...

Битабар бұл сөзге мән берген жок.

— Қазынаның көкесі су бол тұр-ау казір.

— Тіпті екеуіміздің қалған өмірімізге жететін қаз...

Битабар Бертшек сөзінің ар жағын естіген жок. Даладан да-был қағылды. Барлыққан сұшы даусы:

— Су келді! Су! Су алындар! Су!..

Битабар атып сыртқа шықты. Пар атты ұзын бірішке үстіндегі ұзын бөшке. Жұрт жиналып қалған. Жапа-тармағай бәрі де кол созады.

— Кезек менікі, маған қүй өуелі!

— Жоқ, кезек менікі деймін!

— Әй, әне біреу қолын неге соза береді. О жактан қўйма.

Мында кеп кезекке тұрсын!

— Әй! А... ии!

У-шу. Қанғырлаған шелектер. Төгілген су. Бакырған бала даусы.

Битабар ұндеңей келді де, шеткі аттың кайыс бауын шешіп алды. Аттың өзін жетелеп кетсе де, анғарар ешкім жок.

— Ал, кәне, балық үlestіріп жатырындар ма! Шуламай кейін шегініндер! — Салмакты, зілді дауыс.

Жұрт тынып, жалт карасты. Әлдекімді салып жіберуге онтай-ланған адамша кайыс бауды екі қайырып ұстап, Битабар жақындаپ келеді. Бірішке маны сыпырылып ашыла берді. Битабар сол жай басып келген қалпында кайыс бауды айқара тастап, бөшкені екі жерден құрсаулады салды да, қайырыла берді:

— Ия, аруак! — Пар ат тарткан алып бөшкे қаңбакша көтеріліп барып, балуанның жалпақ жотасына дік ете түсті. Үйге карай беттей берген Битабар ойы: «Біреу-міреу келіп аяғымнан шалып қалмас па екен?» Он шакты аттап артына бұрылды: селт еткен бірі жок. Бәрі де ауыздарын ашып анырып қалған:

— Беке, су келді!

Бертшек төсектен ұшып тұрды.

— Мұнын не, Битабар?! Қырсық болмаса иғі еді. Даладағылардың көз жасына қалмаса иғі едін.

— Оны коя түр, ыдыстарды дайында!

Бертшек жүгіріп жүр.

— Астағыпиралла-ай! Астағыпиралла-ай.

Бакыр, шелек, құбі, казан, аяқ, мес, шәшке мен кесе — үйдегі күйес нәрсенің бәрі тізілді. Битабар лакылдатып құйып жатыр.

— Енді ештене қалмады-ау деймін!

Битабардың есіне Бертшек пен өзінің кара саннан келетін жуан қоныш етігі түсті.

— Етіктердін байпағын суыр!

— Ой, о не дегенін?

— Суыр, Беке, төрт етікке кем дегенде төрт шелек су кетеді. — Рас екен. Кара казан мен құбіден кейін судың ең мол кеткені осы етіктер.

— Енді кайда құйым? Беке, байпактарға да құйсам қайтеді? Жұмыстан келгенде жуынуға жарайды гой, әйтеуір.

— Байпакқа су тұра ма?

— Жок, сонда да көрейік.

Бертшек қарсыласпады. Киіз байпактың қонышын аша берді. Битабар құйып жатыр. Бірак далага құйған секілді, сар-сүр.

— О, қызық-ай, суық ұстайтын киіз байпак су ұстамайды екен гой.

Бөшкесе түбінде әлі су бар.

— Енді қайттім?

— Бәрін тауысу шарт па? Далада да ошарылып тұрған жұрт емес пе, кайтарып бер.

Битабарға тағы бір ой келді.

— Мен шешінейін, Беке, сен мына бөшкені көтер де басыма күй. Сөйтіп, кешегі шаннан бір тазарайыншы.

Бершек бөшкені олай козғап, былай козғап, тізесіне де жеткізе алмады. Бірак жол тапты: әуел жаулаудағы суды құйды да, содан кейін бөшкеден көсіп алып тұрды. Әбден шан-тозаннан тазарып ракаттанған Битабар бөшкені көтеріп, есік алдына шыкты. Жұрт манағы қалпы. Бірі селт етпеген. Бәрі де «енди не болар екен?» дегендей осылай карайды.

— Эй, сушы жігіт, бұдан былай суды әуелі біздін үйге әкеп құясын. Әйтпесе, көретінін осы. Ал бөшкенді! — Битабар бөшкені төбесінен асыра көтеріп, лактырып кеп жіберді. Қанғыр-күнгір. Жұрт жапырыла берді.

— Ойбай, астында қаласын, былай тұр!

— Өй, жалтар деймін, тұра саған қарай келеді!

— Өй!.. Өй!..

Көшпілік енді бос бөшкені токтата алмай әлек. Сапырылтыс.

Ашуы тарқаған Битабар қолын кеудесіне айқастырып қарап тұр. Мәз. Енді білді, бұл жер біраз еніс екен, — бөшке көз ұшында бұлдырап әлі домалап барады... Біреу бері салып келе жатыр. Бөшкені көріп о да жалт бұрылды. Содан кейін тұра қалып кеудесін басты: аман қалғанына шүкіршілік. Бөшке кеткен жакқа біраз қарап тұрып-тұрып, тағы бері жүрді. Эли екен.

— Эй, батыр-ау, мұнын не?

— Не екенін көріп тұрған жоксын ба?

Ала көбеден кеткен Сілеусін де бір шәйнек су алып жеткен беті.

— Біздін үйдегі kisi-ay, не жасап тастағансын?.. — Бетін жыртып, аң-тан.

— Не жасап тастағанда шаруаң не? Шәйінді қой. Казанынды көтер тезірек. Конагынның да, байынның да аш екенін білесін фой.

Үшеуі де үйге беттеді.

... Шай ішіліп жатыр. Казанда ет бүлкілдейді. Өзінін дағдылы қалпына келген Битабар:

— Беке, жеп, іш! Эли, алсайшы! Катын шәйді қызартынкырап қүй.

Сен же, мен же.

... Терезе алдына кеп пар ат токтады.

— Әлгі сушы ма? Негып келді?

Қағалтай Эли ұшып тұра келіп, терезеден үнілді.

— Жок, сушы емес. Өй, мынау, әлгі Левенштерннің ат-арбасы ғой.

Сөйткенше болмады, есік ашылды.

— О, шай, тәтті-ак, иесі қатты-ак, — құліп Левенштерннің өзі кіріп келеді.

— Е, тамырмысын? Төрлет! Шәйдің тәтті екені рас, ал иесі қатты болғысы келеді, бірақ бола алмайды. — Битабар арбандап тұра берді.

— Бала секілді секендеңемей, отырсайшы, өзі де шығады ғой, — деп Сілеусін қүйеуінін қалбалактап қалғанын ұнатпады. Бертшек те бөтен адамның келгенін жаратпаған секілді. Сазарып, үндемей отыр. Бірақ олармен Левенштерннің ісі болған жоқ. Еркін басып қақ төрдің басына шыкты. Бертшек сырыла отырды.

— Ой, тамыр-ай, дүниенін астан-кестенін шығарыпсын ғой, — деп Левенштерн сылк-сылк құлді.

— Е, естіп қалған екенсін ғой? — Битабар да қарқылданап күліп жатыр.

— Естімегенде. Көлденен тұрған біреу тамашалап айтып берді.

— Кайтейін енді...

— Сол керек ол итке. Жарлықты орындаудың не екенін біле-ді енді. Сушы шағыммен келіп еді, айдалап шықтым: «Жарлықты орындағанын үшін он сом айып. Қайталайтын болсан, куыла-сын. Бар, тайып тұр енді!» Хи... хи... хи...! Ха... ха... ха!

Левенштерн құлқіден оқыс тыйылды.

— Сен бүгін жұмыска шықпай қалдың. Ал Ылғаз болса көмірді боратып жатыр. Сөреге кай жүйрік бұрын келеді — ертең кеш айқындаиды. Байка, Битабар балуанның жауырыны жерге тиіп қалып жүрмесін?!

— Тамыр, кешеден бері ашпын мен. Тамақ ішіп, әлденіп, де-малған сон, кешкі сменамен жұмыска түсем... Тұн табам, күн табам... Сонда бүгінгінің есесі қайтпай ма? Екі тәуліктік кауқар бар әлі Битабарда.

— Оған сенемін, — деп Левенштерн құлді. — Уәде осы болсын.

— Осы...

Кетерде Иван Ивановичтің көзі Бертшекке түсті.

— Бұл кісі?..

— Тұсым...

— Жұмыс неге істемейді онда?

— Конак кой, — деді Битабар.

— Е, білем казактың айлап жатып алатын конагын. — Енді Бертшектің өзіне туралап қарады. — Сендерде мақал бар ғой: әлгі... ие, «Конак бір конса — күт, екі конса — жұт»... Солай ма?

Неше кондың бұл үйде? – «Сіз», «біз» жок, «сен»... Левенштерн казактармен осылай сөйлеседі.

Битабар көлденендей берді:

– Жуырдағана келген...

Анқаулығы ма, арамдығы ма:

– Кайын ағанын келгеніне кеше бір ай, – деп салды Сілеусін.

Битабар катынына ала көзімен қарады:

– Көзіне кара, шәйінді құй жәндеп!

Левенштерн кадалып алған, болар емес.

– Бір ай. Келген қүннен бастап жұмыс істесен фой, үкіметке де, өзіне де қанша пайда келтірген болар едін.

Бершек жасқаншаш болып қалған ба, мінгірлей сөйлемеді:

– Денсаулық жок. Жұмыска жарамаймын...

Левенштерн бұл сөзге мән бермедин.

– Шахтаға, бізге кел. Ақша табасын, паек алатын боласын, – деп тоқтады. Содан кейін турасын айтты. – Битабар көмір казады. Паек алады. Он жастағы Амантай далаға көмір шығарады. Паек алады. Ал сен бір ай бойы солардың енбегін сорып жатырысын. Мұндаиды арам тамақ дейді. Түсіндін бе?

Бершектін ерні жыбырлады:

– Түсіндім...

Бұл сөз Бершектен гөрі Битабарға қатты батқан секілді.

– Элі орналасады фой. Аунап-кунап жата түр деп мен едім болмай жүрген... – Тұмысында тұнғыш рет жалған айтқаны.

– Э, солай ма еді?.. – деп Левенштерн езу тартты. – Аунап-кунап болған соң, келсін маған...

Левенштерн кетіп қалды. Біразга дейін үй ішінде ауыр тыныштық орнады. Әзілқой Әли үнсіз сыртқа шығып кетті. Бершек насыбай салатын шакшасын анда-санда саусағымен ұрып тырысладып, терен дем алып кояды. Сөзге алан болған Битабардың сузыны ендіғана канса керек, табакша түбінде қалған шайды каттырақ ұрттай тартып, шәшкесін төнкерді. Ишінен ауасы шығып болмаған шүнкүр бірер кимылдан барып, бық-бық етіп тынды.

Бершек тағы күрсінді:

– Ай, Битабар-ай, манағы бір ісіннен шошып едім. Бірер сағат су ішпесек өлөтін бе едік? Дұниені алатаідай бұлларіп – үйіне нәшандікті келтіріп... Ендігі күн не болды?

Битабар шын қысылды.

– Тамырды келіп қалады деп кім ойлаған? Су жоқ болған соң былай нетіп... ызаланып... – деп мұдірді.

Сілеусін тұтіні басқа.

– Басында осы тамырдың өзін ұнатпаған ем. Жақсы адам екенін кім білген.

Бершек ренжіп қалды:

- Келінжан, бұл не, ауырлағаның ба ішкен шәйді?
- Жаксыны жақсы деген дұрыс кой, қайнаға.
- Несі жаксы, казак арасында көп болып, ішек-қарнымыздың қырындысына дейін біліп алған ку, ит кой бір.

Сілеусін қайтпады:

- Өзімізге үнайды, әйттеуір. Біздін үйдің кісісі десе жаны-құты қалмайды. Міне, көрмейсіз бе, өзі келді. Ал басқа бір қазактың үйіне әке-көке десен де бас сұқпайды. Ракмет сонысына.

Бершек түрегелді.

- Келіннің мұнысы кет дегені ғой. Кетейін онда.

Левенштернді мактаған сайын жаны кіре түсіп отырған Битабар келін мен қайнаға арасындағы кактығыстың мәнін осы жерде ғана түсініп, катынын нұқып қалды.

- Иттін баласы-ау, саған сөз не керек. Тамағынды қымзаула одан да, жұмыска барам дедім ғой.

Сілеусін тым-тырыс, Бершек буынып-түйіне бастады.

- Өй, Беке, есін дұрыс па өзіннің, қайда баrasын?

- Келін кет деп отыр ғой, кетем...

Сілеусін жыламсырай сөйлемді:

- О не қылғаның, қайнаға? Кет деген жоқпын ғой мен сізге.

Битабар ұшып тұрды да, Бершектің киіміне жармасты.

– Кетпейсін, Беке. Бір жылға коян терісі де шыдайды деген. Коян терісі құрлы жоқ дейсін бе. Бармыз. Кеншілік заманда бірде былай, бірде олай жүргенімізбен, ағайынның шын ағайыншылығы осындағы таршылықта көрінеді. Үй өзіндікі, жата бер, – деп шешіле сөйлемді..

Бершек мұны да тыңдамады.

– Жоқ, Битабар, келінмен ала көз болғым келмейді. Кетем дедім, кетем...

- Онда бұл итті казір үйден айдал шығам!..

Сілеусін дауыс қөтере бастады:

– Адал дәмімді ішіп отырып, мұның не, қайнаға, артық айтсам, кешіре көр. Кетпеніз. Бұқіл ауылға үйткы болған үлкен үйдің баласы ең, не болды? Кетпенізші. Сіз кетсеніз осы үйдің кісісі өлтіреді ғой мені.

Бершектің калағаны осы еді. Ерлі-зайыпты екеуі бірдей жалынып, бағасы артқан соң райынан қайтты. Қөнілі орнықкан Битабар тамағын ішіп, кешкі сменаға бет алды.

Жүйріктін делебесі дуда қызады. Ылғаз бен аруақты балуан шын белдескен адамша кимылдады. Үш темір қайла кезекте.

Мұқалғаны кайралып, айналып келе берді. Баяғының тау копарған алыбы секілді, құлаштай соғып, кайланы тас көмірге сағала-та кіргізеді де, көтеріп, не басып қалады. Сандықтай-сандықтай тас көмір кесек-кесегімен домалайды. Вагонеткалар тасып үлгермейді. Құрекшілер құрегін былай тастап, кей кезде екеу-үшеуі жабылып көмір кесегін зорға тиейді.

Осы кимылмен түн өтті. Битабар жарық дүниеге шықлады. Азгана демалып, Сілеусін әкелген тамакты ішті де, жұмыска кайта кірісті...

Тұс кезінде Левенштерннің өзі келді. Екі алыптың кимылына дән риза. Көмір өндірудің осындай жолын тапқан өзіне де риза. «Ел аралап жүріп, шахтерлерді кілен осындай бір алыптардан жи-нап алса, көмір өнімін он есе арттыруға болар еді-ау».

## 12

... Шахтерлер үлкен залға жиналды. Мұнда да Левенштерн тапқырлық жасап, қазақ ауылшының тойына ұксатып, жұртты екі жарып отырғызыды. Президиум орнына сарапшылар, даяшылар. Сөзді өзі бастады.

— Жолдастар, бұғін бізде үлкен той. Октябрь революциясының он үш жылдық мүшел жасын табыспен қарсы алғалы отырымсыз. Шахта айлық жоспарын жұз он процент орындалды. Той легенім осы. Табыс құрметіне бәйгеге ат коспасак та, құрес бастаймыз!

Жұрт ду құліп, көтеріліп қалды.

— Бірінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген атакты балуан Битабар... — Левенштерн Битабарды ортаға алып шыкты.

— Екінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген белгілі балуан Үлғаз... — Оны да Левенштерн ортаға алып шыкты.

Битабар шешінен бастады. Шын көріп қалған секілді. Левенштерн құліп жатыр:

— Біздін құрес олай емес, былай болады...

Битабар он жағында, Үлғаз сол жағында. Эуелі Битабардың колын көтерді.

— Битабар айлық нормасын жұз тоқсан жеті процент, ал Үлғазбен жарыска түскен сонғы он күндік нормасын үш жұз жеті процент орындалды.

— Битабар жасасын! Урра... а!

Левенштерн кезекпен Үлғаздың да колын көтерді.

— Айлығы жұз сексен бес, сонғы он күндігі үш жұз.

Бұған да жұрт ду қол шапалактады.

Тағы да Левенштерннің орныкты даусы:

— Бас бәйге — шапандық жасыл барқыт — бес метр! Резинка калош Битабарға беріледі.

Жұрт кошеметімен аталған сыйлықты алып, Битабар орнына отырды.

— Екінші бәйге — көйлектік сатин — төрт метр! Ылғазға беріледі.

Ылғаз сыйлықты салқындау барып алды.

— Ушінші бәйге — қазақи шүлғаулық бөз — үш метр!..

Жұрт шулап, Левенштерннің даусын естіртпей жіберді.

### 13

... Баяғы өзіне таныс ұзын стол. Қабырғада Ленин, әлі колын созып тұр. Тағы да: «Не деп тұр?» Білгісі келеді. Еміс-еміс атын естігені болмаса, түк хабары жоқ. «Тұсі игіден тұнілме» деген гой, жүзі жылы екен. Жаман айтып тұрмаған болар».

Тағы Левенштерннің даусы:

— «Той еті домалак» дейді гой қазактар. Осыған разы бола-сындар. Жендер, ішіндер, жолдастар!

Столда колбаса тұр. — Битабардын татпайтын дәмі.

— Қойдың колбасасы.

— Мынау — бұзаудікі...

— Жоқ, алда разы болсын.

Кызыл шыны, көк шынылар тұр.

— Жоқ, мұны да ішпеймін.

— Жоқ, тамыр, ішесін бүгінгі тойдың құрметіне. Анада Иманақ тауының бауырында ішкенсін бізben.

— І shedі Битабар, іshedі, — деп жұрт шулады.

Бір әйел келіп Битабардын қасына отырып алды. Сөзі шала орыша, шала казакша.

— Мынау вино. Виноград біледі? Мынау сол виноград сүы. Битабар мұны іshedі. Пейіште хор кызының ішетін сүы!

Жұрт колкалап болмаған соң, Битабар бәлсінбеді. Тартып жіберді. Содан кейін тағы да ішті. Бір қызығы, арак ішіп уланбағандық па, Битабар ана жолғыдай, мұнда да тез кызды. Қөзінің алды буалдырланып, дүниенің — бәрі іри берді. Карсы алдында Ылғаз отыр. Біреу емес, екі Ылғаз. Битабар бір қөзін жұмса, біреуі жоғалып кетеді, көзін ашса тағы екеу. Шошиын деді: «Жындануың қай жағындамын?» Ылғаз, он жағындағы, екі колын созды.

— Сен алдадын!

— Кімді алдадым? Құдай сактасын, ешкімді де алдап көргем жок осы жасымла.

— Жоқ, мені алдадын!

Битабар бір көзін қысты. Жоғалып кеткен Ылғазды кім білсін, мына Ылғаздың түсі сұық:

— Жасырынып тұнгі жұмыска бардын. Бәйгіні сейтіп алдын. Шырылдап ара түскен Эли даусы:

— Тұнде барса, алдында құндіз бармады ғой. Екі есеп – бір есеп. Битабар ашуланып кетті.

— Кісі екен десем, ит екенсін ғой. Сен ендеше құн-тұн істе.

Мен жарты ісмен... Соңда да басып озам...

— Оза алмайсын!

— Жок, озам! – Битабар койнына тықкан барқыт пен калошты суырып алды. – Мә, қызығсансан, сен ал! Бәйге дүниесін бойыма жapsырган кісі емен. Өзім де кімге берем деп отыр едім.

— Неге алам? Алмаймын. – Ылғаз сыйлықты Битабардың өзіне карай сырғытты. – Алсам, женіп алам...

— Женіп ала алмайсын, осылай ал!

Сыйлық біресе Ылғаз алдында, біресе Битабар алдында. Битабардың көзі Элиге түсіп кетті.

— Мә, ендеше сен ал.

Эли иіліп жатыр:

— Екі арыстан таласса, біздейлерге жем түседі...

Ду күлкіден Левенштерннің даусы жарылып шыкты:

— Біз құн істе, ал тұн істеме демейміз. Жок, тұн істе, құн істеме деп те айтпаймыз. Құн де істе, тұн де істе. Эйтеуір жұмыс істе. Эйтеуір көмір өндір. Біз осыны айтамыз...

Әлдене үзіліп кеткендей болды. Битабар кайта көзін ашты. Манағы әйел такалып алған. «Қайтеді мына кәпірін?!»

— Бұзаудікі мына колбаса!

— Мынау койдың колбасасы!

Битабар қолымен «жок, жемейді» дегенді танытты. «Битабар іshedі, бірақ жемейді!»

— Іш, Битабар, іш!

Дүние шыр айналып барады. Эйел билеп жүр. Бір секірді, бір отырды. Аяғы байлар мінетін фаэтон арбаның шабактары секілді, зыр-зыр етеді. Керемет!

— Ойпыр-ай! Кереметі-ай қолының!

Битабар көзін ашты. Эйел қасында отыр. Битабардың қолы столла. Саусактарын бас-басына ашып қарайды да, күледі.

— Эр саусағы менің білегімдей!

Кенет шарап пен колбасаның ісі келді...

— Битабар жемейді, Битабар іshedі, – өз даусынан өзі оянып кетті. Үніліп бір көз тұр. Дөп-дөңгелек. Көкленбек. Кен сахара даладағы тып-тыныш тұнық көл секілді. Көк аспан төнкерулі. Ала шарбы бұлттар қалқиды. Ыстық леп соғады.

– Жок, колбаса жемейді Битабар!

– Жемей-ак кой, іш бірак. – Жінішке, назды әйел даусы.

Тағы да көз алдында түр. Тұнғиық көз... Кіршік жок аппак, тап-таза карлы дала. Тұнғиық көз – сол аппак дала көзі. Жұп-жұмсақ, жып-жылы...

Дүниенін бәрі көкпенбек, дүниенін бәрі аппак, жып-жылы, жұп-жұмсақ.

Битабар жүріп кеткен секілді. Шахта артта қалды. Үйлер де артта. Жүріп келеді. Ып-ыстық бірдемеге сүйеніп келеді. Кенет манағы әйел есіне түсті. Билеп жүр... Битабардың сау-сактарын санап жатыр... Окыс, оғаш сезім: «Бұлар да казак қа-тыны секілді ме екен? Әлде...» Соны ойлауы-ак мұн екен, ыс-тық бір құрсау ішіне түсіп кетті. От құрсау. Бойы шымыр-шы-мыр. Жойқын бір ағын Битабардың ырқын алып, есенгіретіп жүре берді...

## 14

... Битабар шошып оянды. Айнала аппак. Тәбе де, төсегі де. Қасында бір әйел жатыр. Сілеусінге мұлде үқсамайды. Жирен шаш. Эрі қеудесіне тарткан тілімдей шүберегі болмаса тырдай жаланаш. Қөрпесі сырылып қалған. Денесі аппак, жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ. Балтыры оқтаудай түп-тұзу. Екі аяғын айқастырып шалқасынан жаткан күйі, капресіз үйқыда. Битабар басын шай-кады. Кашан келді, калай келді? Есінде бірі жок. Есіне Амантай түсті. Кабақ шытып алдына бір келіп қөрмеген, барға да, жокка да көнбіс Сілеусінді ойлады. Бала алдында, жар алдында тазарта алмас күнә. Ұят-ак, өкінішті-ак.

... Коныраулы сағат алты рет сокты... Битабар жата берді.

... Коныраулы сағат жеті рет сокты.

Битабар шыдамады. Ұйыктап жаткан әйел мұсініне тагы көз жіберді. «Апрыым-ай, мынаның қасында біздін катындар да катынбыз деп жүреді-ау!» Денесі бір түрлі қызынып сала берді. «Ә, болары болды ғой, қылмыстың азы не, көбі не, бәрібір». Жүрегі лұпілдей бастаған сон аунал түсті... әйел оянды да, балу-анды ыстық құшағына ала берді...

– Какой ты сильный, Битабарчик! Сверх всякого ожидания! Ты просто чудо природы... Усталая я. Сильно усталая...

Битабар түсінбеді. Әйттеуір жамандап жатпаған секілді.

Коныраулы сағатты сегіз рет соктырып, Битабар түрегелді.

– Жарық түспей тұрып кетейін мен. Бала бар. Конак бар, ұят. Маужырап, дінкесі құрып жаткан әйел басын изеді.

– Сенің атың кім? – деп сұрады, Битабар киініп жатып.

– Марья.

– Э, Мәриә? Жаксы, жақсы! Мәриә кәрәшәй. Мәриә! Мен калай келдім мұнда?

Марья күлді.

– Сен болмады, жүр деді. Мен жүрді сосын. Сен болмады, есік аш деді. Мен ашты сосын...

Битабар да кенкілдеп, басын шайқап-шайқап күлді.

– Мәриә, сен де шактыда істейді?

– Мен көнорда, – «шот қағамын» дегенді қолымен көрсетті. – Сендерге паек береді, акша береді...

– А-а. Бала кайда? Бай кайда?

– Бала таппаган. Бай өлген. Сосын Караганды келген...

– А-а...

Битабар той сонын осылай өткізді.

## 15

Битабар Марьядан шыққан бойда шахтаға барып түсті. Амантай құндығынан ерте келіпті. Іздеп жүр.

– Эке, қайда болдың?

Тағы да, өтірік айтуға тұра келді:

– Тұнде тамыр үйіне алып кетті... болмады.

– Э-ә... Апам да, мен де корқып... Үлкен үйдегі ағам да корыкты.

Битабар Амантайды басынан сипады.

– Сендер қорқатындаі әкеңе кімнің әлі келеді... Бар, жұмысна бара ғой.

Амантай томпаландап кең штректі бойлап кетіп бара жатыр. Ойында түк жок, айтканға сенді. Баламысын деген осы. Битабар қарап тұр. Жүргегі бір түрлі. Бала алдында үлкен қылмыс істеді. Қалай акталмак енді?

Денесі дел-сал. Өрт сокқандай. Басы да зіл кара тас, қолының каруы кеткен бе, қайла да көмірге батпай койды. Бір-екі рет десятник келді.

– Бүгін не болған саған, Битабар?

– Кеше арақ ішкен, соған ауырған...

Десятник көзін сыйрырайтып, жымын-жымын етеді.

– Арақ ішкен, ауырған... Сосын не істеген?.. Николай бәрін біледі. Айтпаса да біледі... – Николай щағы мұртын сипады да, Битабардың арқасынан қағып, бас бармағын көрсетті: – Ол маржа – во! Битабар тоже – во!

Битабар үндеңген жок: «Мынау ит біліп қалған екен ғой!»

Десятник Битабардың кысылғанын сезіп, әрі қазбаламады. Кісілік жасады.

— Жұмыс бүйтіп өнбейді, Битабар. Үйіне бар да, тынық.  
Жұмысқа ертең шық.

— Раҳмет, тамыр, раҳмет...

16

Үй сұп-сұық. Сілеусіннің қабағы түсіп кеткен. Кылмыстының арты куыс. Битабар қылл ете қалды: «Құдай-ай, бір сұмдық болмаса жарап еді!» Бершек те бүк түсіп төрде жатыр.

— Кайда болдын, Битабар?

Битабар енді Амантайға айткан дәлелінің түкке аспайтынын сезді. Левенштернді Бершектің қаны сүймейді.

— Той кеш тарады. Содан әлгі Сарысудың тәменгі жағындағы Ылғаз балуан болмай, үйіне алып кетіп... — деп жалтарды. Кайтсін, адам өтірікті айтайын деп айтады дейсің бе, осылай қысылған сон айтады да.

Бершек жайдарыланып сала берді.

— Е, Ылғаз балуан да осында ма еді?

— Иә, ол бізден де бұрын келген екен... Тұрмысы жақсы.

Әнгімеге тақырып табыльш, Битабардың көnlі орнығайын деді.

— Е, катын, үй неге сұық? От неге жақлағансын!

— Жағатын көмір жок, таусылып қалыпты.

— Апыр-ая, оныңды ерте неге айтпадын? Казір, мен... — деп Битабар түрегелді...

17

Битабар атын жекті де, жұмыс аяғында Левенштернге барды.

— Тамыр кайда? Осында ма?

Есік алдында отырған қызыңып турегелді:

— Өзінде, кіріңіз! — «Шахтер келсе, күттірме» деген Иван Ивановичтің жарлығы. Қызы соны орындал жатыр. Битабар түсінігі басқаша: «Апыр-ай, үлкен нәшандіктің алдында отырған күтушілері де сыпайы!» Осылай ойлаған Битабар кабинетке кіріп үлгермеді, Левенштерннің өзі шыкты. Қасында Ылғаз.

— О, тамыр, шаруа қалай?

— Шаруа жақсы емес, тамыр. Үй сұық, көмір жок, тамыр.

Левенштерн қарқылдан күлді.

— Саған да көмір керек пе?

— Иә, тамыр, көмір керек.

— Бұл қалай, тамыр атаулының көмірі бірдей таусылғаны.

Міне, Ылғаз да көмір сұрап келіп тұр. — Левенштерн осыны айтты да, көмекшісіне бұрылды. — Қызыым, бухгалтерді шакырши.

Кыз жүгіріп кетті. Әлгіндей болмай Марья келді. Битабардың жүргегі зырк ете қалды: «Кұдай сактай көр. Мәриә қайдан сап етті!»

Левенштерн бірдемені сезетін секілді. Екі балуанға кезек карап құліп қойды. Левенштерннің сезгенін Марья да сезген секілді. Әуелі Үлғазға, сосын Битабарға көзі түсіп қадалып қалды.

— О, Битабар?! — Ішіп-жеп барады.

Битабардың мандайынан тер бүрк етті: «Кұдай-ау, мына кәпірің әйел болып кымсынбайды фой тіпті. Бір сұмдық жасамаса иғі етті!»

— Марья Александровна, мына екі тамырдың көмірі бітіп калыпты, не істейміз?

— Е, көмірі бітсе, жазып берейік, — деді Марья. Битабардан көзін әлі алған жок. Үңғайсызданған Битабар жүзін тәмен салды. Неге екені белгісіз, Марья кейіп көзімен көргендеңіден де айқын болып елестей қалды енді: әжімсіз аппак өн. Иегі сәби иектеніп дәнгеленіп тұр. Көзі тұнғиық су секілді, мөп-мөлдір. Жирен шашы тобығына түседі, жұп-жұмыр. Қеудесі сондай шалқак, тығынды, кап-қатты. Ал белі болса, қылдырыктай-ақ. Нагызың құлын мұсін, қызы мұсін. Байға тиген катынның тап осындағын тұмысында көргені осы. «Керемет кәпірің!» Аздап ой жетегіне еріп, еліккен Битабар кайда тұрғаны кайта есіне түсіп, басын жоғары көтеріп еді, Марья әлі көзін аудармаған екен.

Левенштерн айтты:

— Жазып бергенде, кезекті кайсысына береміз?

Марья іркілмейді:

— Кезек Битабардікі.

Левенштерн карсы:

— Жоқ, кезекті өзара келіссін.

Марья құліп тұр, үндеғен жок.

— Кезегі несі? — деді Битабармен кезектескісі келмеген Үлғаз. Битабар ойы өзгеше: «Мәриә мен осы тамыр екеуі бірдемені бұлдірмесе иғі еді...»

— Кезектін не екенін көресін қазір. Ал жүріндер. Марья Александровна, баста.

Марья Александровна жол бастады. Қош сонында әуелі Левенштерн, Битабар, сосын Үлғаз. Левенштерн сәл кідіріп, артына, көмекшісіне бұрылды:

— Жұрттың бәріне айт, далаға шыксын, қызық бар.

Битабар әдепкіде тамырының әйелге жол бастатқанын бір түрлі балаша қызықтал: «Жән-ау, осы. Үй-жайынды ұстағанын жаксы көреміз, койнына жатып, құмардан шығатынымыз және бар. Сөйте тұрып: «Әй, сүйт, әй, бүйт!» деп ат артына өнгеріп,

кемсітетініміз теріс кой» деп ойлап еді, Левенштерннің «қызық барына» кайта қобалжыды.

Марья Александровна бұларды көмір шығаратын жерге бастап келді. Элгіндей болмай жүрт жиналды. «Қызық бар!» дегенге ме, ентесіп ін тіреседі. Бір жақтан Эли де сап ете қалыпты. «Ал, кәне, қызықты көрейік!» деп ентелей түседі.

Үлкендігі шөккен нарадай, үлкен бір кесек тас көмір жатыр. Не Ылғаз, не Битабар шауып түсірген кесек. Левенштерн сол тас көмірдің касында тұр. Битабар мен Ылғазды катар шакырды:

— Мына тас көмірдің кайсын көтеріп әкетесіндер? Ерік өздеріңде. Құдай алдында сұрауы жок. Қай үйге болса да екі айлық отын.

Битабар бұрын сөйлемді:

— Ылғаздың жасы менен кіші, Ылғаз алсын.

Ылғаз баса қоймады.

— Жок, жол жасы үлкендік емес пе, Битабар алсын.

— Кайратты жас көрсетуші еді ғой...

— Битабар дұрыс айтады, — деп койды Марья. — Бұл — Битабар шауып түсірген көмір. Ылғаз алады. Ал Ылғаз шауып түсірген көмірді Битабарға беретін боламыз.

Ылғаз сөз таластырмады. Көмірдің ол жағынан бір, бұл жағынан бір шығып қарады. Аяғымен де қозғап көрді. Құшағымен де өлшеп, шамалады. Басын шайқады.

— Жок, мұндай көмірдің маған керегі жок.

— Ендеше басқа отын жок, — деді Левенштерн.

Жүрт ду ете қалды:

— Жок, Битабардың өзі алсын. Өзі шауып түсірген екен, өзі алуға тиісті...

Алғашкы ой: «Көтере алмай, ұят болып қалмас па екен?!»

Левенштерн енді Битабарға кадалды.

— Тамырлықтың жолы бір басқа, тамыр. Осы көмірді алмасан, саған да отын жок. — Ойнап тұрмажан секілді. Жүзі салқын.

Марья жақындалап келді:

— Ну, көтересін ғой, Битабар, көтересін. Оп-онай көтересін.

Марьяның бұл сөзі Битабарға аздап әл берген секілді: «Осы көпірін біліп айтып тұрмасын!» Бұл да көмірді айналып қарап шыкты. Құшактап көріп еді, бірақ бір кісі түгіл, екі кісі құшағы жетсе, зорға жетерліктей. «Атан түйедей бар-ая сірə?!»

Битабар басын көтерді. Айнала жүрт, ін тіресіп анталап, демін ішіне тартып тұр. Марьяның бір қолы мықынында, жүзінде күлкі нұры. Ылғаз шеттеп кетіпті. Левенштерн өзгермелеген, манағы салқын қалпы.

— Ау, былай сейіліндерші, арбамды жақындатайын, — деді Битабар.

Жұрт шу етіп, қақ жарылды. Битабар беліндегі жалпак қайыс белбеуін шешіп алды да, көмірге карай бетtedі.

– Көтерсем көтердім, көтере алмасам, демесіп жіберіндер, жарандар!

Әли сөзге арапасты:

– Олай болса, Үлғаз екеуін арбаға көтеріп салындар да, үйге ашарып бөліп алындар.

Левенштерн қарсы:

– Жоқ, олай болмайды. Қайсысы алса да, дара алады.

Әли дағдылы әзіліне басты:

– Е, онда корықла, Битабар, көтере алмасан – мен бармын гой.

– Е, сонынды айтпайсын ба? – деп Битабар күлді де, қайыс белбеуді көмірдің астынан өткізді. Арба көмірдің қасына тартылды.

«Тіземе бір жеткізsem, ар жағы қын болмас еді-ау?!» – Битабар қайыс белбеудін ұшын колына орай ұстап, бір-екі рет изеп-изеп қойды. Жоқ, қозғалатын секілді.

– Ия, аруак!

Жұрт ішін тартып шу ете түсті. Вагонға ешкім көтеріп сала алмағандықтан, тас табандап осы жерде жаткан көмір кесекті балуан қанбакша ойнатып қеудесіне апарды да, арбаға тастап жіберді. Жұрт тағы шу етті: байқаса алты арыс қу шыбықша морт омырылып, арба отырып калыпты. Әли шық-шық етеді:

– Өзіне де осы керек, көмірді осыншама кесектеп омырып нең бар еді!

Левенштерн Битабардың аркасынан какты. Жүзінде күлкі, ри-зашылық.

– Кайғырма, тамыр, көмір де болады. Арбаның арысы да жөнделеді. – Осыдан кейін шаруашылық жөніндегі орынбасарын шақыртып алды: – Казір Битабар мен Үлғаздың үйіне бір-бір арбадан көмір түсіріп бер. Мандай алды шахтерлердің үйінде отын жоқ деген естіген жұрттан ұят. Содан кейін ертеннен калдырмай мына арбаның арысын салдырып, иесіне табыс етесін.

– Айтканыңыз орындалады, Иван Иванович!

Битабар камыт-сайманын атқа артып үйге келді. Левенштерн сөзінде тұрды: сол күні кештетіп көмір түсіртті. Ертеніне арбасын жөндеттіріп берді.

касынан жатып, қылышын көз алдына келтіріп, өзінен-өзі жымы-  
ып құледі. Сосын Сілеусінге бұрылады:

— Мұ не осы, қабат-қабат? Көйлегінді шұбалтпай, шешіп жат-  
пайсың ба?

Сілеусін аузын бір сылп еткізеді:

— Мына жазғанға не болған?

Битабар мұнымен тынбайды, катынының әр жерін басады. Ку  
сүйек, тақтай секілді.

— Денен немене өзі, так-так етеді...

Сілеусін ашуланады:

— Жаңа білдін бе мені! Бірдеме көрінейін деген шығар өзіне?

Осындағы бір тұн Амантай мен Бертшек төргі үйде шырт үйкү-  
да. Көрші үйлердін тауыры шакырды: «Тұн ортасы болып қалға-  
ны-ау». Битабардың көзі іліне берді.

Терезе тықыллады.

— Бұл кайсысын-ей?

— Біз. Аш есігінді, — өктем дауыс.

Сейткенше болмады, бір топ адам сау етіп кіріп келді. Битабар  
ауылдағы әдетімен есік баспасы дегенді әлі іліп көрген емес.

— Бұл кімдер өзі жеті қаранғы тұнде жүрген? — Битабар іш  
киімін таба алмай, абыржып жатыр.

— Біз, шам жағындар!

Шам жағылды: қызыл ала киінген бес-алты адам.

— Кім тұрады мұнда? — деп сұрады алдынғысы.

Битабар шошып кетті.

— Мен... мен тұрам, нәшандік...

— Атың кім деймін?

— Битабар... Битабар үрлік істемейді. Битабар өтірік айтпайды...

— Тағы кім тұрады?

— Қатын... бала...

Дауыс катая тұспі.

— Тағы?

— Ко... қонақ...

Әлгі нәшандік артқыға иек қакты. Бәрі жапырылып төргі үйге  
беттеді. Бертшек бүгжиіп қалыпты. Біреуі аяғымен тұртті. Қолын-  
да оқтаулы наган.

— Эй, түрегел! Документінді әкел!

Нәшандік дегені шам жарығына жақындал, қағазға үнілді.  
Колындағы сурет пен Бертшек бетіне кезек қарап:

— Дәл өзі! — деді.

Үй іші астан-кестен болды. Сандақ актарылды. Киіз арасы  
тілгіленді. Үй қабырғасына сүймен жүгірді. Нәшандік Битабар  
мен Бертшекке кезек қарады:

– Айтындар, алтынды қайда тықтындар?

Бершектің басы төмен түсіп кеткен. Үн жок. Битабар білгенін айтып жатыр:

– Битабар алтын тықпайды. Паек бар. Жалуна бар. Битабарға алтынның керегі жок...

Біреуі дауыстап жіберді:

– Мындағой. Міне, дәл өзі. – Бұрышта Бершек әкелген капшық жататын. Битабар маңына барып көрген емес. Әкеle жатканы осы қапшық.

Жұн-жұрқа, макта, ескі жастықтың жүні. Бұрқырап кетті. Іздегендері солардың арасынан шықты. Үлкендігі аяқтай... алтын. Шын алтын.

Битабар жүрегін ұсталды. Анадағы Бершек сөзі есіне түсті: «Менде қазына бар!», «Сондай көп қазына!», «Тіпті екеуіміздің қалған өмірізге жететін каз...»

«Су келді! Су! Су алындар! Су...»

– Астағыпиралла!

Шудан Амантай оянды. Сілеусін дауыс көтеріп жылай бастады.

Битабар мен Бершек кезенген мылтық астында каранғы тұнді жамылып далаға шықты...

## 19

Ойда жокта Битабар істі болды.

Жылап келген Сілеусінге айтары: әділдік бар, зан бар. Корықпа. Шығарады әлі. Тергеушіге айтары: илан бұған. Алтыны барын білген жоқ Битабар. Кашып жүргенін де білмеді. Жақын ағайын. Туыс деп келді. Аш келді. Ал Битабар жұмыс істейді, жаксы істейді. Паек бар, акша бар. Тұрмыс жаксы. Үй бар. Сосын ашып келген туыска кет дей алмайды.

Қанша қайырып сұраса да – жауабы осы.

Тергеушілер бұған қанағаттанбайды. Алып кетеді. Сұрайды. Кайтып әкеледі, отырғызып кояды.

Сондай тар бөлме. Жалғыз терезе. Бірак дала көрінбейді, аспан да көрінбейді. Дүниеде болып жаткан құбылыстардың бәрі де тасада. Сырттан келер дыбыс жок. Тым-тырыс. Терезе... үй болған соң терезе шіркін керек екен фой. Терезеден жарық түседі. Терезеден өткен-кеткенді, жүрген-тұрғанды қөресін. Терезеден мөлдір аспан көрінеді. Таулар көрінеді. Терезе – үйдің көзі. Терезе – адамның көзі. Сол көздің алдын – сол терезе алдын көлөгейлеп қойыпты. Сызаттан жарық түседі. Бірак түкті қөрмейсін. Битабар үшін жазаның ауыры осы.

Кырык-елу кісі. Бәрі ашулы. Сендей соғылысып нар үстінде жатыр. Битабардан басқаның бәрі де орынды кен алғысы келеді, аякты кен көсілгісі келеді. Бүйіріне шынтағын тірейді. Тізесін тірейді. Кайтсе де ығыстырып, шығарып жібергісі келеді. Шығып кетейін десен есік жабык...

Битабардың қасында көртік мұрын біреу бар. Келген күннен бері балуанға тізесін тіреп жатыр. Битабар ажыраймайды, неге тірекін деп те сұрамайды. Ығыса түседі.

Ығысса, екінші жакта жаткан шар ете калады, Битабар оған да карсы келмейді. Бар айтары:

— Сабыр, таксыр! Сабыр!

Өзіне де, өзгеге де айтары осы. Біраздан бері зәр қысып жатыр. Шыдап жатыр.

«Сабыр, Битабар! Сабыр!»

Соншалық кайран: зәр қысқан жұрт не істейді екен? Есік қағып, далаға шығар дей ме?..

«Сабыр, Битабар, сабыр!»

Амал жоқ, есік тақылдатты. Есікте бас бармақтың аумағындаған шынылы тесік бар екен, содан бір көз көрінді де, жоғалып кетті. Битабар балға колымен каттырак ұрды. Есіктің темірі салдырады. Карапылышы:

— Не керек?

— Дағаға шығам...

— Кара, кара мынаны. Дағаға шығатын болсан, неге түстін?

— Зәр қысып барады...

— Зәр қысса, әне параша...

— Жоқ, онда Битабар отыра алмайды. Битабар кен дала шығып, алыска барып отырады.

Карапылышы басын бір шайқады да, сарт еткізіп есікті жапты.

Амал жоқ, қанша сабырлы болғанынмен шыдау мүмкін емес екен. Арбіған саусактарымен парашаның какпағын ашты...

Орнына келсе, манағы тізесін қадап жаткан көртік мұрын мүлде жайылып алыпты.

— Эй, таксыр, сырлының аздап.

Көртік мұрын сырлыраймайды.

— Бірдене көрейін демесен, өшір үнінді! — Айтқаны осы.

Битабардың иғынан ғана келеді. Қылғы мынау. Шакар. Жоқ, шакар емес, айлалы. Дала казағының анқау, жасканшак келетінін біледі.

Битабар дағдарып қалды. Баяғы бала кезінде кездескен қасырға ұқсатып аса кояр ма еді. Бірақ зан бар. Содан корқады. Орнынан айырылған Битабар нардың шетіне кеп отырды. Түкпірден біреу дауысталды:

— Ана дene, ана боймен не бітіріп отырысын? Көкесіне танытып жібермейсін бе??

— Итпен ырыңдастып қайтем сол...

Ойы он тарау: сотталып кетсе, катын кайда қалады? Бала кайда қалады? Кой, соттала қоймайтын шығар. Ақ кой. Адал ғой. Алыстан келген ағайын. Конак десе астындағы жалғыз атын сойып беретін казак қайтіп «кет» дей алады. Марья есіне түсті. Шалқасынан жатканы көз алдында. Битабар тұрып кетті. Ұмыткысы келді: мынадай пәлелеге душар болғаны – сол Марьяға барғандығынан. Арам жол әмәнда осындағы бірдемеге бастайды. «Апыр-ай, арам жолдың ақыры осы бір аз құнгі бейнетпен кетсе жарап еді?!»

Битабар бұл тұнді өстіп түрегеп отырып өткізді.

## 20

Марья бұл тұні үйыктай алмады. Ойы әр сакта. Сонау орталық Россиядан мына көмірден басқа түгі жок сахараға неге келді, не ізделп келді? Бакыт па? Байлық па? Әйел көнілі бұл жауапқа дауаламайды. Әлде Битабар ма екен ізделп келгені? Битабар!.. Марья Битабарды есіне алып, аунап түсті. Селдір өскен шөлейт есімдігіндей осыншама ұлан-ғайыр далада көшіп-конып жүретін халық туралы ойлады. Қыстын қақаған бораны мен жаздын ми айналдырган ыстығына бой бермейтін көнтерлі халық – алып халық, анқау халық. Әрі батыр, әрі жассаншак, сенгіш, иланғыш – пәк халық. Бұл әрине Битабардын кейпі. Битабар арқылы Марья бар казакты осылай түсінеді.

Ұзак жатып, бір ауық қызық бір сезімге де ауысты. Өзі осы бір романтикаға толы далада алып адамдардың арасында жүргендей. Кигені желенді ұзын көйлек, басында кимешек, касында Битабар. Марья – кәдуілгі казак әйелі.

Марья езу тартып күліп, тағы аунап түсті. Тан осылай атты. Жайшылыктан ерте тұрды. Жайшылыктан жұмыска да ерте барды.

«Левенштерн қашан келер екен?» деп тағаттыз тосты.

— Қалай келеді, солай маған хабар бер, — деп көмекші қызға кайта-кайта тапсырды.

\* \* \*

Левенштерн жұмыска мезгілінде келді.

Марья оған мезгілсіз ерте кірді.

Левенштерн Марьяға сұраумен карады: «Шахтада әр килем оқиғалар болып тұрушы еді, аманшылық па?» Бұл Левенштерннің ішкі құдігі. Ал сұрағаны:

— Марья Александровна, өнің сондай сынық қой. Ауырып калғаның қай жағындасын?

Марья езу тартты.

— Құдайға шукір, саумын, Иван Иванович.

— Неге ерте келдін? Жайшылық па?

Кабинет онаша болса да, біреу естіп қалмасын дегендей, Марья жақындай отырды.

Левенштерннің ойына өткенгі бір оқиғалар түсті, ең алғаш осы Караганды әйелдерінің ішінде Левенштерннің көзіне ілінгені – өзіне мына таяна отырған Марья Александровна болатын. Өзгеден өзгеше сұлу, көркем. Өзгеден өзгеше ақылды, іскер. Қырықтағы жігіт ағасының жиырма бестегі уыз әйелге көніл құрығы да түсken-ді. Бірак бір нәрсені әртіннен ойлайтын Иван Иванович бірден «ал кеттім» жасамай, әр жағынан баспарап сыр тартқанды: өзгеше ілтипат жасап, кабинетіне шақырыштады. Бірер рет далаға да алып шықты. Марья көргенді, сыпайы әйелдің қылышын танытып, Левенштерннің бар ұсынысын карсы алып жүрді. Бірак одан әріге барған жок. Левенштерн талай жерде еркектің айлалы тұзағын құрып еді. Марья одан сескенбеді, қанша құрса, сонша түсken-ді. Бірак Иван Иванович күткендей әйел болып емес, өзі секілді ерек болып түсken. Әккі инженер тұзакты үйрекке құрып, үнемі қаршыға алып жүрді: Марья Левенштернді не кабылдамайды, не ерек пен әйел арасындағы карым-катаңас, ашыналық дегенді түсінбейді. Осы бір корытындыға келген Иван Иванович дер кезінде аяғын тартып алған-ды.

Міне, енді Марья өзі келіп, жақын отыр. Эрине Марья бұл жолы да Левенштерннің баяғы тұзағына үйрек болып түсе салайын деп келмеген болар. Кез келген жерде тұзак құра салып, олжаға оп-онай карық болам дейтін кісін Иван Иванович емес. Сонда да бір кезде көніл салған жақсы әйелдің касына жанаса отырғаны қай ереккек болса да ғанибет кой. Содан ба, тіс жарып тұқ сыр берген жок.

Марья сәл кідріп қалды.

Левенштерн сұрағын қайталамады. Жауапты үнсіз күтті.

— Әлгі Елбаев Битабар дейтін шахтер бар еді ғой? Сол түрмеге түсіп қалыпты.

Левенштерн шошып кетті.

— Кайтіп?..

— Үйінде бір қонақ бар екен, соның қырсығы...

Левенштерн тұрып кетті. Олай-бұлай жүріп, саусактарын сартылдатты.

— Ай, осындай бірдеме боларын біліп едім. Кызығыштай қорыған түрі жаман болатын.

Марья түсінбеді.

— Кызыштай корығаны қалай?

— Битабарды айтам... — Левенштерн сөл мұдіріп барып сөйле-лі. — Бұларға мен түсінбеймін. Келіп жатқанына айдан аскан. Би-табар мен ана баласы тапқан паекқа ортак. Ал мен оған жұмысқа шық, шахтаға тұс, паек ал десем — баспайды. Баспайды емес-ау, Битабар бастырмайды: жата тұрады әлі, демалады. Ар жағын неге ойламайды сонда? Мен оған паекты бес есе артық берmedім, бір-ак кісінің паегін бердім? Сонда қайтер еді?

— Битабар артық паек алып жүрген жок. Өз енбегі, — деді Марья.

Левенштерн өз ойын жалғады.

— Осындай ашаршылық жылда шахтаға түсіп, жан сактап отырып, бір ай бойы бөтен біреу түгіл, туған әкенді асырау онай ма?! Ал бұл...

Марья Левенштерннің сөзін бөлді:

— Казактарды сондай мырза, конакжай халық дейді ғой...

— Конакжай... — деп Левенштерн кекесінмен айтты. — Конакжайлыштың да шегі бар, Марья Александровна. — Инженер бір шешімге мықтап келген секілді, нық басып столына барып отырды. — Жо, жо... бұл конакжайлыштық емес, басқа бір гәп бар мұнда.

— Нендей гәп демексіз, Иван Иванович?

— Ана конағымен косылып жасаған бір шатағы бар...

Марьяның даусы ысқаяқ шықты:

— Битабар ұры болса, онда қазақ атаулының бәрі ұры.

Левенштерн бұл сөзге таныркаған жок. Креслоға шалқая отырды.

— О да мүмкін. Ұры емес деуге дәлелім жок.

Енді Марьяның даусынан ашу білінді:

— Битабар ұры болса, онда мен де ұры, сіз де ұры. Жер бетіндегі адам атаулының бәрі ұры.

Левенштерн анырып қалды. Қөнілі қалмаған әйелдің шын ашуланып отырғанын енді байқап, сөл жымылып өзілдей сөйледі:

— Марья Александровна, сізге не болған? Тым ашулысыз ғой тіпті?..

— Ашуланатын реті бар, Иван Иванович. Айталақ, сіз, міне, Иван Иванович Левенштернсіз. Ал сізге көлденен біреу келіп: «Жок, сіз Иван Иванович Левенштерн емессіз, Сергей Сергеевич Ивановсызы» десе ашуланар ма едініз?

Жауап орнына Левенштерн қарқылдап күлді. Левенштерн күлгөн соң Марья да күлді.

— Тіпті шан жұқтырмайсыз. Битабар кімің соншама? — Иван Иванович дағдысынша қайта сенге көшті.

— Тұғім де емес. Актан күйген адамды актап алуымыз керек. Жөні сол. Ойланызышы, өзініз бетке ұстаған маңдай алды шахтерді тұрмеге отырызып койып, тамакты қалай ішесіз?

Левенштерн іліп әкетті. Сөзі тағы «сіз».

— Бұл сіздің ұғымының. Ал егер «қылмысы бар адамды маңдай алды шахтер етіп қалайша көтердіндер?» деп бетімізге басса не дейміз?

— Олай деп ешкім де айтпайды. — Марья басқа жауап таба алмады.

— Неге айтпайды?

— Айтпайтыны — Битабардың адалдығына көптің көзі ертең-ак жетеді.

— Ал бүгінгі күн ше? Бұл күнді қалай өткермекпіз? — Левенштерн мұны екі ұшты етіп айтты. Әңгіме Битабар жайлы ма, өзі жайлы ма? Қалай түсінсөн олай түсін. Марья тағы да ойлаған жерден шықлады.

— Бұл не, Иван Иванович, көленкенізден коркып?.. Мұндай емес едініз ғой?.. — Тұзакқа тағы да қаршыға ілікті.

— Не істе дейсін, сонда, Марья?

— Барып, босаттырып алуымыз керек.

— Сіз де барасыз ба?

— Мен сізге еріп баруга әзірмін, Иван Иванович.

Левенштерннің айласы бұл жолы да өтпеді.

— Ә, жарайды онда, барып сөйлесейік, анық-танығына көз жеткізейік.

Бас инженер, бас бухгалтердің келісімі осы болды.

## 21

Канша көнгерлімін десен де үнемі түрегеп отырып ұйықтау киын екен. Белі бүгіліп, аркасы мұздап, әбден шаршаған соң Битабар баяғы көртік мұрынның касына, өз орнына барды. Көртік мұрынның пәрігейіне түк енер емес, аякты көлденен, екі колды айқастырып басының астына салып, шекесінен қарап жатыр.

— Әй, таксыр, мына бел ауырды, аздап ысырылсан кайтеді?

Көртік мұрын ысқырған жылан секілді. Шакар.

— Жанынның барында тайып тұр. Қоресін әйтпесе...

Тышканның арыстанға шапканы секілді, құлкілі сондай.

Бірақ құлген ешкім жок. Битабардың өзі де өзін арыстанға, ал ана көртік мұрынды тышканға тенеуден аулак.

Сол көртік мұрынның ар жағында жатқан біреу Битабарға жаны ашығансыды:

— Кет десе, кете сал, мынаның ашуы жаман.

Битабар ойы: «Расында да ашулы екен, кетсем кетейін».

— Эй, таксыр, ана дорбамды алайын ендеше.

Кертік мұрын тағы шаш ете қалды:

— Кайдағы дорба? Ешкандаій дорба көрген жоқпын.

— Мына таксыр не дейді? — Битабар таңырқап көпке карады.

Калай көрмейді, әне ана бас жағында жаткан ала дорба мұнықі емес пе. Кеше Сілеусін келгенде нан, май, құрт салып әкеп берген дорба. Битабар үмтыта берді.

— Міне, мына дорба менікі ғой!

— Жок, ол дорба сенікі емес, менікі!

— Калай сенікі болады? Кеше қатын әкелген дорба. Ішінде құрт, майы бар. Кара, наңбасаң, таксыр.

Кертік мұрын қараған жок. Кішкене жұдырығымен құлаштай періп, Битабардың бетінен салып кеп жіберді.

Битабардың көзінің алды жарқ ете түсті. Екі қолымен бетін басты. Мына ортада судан шығарып тастаған балық секілді. Соңдай қауқарсыз, бейшара.

Әлгінде мұсіркей сөйлегеннің тағы даусы шыкты:

— Бұл ит түсінбесе, тағы бірді конжит! — Тұтіні енді басқа жақтан.

Кертік мұрын тағы үмтыйлды. Битабар жасқанып, кейін шегінді.

— Жарамайды, таксыр, жарамайды бұлай етуге! — «Сирағынан алып, кабырғаға бір соқсам ба екен?» деп бір ойлап еді, тез кайтты: сақал-шашы өсіп тұксіп отырған мына сұрықсыз жұрт жабылып кетсе, не болмақ?!

Битабар қолымен бетін қалқалап, нардан төмен түсті...

## 22

... Салдырлап есік ашылды:

— Елбаев Битабар, бері шық!

Битабар бері шыкты.

— Алдымға тұс!

Битабар алға түсті.

— Онға!

Битабар онға бұрылды.

— Солға!

Битабар солға жүрді.

Шағын бөлме көк тұтін. Әнеугі нәшандік төрде отыр. Бір бүйірде Марья. Шошына дауыстады:

— Ой, Битабар, көзіне не болған?

Битабардың жүрегі су етті. «Бұл кәпірің қайдан жүр?»

Марья сұрағына карауылшы жауап берді.

— Сондағы біреуден таяқ жеп калды.

— Калай, Битабар ма таяқ жейтін? — Марьяның кейпінде шын танырқағандық бар. — Битабарды ұрып жүрген қандай адам ол?

Карауылшы қу екен:

— Сондай бір алып. Битабардай екі есе. Бойы мынадай, — карауылшы шынашағын көрсетті. Жұрт ду күлді. Нәшандік құлген соң Битабар да езу тартты. Қек түтін арасынан енді байқалы. Левенштерн де осында екен. Сондай қуанып, ұмтыла берді: «Ай, тамыр-ай, ести салып жеткен екен ғой!»

Левенштерн де қарсы жүрді. О да күліп келеді.

— Бұл не, бұрын балуан Битабар, шахтер Битабар едін, енді каракшы Битабар болғаның кай жағындасын?

— Ия, тамыр, не десен де сыйып тұр...

Левенштерн Марьяны нұскады.

— Марья Александровна, біздің бас бухгалтер. Танитын шығарсын, тамыр? — Танитының біле тұра әдейі сұрап тұр.

— Ә, Мәриә ма? Мәриә кәрәшәй. Мәриә жақсы катын.

Марья сылқ-сылқ.

— Иван Иванович, сізге не болған?! Колымнан талай рет талон алған Битабар неге танымасын, таниды.

— Ә, солай ма? — Левенштерн түсінген секілді, терен күрсініп койды. Битабарға қаралы. — Марья Александровна шынында да бір кез келген еркектің уысына түсе бермейтін жақсы катын, тамыр.

«Неге сонша мактайды?» деп құдіктенген Битабар Марьяға қаралы: құліп тұр. Сондай разы. Нәшандікке көзі түсіп еді, о да құліп, Марьяға көзін қызып койды. Битабар танғажайып тағы бір жаңаңылқашты: «Құдай-ау, нәшандік те күледі екен ғой?!»

Нәшандік сол құлген қалпы Битабарға бұрылды.

— Біз сізді тұтқыннан босатып, мына Марья Александровна мен Иван Ивановичтің қарамағына беретін болдық. Бұл кісілердің етініші осылай.

— Жақсы, нәшандік, тіпті жақсы...

Левенштерннің жүзінен құлкі жоғалып кетті.

— Марья Александровна қандай талап қояды, оны өзі біледі.

Ал менін талабым: көмірді бұрынғыдан да көп шабасын.

Битабар қалбалактай берді:

— Битабарда қол бар. Битабарда аяқ бар. Битабар көмір шабудан жалықпайды, тамыр.

Нәшандік сағатына қаралы.

— Азамат Елбаев, сіз енді боссыз.

Битабар мұдіріп калды.

— Ана Бертшек туыс адам еді. Босатпас па екенсіздер?

Левенштерн басын шайқалы. Марья үндемей қалды. Нәшандік бағы қаһарлы қалпына келді.

— Азамат Елбаев, сіз енді боссыз деймін.

Битабардың: «Мен босадым, ол тұтқында қалып барады. Ертең ел-жұртқа не деймін?» деп бір айтқысы келді де, нәшандіктің сұсты кейпінен сескеніп үндемеді: «Бірдеме десем, мына кәпірін кайта отырғызып жүрер. Түрі жаман екен».

Есік ашылды. Битабар далаға шықты. Ешкім шық демеді, өзі шықты. Артында мылтық ұстаган пенде жок. Дала қандай кен еді. Ауа қандай тап-таза. Ашық аспан мөп-мөлдір. Қалың қар жауыпты. Аппак. Қытымыр аяз бар. Битабар терең бір курсініп, дем алды. Қеудесін ашып тастанды. Қалың қарды түйе табанымен күрт-күрт басып жүріп келеді. Жүріп келеді.

Үйге келді. Үй іші самаладай жап-жарық. Жүгіріп терезеге барды. Қар басқан үйлер түр. Мұржаларынан түтін будақтайты. Шахта... Террикон бұрынғыдан да биіктеп кеткен. Бықсып жанып жатыр. Одан әрі алыс қырқалар... Кен жазық дала... Бұлынғыртып жұмбак қөкжиеқ көрінеді. Нәлге салған жаулыктай көгеріп аспан көрінеді. Осы ыстық дүниенің бәрі аядай терезеге сыйып түр.

Терезе! Кішкенесі есеп емес, терезен болсын де үйінде әйтеуір...

## 23

Аз күн мылтық астында болған Битабар терезе сиронын білді. Еркіндік қадірін үкты. Ешкім саған түр демейді, өзін тұрасын. Ешкім саған жұмыска бар демейді, өзін барасын. Далаға да өз бетінмен шығасын, үйге де өз бетінмен кіресін. Құдай-ау, осыдан баска адамға не керек.

Алтын не керек, акша не керек? Сән-салтанат, байлық не керек. Жок, бар дүние малы бір күндік еркіндікке татымайды екен.

Битабар ертемен үйден шықты. Табалдырықтан екі-үш аттап барып, сіресіп тұрып қалды. Біреу болмаса біреу «жұр» деп жекімес пе екен деп қасақана түр. Жекімді. Өзімен-өзі мәз болып күлді де, адымдай басып қаттырак жүрді. «Ақырын жұр» деген де ешкім жок. Шахтаға жакындаі беріп, қасақана онға бұрылды. Сол бетінмен қасақана тағы да жүре түсті.

— Битабар, тоқта!

Битабар селк ете түсті. Ұмтыла басып Марья келеді. Колын жайып, ыстық құшағын ашып келе жатыр. Әдемі құлқісін сыйлап келе жатыр. Аппак... Қекпенбек...

— Битик, шықтың фой, әйтеуір? Жақсы, тым жақсы... Өзім де ойлап ем, Битабар қайтіп қылмыс жасайды деп... Дәл болды. — Ерке қылығы мен жұмсақ сөзін де алып келе жатыр.

Битабар кобалжынқырап сәл тұрды. Көргісі келеді... Көрмегісі келеді... Сөйлескісі келеді... Сөйлеспегісі келеді.

Марья жақындап калды. Әдемі киінген әйелдін жалаңаш тәнінде Битабардың көзі түспеген бір нүкте жок. Қеудесінде тана-дай қал... Жұп-жұмыр, аптақ санында болмашы жара орны... Би-табар бәрін біледі. Бәрін де... Жок, Битабар бұл әйел жөнінде түк білмейді. Сондай жұмбак, сондай сикыр әйел. Қектемде бұркы-рап аккан Сарысу секілді алып кетеді, ағызып кетеді. Шілденін анызағы секілді қуартып кетеді, күйдіріп кетеді...

Битабар «жақындама!» дегенді танытып, колын сермеді де, бұрылып кетті.

— Битабар!

Битабар қайырылмады, каттырак аяндады.

— Тоқташы, Битабар!

Битабар токтамады. Токтау, токтамау енді Битабардың өз еркінде.

— Битабар саған барды... Сосын абақтыға тұсті... Мәриә жолы жаман. Мәриә бабы некарошәй.

Марья бұл сөздін ырым-сеніммен байланысты арғы мағына-сын түсінбеді. Анырып калды. Түсінсін, түсінбесін Марьяның өз еркі. Битабардың онда шаруасы жок. Екпіндей басып шахтаға келді. Екпіндей басып жер астына тұсті.

Ылғаз жүр. Отken он күндікте ешкім оған жанаса алаған. Атта өзінде, атақ та өзінде. Бұл он күндікте де солай болмак. Ай-кайлап жатыр:

— Ал, Битабар! Сактан енді. Күн істе, тұн істе жете алмайсын енді.

Битабар таласқан жок. Арық айтып, семіз шығарған жөн.

— Кім озады, кім қалады, кезінде көрерміз, — деп өтіп кетті.

... Амантай үйден ерте кеткен еді, орнында жок.

— Балам кайда?

Десятник мұртын ширатты:

— Басқа штректе.

— Онда неге жібердін?

— Кісі жетпей жатыр...

Әке баласын кайтсе де көргісі келді:

— Балам-ау, бұрынғы істеп жүрген жеріннен неге кеттін?

— Әке, бәрібір емес пе. Кел деді, келдім. — Кайыс бауды ваго-неткаға іле салып, ак боз атқа қарғып мінді де жүріп кетті.

Көлбеп шығар сонау биіктегі алакандай ғана болып көк аспан-нын бір пүшпағы көрінеді. Битабардың есіне терезе тұсті, көз түс-ті. Ия, ол — шахта көзі. Амантай кішкене аяғымен аттың өкпесін қытықтай тепкілеп, биіктеп барады. Биіктеген сайын алыстап ба-

ралы. Бала алды — жарық дүніе. Қазір далаға шығады. Көкірегін керіп бір дем алады. Айнала қар басқан қырқаларға қарайды. Қен аспанға қарайды. Шахтаға да... Аласа үйлерге де... Содан кейін комірді төнкереді де, кері оралады...

Битабардың жүзіне құлкі жүгірді. Сондай тыңғыштықты. Ат басына мініп, кішкене вагонетка толы көмірді жоғарыға сүйрейді де жатады. Есепке де жүйрік. Вагонетка санын бір шатастырмайды. «Он вагонетка шығардыым, жиырма вагонетка шығардыым». Айтатыны осы. Әкенің жоктығын сездірмепті. Жұрт сұрайды:

- Әкен қайда?
- Келеді.... — Үлкен кісі секілді. Саспайды.
- Қашан келеді?
- Келеді... — дейді тағы қайталап. Қашан келерін өзі де білмейді, бірақ нық сенеді. Шешесіне де айтары сол:
- Апа, жылама. Келеді әкем. Отірік айтқан жок. Ұрлық істеген жок. Неге келмейді. Келеді. Тек жылама. Жыласаң әкем келмей қояды. Жылама.

Баланың осы бір бал-бұл сөзі жанға қуат:

- Ал жарайды, жыламайын енді.
- Мен ендеше жұмыска кетейін...

Амантай анасын осылай жұбытып, жұмысқа кетеді. Бір күн қалмапты. Атын да күтіп, баптап ұстапты.

... Амантай мүлде алыстап кетті... Битабар жұмыс орнына келді. Тұқ қаяу жок, көнілі сондай тетік.

Бұл он күндіктің екі күні өтіп кеткен... Денге саулық берсе, есеп емес. Куып жетеді. Куып жетіп, басып та озады.

Битабар темір салты қайланы құлаштай сокты...

## 24

Амантай биіктеп келеді. Айнала бозамыктана бастады. Шығар жерге жақындағандықтың белгісі. Бала көнілінде де қаяу жок, ынырсып әндетеуді:

... Боз шапса, боз озбай ма буырылдан...  
Мен шапсам, жер танабы куырылған.

Бала қиялында екі ак боз ат қияны өрлей шауып, бірінен-бірі мойын озыстырып, қажасып барады. Құйысқаны сартылдайды...

... Амантай онда тоғызда еді. Ауылға үкілі бір акын келген. Аты жадында жок, сөзі, айтқан өлеңі күні бүгінге дейін есінде:

... Кемпіrbай... Бүкіл әлемге аты кеткен кәдуілгі Кемпіrbай акын әл үстінде жатыр... Айнала жұрт коршап алған. Солардың

ішінде жыра шықкан біреу бар. Ол да ақын, Әсет ақын. Ақын ақынның көнілін сұрай келген...

Бала құлағына құмбірлеп шықкан үкілі домбыра даусы келді.  
Ақын даусы келді:

... Кең тастап аяғымды алып жылдам,  
Жабының күнде озушы ем тұғырынан...

... Ақ боз ат аяғын жай тастап, ыттырына сүйрейді. Жердің шынырау теренінде жатқан тас көмір жарық дүниені көргісі келмейтін секілді. Тас-табан. Кайыс бау катты бұралған домбыра шегі. Бала аяғы тиғен сайын – дың-дың.

... Кеудемнен көк ала үйрек кош деп ұшты,  
Сол, шіркін, кәрі жоллас...

... Бала көзі жоғарыдан зырлап келе жатқан вагонеткага түсті. Ақ боз ат жалт берді. Бозамық сәуле... Алакандай тұнғиық аспан аунап, тәнкереіле берді. Амантайдың бар көргені осы. Салдырылғанда. Шайнаскан темір шынылы. Шынғырып ат кісінеді. Амантайдың бар естігенді осы...

Меніреу тұнек, жым-жырт...

## 25

Битабар... Ұшып келді ме, жүгіріп келді ме, білмейді. Көмір тиеген вагон рельстен шығып, ақ боз атты кабырғаға жаңыштап тастаған. Бос вагон екінші бетте. Ол да қалың жарды опыра сүзіп тұр. Амантай жок. Битабардың жуан даусы барлығып шықты:

– Амантай?! Балам-ау, тірімісін? Кайдасын?

Бозамық сәуле. Сығырайған шам жарығы жерге қадалған. Битабар сүзіп жүр... Еш жерде Амантай жок.

– Балам-ау, кайда кеттін, балам? Тірі болсан жаарар едін...

Шам жарығы жоғары көтеріліп, бос вагонетканың ішіне түсті. Амантай осында отыр. Басын вагонетка жактауына салып, бүгжиіп отыр. Шаршап, қалғып кеткен секілді.

– Калқам, Аманжан?

Амантай үндемейді. Битабар баланың мандайынан үстады. Сүп-сүық. Өн бойы мұздап журе берді. Калтыраған колымен көтеріп алды. Балада жан жок. Сол бойда ілгері жүрді. Алда ашық аспан. Артта қара тұнек шынырау шахта. Калың нөпір жұмысшы қолында өлеусіреп жанған шамдар... Сонау тереннен басталып, Битабарға тірелген. Шайқақтап, қозғалып Битабарға ілесіп келеді. Жок, көр каранғы тұнектен шырактап атаулыны Битабар сүйреп келеді.

... Аппак болып сөүле тарады. Кияда оқшырайып күн түр.

Балада жан жок. Дем жок. Сыртка шыккан кан да жок. Бар нәрсе – самай шекесінде көгерген дак. Бары сол.

Ылғаз түр. Сазарып, үнсіз түр. Эли түр, жылап түр. Десятник басын шайқап, едірейген мұртын басты. Левенштерн келді. Бас киімін алып, тағым етті.

Битабар иілген жок. Битабар жылаған да жок...

... Оқшырайып күн түр. Алыс қырқалар бұлышынғыртады. Бүркасын боран бар. Кыбырлап жұрт жүр. Дағырласады. Әлденелер айтысады.

Күн неге оқшыраяды? Алыс қырқалар неге бұлышынғыртады? Жұрт неге қыбырлайды? Түсінбейді. Дүние құбылышында түк мағына жок.

Левенштерн даусы естілді:

– Экесіне тартқан еңбеккор, адал бала еді. Қыршын кетті...

Әлдебір күй тартылды. Ашы, зарлы күй. Жүректі тырнайды.

Неге сөйлейді? Неге қаралы күй ойнайды?

Үйіліп бір уыс топырак қалды. Жұрт тараій бастады. Битабар үніліп түр. Көріп түр: Амантай биіктеп барады. Биіктеген сайын атысталп барады. Қөлбеп шығар сонау биіктеген алакандай көк аспан. Бала алды – жарық дүние...

Балуан алаканын жайды да, дірілдеген сақалын сипады. Тұра беріп, күшағын кен ашты. Жүріп келеді. Амантайын қөлденен сап көтеріп келеді. Эли бір жағында. Ылғаз екінші жағында. Сүйемелдейтін секілді. Неге сүйемелдейді? Өзі де көтере алады ғой бір баланы.

Құдай-ау, олай тасып, былай тасып, кайда апара жатыр осы Аманжанды?

Байқаса, Амантай жок, қолын бос көтеріп келеді. Аспан айнала берді, Битабар құлап түсті.

... Битабар тұрмады. Жата берді. Қөніл айттып үлкен келді. Қөніл айттып кіші келді. Дүниенің фәнилігін, жалғандығын айтады. Әдемі айтады: «Нокталы басқа бір өлім». Бәріміздің де барап жеріміз сол – піл сауырлы кара жердің сүйк бауыры... Әуел баста солай жазған... Жазмыштан озмыш жок...

Мұнын бәрін Битабар жақсы біледі. Жаттанды сез. Эйтеуір бір өлім барын кім білмейді. Оны айтқанмен Битабар қөніліндегі Амантай орны толар ма! Бар еді ғой Амантай. Бакыты, ырысы еді ғой Битабардын. Адыра қалған мына үй толып тұрушы еді ғой. Сәулеге толып тұратын. Құлкіге толып тұратын. Мінезге, сезімге, махаббатқа толып тұратын. Жок кой енді соның бірі де. Қанырап бос қалған қөнілді немен толтырады? Ертен өзінің де өлетінін ойлаумен бе? Жок, бос сөзуарлық бұл. Кызыл сез.

... Жұрт келіп жатыр. Жұрт кетіп жатыр. Жұрт сөйлеп жатыр. Битабар тыңдамайды. Битабар сөйлемейді, үндемейді. Битабар жылаған да жок. Үйіп тастаған топырак секілді... Мелшип жатыр.

Еміс-еміс білгіштер сөзі құлакқа келеді:

— Бұған Левенштерн кінәлі. Жас баланы шахтаға түсірді...

— Бұған десятник кінәлі. Жас баланы басқа штрекке ауыстырыды.

Битабар даусы:

— Жок, бұған кінәлі біреу-ак, ол — Битабардың өзі.

... Қарсы алдынан көлендеп Марья шыға келді.

— Кет! Қөзіме көрінбе, Мәриә! — Битабар, қалғып кеткен екен, шошып оянды.

Ылғаз отыр, Әли отыр. Сілеусін байғұс шошып кеткен. Битабарға дем салып жатыр:

— Астағыпралла-ай, Мәриәсы несі?.. Пәле-жалаңнан қағыс ете көр, күдая.

Әли баяғы мінезінен айнымаған. Әзілдейді.

— Мәриә бізге паек береді. Мәриә бізге жалуна береді. Мәриә — пайғамбардың анасы.

Битабар үндеген жок. Әлиді бауырына тартты. Кіп-кішкентай, Амантай секілді. Үп-ыстық мандайын Битабардың кеудесіне басты.

— Есінді жи, Битабар. Бір жығылсан тұрмайтын түйе секілді екенсін ғой. Белінді бекем бу да, түрегел. Терезеден күн түсті. Тұс ауып барады...

Терезе... Битабар көзін ашты. Күн сәулесі рас түсіп тұр. Үй іші самаладай нұрға толы. Битабарға деген маҳаббатқа толы.

Үй ішіндегілер абыржып қалды:

— Терезеден біреу өтті. Иван ба дедім.

— Ия, Левенштерннің дәп өзі.

Ауыз үйде әйел дауыстары:

— Биекен төргі үйде. Жоғары шық!

Левенштерннің қылтанаксызы басы көрінді. Жұрт ығыса бастады.

— Е, тамыр, бұл не жатыс?

Битабар басын көтерді. Левенштерн сөйлей берді:

— Мәскеуден, Алматыдан телеграмма: көмір бер! Ал көмір беретін Битабар он бес күн болды: үйде жатыр. Бала өлді. Рас. Бірақ көмір керек пе? Керек. Паек керек пе? Керек. Шай да керек. Нан да керек. Сол себепті жатпау да керек.

Битабар алғаш рет үн катты:

— Тамыр рас айтады, жата беруге болмайды.

Битабар кешігіп келді. Зал толып қалған. Сонау алыс сахнагы қызыл үстел басында көп адам. Танитыны – Левенштерн. Танитыны – Есім. Қазір ол машина жүргізбейді. Левенштерннің үстінен қарайтын бір қызметте. Трест дей ме, сондай бірдеме. Танитыны – ана бір орта бойлы пұшық сары. Кеше Битабар үйіне Левенштерн алғып келген.

Битабар теріс қарап жатқан еді. Өзінде қазір үлкен өзгеріс бар. Аз сөйлейді. Аз жүреді. Жұмыстан келсе-ак іргеге қарап жатып алтады. Ұзақ жатады. Ұзақ ойланады. Неше бір киялдар келеді. Солардың бәрінен де айқынырақ, бәрінен де көбірек елес беретіні – баласы. Үй дегені кен сахара болып кетеді. Битабар Амантайымен бірге жүреді. Сөйлесіп жүреді. Жұмыс істеп жүреді. Атка мінеді. Өғізге мінеді. Шөп шабады. Отын тасиды. Қызба жынын, қуреске түсіп жатады. Сонын бәрінде Амантай бар қасында. Екі слі калмайды. Екі елі калдырымайды... Осындай бір халде жаткан Битабар үйге бөтен біреулердін келгенін білді. Басын көтерді. Левенштерн мен осын пұшық сары.

– Бұл кісі танысамын деп келді, тамыр, – деді Левенштерн.

– Ал, таныс енше. – Өз тілін білетіндермен осылай батыл сөйлеседі. Жігіт сыйпай екен. Кек тұтпады. Қомейіне дейін көрсетіп, сакылдай күлді.

– Калай, мына Левенштерн жоллас ренжітпей ме?

– Құдай сақтасын, кісі өліп жатса да, кісі үстінен шағым айту легенді Битабар білген емес.

Жігіт, рас, елеңдеп қалды.

– Сөзіне қарағанда, ренжіткен болды ғой, Биеке?

– Не деп ренжітеді? Битабарда кол бар, аяқ бар. Қемірді бүркыратып шабады. Канша шап десе, сонша шабады. Битабар тірі пендені ренжітпейді. Сол себепті басқалар да Битабарды ренжітүге тиісті емес.

– Ә, жаксы онда. Атынды көп естуші ем. Қөргім келді соын. – Левенштернге қарады. – Қазактан шахтер шыкпайды деп көкүші еді кейбіреулері. Міне, нағыз шахтерлер осылар емес пе?

Левенштерн жымып қойды.

– Бұл – Левенштерннің еңбегі.

– Оның рас...

«Сөзіне қарағанда, Левенштерннен шені жоғарылау-ау, тегі» деп топшылады Есім. Сол шынға шыкты. Облыстын келген бастық екен. Батталқан ұлы Заманбек.... Битабарды жүрттап бұрын сол Заманбек көрді. Ұшып тұрып, дауыстай сөйледі:

— Битабар, бері шық. Бері, бері, мында. — Жұртты ысырып, өз касынан орын көрсетіп жатыр.

Сатыр-күтір орындықтар сыйырлады. Залдағылар түгел артқа бұрылды.

Битабар екі айттырған жок. Аяғында кара саннан келетін саптама етік. Қек барқытпен көмкерген байпағы одан да ұзын. Үстінде түйе жүн бешпент. Белінде күміс кіслі жалпақ белбеу. Қалың жұртты жарып барып, дайындалған орынға отырды. Заманбек түрегеліп, кос колдап амандасты. Левенштерн мен Есім де...

Левенштерн сөйтеді: Битабардың ұқканы – шахта жаксы. Жоспарын орындалы. Битабар жаксы. Жоспарын асыра орындалды...

... Зал да, адамдар да жоғалып кетті. Битабар шахтада жүр. Бұрқыратып көмір шауып жатыр. Амантай жүр. Жок, ат басына мініп жатыр... Жок, жарық дүниеге шығып барады... Жок, вагонетканы төнкеріп жатыр... Жок, емес-ау, рас... жүргені де рас. Атқа мініп жатқаны да рас. Жарық дүниеге беттегені де... Вагонетка төнкергені де. Бәрі де... бірақ бір сәтте, бір уақытта... Амантай біреу, екеу, үшеу болып көбейіп барады... Битабар шошып кетті... Караса, Заманбек сөйлем тұр.

Битабардың ұқканы – бұрын қазақ мал бақкан. Көшіп жүрген. Аздап егін де салған. Сонда да көшіп жүрген. Казір де мал бағады. Бірақ кетпейді. Бұрын қазакта жұмысшы болмаған. Казір жұмысшы бар. Жана тап құралды. Өкімет сол жұмысшының қолында. Сендердің қолдарында. Жана тап – жұмысшы табының маңдай алды өкілі мына Битабардың қолында.

«Менің қолымда ма?» — Битабар алаканын жайды.

Заманбек даусы:

— Көсеміміз Ленин осылай деп айткан!

Битабар көnlі дауалайын деді: «Ленин айтса, қалпы айтпауга тиісті». Жұртпен бірге дуылдатып қол сокты.

Жок, қол соккан жок, үйде отыр. Иманактың бауырында, киіз үйде. Амантай кіріп-шығып қараған тасып жүр. Жок, қараған тасып жүрген жок, тон жамылып үйіктап жатыр. Битабар енкейіп қарай берді. Астағыпиралла-ай, тон емес қой бұл. Үйілген топырак қой. Жас топырак... Битабарды біреу бүйірінен тұртқілеп жатыр: «Кабір, кабір...»

Соны айту үшін тұртқілеп жатыр ма?

Битабар бұрыла берді. Тұртіп отырған пұшық мұрын сары – Заманбек екен. Иегімен мінбені көрсетеді. Зал ду-ду. Енді түсінді: Битабарға сөз берілген... Битабар естімеген. Зал соған дуылда-сып жатыр: Битабар соңғы кезде өстіп естімейтін болып барады. Сап-саяу отырады. Сап-саяу жүріп келе жатады... Кенет бәрі де іріп жүре береді. Түсінбейді осы өзгерісті. Өзі түсінбеген соң өзге кайдан түсінсін.

— Шақта абыройлы болса, біз де абыройлы екенбіз. Абыройты болу үшін кирата жұмыс істеуіміз керек екен. Ал, жігіттер, аянбайык. Тас-талкан етіп көмірді шаба берейік. Ленин өкіметті бізге беріпті ғой. Біз енді өкіметке көмір берейік!

Өзі-өз болып Битабардың шешен сөйлегені. Шешіліп сөйлегені. Жұрт кол сокты. Үәде осы соғылған кол болды.

## 27

... Битабар өрлеп кетті. Кәсіподагының облыстық конференциясына делегат болып қатысты. Облыстық конференция өлкелік съезге делегаттар сыйлады. Сайланғанның бірі – Битабар.

... Кішкене жер үй. Карапандының жана вокзалы осы. Бетін солтүстікке түзеп поезд тұр. Онтүстікегі жана астана – Алматыға жүрмек. Онтүстікке тұра жол – солтүстік арқылы өтеді: Акмола... Көкшетау... Кызылжар... Омбы... Ноуайсібір... Семей... Алматы. Бұл жол алыс. Алыс болса да жақын.

Левенштерн келді.

- Ал, жолдастар, жайғасындар.
  - Е, Битабар қайда екен? Кешікті ғой.
  - Қазір поезд козғалады. Вагонға кіріндер деймін. – Левенштерннің даусы қатқыл.
  - Әлгі Битабар қалып қоятын болды-ау?
  - Битабар жүре алмайды...
  - Е, не болыпты жүре алмайтындей?
  - Көмір басып қалыпты...
  - Не дейді?! Тірі ме өзі?
  - Өлі-тірісін кім білсін, қазып алып, ауруханаға жөнелттік.
- Канғыр-күнгір темір дабыл қағылды. Екі иығынан дем алып тұрған паровоз ышқына бір айқайлап, козғала берді...

## 28

Битабар көзін ашты... Айнала аппак. Тәбе де, жаткан төсегі де. Шошып кетті де, көзін жұмды. Колын сермеді.

— Кет! Кет! Кет деймін.

Ынырып жылаған дауыс естілді. Сілеусіннің даусы.

«Ойпырым-ау, Сілеусін мұнда қалай келді?»

Біреу сыйырлай сейледі:

— Жана көзін ашты... Бері қарағаны бұл. Жылай берменіз енді... «Бұл не? Қайда жатыр? Тәбе неге аппак? Төсек ше?..»

Көзін кайта ашты. Басында Сілеусін отыр. Битабардың аузына су тамызып отыр.

- Мен кайда жатырмын? — деп сұрады Битабар.  
— Ауруханада жатырсын. Міне, бүгін үш күн...  
Есіне Левенштерн түсті.  
— Біздің тамыр кайда?  
— Алматыдан әлі келген жок.  
— Ә, ия, Алматыда сыйзда екен ғой. Эйтпесе неғып келмей жатыр деп ем...

29

Күндер жылжып өте берді... Битабар мықтылығынан ғана өлмей калыпты. Бөксеге енді-енді жан кіре бастады.

Битабар өз қадірін енді білгендей. Келген-кеткен адамда сан жоқ. Келмек болып кезекте тұрғандар одан да көп.

Құлдіріп Әли келді.

— Битабар балталаса да өлмейді. Оны біз білеміз. Бірак шонданайың сау ма, соны айтыш?

Битабар тура жауап бермейді:

— Жыланды үш кессе де кесірткедей кауметі бар деген...

Әли шын қуанады:

— Е, бәсе...

Кілт бұрылыс. Оқыс сұрап:

— Біздің тамыр кайда? Алматыдан келіп пе еді?

— Келген... Осында, қызметінде...

30

Күндер жылжып өте берді. Битабар балдакпен жүретін болды. Ылғаз келді. Буын бұрқыратып, бір табақ ет алғып келді.

— Келем дегендерді кезекке койыпты. Сүмдыш кой. Өлдікталдық дегенде колымыз зорға жетті ғой. Ал же! Майлы ет жесен ғана кетеріле аласын.

Битабар ойы басқада:

— Сыяз қалай өтті?

— Жақсы өтті, Битабар. Кім сөйлесе де сенің атын. Битабар...  
Битабар... Шахтамыз да сондай абыройлы екен. Мына сенің Ләүеншкерн тамырын да шаруаның түбін түсіретін кісі ғой деймін. Көп макталды.

— Ол тамыр кайда қазір?

— Жұмысында. Кеше бізге келіп кеткен. Бұрынғыдан да ширап. Айтары — партия сенімін, үкімет сенімін актамайтын шахтердің күны бір-ак тиын.

Битабардың сазып жүргегі ауырды: «Апыр-ау, тұрмеге келгенде, бәлніс киын болып па?! Неғып келмей жатыр?!»

Жегідей жеген осы ойдан құтылу үшін сөзді Битабар басқаға аударды:

— Алматы деген кандай кала екен?

— Жұмак дерсін. Біз барсак жып-жылы. Қар жок. Боран жок. Жел болмайды дейді. Қар дегенін жауады да еріп кетеді. Жауады да еріп кетеді. Жұрт шапаншан жүр. Ал біздің аяғымызда жуан коныш етік. Үстімізде тон. Басымызда тымак... Қемір қазғанда да дәл сондай терлемеген шығармын. Кара су боп жүресін. Жұрт саған окшырая, құле қарайды. Катты қыс болады, қақап боран соғады дегенді бірі түсінбейді.

Битабар көнілденеійін деді:

— Апыр-ай, ә!

— Құдай-ау, алма дегенді естігеніміз болмаса кім көрген... Базарына барып ек... Тұнып тұр, қып-қызыл. Әрбіреуі кісінің ба-сындай.

— Тәтті бола ма екен?

— Тәтті болғанда тілінді үйіреді... Бірақ кенеуі жок па деймін, канша жесен де әлгіндей болмай жүрегің қарайады.

— Е, канша дегенмен көртіп жейтін қазы-қартага не жетсін, — деді Битабар.

— Онын рас. Рас айтасын, Битабар. Қазы-қартаның садағасы да...

Битабар қарқылдал, рақаттана күлді.

### 31

Күндер жылжып өтіп жатыр...

Битабар балдаққа сүйеніп, терезе алдына келді. Бір-біріне мінгескен тоқал үйлердін арасы ашылып қалған. Үй қапталында, көленкелі жерде гана қар бар. Бірақ көшеде қылтанақ жок. Кирышық тастар. Шалшық су. Арба ізі... Саздауытта адам іздері... Бір үйдің мандайшасына сырық ілінген. Басында кішкене жәшік. Колдан жасалған бұтакшаға екі қараторғай кеп конды. Битабар ұзак қарады. Қараторғайлар ұшып-конып, ұзак отырды. Битабар құлағын терезеге төседі. Тұқ естілмейді... Неге естілмейді? Неліктен қараторғай ән салмайды? Битабар қараторғай шырылын сондай сағынып кетті.

Балдағын көтере берді де, ұшымен терезені тұртіп қалды. Шынын саудыр етіп жерге түсті.

Ен алдымен, қүйген конырсық иіс келді. Жел шахта жактан екен. Содан кейін қараторғайдың шырылы. Битабар мұрнын басты да, құлағын әнге тосты...

Аурулар шулап жатыр.

— Терезе кирады. Терезе... Ал өлдік енді...

Жұғіріп дәрігер келді:

— Ойбай-ау, мұныныз не, Биеке?

— Бәлнісінде жата-жата тойдым, шырағым. Үйге шығарындаршы.

32

Күндер жылжып өтіп жатыр. Битабар үйіне шықты. Балдақ-пен қош айтысқан. Ендігі жолдасы – таяқ. Далаға өз бетімен шыға алады. Үйге өз бетімен кіре алады. Дүниенін зор бакыты өз бетінмен далаға шығып, өз бетінмен үйге кіру екен ғой. Битабар ашқан тағы бір жаналық.

Жұрт баяғыдай, көніл сұрап келіп-кетіп жатыр. Битабар да баяғыдай.

— Катын, тұр, шәй кой...

— Катын, шейінді жақсылап құй...

— Катын, майынды әкел.

Сілеусін туралап карсылық жасамайды.

— Әлгі дүкенші бір ит болып шықты...

— Е, неғып? Мактап жүрмеуші ме едін ылғи?

— Сен ауырғаннан бері өзгеріп кетті. Паекты дұрыстап бермейді.

Битабардың есіне Левенштерн түсті. Даусы бүгінгідей кулағында:

— Жалакынды алдың ба?

— Алдық, тамыр.

— Паектарынды ше?

— Оны да алып жатырмыз...

— Паекты молырак жазғам...

Паек молырак жазылған сон, дүкенші молырак босатты...

«Енді аз босатуында бір гәп бар емес пе екен?»

Битабар кисандап шахта кенсесіне келді. Баяғы таныс бөлме алдында баяғы жас қыз.

— Кызым, Битабар келіп отыр деп айт.

Кыз кабинетке кіріп қайта шықты:

— Казір кабылдайды. Күте тұрыныз.

Кабырға сағаты бір тынбайды: шық-шық... шық-шық... Битабар ұзак қарап отырды: «Сағаттың шықылдағы емес ермек». Қайдан естілді? Кастан естіді? Жадында жок. Кім айтса да, рас-ау. Әркім әр киле карекет үстінде: егін салады, мал бағады... көмір шабады, машина айдайды. Тек Битабарғана сағат шықылдағын ермек етіп, есік күзетіп отырган...

Талайлар кіріп жатыр, талайлар шығып жатыр. Есікке дамыл жок. Битабар әлі отыр. Сағат тілі шық-шық. Кет деген ешкім жок.

Кел дейтін де бір пенде табылар емес. Сондай үлкен Битабар сондай елеусіз..

Кызы – жақсы бала. Битабар күйизелісін сезіп қалғандай.

– Иван Иванович жұмысбасты ғой. Сізді ұмытып кетті ме деймін, – деп кабинетке кірді де, қайта шыкты.

– Жүрініз.

Битабар кіріп келеді. Көзіне ен алдымен, қолын созып тұрган Ленин тұсті. Қесемге караган сол қалпы бір-екі аттап барып отыра кетті. Левенштерн сонау алыста қалды.

– Е, тамыр, бері жақында...

Битабар бала емес, біледі: бұрынғы жылдылық жок. Айтып жатканы жай сыпайылық.

– Битабарға осы ара да жарайды. Қөп жүрсе аяғы ауырады.

Битабар өз орнында отырып қалды. Левенштерн де қозғалған жок.

– Пенсия тағайындааттырғам. Естіген шығарсын?

– Битабардың ата-бабасы пенсия алып көрген емес. Битабар да алмайды...

Левенштерн үндемеді. Битабар да тым-тырыс отырып қалды. Мұнда да қабырға сағаты бар екен: шық-шық... жоқ, сағаттың шықылдағы ермек екен. Жауп күткен Битабар ермек етіп отыр. Көзі Ленинге тұсті. Қызық: Ленин қолын созған қалпы түп-турға Битабарға қарап тұр. Ана жолы келгенде де өстіп жылдылық нұрын сеуіп қарап тұрды-ау. Қалай аңғармаған десенші.

Левенштерн шыдамады білем, тіл қатты:

– Ал сонда не шаруа?..

– Бір сұрағым бар, тамыр.

– Айта бер...

– Битабар бәлністе табаны қүректей екі ай жатты. Аурудың көнілін сұрап бір рет болса да неге келмедін?

– Жұмыс көп, тамыр. Науқан... Қемірді көп шығар дейді жоғарғы жақ. Шығармасаң орныннан алып тастаймыз дейді.

Окыс, құрт бұрылыс:

– Ана, Ленин қесем не деп тұр?

Левенштерн жанып кетті:

– Қемірді көп беріндер. Эр шахтер жоспарын асыра орында-сын! – деп тұр.

– Мандай алды деп макталған шахтер жарапанып қалса, қасына жолама, халін сұрама деп те тұрган шығар?..

Сасқаны ма, неге екені белгісіз, Левенштерн артына мол бұрылып, Ленинге карады.

– Жоқ, қарағын келсе, мына тұска келіп, алыстан кара! Аңдағы жерден көре алмайсын. – Битабар осыны айтты да, аксан-дай басып шыға берді.

— Ау, тамыр, токта!  
— Жок, тамыр енді токтамайды...  
Есік каттырак жабылды...

33

Битабар тоқтамады. Таякка сүйеніп жүріп келеді. Қайда ба-  
рарын өзі де білмейді, сонда да жүріп келеді. Шахта да, үйлер де  
алыста қалды. Айнала жап-жазық. Қып-кызыл. Жап-жасыл.  
Құлпырып көк шыккан. Құлпырып бәйшешек гүл жарған...  
Жұпар іісі анкиды: дала іісі. Бусанған жер іісі... гүл іісі. Ту-  
ған жер — Иманак баурайының іісі. Битабар мас болды. Иіске  
мас. Шалкалап жата кетті. Аяқ-қолды шалкалап жазып жіберді.  
Аспан сондай тұнғиық. Мәп-мәлдір. Үн-тұнсіз қаракүс қалық-  
тайды. Әртінде, мәлдір аспанның нақ тұнғиық түбінде Иманак  
тауын бетке алып кішкене... нокаттар кетіп барады. Тырналар.  
Сондай алыста, бірақ сондай жақын... Битабар қалкалап құла-  
ғын тосты.

— Ты-рау!.. Ты-ррр-ау!.. — Кикулап барады.

Битабардың көзіне жас іркілді: дүние сондай жып-жылы...  
Дүние сондай ып-ыстық. Өн бойы шымырлады...

Кыс қыспағын көріп шыккан Битабар туған жерді ансады...  
Еркіндікті, кендікті ансады...

... Құн батты. Імьырт үйірілді. Мәп-мәлдір, тұп-тұнғиық аспанда  
сансыз жұлдыздар жымындаиды. Солтүстіктен онтүстікке тарты-  
лып күс жолы жатыр. Сайрап жатыр. Өткен жылғы күзде онтүстіктен  
солтүстікке карай жаткан секілді еді. Енді солтүстіктен онтүстікке...

Бала кезгі аныз әлі есте: жыл құсы көктемде осы жолмен ке-  
леді. Жыл құсы күзде осы жолмен кайтады. Бұл жолдын «Құс  
жолы» деп аталуы да содан. Жыл құсынын адаспайтыны да сол  
өз жолы — құс жолы болғандыктан...

Битабар ұшып тұрды. Жүріп келеді. Шұнкиіп шахта коқысы  
артта қалды. Битабар таяғын демеу етіп, адымдай түсті. Қарайып  
екеу көрінді. Бірден танышы. Ылғаз бен Эли.

— Е, Битабармысын? Неғып жүрсін? Бала кезде өстіп қызды  
ауылды қырындаушылар болушы еді. Жігітшілік құрудын кай  
жағындасын? — Екеуі жамыраса күлді.

Битабар құрсініп алды.

— Мына коқыстың конырсыған іісін-ай, былайырак шығай-  
ыкшы.

Террикон алыстап қалды..

Битабар оқыс аспанға қарады. Құс жолы құлпырып, сайрап  
жатыр.

— Ау, ағайындар, бір сөз айтсам не дейсіндер?

Әли бұрынырақ үн қатты:

— Айтып көр...

— Ата-бабамыздың кесібі бұл емес кой. Тастандар, елге кетейік.

Ұсыныс соншалықты оқыс болғандықтан Әли де, Ылғаз да үндемей қалды.

— Ел де қазір түзеліпті. Колхоздасып, отырықшы орын теуіп жатыр дейді.

Ылғаз айтты:

— Шахтаны тастап ешқайда енді кетпеймін мен.

Әли де қосарланды.

— Қалай десен де, өндірістің аты өндіріс, Битабар. Ауылда тұдым, ауылда ержеттім. Не көрдім? Не мұратка жеттім? Түк те көргенім жок. Түк мұратка да жеткенім жок. Ең соны балаларды дұрыс оқытсам да көз ашуға кала жаксы, шахта жаксы.

— Ал жаксы онда, туғандар, сау болындар. Жолымыз бөлек-бөлек екен. Зорлағанмен түк те шықлады, — деп балуан кош айтысты.

... Битабар үйге келіп Сілеусінді ертті де, құс жолын бағытқа атып жүріп кетті...

## Кілт

1950 жыл. 6 наурыз. Салт атты екеуміз. Шәмішкен — осы ауданның комсомол басшысы. Әлиге ұксайды. Кішкене, қуакы. Шәмішкенге карағанда мен, құдайға шүкір, қадуілгі Битабар секілдімін. Сарысу әлі түспепті. Бірақ мұз бетіне қызыл су жүгіре бастаған. Кесіп өттік. Жол өзекшені өрлей салды. Битабардың баяғы өгіз баккан, Левенштерннің машинасын көтерген өзекшесі болуға тиісті. Аян бүлкек. Аттар қыстан қажып шықкан. Жол жаман. Жүріп келеміз. Бетіміз — Иманак тауы, тау етегіндегі «Бірлік» колхозы. Өрге шыктық. Алдымызда қарайып, қалқайып біреу көрінді. Түйелі адам секілді. Таудай. Қарай-қарай көзім талды. Жок, түйе емес, ат екен астындағысы. Аяңдан барады. Біз бүлкектеп келеміз. Арамыз жақындай берді. Қарап келем, санап келем: біз жеткенше жалп етіп үш құлады. Құлайды. Атын түрғызып алады да, қайта мінеді. Шәмішкен құледі:

— Сафуан, сен біз мінген атты арық дейсін. Тәуба. Ана алға кара. Көтерем ғой мінгені...

— Тәuba болса, тәuba-ақ болсын. Бәйгеге косып жаткам жок. Қалқақтап барап жерге жетсек жарап-дағы.

Куып жеттік. Өзіме-өзім сенбейтіндеймін. Көтерем дегеніміз оқтаудай жұмыр, семіз торы құнан. Ауыздығын шайнап, алы-

сып келеді. Бірақ көзім құнаннан гөрі жолаушының нак өзіне түсті. Аяғы салбырап кеткен. Жер сыйады. Нык отырған бойы құнандай үш есе бар. Торы құнан екі шелек су көтерген он жасар қызы бала секілді, бұралан-бұралан етеді. Жұмсак карға аяғын тығып алса бітті, омақасады. Жолаушы құламайды. Салақтаған аяғымен жер тіреп тұра қалады да, аттың басын аттап ілгері шығады. Кәдуілті жыққан балуанның жығылғанның басын аттап, күш алғаны секілді. Тұмысымда мұндай ірі кісіні кездестірген емен.

— Ассалаумагалайкөм!

Карт ернін кимылдатты. Шемішкен қағытып жатыр:

— Аксакал, бұл не, көтерем мініп?..

— О, ит, семізін сонда ана астындағы ма?

Шемішкен мәз. Шемішкенге қосылып мен де мәз. Ілгерілеп кеттік.

— Шемішкен, бұл кісі кім?

— Жай, осы жердің бір аксақалы ғой...

Мен казбалаған жокпын.

\* \* \*

Иманақ тауы аласа ғана төбе екен. «Бірлік» колхозы шаруасы жұтандau, жетпіс-сексен ғана үй.

Біз Жұмаділда аксақалдың үйіндеміз. Жетпістен аскан карт адам. Үлкен әйел баласы – Ақажан. Осы колхоздың председателі. Екіншісі – Асан. Карагандыда педагогика институтының сонғы курсында.

Ақажан алыс қыстаулардағы маңды аралап кетіпті. Мал мен жанға наурыз қызын ай. Шаруа адамы үйде отыра алмайды.

Шай келді. Үйдің үлкен қонағы болғандықтан мен төрде отырымын. Сол жақта Жұмаділда карт. Оң колда Шемішкен. Одан әрі байсалды ақ сары жігіт – Қазыкен. Колхоз есепшісі. Ақажан жок болған сон, үй иесінің қызметін аткарып отыр.

Әңгіме такырыбы әр қылы: мал жайы, жан жайы... Көктем, егіс... бірақ киыспайды. Өйткені, менін есіл-дертім жолда кездестірген карт жайы.

... Есік ашылды. Бірден таныдым, нак өзі. Бүкіл ауыз үйді толтырып кіріп келеді...

Сасқаным ба, жә болмаса, қалай кездестірем деп күткенім бе, ұшып түрегелдім.

Жұмаділда карт белгі жасады.

— Отыра бер, шырағым. Ол – осы үйдің өз кісісі.

— Осы Жұмекен аксақалдың інісі, – деп қойды Қазыкен.

Дегенмен Шәмішкенге қарай ысырыла отырды.

Жұмекен інісі жайғасып жатыр... Дастарқан кейін жылжылы. Баяғы Балуан Шолак артында қалған құдды Битабар секілдімін. Мұлде сыртта қалдым. Жұмекеннің інісі Жұмекеннің озіне қарай ойыса отырып, малдасын құрды. Екі тізе екі жақта – Жұмекен алдында бір өркеш, менің алдымға бір өркеш. Шай келді. Түйе алақанға шай табақ сұнгіп кетті. Кіп-кішкентай. Балалардың ойыншық табағы секілді.

«Түрі жат бұл кім болды екен?»

Ешкім тіс жарып ештеңе демейді. Өзіне сұрап берсем, қыска кайырады.

– Осы Атасуда тұрам... Баллар ма?.. Құдайға шүкір, бар баллар... – Бары осы.

Көнілім құлап, тым құмартып отырғанымды Шәмішкен де, Қазықен де байқаған: аксақал, ананы айтшы, аксақал, мынаны айтшы...

Ақсақал мынқ етпейді.

– Ә, өтіп кеткен дүниелер ғой...

Калай сөйлемет? Кілті кайда?

Дастарқан жылды. Жұмадіңда карттың інісі далаға шығып келді де, алдына бір орамалды жая сап, намаз оки бастады: аузын жыбырлатып біраз тұрады да, тізесін бүгіп, сәждеге басын тиғізеді. Сондай құлқілі. Дұрс-дұрс... Еден сыйыр-сыйыр етеді.

Ойыма бір кұлық кірді:

– Ақсақал, намазды көптен оқисыз ба?

– Ә, жас ұлғайған соң.

– Рұқсат етсөніз, бір сауалым бар.

– Ә, рұқсат.

– Құранда, «Баһыраи сүре» деген сүре бар. Қазақша бұл «Сиыр туралы тарау» деген сез. Сиырдың құранда не шаруасы болды екен?

Ақсақал ойланып, сәл отырды.

– Соныңды ит білсін бе?

Біз жабыла құлдік. Өзі де езу тартты. Содан соң маған тура-лап қарады.

– Бұл қай бала?

– Газеттен. Тілші.

Карияның сыр сандығын ашатын кілт осы бір штрих болды. Сөйлеп кетті...

Күн сөйлестік. Тұн сөйлестік...

– Биеке, бір сұрап бар.

– Құлағым сенде.

– Содан кейін не істедіңіз?

- Тура колхозға келдім. Мүше болдым.
- Бір адамға өкпелеп, шахтадан кеткенініз қалай?
- Биекен біраз ойланып қалды. Тура жауап бермеді.
- Шахтадан кеткеніммен елге келіп «шахта жақсы, шахтаға барындар!» деп үгіт жұргіздім...
- Қайратыңыз қалай? Қайтқан жок па?
- Қайратым бар әлі де. Бірак тізем шыдамайды... Тізем шыда-са, атан түйені әлі де көтере алам ғой деймін...
- ... Битабармен мен осылай кездестім.
- ... Битабармен мен осылай коштастым...

\* \* \*

Битабар кейін сексенге жақындалп барып қайтыс болды. Зира-ты сол Иманақ бауырында. Мойнында баяғы тұмар: «Күрес те өнердің бір төресі. Мал табар онай кәсіпке айналдыра көрме!» Баяғы Балуан Шолак сөзі. Балуан Шолак сөзін Битабар алпыс жыл тұмар етіп мойнына тағып жүріпті...

Иманақ бауырында қазір «Бірлік» атты колхоз жок. Сол «Бір-лік» құралпы бес-алты көпей колхоздар бірігіп, дөкей совхоз күрған. Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз. Сәкен аты тегін койыл-маған. Бұл — Сәкеннің туған жері. Иманақ — Сәкеннің шыққан тауы.

Битабар — Сәкеннің аталас ағасы.

Ел ішіне аты кеткен балуан Сәкенмен де бірге жүрген болар. Иманакқа да Сәкенмен бірге талай-талай шыққан болар. Бірак, амал канша, мен онда Сәкен туралы сұрай алмадым. Сөзге саран Битабар өз бетінше айткан жок...

1969 жыл, Алматы.

## ИТ АШУЫ

### Бірінші тарау

#### Айқас

1

Айналасын баракы тау қоршаған қан жайлау бүгін сондай бұлдыңыры. Ұлпа мұнар дым бүркіп тұр. Шүйгін жайылымды еркін тестеп, шайлышкан кой отары өрістен ерте оралған. Женіл қалқан тал шарбакта бырт-бырт қүйсеп, жайбаракат үйлығысады. Какпа алдында, бетін үй жакқа беріп, ақ тұмсық кара ит жатыр. Көзі есікте. Құнде далада, жерошакта лаулап жанатын от бүгін киіз үйге, темір пешке кеткен. Әлде қызылсырады, әлде қадірлі бір конак келеді, қайтсе де үй иесі келе салып бір токтыны алып үрған еді. Қазір қазанда бұлқ-бұлқ ет қайнап жатыр. Кой жактан шығатын үйреншікті шуаш иісіне араласып, жас сорпа иісі мұрынды қытықтайды. Бірақ ақ тұмсық кара ит токмейіл, сел-сок. Әлгінде ішек-қарын тазалаған кезде үй иесі комакты бір кан-жынды «енбек сенікі, мә, Марғай!» деп лактырып тастаған.

«Марғай» дегеннің мағынасын қара ит түсіне бермейді. Әйтеуір күшік кезінен бастап құлағында осы сөз: «Марғай. Марғай! Қек-кә-кә!», «Марғай, Марғай! Мә-мә-мә!» «Марғай, Марғай! Айт-айт!» Не бермесін, кайда жұмсамасын, әйтеуір «Марғауыз» рет жоқ. Содан барып осы сөз ақ тұмсық кара иттің құлағына сіңіп кеткен. «Марғай» деді, бітті, қүйрығын бұлғандатып, атып тұра келеді. Ит көзінде сұрау: «Кәне, не берейін деп едін? Кане, кайда айтқаттайын деп едін?»

Осы үйдегі жандардың бәрінде де осы секілді өз үлесіне тиесілі бірді-екілі аттары бар. Мәселен: үй иесі – селдір мұрт, енкіштеу келген, ашан қара кісіні сырттан келгендер «Лезбай» немесе «Леке» деп шақырады. Ал үй иесінің әйелі болса: «Әй», «Әй», «Әлгі» деп немесе қөnlі түскенде «біздің үйдің кісісі» деп атайды. Балалар жөні бір басқа: жыласа да, қуанса да – «әке, әке!». «Әке» – Марғауға сондай жылы. «Әкелеген» бала даусын кейде «кәкәлеген» екен деп атып тұратыны да бар.

Бұл үйде бала саны үшеу: ұлкени – Канат, әлдекашан оқу бітіріп, әйел алып, бөлек үй болып кеткен. Қазір Алматыда әлдебір ғылыми институтта әжептәуір іс басында. Одан кейінгілері – Да-быр, Адыр – тым жас балалар. Канат пен бұлардың арасында талай нөресте болды деседі, бірақ бірде-бірі тұркітамапты, туа өле берген. Кейде Лезбай кажыған бір сәтінде: «Канат болса, жайына кетті, қалғандары жас, Қошеним мен Есенім тірі болса бүйтіп

жалғыздық көрмеген болар едім ғой. Әйтеуір жанға медет, сен барсың» деп Марғаудын басынан сипалағанын ақ тұмсық кара ит талай көрген. Қанат, шынында да, алыста жүрсе керек, ай арапатып қана келіп кетеді. Ал қалған екеуі қашанда Марғау алдында. Содан ба кім білсін, әйтеуір ақ тұмсық кара ит оларға еркін. Бала қолындағы нан, май, дәмді сүйекті алғысы келсе, іркілмейді. Бергісі келмеген бала пиғылы сезілсе, ырылдайды: «Ыр-р-р!» Бұл ырылды балалар өздерінше түсінеді де, бірден көнеді. «Әне, «Дабыррр!» деп түр». «Жок, мені емес, «Адыр» деп сені шакырған секілді» деп таласа келіп, қолындағыларын лактырысады.

Үй иесінің әйелі – ұзын бойлы, тарамыс денелі, әдемі ақ сүр келіншек – Ұмындық. Жұртпен жылы сейлесетін, ойнакы, сыйнық мінездің кісісі. Ұмындықтың әсіресе көзі керемет. Иек бітімі дөңгеленіп келген ат жакты өніне кейде теренде жаткан алыс бір күлкінің ізін білдіріп, үлкен қара көзін төңкеріп тастайтыны бар. Бұл сикырлы құбылыстың ар жағы немен тынарын Марғау жаксы түйсінеді. Даладан шаршап келген Лезбай болса, тез жадырап, әйелінің арқасынан қағады. Әлденеге айқайлап, аптыға келген біреу болса, әп-сәтте өзгереді де аттан түседі, үйге беттейді. Ал бұл үйге енген адамның қабак шытып, реніш білдіріп шыкқанын ақ тұмсық кара иттін байқаған кезі болған емес. Содан болса керек, Марғау көбіне келген адамды аттан жұлып алардай аба-лап карсы алғанымен, кетер адамды үрмей, сол жаткан күйі қапысыз бақылап, көзімен ұзатып салады.

Бір қызығы, осы үйдегі үш баланын екеуі «Ұмындық» деп оның атын атайды. Тек ен кішкенесі Адыр ғана «тәтелеп» шакырады. Себебі, Ұмындық бұларға өтей шеше. Туған ана Айған арғы жылдың күзінде дүние салған. Содан кейін кешікpledі, осы үйге Ұмындық келіп түсті. Түсе салысымен үй ішінің шаңын қакты. Айғаннан қалған тессек-орынды тасып далага шығарды да, әлдебір жакқа жөнелтті. Әлдебір жактан қызылды-жасылды тессек орындарды әкеліп үйге енгізді. Жөнелтілген тессек орында кісі иісі, кір иісі бүркүраса, мына келген дуниеде Марғау тұмсығына жат басқа бір иістер бүркүрайды. Осыдан кейін ит құлағы: «Әйел болса Ұмындықтай болсын. Үй ішіне қыл жұқтырмайды. Өзінен тумаған балалардың үсті-басын карашы, кіршік жок, тұянадай. Тумаған деуге аузын бармайды тіпті» деген сөздерді жи шалып калатын болды. Әрине, бұл сөздердің мағынасын Марғау түсіне бермейді. Бірақ жұрт ықыласының дұрыстығын жадыранқы қабактан танитыны айдан анық.

Тағы бір жаналық – ендігі келетін адамдардың түрі де өзгеше: бұрынғы Айған бардағы қаба сакал шалдар мен басына ақ жауалық салған кемпірлер сиреп, олардың орнын Марғау көрме-

ген шолак жен, қысқа етек біреулер келіп басты. Күн демейді, тұн демейді, тіпті Лезбайдың бар-жоғы да есеп емес, келіп жатады, кетіп жатады. Марғау бұларға күн бүгінге дейін көндіге алмай жүр. Алдарынан арпылдай шығады да, көлденендең тұрып алады. Мұндайда үйдегілердің бірі араға түсіп: «Әй, Марғау, кет былай!» деп қарғысынан ұстамаса, ит алды катты, кімінді болсын сескентпей коймайды. Ондайда Ұмындық бәйек болып:

— Ана итті байла, біреу-міреуді қауып алып жүрер, — деп ескертіп жатканы үнемі.

Бұрын Айған барда Марғаудың кей-кейде үйге кіріп, табалдырықта жататын әдеті болушы еді. Енді ол еркелік алыстап кеткен секілді.

— Үйге ит кірді деген не сүмдыш, ыдысты арамдайды, бар, шығар, — деп бұйырады Ұмындық.

Бірак үй иесі самарқау:

— Осы үйдің қара табаны әуелі мен, содан кейін мына Марғау. Кайтесін, жата берсін.

Лезбай осылай жылы сөйлеген соң Марғау алдыңғы екі аяғын созады да, тұмсығын жерге тәсеп, досына жылы, қасына сондай қаһарлы қызыл көзімен үй ішіндегі құбылысты тамыршыша капысыз бағып жата береді.

Ұмындық кескініне үйреншікті алыс күлкінің ізін жинайды да, үлкен көзін тәнкере қарап:

— Ау, біздің үйдің кісісі, мен сізге не айтып отырмын, әлде естігініз келмей ме? Олай болса, мен кетейін, — деп сыпайы дауыспен ауыр салмақ тастайды.

Лезбайдың дымын құртатын осы бір қылыш. Сәл қабағын шытып:

— Жә, жә, сен кеткенше, ит кетсін, — деп арбиған қолымен көзіне түскен дәмді комактап алады да, Марғауға лактырады. — Бар, Марғау, далаға шық. Кешікпей сонындан мен де жетем.

Лезбай мен Марғау достығы осындей.

Обалы нешік, Марғауды жек көресін деп Ұмындықты жазғыра қою да киын. Үйге кіргізбесе, өзінше тазалық-тәртіппі жаксы көргендігі ғана. Эйтпесе, шопан тірлігінде Марғау еңбегінің кандай екенін Ұмындық жаксы біледі. Әрі бағалайды да. Ерте демей, кеш демей әмәнда кадағалап, тамак салып жүретіні де содан. Басқа бір жакка конакқа барып келгенде де бірінші сұрағы: «Итке тамақ салдындар ма?» Қолы тимей жаткан кезде де: «Әй, балалар, Марғау ашықты ғой, итаяғына ас күя салындаршы» деп камкорлық көрсетіп жатқаны. Ұмындық әсіресе Лезбай жок кезде ұқыпты. Мал кайырып жүргенде әлсін-әлі «қәкәлап», әлсін-әлі айтқатап қасынан шығармайды. Марғау ықыласы да соған

орай. Рас, Лезбайға жасайтын еркелігін көрсетпейді оған. Соңда да: «Кәне, не қызмет жасайын, айтшы! Кәне, кай жауыннан арашалап алайын, айтакташы!» дегенді танытып, Ұмсындық алдында біршама жерде құйрығын анда-санда бір козғап койып, көзін қадап жататыны бар. Бір ретте шопан үйіне үш-төрт қонақ келді. Соның бірі Лезбайдын құрдастырын танытып, Айғанды әурелеп, ойнайтын. Сол дағдысымен енді: «Әзім болмасам, Лезбайда не қауқар қалды дейсін, кел бері» деп Айған орнын басқан Ұмсындықты құшактай берем дегенде, тыныш жаткан Марғау атылып келіп, жарып тастай жаздаған еді. Тіпті Лезбайдын өзі арапасып: «Марғау, кет былай! Ұмсындыққа келген жау жок» дегеніне де басылмай, жұрт тарқағанша арсылдап, төніректі азан-казан етіп жіберген-ди. Содан бері біреу-міреу келе калса, зәрекет болып қалған Ұмсындық елден бұрын мазасыздынып: «Ана итті байландаршы!» деп жатканы қашанда.

Лезбай анау айткан алда жүрмесе де, өз ісіне үстамды, тынғылдықты шопан. Жыл арапатып бәйге де алатыны бар. Бірақ ауызға көп іліге бермейді. Ауызға ілігу үшін көзге түсу керек, көзге түсу үшін әкім-карапардың тілін тауып, ығынан жұру керек. Шынын айтканда, Лезбайдын бұл өнерге қыры жок. Іздел келгендері болса, карсы алады, дегенін істейді. Бірақ өзі іздел барып, ешкімге колка салмайды. Ерінеді. Айған марқұм: «Өйтпелін, бүйтпелін, барып сөйлеспейсін бе, айтпайсың ба түсіндір!» деп қынқылдай беретін. Ондайда Лезбай жауабы келте:

— Тайға таңба басқандай айқын нәрсе, қайталап жатудын кажеті канша, өздері де білмей ме?

— Өй, жазған-ай, өздері біледі деп жүріп талай үлесіннен макұрым қалып келесін ғой.

— Неден макұрым қалыпты? Бәрі де орнында.

Айған да таласып болмайды:

— Эне, ана Бұзаубайдын көрсеткіші сенен артық емес еді. Соңда да макталынып жүрген жок па??!

— Откен жылы бізге де бәйге тиғен. Ана керегеде ілулі тұрған қызыл кілем сондағы сыйлыкка келген дүние.

— Калай алғаныңды білем, «бұл Лезбайдын өзіне емес, итіне берілген сыйлық» деп Қарғабектін жар салғаны да есімде.

— Ішкен адам не демейді.

— Ішсе де ішіндеңгісін айтады.

Іс беті теренге тартқанда Лезбайдын жығыла салатын әдеті:

— Тіпті Қарғабек дұрысын айтады. Ол бәйгеде ит үлесінін бары рас.

Ерлі-зайыптылар арасында бұл жиі қайталанатын сауалдар.

Жөне бір кызығы, осында Лезбай әнгімені Айғанға емес, итіне қарап отырып айтады. Содан болса керек, Марғай сөз төркінін шигаратын секілді, «мактағанына ризамын» дегенді танытып, күйірғының бұлғандатып қояды.

Марғай ел ішінде лакапқа айналып бара жаткан ит. Сол себепті, оны қалауышылар қөп. Тіпті: «Бұзаулы сиыр берейін, итінді сат» дегендер де табылған. Лезбай, бірак баспайды.

— Не қаласандар да берейін, жалғыз-ак итім мен қатынызды колкаламасандар болғаны. Көнілдерін қалады.

Лезбай сөзінін жаңы бар. Марғау бұл өнірде мүлде бөлек жаралған хайуан. Жазды құні осы бір қан жайлауда талай ел токайласып, талай иттің басы қосылады. Тіпті кейбір еріккендердің ит галасын қызықтайтыны да бар. Соңдайда Марғау алдына ит баласы түсे алмайды. Қандай бір арылдай, жұлқынып тұрган төбеттердің өзі Марғауды көрсө бітті, екі-үш рет айналып, әр жерін бір иіскейді де, басылып қалады. Ал Марғау болса, «өзара ырылласып, таласатындан не болды осы сендерге, алыска қарандар!» легендей мойнын ілгері созып, манқынып тұрып алады. Оның осы бір тұрысын түсінбеген төрт аякты бір туысы табыла калса, Марғау ауыз салмайды, артқы аяғымен бір-екі рет жер тарпып, топырак лактырады да, жакында беріп, кеудесімен соғып жібереді. Ана тентекке осы да жеткілікті. «Өзіме де осы керек еді, сазайымды тарттым» дегендей күйірғының қысып алады да, жымып отырады.

Мұндайда Лезбай даусы көтерінкі.

- Экел, бәйгемді беріндер!
- Иттер таласқан жок, бәйгені қалай алмаксын?
- Итің екі аунап тұрды. Ол аз ба саған?..
- Өй, сенін итінде бір сикыр бар. Таласам деп келмейді.
- Лезбай мәз болып, қарқылдан күледі.
- Менің итім ит алмайды, каскыр алады...

Міне, Лезбай иті осындаидай.

... Кенет Марғау тұмсығын көтерді. Әлгі бір таныс істерге араласып, басқа бір жат іс келетіндей.

Ит тұмсығын жел жакқа бұрып, ұлып басылды. «Сактанындар, бір сүмдүк жаман ііс жакындаш келеді» дегені. Денесі тұршікті. Бүкіл орамды бензин іісі алып барады. Марғаудың жек көретін іісі.

Ит қарғып тұрды. Бетін жол жакқа беріп, екі-үш дүркін дүнк-дүнк етіп үріп қойды. Бұл оның «манайға жоламандар! Мұнда мен бармын» дегені.

Бірақ бұл үрісті үйдегілер өзінше түсінсе керек.

— Ит үрді, келген болар? — деп Лезбай, оның сонынан Ұмсындық жүгіре шыкты.

Осы кезде, төмөнгі беттен, қалқайып жүк машинасы көрінді. Гүрлөл естілді. Марғау атып тұрып, абалай тартты. Лезбай даусы өктем:

— Марғау! Кайт былай!

Ұмындық та қосарланып жатыр.

— Біреу-міреуді жазатайым етер, байлап қойсайшы.

Ак тұмсық қара ит осындауда үй иесін түсінбейді – кім, не пифылмен келе жатыр? Кайдан біледі? Қымс етсе жеку: «Кайт кейін! Кет былай!» Ал, кетсе кете салады. Мысы құрыған Марғау қайтып оралды да, иесінін аяғына келіп жатты.

Әлгіндей болмай-ак машина келіп тоқтады. Кабинадан орта бойлы семіз қара жігіт тұсті. Қызық, үрген мес секілді буылтық-буылтық. Лезбай жайшылықтағы жайбасарлығын жайына калдырып, қалбалактай барып қолын ұсынып жатыр:

— Түсे қалындар. Хабар кешірек жетті. Сонда да бәрі дайын, күтіп отырмыз.

Жігіт қолы селкос созылып, ерні ғана жыбырлады. Не дегенін Лезбай түгіл, сақ құлақ Марғау да ести алған жок.

Кейінірек тұрған Ұмындық еркінірек басып алға шықты.

— Қайнам-ау, көптен бері көрінбей кеттің ғой тілті. Бұл қалай, ағанды біржола ұмытқанын ба сонда? – деп конак пен қүйеуіне кезек карап құле, еркінси сөйтеді. – Сен келеді дегенге мына кісіде ес жок: «Шайынды қой, етінді тезірек пісір». Соншама әбігерленетін не болып еді дейім. Ерегістірсөн шай да коймаймын, ет те аспаймын.

— Сабыр, сабыр, бәйбішесі! – деді Лезбай Ұмындықтың асынқырап бара жатқанын байқап.

Кара жігіт кілт өзгерді, ұмтылып барып, қолын Ұмындыққа құле ұсынды.

— Ашуынызды киыныз бір жолға, женешесі. Бұдан былай ат ізін сұытпай келіп тұратын боламыз. – Кателік осылай жәнделеді.

— Е, бәсе, сөйтпесен, ат-шапан айып тартасын.

— Жә, енді үйге бар да, тамағынды әзірле, – деп Лезбай аздалар қарсылық білдірді.

Ұмындық қонакқа көзін төнкеріп бір тастады да, болар-болмас құрсініп үйге беттеді.

Марғау бұл қараны да жақсы біледі. Әмәнда Лезбайды ығыстырынқырап, өктем сөйлем жүретін Карғабек деген жігіт. Бұрын Айғанның барында айында, жытында бір-ак көріне салып, жок болатын еді. Ұмындық түскелі келуді жиілетіп жүр. Сөйтсе де женешесіне жақпай жатыр, неліктен? Бұл, әрине, Марғаудың ақылы жете бермейтін шаруа.

— Ал жана жерге қашан көшесін?

Лезбай даусы катын дауыстанып жінішке шықты:

– Қареке, өзіне қарап отырмыз ғой.

– Не қарайтыны бар, дайындала бермейтін бе еді кісі деген. Ауызға кашан шайнап салады деп қарайсындар да отырасындар ылғи.

Шопан күмілжіңкіреп қалды. Дұниеде жанға тенгермейтін Лезбайға осылай сес көрсетіп, сыйдана келетін осы мес қараны Марғай жек көреді. Қарғып тұрып, қара санға ауызды көме салар ма еді! «Сен өзін кіммен, қалай сөйлесіп тұрсын» дегендей ырылдай бастады. Сол кезде Қарғабектің қөзі ит қөзіне тұсті. Сондай ашулы, қып-қызыл, шошынарлық қөз.

– Өй, мына итінің түрі жаман ғой, тіпті. Алып кетші көпірінді. Лезбай итінің қарғысынан алды.

– Келіп жүрген адамды таниды, каппайды.

– Каппай-саппайынды білмеймін, тайыншадай екен құрғырын! Лезбай мәз бола күлді.

Үйден Ұмсындық даусы шыкты:

– Байлап кой деп едім ғой мен саған. Біреу-міреуді жазатайым етеді.

Лезбай өйел сөзіне құлак асты. Итті кой шарбағына апарып байлады да, қонағына қарады.

– Ал үйге жүріндер.

Қарғабек машина жакқа бұрылды:

– Ау, түссендеріші.

Машина үстінде отырған екі жігіт қарғып жерге тұсті. Қарғабек таныстырып жатыр.

– Мынау бала – құда бала, мына бала – жиен. Екеуі де Алматыда оқиды. Демалысқа ауылға келген екен. «Жайлауымызды қөріндер» деп әдейі алып шыктым.

– Ә, бәрекелді. Дұрыс болған. Жайлау аралап, бой көтергендерін жақсы.

Екі жігіт Лезбайға кол беріп амандасты.

– Баспаймын, – деді ұзын мойын шүнірек қөзді.

– Таспаймын, – деді аласа бойлы ақ сарысы.

Қарғабек түсіндіріп жатыр.

– Лезбай бізге аталас ағайын. Оның үстіне қак-сокта жұмысы жоқ, қойған жеріннен табылатын сенімді адам.

– Ал ас дайын, үйге кірініздер.

Конактар дабырласып, үйге беттеді.

– Төрлетініздер! – деген Ұмсындық даусы айқын естілді.

– Ау, біздің үйдің кісісі, әлгі итті байладың ба?

– Неге мазасыздандың? Байладық.

– Біздің үйдің кісісі осы ит десе жанын береді. Келген-кеткенді қауып алар-ау деп ойламайды, тіпті.

— Өзі де итім-ак екен. Каскыр алатын-ак шығар? — деді жас конактын бірі.

— Каскыр алады деген сөз бе, тәйірі. Менің итім жолбарыс та алалды. Әткен жылы бір топ үялас каскырдың ортасына тусіп, содан да аман қалған, — деп Лезбай көтеріліп койды.

Кенет бүрк етіп тағы бір жат иіс шыкты. Марғаудың тағы бір ұнатпайтын іісі — арап іісі. Шыны сылдырылады. Дауыстар зорая бастады. Солардан бөлініп, Ұмысындық даусы сынғырлап айқын шығады.

— Алсайши, қайнам-ау. «Жаманнан жарты аяқ ас қайтады» дегендей... Жас козының еті, жендер.

— Ал, женеше, өзін де алып жібер.

— Женешен әлдекашан-ак жұтып қойған, қайнам. Кезегінді өткізбе.

Енді Карғабек даусы жырылып шыкты.

— Женешем менің сөйтеді. Әттен, мына секілді шал-шапқытка кор болып жүргені болмаса, азамат кой. Ал, кәне, женгеміздің денсаулығы үшін алып тастайык.

— Ал кеттік!

Тағы да шыны-аяқ сылдырылады. Марғау карғы бауын сүйретіп былайырақ барып жатып еді, киізі апшып кейін кеткен босағадан үй ішінде гілер айқын көрінді: Лезбай төменде онашалау калыпты. Төрде екі жас конак. Олардың сол жағында он жамбастап Карғабек жантайған. Оған таяу Ұмысындық. Сорпа сапырып жатыр. Екі бала қазан арасында. Үлкені бірдемені шұқып жеп әлек. Адыр үйкітап қалғанға ұқсайды.

Арап ішкен соң ұзын бойлы шүнірек көз конактын тілі шығайын деді:

— Караеке-ау, шал-шапқыт дейсін. Лекен әлі жарап тұрғой, — деп бір пәленің басын сабактап койды.

— Шал-шапқыт емей немене, канша сүйресен де ілгері бір баспайды, төрт табандап жатқаны.

Енді аласа бойлы ак сарысы киліге кетті.

— «Төрт табандап» деп калай кемсітесің кісіні! Екі табандап десен бір сәрі. Төрт табан малдағана болады.

— Ай, мына Таспайдың қуын-ай! — деді Ұмысындық шамданың-қырап. — Карғабек дұрысын айтып отыр. Біздің Лекен жарықтық ұмтылмайды ғой. Ұмтылса, әлдекашан-ак герой болып кете-тін еді ғой.

Карғабек кыза сөйлемді.

— Жүрт «жұз елу бес козы, жұз алпыс жеті козы, жұз сексен козы...» деп уәде беріп жатады. Ал мына шал болса: «Басқа бас» деп сіреседі де қалады.

— Басына бас косу да аз шаруа емес-ау, жігіттер, — деп түйді Лезбай.

— Эне, айттым ғой. Эй, шал, сен осы ен алдымен, осы бір кертаңта пиғылдан құтылуын керек. Осы пиғылдан құтылсан, жүз слуді де, тіпті жүз сексенді де ала аласын, — деп Карғабек қыза сойледі.

Лезбай осындай бөспе сөзді ұнатпайды. Төтелеп кетті:

— Калай ала алам? Жаздын ыстық-сұғы бар, қыстың қалың жауған қары, көк тайғағы бар. Мал іш тастамай тұрмайды. Өлімжітімі, ит-құсы тағы болады. Калай алам сонда?

— Жұрт қалай алады?

— Оны менен сұрамай-ақ кой, Карғабек. Жұрттың қалай алатынын сен де білесін, мен де білемін. Өйтіп көрсеткішке не болмай-ақ қойдым.

Карғабек мықты бір дәлел іздеді ме, ойланып қалды.

Марғай Карғабектің күмілжіп, иесінін үстем шыкканына разы болды білем, тұмсығын көкке беріп бірер рет «ап-ап!» деп тынды.

Карғабек байсалды.

— Казір біздің алдымызда үлкен максат тұр. Кой басын елу миллионға жеткізуіміз керек. Үкімет талабы осы.

— Костанайлық бір қыз «алпыс миллионға да жеткізе аламыз» деп уәде берген, — деді Баспай мен Таспай жарыса сөйлеп.

— «Кой басын елу миллионға жеткізіндер!» десе, бар-жок мүмкіндік ескерілген мамандардың есебі болар. Ал сол жерде мінбеге шығып алыш, алпыс миллионға жеткіземіз деп айқайланған қыз енесінің бәтегіне сүйеніп айтты ма екен?

Екі жігіт ішегі катқанша құлді.

— Байқаймыз, Кареке, Лекен сөзге алдыратын емес.

Карғабек қабағын түйді.

— Кызыда айып жок. Еш есепке сүйенбесе де, ұран тастады. «Алпыс миллион!» деп айғайлап жүріп, үкімет талап еткен елу миллионды шығарсан, бірденеміз кете ме?!

Лезбай шокша сақалын қайырып апарып, ерніне жымқырды. Ашууланған секілді.

— Түсінбеймін. Бұрын арық айтып, семіз шыкканға не жетсін деуши еді. Сендердікі басқаша. Семіз айтасындар да, арық шығарасындар.

Ұмсындық күйеуіне жакындалы.

— Ішкен кезде әдетін-ау, таласа кететін. Конактарына алдырып коймайсың ба?

Лезбай артығырақ кеткенін енді байқап, зорлана құлді.

— Ойбай-ау, солай екен-ау. Ал мына екі інішектің денсаулығы... деп жіберейік...

— Десек, дейік.

Байлаулы жаткан Марғау ынырсыған секілді бір дыбыс шығарып, есінеп койды: осы бір ішкілік күмарлығында не қасиет бар екен? Ақылы жетпейді. Ішіп-жемнің бәрі табиғат талабы. Шөлдесен су ішіп, анқанды басасын. Орта қарынды ет жеп толтырасын. Ал осы арак деген пәленін тірлікке не септігі бар? Міне, Марғау болса, сол шіркінінді таткан емес. Сонда да өлген жок. Ал адамдар болса, іshedі кеп, іshedі кеп! Содан кейін дабырласып сөйлеседі кеп. Жай сөйлессе бір сәрі, қызыл кенірдек, айқайға барысады гой, тіпті. Дүниенін тұтқасын колына альп, талай ғаламат сырларды ашып жаткан ақыл иесінін осы бір қылышы мүлде түсініксіз.

Марғау ойлай алса, осындағы бірдемелерді топшылар ма еді, әйттеуір ұзак жатты.

Кенет радиокабылдағыш күтірледі. Ит көзін тағы да босағадағы саңылауға қадады. Таспай барып радиокабылдағыштың құлағын бұрап жатыр екен.

— Израиль самолеттері арандату максатымен тағы да Ливан үстінен ұшып етті.

— Эй, жиен, таста оны, одан да мұнда кел, өлең айтамыз, — деп Карғабек шалқая беріп, сыртындағы Таспайға бұрылды.

— Е, бәсе, — деп Ұмысның жанып кетті. — Анда-санда бір кездескенде өстіп көніл көтеріп калайық та.

Карғабек басын көтерді.

— Эй, балалар, сендер білесіндер ме, мына Ұмысның женгелеріннің даусы бар гой, сынғырлап тұр. Әнді осы женгелеріне салдырайық.

Ұмысның кара көзін қүйеуіне бір төнкерді де, наздана құлді.

— Кай жәнді дауыс дейсін. Біздін бастан тарақ қалғалы қашан.

— Ал, тыңдайық. Кәне, айтып жіберініз.

Лезбай анықтай түсті.

— Женгелерін бұрын әлгі немене деуші еді: самодетел ме еді...

Екі конак тез аңғарып, тез түзету жасады.

— Самодеятельность. Народная самодеятельность.

— Иә, иә, сол самодетелге катысып, бәйге де алған.

— Біздін Ұмысның даусы Бибігүл Төлегенованның даусынан бір де кем емес. Лекен жайдан-жай соқтыға ма! — деп Карғабек көзін қысты.

Лезбай ракаттана құлді.

— Сол самодетелмен келіп-кетіп жүргенде көзім түскені рас еді.

Ұмысның сөзі астарлы.

— Ау, шалым, аузына тентек су тиген сон, кутындал барасын, байқа, қонақтар кеткен сон, баяғы таз кебінді қайта киіп қалып жүрме!

— Ол есептерінді өзара айырыса жатарсындар, ал, көне, ән салып жібер. Лебізінді естімесек, неге келдік дейсін. Ет пен арақ басқа шопандарда да бар.

— Кайным колқалаған соң, амал жок. Айтсам айтайын. Сөкпендер, — деп Ұмсындық қолына шай табақ алды.

Даусы шынында да сынғырлап түр екен. Әлдебір созымды да назды, мұн аралас бір халық әнін бастап кетті қайырмасына келгенде ауыздан шыққан үнді шай табакпен қайырып, ойнатып жіберді.

Алма ағаштың гүліндей-ай,  
Текеметтің түріндей-ай.  
Өтіп өмір барады-ай,  
Ешбір жанға білінбей-ай!..

Екі жас қонақ мәз болды. Қарғабек сәл үнсіз отырды да, күрсініп койды.

— Иә, өтеді, өтеді ешкімге білінбей. Ал көне, осы женешемнің даусы үшін алып жіберейік.

Лезбай босаған шынылардың әрбірінін түбін сығалап, абдыранқырап қалды.

— Апыр-ау, ештene қалмаган ба? Ұмсындық, қалған-құтқан бірдемен болса шығар бермен.

— Жок болса нені шығарайын? Анада автолавка келгенде көбірек алып қал дегенімде, тағы да келмес дейсің бе, осы да жетеді деп болмап едін, ал тап енді.

Лезбай желкесін қасыды. Қарғабек даусы өктем.

— Әй, шал, немене сыйзықтатып? Бірер шөлмекті артық ала салсан, дәулеттің шайқалатын ба еді? Әлле каражатын жетпей ме?! Онда мен берейін.

— Апыр-ай, ә? Жететін-ақ секілді еді. Кой, онда мен дүкенге шабайын.

Қарғабек шалқая жатты.

— Атпен барып, келгенше қай заман? Мына машинаға мін онда. Баруын, қайтуын, алуын бар, бір жарым сағат. Бір минут кешіксен, тоспаймыз, көршіне қарай коныс аудара саламыз.

— Апыр-ай, ә! — деп Лезбай машинаға мінді. Манадан бері есікті бағып жатқан Марғай бірер рет жүлкінып, үріп тынды.

«Мені тастап қайда барасын? Бірге барам» дегені.

Лезбай машинадан колын бұлғады.

— Мен кетем, сен кетесін, қойға кім ие болады сонда? Кешікпей қайтып келем. Жат орнында.

Марғай бұл сөзді түсінген секілді. Жаман иттерше шәуілдемей, калып койды.

Жанбыр былжырап, сылбыр жауады. Калқан ішіндегі койлар жайбаракат. Бір ырғактың күйіс кайырады – бырт-бырт. Кеш түсті. Тау жактан соғып өтер салқын леп килем-килем дыбысты, килем-килем иісті алып етіп жатыр – құрс етіп биік занғарға тас құлады. Эне дүбірлетіп бір жел аяқ аң қашып барады. Әлдекайдан каскыр ұлып жатыр. Бір кезде тау астынан аю өкірді. Бір занғарда күйін тұрған секілді – ағаш басы суылдайды. Кенет мұқ иісі, шіріген өлексе иісі жосылып өтті. Марғай бірақ селт етпейді. Өйткені бұл иіс пен дыбыстардың бәрі де ит құлағыға шалып, ит тұмсығыға сезе алатын киян шалғай алыстан келіп жатыр.

Киіз үйдің есігі ашылып, Баспай мен Таспай сыртқа шықты. Марғай ұмтылғысы келіп бір оқталды да, масандуа екі жігіттің бал-бұл жаңып, қызара бөрткен зиянсыз түрін көріп тез басылды. Сөйтісі де ата тегінің дәстүріне бағып, қырағы көзімен іс-әрекеттерін қадала, қапысыз бағуда.

– Төнірек кандай тыныш! Ауа кандай таза! – деп Баспай тамсана керілді.

– Тіпті селкеу шыққан бір дыбыс жок!

Марғай ит болмай, адам болса ішек-сілесі ката құлген болар еді. Ит болған себепті бірер рет «әуп-әуп!» деп койды: «Оттапсындар! Айналаның бәрі жақсы-жаман иіс пен сыйыска толы. Бірақ оны естіп, сезуге сендердің кабілеттерін жетпейді» деп ашузділіз өзілдегені секілді.

Екі жігіт шошып қалды.

– Ойбай-ау, мына жерде ит бар екен-ау! – деп кейін серпілді де, әрірек жаткан өзенге қарай беттеді.

Ұмындық ескертуден кенде емес:

– Байқандар, жігіттер, біздің үйдің иті қабаған ит, жазым етіп жүрмесін.

Ит көзі тағы да үй ішіне түсті. Ұзакты күн далада ойнап, шаршаган балалар жас ет пен ыстық сорпа буындарына түссе керек, отырған жерлерінде қылжып-қылжып ұбықтап қалыпты. Қарғабек енді сол жағына қарай жамбастаған. Ұмындық дастар-канды кейінрек сироп, тізелесе отырды.

– Сорпа ішпейсін бе, кайным?

Қарғабек колы Ұмындықтың мықынына барып қалғанын Марғай анық байқады.

– Ұмындық секілді тәтті женгесі у берсін, кайнысы сескендейді. Ішіп салады, – деп Қарғабек Ұмындықты өзіне тартты.

– Әлгі жігіттер келіп қалар...

– Олар аға сироп ерте танып, қылышын бағып өскен балалар. Жаман шалың оралмай, бұл манайға жоламайды.

Ұмсындық үндемеді. Қарғабек енді әйелді екі қолымен қар-  
ман, көтеріле берді...

Өзі өлсе де, иесін жау қолына қалдырмайтын ит атаулының  
канына сінген қасиет емес пе. Сөз төркінін түсінбегенімен, әр  
кимылды манадан бері қапысыз бағып жатқан Марғая күнде ал-  
лына ас-су салып жүретін Ұмсындықты жат табанның астында  
калай қалдырысын, жұлқына абалады.

— Келіп қалды ғой деймін. — Ұмсындық жүтіріп даға шық-  
ты. Ешкім көрінбейді, келменті. Лезбай кеткен төменгі бетте  
қыбырлаған жан жок. Қарғабек сөзі де рас екен. — Екі қонақ  
озені өрлеп, едәуір алыстап кеткен. Жуыр манда орала қояр  
түрде емес.

— Біреу әкетіп бара жатқандай неменеге абалайсын? Жай  
жат! — деп итке жекілі де, Ұмсындық үй айнала беріп сәл кілдіріс-  
теп, ішке кірді.

— Кім екен? Кешіктің ғой? — Қарғабек даусында діріл бар.

— Ешкім көрінбейді.

— Ит неге абаланды?

Ұмсындық ойнақы.

— Оны иттін өзі біледі де.

Қарғабек құліп, келіншекті тағы өзіне тартты:

— Сайтансың ғой деймін... Тезірек келші! Сондай сағындым...

— Қайдам?! Басқа бір тәтті женгенді тауып алып жүрмесен.  
Келуді сиретіп баrasын.

— Сенен тәттісі дүниеде жоқ сонда да. — Қарғабек әйелге қарай  
аунай бастады...

— Шалдан үят болмай ма? — деді Ұмсындық. Бірак қарсыла-  
сатын сыңайы жоқ. Құмға сінген батбатқа ұқсап, алпамса дененің  
астына қарай батып бара жатыр...

Ит тағы да үріп, екі-үш рет ышқына ұмтылып еді, шарбак талы  
сүзырылып кетті. Өз екпінімен бір домалап тұрған Марғая аты-  
лып келіп, есікті тырмалады.

Босанған Марғаудың үйге онай кіре алатынын билетін Ұмсын-  
дық шыр ете түсті.

— Ойбай, тұр, Қарғабек! Ит босап кетті, өлтіреді казір. — Ал-  
қынған Қарғабек әйел сөзіне құлак қойған жоқ.

— Босанғаны жақсы!..

Осы бір екеу ара қайтарма сөздің ыргағынан бөтен адамның  
Ұмсындықты жәбірлеп жатқанын анық түсінген ит аяғымен тыр-  
малап, есік тиегін ағытты да, Қарғабекті бас салды.

Қарғабек есін енді жигандай. Жан дәрмен дегенде зорға  
аунап түсті.

— Мына атана нәлет қайтеді?! Өлтіретін шығар.

— Айтпадым ба, мен саған! — деп бәйек болған Ұмсындық даусы енді ашы шыкты. — Марғай! Марғай деймін, кет былай!

Бірақ Марғай тыңдамады. Жігіттің майлы жеріне ауызды салып жіберіп, сілкіп-сілкіп калды. Қарғабек те өлермен. Суга кеткен адамша екі колын ербендетіп, итті басқа-көзге төпелеп жатыр. Марғай шымыр, бой берер емес. Ит пен жемтікке айналған адам допша кезек домалап, есік көзіне дейін барды. Ыдыс-аяқ салдыр-гүлдір, балалар жылап оянды. Казан актарылды. Ендігі айқас майлы сорпа үстіне ауысан. Қарғабектің үсті қан жоса. Бір ұрымтал кезеңде Ұмсындық кеп иттің қарғысына жабысты. Босап қалған жігіт ұшып түрегеліп, ілгері ұмтылып еді, түймесі ағытылған шалбары төмен сырғанай, аяғына орала кетті. Табалдырық көзінде Қарғабек үш домалап, өлдім-талдым дегенде далаға шыкты-ау, әйтеуір. Жығылса да қарғыдан айрылмаған Ұмсындықты сүйреп, Марғау да сыртқа ұмтылды. Қараса, шалбар бір жакта қалған. Қарғабек өрт ішінен қашқандай, іш киімінің арты жарқылдап, салып барады. Ит арылдай ұмтылды. Қанша мықты болғанымен, кара жерде кісі сүйреу онай ма! Ұмсындық зіл кара тас секілді. Марғау арс-арс етті: «Жанынның барында жібер! Әйтпесе өзінді қан жоса қыламын!» дегені. Бірақ, өлсे босатар әйел жок. Соны түсінді білем, жемтігінің құтылып кетерін білген ашулы ит ендігі сәтте арс етіп, түп-тура Ұмсындықтың өзіне бас салды. Қарыскан қол жазылып жүре берді. Марғау қашқын сонынан түре түсті. Осы кезде есік алдына машина келіп токтады да, кабинадан Лезбай қарғыды.

— Эй, Марғау, кайт кейін!

Иесінің даусын естіп, Марғау калт токтады. Ұмсындық даусы ашы.

— Табан астында ит құтырды, ит. Мені де, міне, қан жоса етіп тастады. Неғып тұрсын? Өлтірді ғой аналарды. Кайырсайыш кейін карай! — деп ашылған-шашылған жерлерін жауып тұра берді.

Лезбай итінің қарғысынан алды. Даусы зілді.

— Тырп етсен, жаңынды шығарам, козғалушы болма!

Марғау дүнк-дүнк етіп үріп тынды: «Мен емес кой кінәлі. Кінәлі ана екеуі ғой. Сені мазақтаған сон шыдай алмадым ғой» деп түрган секілді Лезбайға.

— Ойбай, байка, шалым, сені де қауып жүрмесін! Сау емес дедім, сау емес. Табан астында құтырып шыға келді. Міне, көрмейсін бе, күнде тамақ беріп жүрген менің өзімді де алып тастады.

Тенселе басып Қарғабек жақындалды. Марғау қайта атылды. Табандап тарткан Лезбайдың өзі сырғанай барып, жығылмай зорға калды.

— Кайтеді мынау? Қой деймін, Марғау!

— Андағын құтырған, кәне табанда құрт көзін! — деді Қарғабек.

— Түкке түсінсем бұйырмасын, — деп Лезбай алба-жұлба ойеліне бір, шалбарсыз қалған Қарғабекке бір карады.

— Түсінбейтін ештене жок. Сыртқа шығып едім ай-шай жок, итін кеп бас салды. Шалбарды беріп, зорға құтылдым.

«Шіп-шикі өтірік айтып тұрғаны!» дегендей Марғау кайта арсыллады.

Карғабек ашулы. Үй іргесінде жатқан келдекті алып итке ұмтылды.

— Құтырған иттін көзін жоғалтасың ба, жоқ па?!

Бір кәкірдің барын Лезбай сезген болса керек, ашуға булық-кандай. Аяқ-колы дірілдеді.

— Жоғалтпасам не істейін деп едін?!

Карғабек сөзге келмеди.

— Мә, ендеше сазайы! — деп жұлқына ұмтылып тұрған итті жамбасын ала беріп, келдекпен соғып жіберді.

Ит қанқ етті. Лезбай келдекке жармасты.

— Экеннін аузы! Жібер деймін. Аянар жер қалған жок, кан қылам! — деп бакырды Қарғабек.

— Әй, бала, не деп шатып тұрсың? О не дегенін?

— Дегенім деген! Білдің бе? Итінді әдейі босатып кетіп отырсын білдің бе? Масқараламақсың ә, сөйтіп?!

Мұндай жалаға жаны төзбейтін Лезбай ашуға булықты. Аянар жер қалған жок.

— Экеннін аузы олай болмайды, былай болады! — деп токпак жұдырығымен құлак шекеден бірді конжитып жіберді. Ит талап әлсіреген Қарғабек қалпақтай ұшты. — Айт! Айт! Марғау!

Бірақ Марғау басын сәл көтеріп, ынырси үргені болмаса, орнынан қозғала алмады.

— Тұра тұр, бәлем. Енді көрінеу итке талатпак екенсін ғой?! Итке талатқанды көрсетейін мен саған! — деп Қарғабек тұра беріп машинаға жармасты. — Ай, балалар, жур кеттік. Милицияға барамыз.

Айғай-шұға жүгіре басып келген екі жігіт ештенеге түсінген жок. «Не болды? Не болды?» десіп қозғала берген машинаға отырды.

Карғабек шалбары есік көзінде қалды.

## 2

Лезбай үйі түн ортасы ауғанша жатқан жок.

— Құрт көзін құтырған иттін! — деп зарлайды Ұмындық. — Міне, колымды көрмейсін бе? — Расында да Ұмындықтың сол білегінде ит тісінін таңбасы. Қан әлі тоқтамапты. — Құтырған ит иесіне шабады деген осы.

— Күтүрса маған неге бас салмады? «Қайт былай!» дегенімді тындал, кейін бұрылды ғой, — деп Лезбай көнгісі келмеді.

Екі бала екі жактан шулап коя берді.

— Марғау күтүрган жок!

— Марғау күтүрды деп тәтем өтірік айтады.

— Күтүрған, күтүрмағанын сендер кайдан білесіндер? Жайларына бағып, тыныш жатындар? — деп, Ұмындық зілдене сейледі.

— Мен білем. Ана кісі тәтемді барып бас салып, үстіне шыкты. Марғау сосын ыза болды. Мен де тәтемді өлтіреді екен деп корықтым, — деді кішкене Адыр.

Ұмындық шыр ете түсті.

— Айдын, күннің аманында не көрініпті кісі өлтіретін?! Кайта мен емес пе иттін қарғысына жармаскан. Соған карамастан, сүйреп апарып, есік көзіне домалатып кеткен жок па?

— Жә, жә! Болды енді! — деді Лезбай ұнатпағандық билдіріп. — Мына сөзіне карағанда айқас үйде өткен секілді ғой?! Ал, Карғабек болса, әлгінде далаға шықканда бас салды демеп пе еді?!

Ұмындық жол тауып кетті.

— Далада бас салды. Карғабек сосын кашып, үйге тығылды.

Лезбай үндемеді. «Осы үйдін менен кейінгі естияры сен едін ғой. Не айтасын?» дегендей әкесі Дабырға карады. Кішкене Адыр байқаған жайдан Дабыр мүлде бейхабар екен.

— Мен әлгінде Марғаудың қасына барып едім, басын менін аяғыма салып ынырысыды, — деп сөзді мүлде басқаға бұрды.

Адыр таласа кетті:

— Мен анық көрдім: көзінен жас парлап жылап жатты ғой. Сен ынырысыды дейсін.

Адыр әлгі сөзді бәлелікпен айтпаған секілді. Ұмындық енді әлденіп алды.

— Көрерсін, казір көзін құртпасан, ертен ауданнан кісі келіп, не атып тастайды, не жынын тексеруге алып кетеді.

Дабыр мен Адыр шулап коя берді:

— Аттырмаймыз. Бермейміз!

— Біз үстіне түсіп, жатып аламыз!

— Атып көрсін осыдан! Сосын мен барайын да әкемнің мылтығымен олардың өздерін атайын! — деп кішкене Адыр сөзді нығарлап койды.

— Адыр дұрыс айтады. Экелі-балалы бәріміз жабылып, Марғауды біз ешкімге бермейміз. «Атамыз» дейтіндер табылса, колында өлеміз, — деп Лезбай түйе сейледі.

— Әйтеуір, мен айтпады деме, — деді Ұмындық сәл басылын-қырап.

Үй іші бірте-бірте үйкіфа ауысты. Марғау ғана ояу. Жамбас-та жок секілді. Қозғайын десе, икемге келмейді. Тілімен ұзак жалап, жараның қанын тазартты. Неге екені белгісіз, ұлығысы бар. Тұмсығын жоғары созады. Бірақ шама жок. Ішкі сарай өз орнында емес секілді. Оның үстіне ұлығанды үй иесінің жек көретін де жадында. Айған байғұс көп ауырды ғой. Бірауық түре-теп жүретін де, жатып қала беретін. Сондайда үстіне ақ халат ки-ген дәрігерлер келіп, Айғанды айлап алғып кетеді. Айған кеткен сон балалар да, Лезбай да жүдейді. Колынан тамақ алғып, ас-су ішіп үйренген Марғаудың да мазасы қалмайды-ак. Аласұра іздеп, сағынады. Сол сағыныш белгісі ме, кім білсін, шоқып отыра калып, көкке қарап ұлиды-ай келіп. Айған дүние салардан үш күн бұрын осы бір дерпті Марғауды мүлде мендеп алған еді, Үй сыртындағы төбенін басына шығып, алғып, күн демей, түн демей толассыз ұли берген-ді. Тіпті Лезбайдың далаға жүгіре шығып: «Кара басына көрінгір, не болды саған? Кет!» деп жекірген кезі де бар. Соған да қаратпаған сондай бір тылсым күш: «Ал ұлы! Ал кәне, боздат!» деп жетектей беріп еді. Айнала тып-тыныш, сел-кеу шықкан дыбыс, секемді ііс сезілмейді. Сөйтсе де Лезбай үйге кіріп жатса-ак болды, көкірегіне сыймай тұнып тұрған бір касірет-кияметті көмейінен тағы да сызықтаталы-ай кеп. Арада үш-ак күн өтті. Айған дүние салды. Марғау сонда әлдебір алапат тамұқ-тан құр құлдерін сүйреп, зорға шыққандай өлі мен тірі арасын-дағы бір халде тұнді үнсіз өткеріп еді.

Сонда жұрт:

— Ит шіркін, жаманшылықты біледі. Бүгін тіпті дыбыс бермеді ғой, — деп шуласқан.

Міне, тағы да сондағыдай бір кесел жабысқан секілді: көкірегі тағы да тұнып тұр. Бірақ содан босануға дәрмен жок.

Кенет маңайды бензин іісі алғып кетті. Бензин іісі шықса жақ-сылыққа апармайтынын билетін Марғаудын денесі дірледі. Бір сұмдықтың жақындаған келе жатқанын түйсінді ме, әйтеуір бұрынғыша лепіріп ұрген де жок. Жылай-жылай дымы құрыған нәрес-те өксігіне үқсас бір дыбыс шығарды да, сал бөксесін сүйретіп, үй сыртындағы өзенге бет алды. Аз-кем уақыт өтпелі, аудан ор-талығы жағынан машина жарығы көрінді. Соған мотор дүрлі келіп қосылды да, әлгіндей болмай тұн тыныштығы бұзылды.

Жақсылық соны тез кайталанбаса да, мынадай ұлкен дүрбе-лен-шайқас арты қайта оралып сокпай тынбайтынын аз ғұмы-рында талай байқаған Марғау, жарқабактан жайлап өзен арна-сына тұсті де, тастан-тасқа сырғанай, бұлқынып жаткан мөлдір суға бөксесін салып сәл отырды. Катты шөлдеп, каталаған сон шалпылдатып су ішті. Енді не істеу керек? Адамға үқсап өзіне

мұндағы сұрақ коя алмаса да, жақындан қалған машина жарығы мен сәт сайын зорайып құлағынды сұрып бара жатқан дарылдуріл, қолқанды атқан жаман иіс – бензин иісі итті жайбаракат қалдыра алмады. Бір басып, екі басып қозғалып еді, су сорған жаралы бөксе женілдеп, икемге келіп қалған сиякты. Ит көзі арғы жағаға түсті. Жаңағы «енді не істеу керек» деген сауалдың жауабын іздегендей, еріксіз түсті. Өзінін талай өтіп шиырлаған таныс жағасы, міне, кол созым жерде. Су болса саяз. Су саяз болған сон, қанша ғүрілдегенімен, ағыны да катты емес. Тіпті сал бөксені бос тастап, екі аяқтап та өтіп кете алады. Осы бір шешіммен Марғау қозғала берді... Сол кезде есік алдына женіл машина келіп тоқтады да, жарыкты кешіп, қарандап үйге қарай екі адам өтті. Марғау салмастан таныды: бірі – жақсы да, жаман да емес, әлдебір дала шөптерінің иісін бүркіратып Айғанға келіп жүретін ак халат. Екіншісі – үлкен бір жиын-тойларда тәртіп орнатған бастайтын немесе біреу-міреу жанжалдаса калса, сап етіп араларына келіп түсे қалатын көк қалпақ.

Колында мылтығы, үйден жүтіріп Лезбай шыкты.

– Әй, әй! Бұл кайсыларың!

– Лезбаймысың? – деп көк қалпақ сұраққа сұрақпен жауап қатты.

– Иә, мен Лезбаймын.

– Білдей бір азаматты итке талатып, соккыға жыққан батырдың өзі екенсің ғой?

Лезбай абдыранқырап қалды.

– Итке талатканда....

– Жә, жә, не дерін бізге белгілі. Ауданға барған сон бәрі де анықталады. Ал құтырған ит қайда?

Манағы оқиғадан кейін жұрт аузында қайталана берген «құтырған ит» сезі Марғау құлағына сініп, жатталып калса көрек. Көз алдына келдек ұстаған Карғабек, ашылған етегін жауып жатып бакырған Ұмындық келе қалды. Сол сұрықсыз елестен құтылғысы келді, әлде мына бейсаут жүрген ак халат, көк қалпақтан қаймықты, әйтеуір бір қатерді жүрегі сезген Марғау бөксересін сүйретіп судан өтті де, жарға біткен қалын талдың арасына кірді.

– Құтырған ит қайда деп тұрмын ғой мен саған? – Сұрақ зілі күшіе түсті.

– Біздін үйде құтырған ит жок.

– Құтырмаса, сау адамды неге талайды?

Осы кезде үйден даусыс көтеріп Ұмындық шыкты.

– Құтырмады деп бекер айтады. Касқыр алатын қадірлі иті болған сон атып тастайды деп әдейі жасырып тұр. Эйтпесе құтыр-

ғанда қандай. Құтырмаса, қүнде сүйек-саяқ салып жүрген мені каба ма? Міне, көріндер білегімді. – Ұмындық білегін машина жарығына тосты.

Милиция формалы жігіт пен ак халат киген әйел жарыса үнілді.

– Қапқанда да ондырмаған екен.

– Ал кәне, Лезбай, итті тап!

– Ит жаңа осы арада жаткан, – деді Лезбай.

Ұмындық разы емес.

– Осы арада жатқаның не?! Шақырмайсың ба??!

Лезбай үндемеді.

– Мынаған не болған? – деп таңданған Ұмындық. – Marғay!

Marғay! Кә-кә-кә!

Лезбай даусы шықлағандықтан ба, Marғay қалынға қарай жылжи түсті.

Милиция формалы жігіттің көлінде қол шам. Ерсен-карсан кезеп, о да итті шақыра бастады.

– Marғay! Marғay!

Ұмындық сүлікше қадалып болмайды.

– Мына кісі шақырмайсан соң келмейді ол ит. Ит деген аты болмаса, кулығы адамнан да артық.

– Жынданды деп тұрған жоксың ба? Жынды итте не құлық болушы еді? – деді Лезбай әйелінің бетін кайтармақ болып.

Көк қалпақ зілдене түсті:

– Төлкекті кояйык. Ал кәне, итті тап!

Иттің табылмайтынына Лезбайдың көзі жетті ғой деймін.

– Ит жок.

– Жоғы қалай? Шақыр, кәне!

– Жоқ итті қайдан шақырам?

– Өзің қалай-қалай сейлейсің? Қалайша жок?

Лезбай жауабы келте:

– Атып тастағанмын.

– Бекер айтады, – деп Ұмындық көлденендей кетті.

– Біреуге кол жұмсағаның, ит айтқтағаның өз алдына, оның үстінен құтырған итті жасырсан, қылмысын ауырлай түсетінін кайтіп білмейсін?

– Білем.

– Білсөн, итті тап!

– Айтып тұрмын ғой, атып тастадым деп.

Бұл тәжікеден ештene шықтайтынын анғарған көк қалпақты жігіт әйелді ертіп, үй төнірегін шарлады.

– Marғay, Marғay! Күшім-күшім!

– Marғay! Marғay! Кә-кә-кә!

Marғay зым-зия.

Осы жүріспен аппақ болып тан атты. Иттің табылмайтынына келгендердің көзі енді жеткендей.

Ақ халат киген дәрігер Ұмысындыкка ине салды. Содан соң:

— Ендігі отыз тоғызын күн сайын аудан орталығына келіп жасатасын, — депті.

Кейінгі кезек көк қалпакты жігітте:

— Ал, Лезбай, сен бізben бірге ауданға жүресін. Үш кісі қол қойған акт, міне, менін колымда. Ал, кәне, кипалактама.

Лезбай екі қолын артына ұстады да, үн-тұңсіз алға түсті. Аз-кем уақыт өтпелі, қызыл белбеулі қара машина бұрылып алып, келген жолымен кері салды.

Марғай аузын ашты. Кансыраған Марғаудын әлде ұлығаны, әлде үргені, әйтеуір ит табиғатына жатпайтын бір дыбыс өзеннін арғы бетінде ұзак уақыт сыңсып тұрды.

## Екінші тарау

### Өткен күннін белгілері

1

Осыдан бес жыл бұрын, түннін бір уағында, Лезбайдың отарына каскыр шапты.

Айғаннның тесек тартып, жатып қалған кезі. Малдың күндізгі бағымы, түнгі күзеті бір басына түскен Лезбай акланының ұскірігіне қарамай, кой киынан қалкайткан қалқаманы айналып ұзак жүрді де, жылтынып шығайын деп үйге кірді. Ортада түрған темір пешке көмір тастады. Ашылып қалған балаларды қымтады. Содан кейін бойын жылтытайын деп ыстық шайды ұрттай беріп еді, кой дүр ете түсті. Жүгіріп шыккын Лезбайдың көргені – қалқамадан қарғып түскен бір қара құлақ кой ішінде ойранды салып жүр. Кимылында қапы жок. Бір бұрышқа үйлыққан кой ішінен нысанана алғанын атылып барып алқымынан бір-ак басады да, ілгері ұмтылады. Сонында аяқ-коло жазылып, серейіп сала берген койды көресін.

Лезбай кику салып, қакпаға ұмтылды. Адам тегеурініне шыдамаған каскыр қалканнан бір-ак карғыды. Караса, қабак қағыста бес тоқты тыптырап қалған екен. Лезбайға алғашкы келген ой: «Құдай-ая, Актөс кайда кеткен? Неге дыбыс бермейді?»

— Актөс, Актөс!

Актөс зым-зия. Қойға бірі ғана шапканмен каскыр, тегі, тоғымен келсе керек. Лезбай оны ертеніне сезді. Үйден біршама жерде кым-құыт шиырлы іздер қалған. Соның ішінде алысқан

Актөс ізі де ап-айқын. Акқан кан, жұлынған теріге қарап, итінің сиді қайтып оралмайтынына шопанның көзі жетті.

Осы оқиғадан кейін Лезбай Алматыда окуды бітіріп, жана ғана қызметке орналаскан баласына хабар салды: қойымды қасқыр қырып кетті. Қайткен күнде де малға абай болатын тегі жаксы бір ит тап. Адам құнын сұраса да іркілме.

Канатта ес қалған жок. Салып ұрып, ит базарына барды.

Бұл хайуанның неше бір түрі осында болады екен: шолағы мен салпы еріні, тықыры мен сабалағы, шәуілдегі мен манғазы, ғағы тағылары. Бірі тайыншадай болса, енді бірі егеукүйрек тышқандай-ак. Мақтауы да соған орай, бағалары да әр килем. Көзіне лейін жұн басып кеткен бүйра барак кішкене екі қара итті:

— Венгер овчаркасы пули мен пуми породасынан, — деп таңыстырыды. — Тұн баласына көз ілмейтін сак құлактың дәп өзі. Үйініздің ығы түгіл, желінен де құс жорғаламайтын болады.

Шеткеріректе кеудесінің жұні түйенін шудасында жерге төгілген сүйір тұмсық, ала мойын бір кызыл ит тұр. Денесі сондай сала құлаш жұнді болғандықтан ба, тықыр басы тым кішкене көрінеді.

— Шотландия овчаркасы — колли, Россияға есте жок ескі заманда әкелінген ит. Орыс-жапон соғысында санитарлық қызмет аткарды. 1952 жылдардан бастап Киыр Шығыс совхоздарында танбалы бұғы бағуға пайдаланып келеді. Ит-құска сак, құзетке мығым болғандықтан колли Қазақстанның қойлы аудандарына да тарай бастады, — деп зарлап тұр ит иесі.

«Қазақстанның қойлы аудандары...» дегенге Қанаттың көнілі жылып сала берді.

— Пайдаланған дегенде... қалай өзі қасқыр ала ма?!

— Алғаны сол, қырып салады.

Біреу Қанаттың женінен тартты.

— Саған шын қасқыр алатын ит керек пе?

— Иә, шын қасқыр алатын ит керек.

— Ендеше, міне, мына овчарқадан артық итті таппайсын — Кавказ овчаркасы.

Енді біреу көлденендей кетті.

— Шығыс Еуропалық овчарка тұрғанда Кавказ овчаркасы деген не, тәйірі!

— Нагыз қырып сал деп Азия овчаркасын айт.

— Жоқ, неміс овчаркасына бір ит жетпейді.

Ит иелері өстіп өзді-өзі дауласып кеткен соң Қанат қай итке ен саларын білмей анырып қалды.

Осы кезде ит саудасын бағып, шеткерірек тұрған жасыл телпекті бір кексе адам Қанатқа жақын келді.

— Сізге ит не үшін керек? Үйге ұстамақсыз ба?

Канат әкесінің сәлемін айтты.

— Олай болса, бұл иттердің бірін де алмаңыз.

— Не себепті?

— Себебі, ересек иттің қалыптасып қалған мінез-қылышы бар.

Жана жағдайға онайлықпен қоңдіге бермейді. Шолан әкене серік бола алатын шын қызметші ит керек болса, күшігінен асыраңыздар.

— Ондай күшікті қайдан табам?

— Бір жарты койсанызы, мен көмектесем.

Канат сезіктене қаралды: үскynы жоқ екен, телпегі мыжырай-ып кеткен. Қоңе пальтосы алқам-салқам, сауыс. Тегі, пальто қызметінен баска, реті келгенде төсек-орын қызметін де атқарытыны байқалады. Нұры тая бастаған көзінің алды күлте-күлте. Көмірдің ұнтағы сінген күс алакан қолында діріл бар. Соган қарағанда кеше тегі, өлтіре ішкен болу керек. Сөзіне қарасаң дұп-дұрыс. Өні бірак адам шошырлық. «Онай жолмен қызметін сатып, осын-дай жерді торуылдайтын маскүнем делдалдар болушы еді. Соның бірі емес пе екен?» Қанаттың осы ойын сезіп қалғандай:

— Рас айтам, әкен өмір баки разы болып өтеді, — деп қойды деддал.

— Жартыны қалай, қазір берейін бе, әлде кейін аласыз ба? — деп Қанат сынай сөйледі.

— Бері жүрініз.

Шал алға түсті. Қанат сонынан ерді.

— Ал, қайда барамыз?

— Мына арадан бір жарты ал. Қайда баратынымызды сосын айтам.

Қанат сәл ойланды да: «Жә, койши, қайда қалмаған бір жарты. Мүмкін ізdegеніmdі табармын» деп магазинге кіріп шыкты.

Жасыл телпек шөлмекті койнына сұғып жіберді де, жанып сала берді.

— Анау ит, мынау ит дейді. Сен манғұл иті мен король догін білесің бе?

— Ит жайында хабарым мұлде аз еді.

— Олай болса, тындаі бер: дүниеде жойқын екі ит бар. Оның бірі — дог, екіншісі — монгол овчаркасы. Күш, ірілік, сұлулық жағына келсе король догі бірінші орында. Оның арғы тегі ежелгі гректердің жаугершілік соғыста пайдаланған жауынгер иті молосқа жатады. Келе-келе дог күзет қызметін атқарды. Еуропаның аксүйектері анға алып шығып қабан, аю секілді ірі андарға салған да кезі бар. Бірак ерте заманнан бері сұлулығына қызық-қан жұрт оны үйде ұстап, мәпелеп өсіріп келе жатқандықтан дог

үн күшік болып кеткен. Жұні тықыр, тубіті жок. Сол себепті қыста сүйкка тоңғак келеді. Бұл – оның ұлкен міні. Ал монгол оңчаркасының тегі тибет дөгіне жатады. Өте ірі, өте карулы, шоғенге елікпейтін, әрі ашушан, әрі қабаган, өжет те тезімді ит. Бұл тұқымдаст ит Ұлы Отан соғысы кезінде көшпелі монгол шоғандарына еріп жүріп Өскемен, Семей аймактарына тараған-ды. Қазір Шығыс Казакстан малшыларымен бірге қыстын қақаған бораны мен жаздың аптағына бірге төзіп, адал қызмет ат-карып келеді.

– Ал осы екі иттін қайсысын ұсынбакшысыз маған? – деп сұрады шыдамы таусылған Қанат.

Жасыл телпек киген адам Қанатқа күле қарап, көзін қысып койды.

– Ішін білсін. Мен саған елде жок бір күшік берем. Бәлкім, оны жасыл телпек экстеръері десен де болады.

Мына сөз Қанатты қызықтыра түсті.

– Есіміңіз кім? – деп сұрады жақынырак танысқысы келіп.

– Есебі, Иван Иванович десен де болады.

– Кайда істейсіз?

– Есебі, бір мекемеде кочегар десен де, немесе қойшы, сиыршы, шошқашы деген секілді, итші десен де теріс емес. Дұрысына келсек, кинологын. Иттін жана түрлерін тауып, өсіретін мамандарды осылай атайды.

Осындай әңгімемен олар Алматы өзенін бойлап отырып, онаша бір үйдің ауласына келіп кірді.

– Былай қарай жүрініз, – Иван Иванович Қанатты ауланың бір бұрышындағы кішкене жер үйге алып кірді.

– Мен итті осындай жылы жерде үстаймын.

Жауырны мен жотасында, бүйірі мен жамбасында, сауыры мен мойнында ірлі-уак бүршак танбалары бар тықыр жұнді ак ит карғып тұрды. Иван Иванович итті: «Жойқын! Сабырлы бол. Бұл жігіт біздің досымыз!» деп адаммен сөйлескендей карғысъянан алып, мойнын сипады.

Жойқын үмтұрылыш кеп, Қанатты іскеді. Жігіт жүрегі лұпілден кетті.

– Корықпа, тимейді енді, – деді Иван Иванович.

– Сонда да, карғысъянан қысынқырап үстанызышы. – Қанат үй иесінін артына қарай тығыла түсті.

Иван Иванович карқылдан күлді де, итті коя берді. Жойқын тұмсығын Қанаттың қеудесіне қадаңырап үстап сәл тұрды. Сом темір дерсін. Корықсаны ма, қеудесіне әлдене батып, ауырып бара жаткан секілденді. Бірақ ит көзінде ашу емес: «Кімсін өзін?» деген сұрау бардай.

— Біздің Жойқын келген адаммен осылай амандасады, — деп Иван Иванович тағы құлді. Содан кейін итіне қарады. — Ал, Жойқын, орнына бар.

Жойқын денесімен Канаттың бөксересін сипап өтіп, кері бұрылды.

— Жойқынның бұл қылышын татулыққа шакырғаны деп біл. Иісінді алды. Енді өмір баки қаппайды.

Канаттың жүргі орнына түсейін деді. Қайран қалды. Ұзын бойлы-ақ жігіт еді. Карғымай, шашымай жай тұрған ит тұмсының қеуделесіп келгенін өмірінде көргені осы. Ит емес, көз алдында көлендеп жүрген жолбарыс дерсін.

— Король доті міне, осы. Шоктығының биіктігі тоқсан жеті сантиметр. Есінде болсын, бұл қанышық ит. Ал әлгі базарда тұрған арлан иттін әулие дегенінің шоктығы алпыс бес, жетпіс төрт сантиметрден аспайды. Салыстыра берініз, — деп Иван Иванович, неге екені белгісіз, «сізге» көшіп, ракаттана шырт түкірді.

Канат не дерін білмеді. Иван Иванович көтеріле сөйлемеді.

— Ал, мына Жойқынның енесі Жолбарыстың бойы жұз үш сантиметр болатын. Алакөлдің камысында өз бетінше қабан алған.

— Ал мынаның не өнері бар?

— Бір-екі рет аюмен тірессекіні болмаса, мұның өнері онша емес, — деп Иван Иванович қарқылдай құлді.

Канат та мәз.

— Аюмен тірессе, өнері шынында да онша емес екен.

— Ал мынау Жойқынның әр көрмеде алған «жаман-жұман» медальдары, — деп Иван Иванович саудырлатып бір жәшікті көтеріп алды. — Жаман-жұман десек те, бәрі де алтын. Мынау Москвада Бүкілодактық көрмеде алғаны. Мына бірі республикалық көрмeden. Мынау... Жә, бәрін санап тауысу онай емес. Ұзын саны отыз шакты.

Бұл кезде ит жылуы әлі қайта коймаған калқама пешті айнала беріп еді, ынырсыған бір дыбыстар шықты. Иван Иванович Канатты колымен ымдал, сол жакқа қарай шакырды. Жақындан келіп байқаса, пеш тасасында бір-біріне үймелесіп бес күшік жатыр. Тұмсығы мен алқымында ойдым-ойдым ақ бүршак таңбалары бар, жұндес кара күшіктер. Канат жақыннан көргісі келіп ұмтыла беріп еді, Жойқын көлденен шықты да, акырын ырылдан койды.

— Иттің аты ит. Одан әрі жақында ма, — деді Иван Иванович. — Осылай тұрып-ақ таңдай бер.

Канат ұзақ қарады. Бір кезде енесі жақындан келіп жантая бастап еді, күшіктер шикылдай ынырсып, Жойқынның сауырына қарай жыбырлай жөнелді. Жамбасында ақ бүршак таңбасы бар біреуі Канаттың көзіне ерте шалынған. Сол күшік енесінің

бауырына қалғандарынан бұрын жетті де, төске қарай өрмелеп барып, үлкенде бір емшекке жармасты. Ендігі сәтте дүниенін кайғы-куанышынан ада ене құшағында ак сүтті ракаттана борпылдатып, көсіле жаткан құртакандай тіршілік иелерінің ішінде әлгі бір ак тұмсықтың мүлде ерекше екені бірден танылғандай. Баскаларынан әлдекайда тұрыкты, әлдекайда ірі, кимылы да баскаларына қарағанда жіті, қағілез.

Канат ұзак тұрып, акыры осы ак тұмсықты таңдалды.

— Ау, ит жайында мағлұматым аз деп ен, нағыз қырағы көз маманның өзі секілдісін ғой? — деп таңданды Иван Иванович.

— Кайдам, баскаларынан үлкенірек көрінген соң ен тағып жатканым ғой.

— Жарайсын, жігітім. Көзіңе ілікпесе, осыны ал деп өзім айтайын деп тұр едім. Бұл ак тұмсық түбінде бар ғой иттін нағыз төресі болады. Ал соның құрметіне атап жіберейік, — Иван Иванович койнындағы жарты мен жем-суды шығарып, колдан калкайткан үстел үстіне койды.

— Мен ішпейтін едім.

— Ауыз ти, дегенмен.

— ЖОҚ, рахмет.

Иван Иванович әлде өтірік, әлде рас, қабақ шыгтты.

— Онда ак тұмсықтан құдерінді үзе бер.

Амал жоқ. Канат ескі жәшіктен қалқайтқан орындықка кеп тізе бүкті. Иван Иванович колбасанын орауын жазып, үстелге койды да, өзі пеш коймасындағы стакандарды жуа бастады. Ет иісі келді ме, Жойқын салып ұрып Канаттың касына қайта кеп, темір тұмсығымен білегінен тұртіп-тұртіп жіберді.

— Жойқын, байқа! Біз енді жана туыс боламыз. — Осы бір күлкілі сөздің аузынан қалай шыққанына танырқаған Канат колбасаның бір жапырагын алып, жерге тастады. Ит мойнын сәл тәмен салып иіскегені болмаса, тиіскен жоқ.

— Кара мынаның кірпиязын. Жердегіні жемейтін болғаны ғой? — Канат колбасаны алып, енді үстел шетіне койды.

Жойқын үстелге сәл иек артып, тағы да иіскеді. Осы кезде стакандарды алып келген Иван Иванович:

— Ә, біздін Жойқын бөтен адамның қолынан тамак жемейді. Кім біледі, сен мұмкін ине сұғып немесе у косып койған шығарсын, әлде жем тастан, сенімізге еніп алып, бірдемемізді қағып кетуініз де ғажап емес, — деп қаркылдай құлді. Содан кейін колбасаны өз қолына алып, олай-бұлай қараған болды. — Ештегесі жоқ, таза колбаса екен, мә, Жойқын, жей ғой.

Жойқын қомағай емес екен. Үстел шетіндегі колбасаны тағы да бір-екі иіскеп барып қылғыды.

— Мынауын бір аксүйек кой!

— Ә, көрдін гой, біздін Жойқын осылай, шырак!

— Жойқынның мактауы жетті. Ал ана ак тұмсық не өнер көрсетпек?

Арап ішіп, құрыс-тырысы жазыла бастаған Иван Иванович шешіле сөйледі.

— Байқайсын ба, енесі сондай тықыр, ал қүшіктер болса жүндес. Неліктен деп ойлайсың?

— Осы сұрапты мен койсам ба деп едім.

Иван Иванович мандаіының терін сұртті.

— Міне, гәп осында. Бұл қүшіктердің әкесі бір қыста он жеті каскыр алған баракы жұнді монғол овчаркасы – Таусоғар. Байқап отырған шығарсын. Сіздін алдыңызда иттін жана тұқымы. «Жасыл телпек экстеръері» дегенімнің негізі осы. Әкесі каскыр алса, енесі аюмен тірепсіп, нағашы атасы қабанды жәукемдесе, бұл қүшікті түбінде нағыз қырып сал, ұлы иттін өзі болады деп тани бер.

Канат карқылдай құлді. Кейде тіпті адамның басқа бір ерекшеліктеріне орай «ұлы футболшы Пеле», «ұлы боксшы Мұхamed Әли» дегеннің өзінде құлағын тосыркар, ақыл мен ойға байланысты ғана айтылатын осы бір ірі анықтаманы енді итке телігенде күлмегендеге қайтесін. Иван Иванович жәбірленінкіреп қалғандай.

— Сенбейсін бе? Осы ак тұмсықтан түбінде нағыз ұлының өзі шықласа, басымды алып таста. Құлме, құлме. Жылайтын боласын кейін. Айтпады деме, ак тұмсық енесіндей ірі де сұлу, аксүйек, әкесіндей өжет те қарулы, жаудан да, жұттан да тайынбайтын, нағыз сенімді ит болып өседі.

Канат асықканың білдірді.

— Ал жақсы, мактауын жеткіздің қүшігіннін. Төлемі не еді?

Иван Иванович қылила бастаған көзін Канатка қадады.

— Сен маған үнайсын. Енді бір жарты койсан, ак тұмсық сенікі.

Канат қалтасынан акша суырды.

— Жоқ, мұның болмайды. Әкеліп бер.

Бір сәт Канат: «Осы маскүнеммен әүре болып жүрем бе» деп ойлап еді, жолбарыстай болып пеш қуысында жатқан Жойқынға көзі түсіп, ол пиғылынан тез айныды.

— Жақсы, әкеп берейін. Бірақ іш деп зорлама.

— Көндім.

Жөнеле берген Канаттың құлағы:

— Эй, бала, біреу емес, екі жарты: ит бар гой, басыткысы молырак болсын! – дегенді естілі.

Канат ит иесінін айтқанын істеді. Магазинге жүгіріп барып келді.

— Ал күшікті қалай алам?

Иван Иванович саусағымен ернін басты.

— Үндеме, Жойқын түсініп қалады. — Содан кейін итке бұрылды. — Жойқын, жүр аулаға шығып, аздап қыдырып келейік.

Жойқын атып түрдү. Онаша қалған соң енесін іздең қынсылай бастаған күшіктерге Қанат тағы да көз салды. Ақтұмсық басқала-рына қарағанда әлдекайда ірі, әлдекайда пысық екен. Ене емшегін шарқ үшіп ізденген бойы ұластарының үстіне шығып кетті.

Қанат енкейе беріп актұмсыкты желкесінен ұстады да, кой-нына салды.

— Мынадай күшікке кезіккен әкеннің бағы бар екен. Бар, тезірек жөнел. Жойқын койнындағының ісін алса, жарып тас-тайды, — деді Иван Иванович.

Қанат жүгіре басып сыртқа шықты.

Иван Иванович ағаш дуалдан басын қылтитып:

— Каскыр мен қабан алып, аудын бетін қайтаратын ит іздендер табылса, күлак қағыс бола жүр. Күшік бағасы екі жарты. Ауырсынғанға бір жартыға да бере салам, — деді.

Қанат, келіскендігін танытып, колын бұлғады.

Әлде күшігінің ісін сезді, әлде дуалға өрмелеген иесінің ісін ерсі санады, әйтеүір Қанат үзап кеткенше Жойқын әлденеге ар-сылдалап, беймаза болып жатты.

\* \* \*

Ақтұмсық көзін жол үстінде ашты. Алдымен әдемі бір иісті сезді. Ене иісінен, емшек иісінен бөлек, жат иіс. Бірақ сондай жаксы, жылды иіс. Адам иісі. Адам болғанда да Қанаттың іісі. Ақтұмсық тыптырап, тұмсығымен Қанаттың кеудесінін әр жерін түрте бастады. Мұнын да тұмсығы балғадай. Қанат алыста қалған Жойқынды еріксіз есіне түсірді.

— Енене тартып, шын жойқын болсан жарап еді.

Кенет маскүнем кинологтың даусы құлағына келгендей.

— Жойқыннан да асып кетеді. Нағыз қырғынның өзі болып шығады.

Қанат өз киялыша өзі мәз болып күліп қойды.

— Шынында да атын Қырғын койса да болады екен-ау.

Рульде отырған шофер жігіт те құпташ жатыр:

— Қырғын деген жаксы ат.

Ақтұмсық тағы да Қанаттың ол жер, бұл жерін түрткілеп, тұмсығын пальто жағасынан шығарып алды да, жан-жағына та-ныркай қарады.

— Емшек қой ізденгенін. Ауылға жақын қалды. Бара салып, сүт ішесін.

Актұмсық өрмелей түсті. Қызық, дүние зымырай айналып, апа-лан-топалаң болып жатқандай. Өзі мінген машинаның зырлап келе жатканын кайдан білсін. Корыккандақтан көзін жұмды. Сонда да бекзада тұқым-тегіне тартып, бүлкына қынсылады. Қөрінген жерге сари салу қанында жок қасиет. Зәр қысканың бұдан басқа кай тілмен айтып жеткізе екен? Бірақ оны түсінген ешкім болған жок.

— Өлгінде үйден шығарда сүт ішкен секілді еді? — деді шофер бала.

— Тоймағаны ғой, комағай бола ма деймін, — деп Қанат қүшіктің басынан шертті.

Ақтұмсық тұмсығын шиширып алды. Сол кезде Қанаттың қабырға тұсы жып-жылы болып жүре берді. Ағаттық жасағаның жігіт енді түсінді.

— Алда ит-ай, дүниені бұллірді-ау.

Шофер жігіт ең өуелі:

— Немене? — деп шошып калды да, кешеуlep барып түсініп, құліп жатыр. — Күшікте кінә жок. Түсінбеген өзіннен көр.

— Ит тілін білмеген соң көретін күнін осы да.

Жолдан шығып, машина тоқтады. Қанат қүшікті кардың ұстінен жіберді де, пиджагын тәртіптең бастанды. Ақтұмсықтың онда шаруасы болған жок. Ақ қарда тұмсығымен тұртінектеп, қонызша жорғалап жүр.

— Ит болмай кеткірдің кара, көзін аша салысымен тіміскілеп жатканын. Байқа, сұық тигізіп алып жүрме.

— Әкесі солтүстіктің ұскірік аязына бой бермейтін Таусоғардың өзі болса, онтүстіктің көктемі Ақтұмсыққа түк те етпейді.

«Рас айтасын» дегендей қүшік тұмсығын жоғары көтеріп, қынсыладап койды. Кәдуілгі үлкен итке ұксал үрген іспетті. Шофер мен Қанат каркылдай құліп, қайтадан машинаға отырды.

Сұыт жүрген екі жігіт түс ауа Лезбай отырған қыстауга да келіп жеткен еді.

— Ал, әке, аманатының орындалды. Ала беріңіз, — деп Қанат қүшікті әкесіне ұсынды.

— Ау, қүшігін не? Мен саған каскыр алатын үлкен ит тап демеп пе едім?

— Ит жайын билетіндердің ақылы осы.

Екі бала Адыр мен Дағырда ес жок.

— Асырауға қүшік жаксы.

— Ал атын не деп коямыз?

Қанат өз ойын айтты.

— Нағашы атасы қабан алған Жолбарыс, әкесі каскыр алған Таусоғар. Ал аюмен алысқан енесі Жойқынды өзім көрдім. Ақтұмсықты енді Қырғын деуден басқа жол жок.

Лезбай қарсы болды.

– Қырғын деп қойып, түк қырмаса не болмак? Жаман иттің атын Бөрібасар кояды дегендей жұрт құлмей ме. Одан да Марғаяү сеңік.

Бәрі шулап кетті.

– Марғая, Марғая! Кә-кә-кә!

Актұмсық келісімін бергендей ынырып қойды.

Бұдан бес жыл бұрын, көктем нышаны біліне бастаған наурыз айынын әдемі бір күні, Марғая Лезбай үйіне осылай сая болған еді...

## 2

Сегіз айда Марғая ересек иттің катарына келді. Енесіндей арнын төс, ұзын сирак, сурет мұсін, әкесіндей жуан мойын, дөнгөлек табан, сом дене. Өзі сондай қап-қара. Алқым, жамбас, тұмсыныңдағы бүршак танбалары әдейі колдан бояғандай мінсіз ак, әдейі колдан сызғандай мінсіз дәңгелек. Бір қараганда «осында» да ірі ит болады екен-ау» деп, сурет мұсін сұлулықты табына, тамашатап қалсан, анқыған ісі мен құлпырған түсіне елтіп роза гүлінің ікендей сабағын жаланаш қолмен ұстағаныңдай, өмірінмен ойнап тұрғаныңды кешеуlep барып анғарасын. Кен колтық қеуделі иттің коз тартар көркі мен толыса бастаған сом денедегі ерен күш, жырға карыс ауыздағы кайшы тіс – ғажайып үндестік таба бастаған. Үйкі кашырап жай шәуілдектердің талайын көрген Лезбай Марғая бойындағы осы бір айрықша касиетті өзу бастан-ак айырған секілді. Жас балаша өбектеп, тамакты да өзі беретін себебі сол.

Бір күні Лезбай қойды ертерек әкеп шарбакқа камады да, кер бестіге қайта қонды. Марғая ата кәсібін жасап, иесінің сонына ерді.

– Ә, ел таныған, жер таныған дұрыс, – деп қойды шопан итіне қарап. – Көрші шопанға барып, конак болып қайтайык.

Көрші шопан өзеннің жоғарғы бетінде отыратын қаба сақал Әбікеш деген кісі екен. Лезбай келгенде токты бауыздап жатты.

– Ә, кош келдін, Лезбай. Әлгі ала бөтен бір иті бар деп еді. Сол итін бе мынауын?

– Соның өзі, Әбікеш.

– Итім-ак екен. Мә, ендеше! – деп Әбікеш кан-жынды Марғаяға лактырды.

Ит орнынан қозғала қойған жок.

– Ау, мынауың бір токмейіл ғой. Күнде токты сойып беріп тұрудың қай жағындастын?

Итінің ата-тегі туралы жай лақапқа ие болып жүрген Лезбай бірдемені билетін адамша қарқылдай құлді.

– Мұнын өзі «дөк» деген ақсүйек тұқымынан. Жат қолынан өлсе де тамақ алмайды.

Каба сақалдың ғұмыры көрмеген. Соншалықты қайран:

– Сүйек-саяққа қырылсып қалатын біздін шәуілдектен емес десейші. «Естімеген елде көп» деген осы екен-ау!

Лезбай дән риза. Итінің мойнынан сипады да, Әбікештін касына келіп, көкке жантайды.

\* \* \*

Марғай екіге аяқ басты. Биік тау койнауындағы кең жайлауда құз белгісі сезіледі. Құндіз құн шуақты жылы болғанымен, түнде бозғырау бар. Шопандардың ендігі әнгімесі күздеу жайы. Ферма бастығы Карғабек келіп, Лезбай отарының кай күні көшетінін айтып кетті.

Тұс әлетінде өзеннің аргы бетінде отыратын қырғыз шопаны Сәршен келді. Сонында еркек-ұргашы екі кара ит.

– Бір өзеннің екі бетінде отырған қырғыз-казак еліміз. Жиналып жатқанынды көріп, қоштаскалы келдім. Көш көлікті болсын!

– Әлей болсын!

Марғай келген кісіден гөрі өз туыстарына көбірек көніл аударды. Ит арланы кара қанышыты айнала береді. Соған қарағанда бірденені сезетін болса керек. Марғай атып тұрды да, салып иттерге барды. Бойында өзі әлі түсініп жетпеген жұмбак бір сезім ойнап шыға келді. Конак ит кес-кестеп Марғаудың алдын орап жатыр.

Марғай бірақ құлақ аскан жок. Құйрығын қайқайтып, бойын жазып сәл керілді. Содан кейін алдынғы аяғымен шымдауыт жердің қыртысты топырағын күрек салғандай көсіп-көсіп алып, бұркыратып кейін серіпті. Қандай иттін алдында тұрганын қанышық та сезген болса керек, жер бауырлай жылжып, Марғаудың астына кірді де, әр жерін бір жалап, қынсылай бастады. Марғай қанышықтың жамбасын іискеді. Сол кезде конак ит арс етіп кеп, жайбарат тұрган Марғаудың бүйірінен алды. Марғай жалт бұрылып, конак итті кеудесімен соғып жіберді. Анау үш домалады. Марғай тістесе барды да, тұрып үлгермеген итті аттай мініп, балға аяғымен кеудесінен басты. Тырп етсе, бас салмак. Төрт аяғы көктен келген конак ит соны сезді білем, қозғалған жок.

Сәршен мен Лезбай ит кимылын қызықтап түр екен.

– Апыр-ау, мынау итін қырып салғой?

– Ә, Марғай әлі ит емес, күшік.

– Күшігі қалай? – деп танырқады қырғыз шопан.

– Күшік болатыны – бір жарым жастан енді ғана асты.

Сәршен сенбеді.

— Койшы, ойнайтын шығарсын.

— Арғы жылдың акпанында туған. Қыркүйек енді кірді.

Сәнай бер ар жағын.

Конақ сәл ойланды.

— Төсекте басы, төскейде малы араласқан қырғыз-казақ туыс сіміз. Бір күшігінді кисаң қайтеді? Қалағым келіп тұр.

Өз итін қызықтаған Лезбай қырғыз-казақ кездескенде айтағын ежелгі жарасты әзілге басты.

— Қырда малымыз, ойда итіміз араласқан демейсің бе?

Басында:

— Қотек, мыналары несі? — деп шын шошып қалған Айған сінді наразылық білдірді. — Еркектерде осы ұят жоқ. Не болса, соны айтасындар да жатасындар.

Сәршен ойы басқада.

— Мейлі, не десе о десін, көніліміз жақын дос адамдармыз. Бір күшігін киятын шығар деп ойлаймын.

Кісі көнілін қайтармайтын Лезбай Сәршеннің шындал бара жатканын байқап, сасайын деді.

— Қүшік болғанымен, өз қолымыз зорға жетіп еді...

— Қырғызда жан жоқ екенін білесін ғой. Қалағаныңды берем.

Түйе сұрасан, түйе, бие сұрасан бие...

Лезбай не дерін білмеді. Жолды Айған тапты.

— Әлгі даладағы бала ғой алып келіп жүрген. Соған хабар салсан, осынын бір үяласын әкеп бермес деймісін. Ал мына қүшікке балалардың көзі үйреніп қалған еді, кинама бізді, Сәршен.

Лезбай әлденіп кетті.

— Ұяластары көп деген. Жарты айда бір қүшікті қолына тигізэм.

— Марғауды біз ешкімге де бермейміз, — деп балалар жан-жактан жылады.

— Үәде құдай аты ғой, Лезбай? — деп нығарлады Сәршен.

— Енші алла.

Коштаса келген дос Сәршен шығарып салма сөздің төркінін түсінсе де, әлдебір үмітпен аттанды.

Күздін жылауық бұлты аспанды жиі торлайды. Бірде ұзактық күн дым бүркіп, сары аурудай созылып, былжырап тұрса, бірде қара нөсер болып, дауылдата кеп төгіп-төгіп алады. Кайтсе де, мал мен жанға киыны осы бір кез екен. Уақыт тоқтап қалған секілді. Үйде де, түзде де сондай көнілсіз. Малмандай су басқан койлар самарқау оттайды. Үстіне брезент шекпен киіп, жалбайын бастырып алған Лезбай мұндайда тас-түйін.

— Окыс оқиғалар осындай күндері болып қалады. Марғау, сен он бүйірге шық, мен сол жакта болайын. Марғау, сен алға шық, мен соңда болайын, — деп үнемі құлағы тігулі, ат үстінде жүреді. Шопан тілін анық түсіне бастаған Марғау соңдай елгезек. Дегенді екі етпейді. Лезбай нұскаған жакка шауып шығады да, қойды какпайлап қайырумен болады.

... Соңдай бір жауын-шашынды лайсан қүннің бірі. Ертемен борай жауған үйткыша жаңбыр түс кезінде толастап, бұлт арасы ыдырады. Жел терістік жактан. Өксігін баса алмаған сәбидей ауық-ауық ышкына соғып, сөгіле бастаған кара бұлттарды сілкіп-сілкіп қалады. Сол кезде жаңбыр тамшылары шаңыта бұрқырап басылады. Лезбай тонайын деді. Денесі мұздай бастаған Марғау отарды айнала шауып жүр.

Бір кезде бір отар қойды какпайлап, екі жігіт жакыннады.

— Е, Леке, аман-саусын ба? — деп айыр қалпак киген ересектеуі бері салды.

— Мына құдайдын құні қайтеді. Кыс ерте түсे ме деймін. Эспіркей иіріп барады, — деп шағынды Лезбай.

— Тонсан, жылытуға болады. Құн райын байқап, бірер жұтым спирт ала шыққам...

Лезбайдың өніне жылдылық нұры жүгірді.

— Міне, білетін адам сейтеді.

— Тонып кеттім. Содан кейін Лекен де жетісіп жүрмеген шығар деп ана балаға малды осылай какпайлайық дедім ғой мен байғұс, — деп айыр қалпак қойнынан шөлмек пен стакан суырды.

— Қемекшің бар екен ғой?

— Ағамның баласы. Мал десе, казіргі жастардың жыны бар емес пе! Тракторға мінем деп болмайды. Жалынып жүріп, зорға көндірдім.

Ішіне жылу түсіп, буыны босай бастаған соң, күндеңі үйреншікті киындықтар Лезбайға зорайып, аскаралы тау секілді болып көрінгендей.

— Қемекшің бар, жақсы екен. Ал менде таяныш жок. Үлкен бала Алматыда. Қалғандары әлі жас. Әйел болса ауру...

— Әй, кайдам, қемекші болып не жарытады дейсін. Шілерге жана спағанның нак өзі. Әйтеуір ер кара демесен...

Осы кезде абалап ит үрді. Айыр қалпак ер карасының «әй, шәй былай, шәй, шәй!» деген даусы шыкты.

— Эне, бір сәт көз аударсан көретін қүнің осы, — деп айыр қалпак атка қонды. — Әй, бала, не болды?

— Табын араласып барады.

— Табынды араластырып... сен не, жынынды бағып тұрсын ба?

Марғай Лезбай қасынан жосылта шауып үріп өтті: «Ана бала койларды араластырып жіберді. Тезірек атка кон!»

Арак буына түскен адамға «Сырдың сұзы жұлығына да келмейтіні» бар емес пе?

— Е, араласса қайтер дейсін, ажыратып алармыз, — деп Лезбай асықпай атка мініп, малға бетtedі.

Айыр қалпак тәпелеп, қойларды ажыратып әлек.

Марғай мал ішінде әр койды бір тістелеп, арсылап жүр.

— Ау, Леке, мына итіне не болды? Койлардың ит әлегін шыгарды тіпти.

Лезбай итін үсталды. Ер карасын сыйбай жүріп, айыр қалпак малдарды ажыратты. Осы өуремен кеш түсті. Інір қаранғысында жан дәрмен Лезбай әйтеуір отарын алдына салып үйге бетtedі. Марғауда ес жок. Арасы алыстап бара жатқан екі отардың ортасында жосылта салып, абалаумен жүр.

— Бұйтпесен сен ит боласын б а?! — деп кейіді Лезбай.

— Ап! Ап! — «Кейігенің не, ана отарда бір кора мал кетті?».

Ит шынында да бекер абаламаған екен, ертеніне Айған аласып, кой басын санаса, он шакты саулық жок.

— Осыншама жаска келсен де, айыр қалпактың жүрген жері күйелі каксал екенін білмей-ак койдың ғой, — деп кейіді Айған.

Жамандықка баспайтын Лезбай:

— Кате санаған жокпыз ба осы? — деп күдік келтірді.

— Бір емес, үш рет санадық кой.

— Эй, кайдам?

— Кайдам-сайдамынды білмеймін. Айыр қалпактың бұл үйреншікті ісі. Былтыр Сәршен ағайынды да алдап, арак беріп, кан каксатып кеткен. Қазір бар да, көзін құртып жібермей тұрғанда, малынды кайтарып ал.

— Апыр-ай, жамандыққа қайтіп бара койды екен? Әлдеқалай жансақтық болды-ау, тегі бір. — Лезбай біреу желкеден итеріп, біреу бүйдалап сүйреткендей болып, Марғауды ертіп, айыр қалпак шопанға келді. Айыр қалпак кешегідей емес, салқын.

— Ау, саған не болған? Аманшылық па?

— Бұйткен аманшылығы бар болсын!

— Не болды соншама? — деп таңданды Лезбай.

— Кеше, кой араласқанда, сенін отарында малым кетсе керек.

Он шакты токтым жок.

— Не дейді? Жокты мен іздеп келсем, жаналықты сен шыгардың ғой?!

Марғаудың мазасы жок. Шарбакты айнала шауып, қойларға қарап үрумен болды: «Айыр қалпактың сөзіне сенбе. Біздін отардың қойларын мен, міне, ісінен танып тұрмын, көзінен танып

тұрмын». – Соны растиғандай үріккен кой арасынан бірер саулық көзін танырқай қадап, Марғауға жақындаій берді.

Айыр қалпак қатты кейіді.

– Өй, мынау итің немене өзі? Кеше малдың берекесін алып еді, бүгін біздің берекемізді кетірді ғой тіпті, – деп қолындағы құрегімен тұра ұмтылды. Марғау бөтен жердемін деп сескенбеді. Кызыл көзін қадап, тұрып қалды. Құрек сермелсе бітті, атылмак кейінте.

– Байқа, алып тастап жүрмесін, – деді Лезбай.

Айыр қалпак шошынып, кейін серпілді. Марғау шокиып отыра қалды да, дүңк-дүңк етіп үріп қойды: «Малымызды жасырғанынмен коймай, жала жапқын келеді тағы да!»

Лезбай бірақ ит қылығына мән бермеді.

– Марғау, кет былай! – деді де, айыр қалпакқа бұрылды. – Малын кетсе бізге жүр. Кара. Әйтпесе мен қарайын сенің отарынды.

– Малынды өрістете бер. Кешке барам.

Осы байлаумен Лезбай үйіне келді.

– Ал, не бітіріп келдін? – деді Айған төсектен басын көтеріп.

Марғау дүңк-дүңк етті: «Тұқ те бітірген жок. Біздің қойлар кой ішінде жүр. Салмай таныдым».

– Кешке айыр қалпақтың өзі келетін болды осында.

– Өзі келетіні қалай?

– Оның да малы жоғалған секілді.

– Айыр қалпак әйтіп буйқыры мен сикырын түтепесін, – деді де Айған киіне бастады. Лезбай жаны Айғанда.

– Кетсе мал кетер. Кой-ақ койсан қайтеді. Құн салқын. Өзін жуырдағана ауруханадан келіп едін. Суық тиіп қалып жүреді ғой.

Өтірік айткан айыр қалпакқа да, әдейі барып тұқ бітіре алмай келген күйеуіне де ашулы Айған Лезбай сөзін тындаған жок. Жылы киініп, белін тас қып буынды да, атка конды.

– Ал, Марғау, соныма тұс. Кімнің малы кімде кеткен екен, көрейік.

Марғау Айғанға ерді. Лезбай үйде қалды.

Бұлар келгенде сәске болып қалған еді. Айыр қалпак койын өріске шығарған екен. Айғанның жайшылықпен келмегенін бірден байқап, көлденендей берді.

– Кешке таман өзім барам деп едім ғой?

– О не дегенін? Сені күтіп отырған ешкім де жоқ еді ғой біздің жакта?

– Кеше сіздің отарда малым кетті.

– Ол кулығынды қой, шырак. Өткен жылы Сәршен байғұсты кан каксатқан едін. Қайтар малымды!

— Малың болса, қайтарармын. Жок болса, не қайтарам?

Айған әрі таласпады. Атын тебінді де, жайылып жаткан койға ұмтылды.

— Айт, айт, Марғая! Ізде, кой ішінен Лезбай сорлының саулыктарын!

Марғаудың қүткені де осы еді. Салып ұрып, бейбіт оттап жүрген қой ішіне койды да кетті. Отар быт-шыт, тым-тыракай. Айыр қалпақ бажылына Айған қараған жок. Айтақтауын айтактаса да «енди не істер екен?» дегендей ит қылығын бағуда. Отар ішінде жосылтып жүрген Марғая бір кезде бір саулыкты каклай-лап, бөлек алып шықты.

— Мынаған не айтасын? Мынау, міне, біз салған ен ғой? — деді Айған саулыкка қарап.

Айыр қалпақ күмілжінкірей жауап берді:

— Мұндай ен бізде де бар.

— Былжырама!

Арада азғана уақыт өтті. Марғаудың арқасында Айған жоғалткан малың айдал, үйіне оралды.

#### 4

Айған малың айдал үйге оралды да, төсек тартып жатып калды. Тағы да ак халатты дәрігерлер келді. Бірақ бұл жолы олар Айғанды ешқайда да өкетпеді. Әкетпеді емес-ау, ешқайда да барғысы келмеген Айғанның өзі.

— Бара-бара жалыктым. Не көрсем де, балаларымның алдында көрейін, мазаламандар мені енді.

Бұрын: «Қайтсен де жүресін» деп отырып алатын дәрігерлер бұл жолы, неге екені белгісіз, зорлаған жок.

— Бір есептен үйде болғаны да теріс емес. Жалғыз-ак тілек бар: не ішем, не жеймін дейді, бетін какпандар. Ыдыс-аяғы, бет орамалы бөлек болсын. Балаларды көп жақындан бермендер касына. — Осыны айтып, ак халаттылар кош айтысты. Сонын артынан көп кешікпей қараашаның қары жауып, еріді. Қар жауғанда басын көтеріп, бір кесе сусын ішіп еді, бір құн жатып, қар ерігенде ыстық дүниемен қош айтысып, мәнгіге көзін жұмды.

Ел арасында Айған сондай аяулы әйел екен. Жаназага жиналғандарда қисап жок. Таза арулап, айнала тау коршаған осы жайлаудың елге шыға беріс аузында, өзен жолында қөлденен түсіп жаткан биік төбеге койды.

— Иманды болғырдың тілеуі дұрыс екен. Ел беттен де, тау беттен де алыстан көзге түсіп, мен мұндалап тұратын жайлыш жерге жатты, — десті зираттан қайтқан қалың ел.

Ұлып-ұлып Марғай солығын басқан кезде, кезек Адыр мен Дабырға тиген секілді. Есі кіріп қалған екі бала үйге батокырға жиналған жұрттын сай-сүйегін сырқыратты:

— Кайран апатайым-ау, бізді тастап қайда кеттін? Ренжіткен жеріміз жок еді ғой!

— Енді кайтсін! Шешесіз күн караң ғой, — деп жатыр біреулер.

Топтан бір аксақал суырылып сөйледі:

— Балалар кайтер дейсін. Ертен-ак жетіліп кетеді. Шын қындық жер ортасына келген Лезбайдың басында.

— Кайсынына болсын онай деймісін.

— Балалардың кір-қоны мен ішіп-жемі. Үй ішінің отын-суы дегендей.

Әлгі аксақал тағы бір түйін тастады.

— Әй, Лезбай, өлер Айған өлді. Ол енді кайтып келмейді. Үй іші азып-тозбасын, балалар жудемесін десен, тезірек аяктану жағын ойла. Алдында үкімет малы. Оны бағып-кағуға да көмекші керек. Ешкім сені сөкпейді.

Еркек жағы осыны макұл десті. Әйелдер жағында шу көп.

— Айғанның беті жасырынбай жатып бұл не сөз?! Тым болмаса, топырағы басылсын да.

— Еркектер әне сөйтеді.

Басына шанқандай ак жаулық салған бір әйел тым ерекше:

— Әй, көк түқыл, сен өлген күннің тап ертеніне кемпірінді азғырып, бір бойдактын арбасына салып жібермесем бе, әпкел колынды.

— Сенен бүрүн кететінімді қайдан білдін?.

— Пиғылышын жаман. Аруақ соғады сені.

— Әй, канша азғырғанмен әйел байғұс көнер ме? «Қыркы, жұзі, жылы» деп жүріп алады ғой, — деді бір әйел.

Ақ жаулық көнер емес.

— Осы түқылға ерегіскенде, қалайда көндірем.

Шал да болмайды.

— Байын өлгелі пәлен жыл. Өзің неге отырып қалдын?

— Менің жөнім бір баска.

Ерлер ішінен біреу күліге кетті:

— Өзі секілді әзәзіл азғырғышы болмаған шығар.

— Ойын бір баска, шын бір баска. Лезбайдың ойланғаны жөн, — десті көпшілік.

Осы ақылмен жұрттарасты. Ал Лезбай болса, ойланумен болды. Екінші жауған кар бекіп, дүниені сұық ұрганда Айғанның қыркына Карғабек келді.

— Ау, Леке, осы сенің не ойлағаның бар?

Бұл сауалдың мәні неде? Жанашырлық па, әлде тағылған кінә ма? Соны түсінбеген Лезбай жауабы катқыл.

— Не ойласын деп едін?

— Кыстың көзі қырау. Балалар болса, жас. Өзің болсан, жалғызысын. Малды қалай бағасын?

— Е, көмекшіге біреуді беретін шығарсын?

— Көмекшімен іс бітпейді, Леке. Малдан бұрын, қарауылшы балаларға керек.

Лезбайдың деген жеріне тиді білем, жұзі жылиын деді.

— Оны мен түсінбейді дейсін бе. Мал мен баланың қыбын білетін ондай қарауылшыны қайdan таппактын?

— Іздейміз.

Лекен үндемеді. Сөзді тағы да Карғабек сабактады.

— Мына сиyrшы ауылдағы Ұмындықты қалай көресін осы?

Лезбай ойланып қалды.

— Ақылсыз адам емес кой. Оның үстіне Айғанға жақындығы тағы бар. Балаларға тышсыз бола коймас. Жиендері ғой, — деп Карғабек айқындағы түсті.

— Кайдам? — Лезбай екі ұрыктау. Оның себебі де жок емес. Ана бір жылдары Ұмындық совхоз орталығында ұйымдаған халық өнерпаздар үйірмесіндегілермен бірге жайлау аралап жүріп ән салған. Сонда әркімнің көзі түсіп, сонынан ептең канку сөз де ерткен. Сол канку сөздін бір ұшы мына Лекеннің өзіне де келіп соғады. Айған ауруханада ұзағырақ жатып, Лезбайдың жүденкіреп жүрген кезінде Ұмындықтың «жезделеп» келіп, осы үйге конып кеткені бар болатын. Оның үстіне баласы жок. Себебінің неде екенін кім білсін, кыздай қосылған күйеуімен де көп отаса алмады. Осы жайлардың барлығы Лезбайды толғандырмаянда кайтеді?! Екінші жағынан, Ұмындықтың мінезі жақсы. Ел ішінде «әй, кәпір» атанған емес. Айғанға арғы жағынан келіп қосылатын аталақ жақындығы тағы бар. Тағдыр жазып қосыла қалса, балаларға теріс қарауға тиісті емес.

— «Кайдамды» кой, — деді Карғабек Лезбайдың ойын бөліп. — Ұмындық кет әрі бола коймас. Бар да сөйлес. Қонбей жатса, елміз ғой, оны да көрерміз. — Осыны айтып, Карғабек машинаға мінді. Лезбайда тағат қалмады. Ертеніне таң сәріде атқа мінді де, «кешигіп қалсам қарай салындар» деп малын көршідегі Сәршенге тапсырып, жолға шықты. Сонына ерген итіне:

— Ал, Марғай, жүгіртіп көрші ауылға барып қайтайық, — деп адамша сөйлесті.

Көрші ауылы келесі төбенің астында отырған сиyr фермасы екен. Лезбай аттан түсіп жатыр.

– Иә, Лекесі, тан сәріде бұл не жүріс? Астыныздан су шығу-  
дын қай жағы? – деп Ұмсындық күліп тұр.

– Бір өзін деп келдім. «Анау-мынау десен де, кимайды екен  
көз көрген» деген бар емес пе.

«Өзің» деп келдінін төркінін Ұмсындық бірден сезсе керек.

– Тәтей бар кезде сүтке түскен күшіктей болып жүруші едін,  
сақал-мұртты басып, кутындал кетіпсін ғой өзің? – деп Лезбайды  
сөзбен қағытып, жамбасымен қағып өтті.

– Эй, көксілім-ай, баяғы қалпынан танбапсын-ау.

Ұмсындық кара көзін төнкеріп таstadtы.

– Немене, өзгерді деп естіп пе едін? – Өнінде құлқі, өзі сон-  
дай қылыкты. Лезбайдын іші-бауырына еніп барады.

Содан ба, әлде еті үйренген бұрынғы көз көргені болғандык-  
тан ба, әйтеуір конак еркін.

– Екеуіміздің де айдарымыздан жел есіл түрған жок, Ұм-  
сындық. Менін әйелім өлді. Сен байдан кеттін. Кінә кімде деп  
тексерер мен емес. Откен күннің күнәсін кайсымызда көп,  
кайсымызда аз екен деп қазбалап та жатпаспсыз. Мен елуге жет-  
сем, сен отыздан астын. Отыз әйелге аз жас емес. Жалғыздық  
кімге жарасқан. Менде бір-екі кара домалактар бар ғой. Солар-  
ға ана бол.

Ұмсындық ойнакы.

– Сол екен ғой араға Карғабекті женгетайлыққа салып  
жүргенін.

Лезбай тіксініп қалды. Мына сөзге қарағанда, Карғабек келіп,  
Лезбайдын атынан Ұмсындыққа ұсыныс жасаған. Оны қалай  
түсінсе екен? Бірақ көп кешікпеді, адам пиғылын әмәнда жақ-  
сылыққа жоритын Лекен көnlіне: «Жарайсын, Карғабек, қара-  
мағындағылардың қамын ойлап жүргенің кісілігін болар» деген  
ой келді. Лезбайдын көnlі күйіне үңіліп жатқан Ұмсындық жок.  
Әлгі сөзін әрі жалғап, «кет әрі» еместігін танытты:

– Жездемізді Карғабексіз де білеміз ғой.

Шай келді. Шаймен бірге арак келді. Ұмсындық тізелесе оты-  
рып, кішкене қырлы стакандарды өзі толтырды.

– Мұмкін, «мен» деп келгендегі дәмен осы шығар?

– Иә, осы еді, – деп Лезбай күлді.

– Осы болса, ал ендеше алып қояйык.

– Алсак, алайык.

Осы «алып қоюдың» аяғы малды да, жанды да ұмыттырып  
жіберді. Кой корада, екі бала қамауда қалды. Лезбай бір күн, бір  
тунді оңаша үйде әдемі келіншек касында өткізді.

Ертеніне жалғыз басты келіншектің төсек-орны тиелген  
окшау шана Лезбай үйіне бет алып бара жатты.

... Дағдылы бір күн. Кар жапкан кен жазық далада жаяу бұркасын бар. Лезбай ат үстінде, артта келеді. Марғау болса, дағдысынша отардың оң мен солын кезек бүйірлеп, жау торуылдайды. Ит ісін алып, әбден үйренген койлар жайбаракат. Кішкене темір тұяктарын шынылтыр қарға шегеше кадап, жайыла оттап келеді. Құлактанып, қызара шыққан күн етектен біршама көтеріліп барап, әлденеге өлініп калғандай, жылусызың көзін сығырайтып карауыткан аспаннан салғырт караиды. Лезбай аттан түсіп, біршама жаяу жүріп, такымын жазды. Содан соң кер бестінің ауыздығын алып, тебінге жіберді де, өзі бір биқтеу жерге келіп отырды. Мұндайда Марғаудың отарды орағынша шауып, жан-жагына қарап алатын әдеті бар. Сыралғы ит бүл жолы да сөйтті. Тебіннің дөнестеу жерінде мойнын айналага соза салып, қарғып-қарғып алды: көз жетер, құлак естір, иіс келер жердің бәрінде тыныштық. Жат қыбыр, селкем дыбыс, секем істін түк белгісі болмаған соң, Марғау салып отырып, иесінің қасына келді. Кер бесті тұяқ жұмсал әуре емес, кой өтіп, босап қалған тебіннің түбін індептіп әлек. Лезбай көзі жұмұлы, басын бір кішігірім тасқа салып демалып жатыр. Ит келіп, тұмсығын шопан үстіндегі кір сіңген ескі тонға сүйкеп-сүйкеп алды. Құшік күнінен әбден мұрнына сінген таңыс иіс – шуаш іісі, кір іісі – тамаша иіс. Қаладағы жылы үйде колда тұратын, тек бір мезгіл кешкүрим ғана біреу жетегінде көшеге шығып, сейіл құратын тұмшалы ақсаусак туыстарын кайдан білсін, мына ен далада еркін қөсліп, кой сонында жүретін бейнеткөр Марғауға, әйтеуір, дүниенің асылы – осы іісте.

Лезбай көзін ашты. Бір жамбастап қисая беріп, итінің басынан сипады. Марғау бүйтіп қасына келсе, төніректе тыныштық екенін шопан жақсы біледі.

— Тан сәріден шабуылда, шалдығып кетер, кер бестіні үздіріп алмасак болмайды.

«Айтқаныңа түсіндім» дегендей Марғау да көзін жұмып, майдайымен Лезбай алақанын сүйкеп-сүйкеп койды. Жақсы көргенді байқаса, арсаландалп, иесінің үстіне қарғып, әдемі сезімнің бейберекетін шығаратын кейбір данғой туыстарын Марғау ұнатпайды. Оның бар маҳаббат-ықыласы осындаңында сыйпайы кимылмен тынады. Итінің осы қылышына разы болды ма, кім білсін, Лезбай жарлауыт қабактың астында жаткан кішкене көзін күлімдете қадап:

— Затың ит болғанымен, кейбір екі аякты ақымақтардан әлдекайда артықсын-ау, — деп дән ризалық білдірді.

Сол сол-ак екен, Марғау жүресінен отыра қалып екі-үш дүркін дүнк-дүнк етіп үрді де, жосылта жөнелді.

– Эй, мактағанға дандайсып кеттің-ау деймін, – деп Лезбай карқылдаш күліп, бір аунап түсті. – Эйтпесе ит боласын ба?!

Жок, Марғау мактанбағанға ұқсайды. Жан ұшыра абалап, кой отарын айнала шапты. Әлі де жайбаракат жатқан Лезбайға құйғытып келіп, үріп-үріп өтті: «Не ғып жатырсын? Жау келді, атка кон!» Кенет кой дүрлікті. Бір сойканның болғанын Лезбай сонда барып түсінгендей, қарғып атына мінді де, ит кеткен жакқа шоқыта салды. Истін жайын дөн асып барып байқады: бір көк шулан жер бауырлап жақындал калыпты. Қарсы алдында Марғау. Не істерін білмейтін секілді, мойны құдірейіп, тісі аксиып кеткен.

– Марғау, Марғау! Айт Айт!

Адам тегеурінінен сескенген көк шулан қарғып түрді да, жөнеле берді. Адам тегеурінінен қуат алған Марғау бөрі сонынан бүктеле салды. Екеуі де дөн асты, ойға түсті. Артта құғын барын анық сезген Марғау көкжады қарсы қабакқа асыла бергенде қуып жетті де, жұқа шаптан қапсыра қауып, тұмсығымен түйіп өтті, көк шулан тонқалан асып барып, кайта тартты. Шабынан саулаған кан қарды таспадай тіліп, сызып барады. Кан көрінсе құтырынып кететін аргы тегіне тартты білем, бар қауіпті ұмытып үлгерген Марғау, қасқыр сонына кайта түсті. Ит тегеурінін онай емес екенін енді анғарған көкжал әлде тақыстығы, әлде сасқаны, әйтеуір қыстап барады. Марғау мақсаты біреу-ак: қансыраған ата жауын тағы бір қуып жетіп, Лезбай келгенше мұлде жәүкемдеп тастау. Денеде әлі қуаты көп, жағдайға біржола үстем ак тұмсық қара ит екінші бір жыраға қасқырмен қатарласа келіп түсіп еді. Бір бүйірден жанапайлап шыға келген бір топ бөріні Марғау осы тұста барып байқады. Артында қардан шаш тұрғызып, құйғытып келеді. Өзгелерінен оқ бойы алда келе жатқан көш басы арлан жаралы үяласын өткізіп жіберді де, Марғаумен айқаса кетті. Шар болаттай шындалған екі тұмсық арандай ашылып, бір-біріне тіресіп қалды. Құдды, қайсымыздын аузымыз үлкен екен, кәне салыстырайық дегендей ырылдайды. Осы бір сәтте екінші бірі келіп Марғаудың он жамбасына аузызды көміп қалды. Дүние жып-жылы болып жүре берді. Тіршіліктен әлі құдерін үзбегені ме, әлде жан тәсілімі, кім білсін, жабыла шүйліккен қасқырлар жайына қалды, Марғаудың есіне ен әуелі құйғытып келе жатқан кер бесті, одан кейін камшы үйірген Лезбай түсті. «Кайласын?» дегендей бір канк етті де, серейіп сала берді. Сол шакта құркіреген Лезбай даусы шықты. Гұрс-гұрс мылтық атылды. Содан аргысы есінде жок.

... Бір кезде Марғау көзін ашты: екі бөрі сұлап жатыр. Біреуін иісінен анық таныды, – манағы өзі қуып жетіп, танын тартқан көк шулан. Қалғандары зым-зия.

— Екеуlep жүріп екеуін тұсірдік. Енді Лезбайдын отарына аяғын байқап басар өздері де, — деп Лезбай сыйдырып алған жас ісерлерді коржынына салды да, атка конды. Кер бесті әлденені сөзгендей көзін аларта осқырынып, үрке салды.

— Е, корықла енді бұлардан. Ал, Марғау, кеттік, — Лезбай итімен осылайша сөйлеседі.

Марғау кеудесін көтерді. Бірак алдынғы аяғында жан жок секілді. Икемге келмейді, соны антарктиканы ма, болар-болмас белгі беріп, кынсылатп койды. Ішері кеткен Лезбай кайта оралып, аттан тусты.

— Алда байғұс-ай, аяғынды шайналап тастаған екен фой. Бәсе, неғып қозғалмай қалды деп ойлап едім, — деп итінің мойнынан сипады да, атка өнгеріп алды. — Камықла, әлі-ак ойнатап кететін боласын.

Лезбай қойын айдалап үйге келді. Өрістен ерте оралғандыктан ба, үйден үрпісі шықкан балалар мен Ұмсындық кейпінде сұрау:

— Мал аман ба?

Соны антарған Лезбай:

— Мал да, жан да аман. Мә, мынаны үйге апарындар, иге саламыз, — деп теріні балаларға лактырды да, Марғауды өбектеп аттан тусты.

— Бұған не болды? — деп Ұмсындық шошып қалды.

— Касқыр аяғын шайналап тастаса керек.

— Енді не істейсін?

— Емдейміз, — деп Лезбай екі талды жонып, қалакша жасай бастады.

Ит басын жерге салып, сұлық жатыр. Балалар бірінен сон бірі келіп, нан тастап әлек.

— Жемейді фой? — деді Дабыр.

Алдыр киліге кетті.

— Аяғынды касқыр шайнаса, сенің тамак жегенінді көрер едім!

Марғау кайта жыламай үнсіз жатыр. Сен болсан, бакырар едін.

— Иә, саған, мен емес, ең алдымен «аяғым, аяғым» деп сен бакырар едің фой.

— Кой, жокқа таласпандар, — деп әкесі балаларына басу айтты. — Марғау болмағанда мына койды касқыр қырып кететін еді. Ал койды касқыр қырды дегенше әкелерінді турмеде деп біліндер.

Алдырын көзіне жас келіп қалды.

— Иә, деген! Мен сені түрмеге жібермеймін.

Дабыр өшін алғандай. Мазактап жатыр:

— Әлгінде ғана жыламаймын дегенін қайда? Алдыр жылауық, Алдыр жылауық.

— Әкемді камап койса, мен түгіл сен де кенқілдеп жылар едін ғой.

Лезбай мен Ұмсындық Адырдың мына сөзіне ішегі қатканша күлді.

— Үрлық істеген жок, өтірік айтпайды. Жайдан-жай әкелерінді неге камайды? Ешқайсын да жыламай-ак койындар! — деді Ұмсындық Адырдың басынан сипап.

Лезбай нағыз сынықшы секілді. Иттін аяғын, асылрай отырып, көп сипады. Сынығы, жарықшағы бар ма деп сипайтындаи. Марғаудың жаны жай тауып, көзін жұмды. Адырдың даусы каттырақ шықты.

— Көзі жұмылып кетті. Өліп калмай ма?

Марғау баланы коркытпайын деді білем, басын сәл көтеріп, ынырсып койды.

— Неге өледі, өлмейді, — деп Лезбай ит жарасына дәрі септі. Содан кейін әлгі қалакшалармен сынық аякты танып тастады.

Марғау үш аяктап үш ай жүрді.

— Ит емдең кайтетін едін, көзін құртпайсын ба? — дегендеге шопан жауабы шолак:

— Марғау екіге жана ғана жетті, жас сүйек әлі-ак жетіліп кетеді.

Лезбай сөзі кате кетпеді. Ақыры шипалы қолдың салауатымен Марғау құлан таза айырып, байырғы қызметіне ауысып еді...

## 6

... Марғау төртке аяқ басты. Күз белгісі біліне Лезбай отары төменге бет алды. Үй мен балаларды машинаға салып, кеше жөнелткен-ді. Кой сонында Лезбай мен Марғау. Ұмсындық казан-ошак артқан арба үстінде.

Лезбай мұндауда саспайды. Жаз бойы оты мол, сұзы мол шыбынсыз жайлауды еркін жайлап, шелденген малдың алдында ұзак қыс тұрғанын әсте естен шығармақ емес. Сол себепті, «ерте барсам жерімді жеп коям» деген ниетпен, ықтырма мен күздеуде отыруды қатты ұстанып, жұрттың сонын ала малды оттата жылжытып келеді. Кейде шеттеген койды кайырып, тыркыратада бастайтын Марғауға жекіп тастайтыны да содан. Марғау сондай есті. Айтқанды екі етпейді. Малдың кен жайылып оттауына мүмкіндік жасап, ондайда алыстан орағытады.

Түс ауды. Мал жусайтын кез. Бұл шакта Лезбай отары айнала калың қарағайлы тау коршаган кен жайлаудың төменге түсер аузына іліккен еді. Ендігі бет алды Кегеннің кен жазығы. Одан әрі Кулық тауы. Тау сыртында кыстаулар, мал қоралары.

Біраз төмендегендіктің белгісін танытып, бұлттан күн шыкты да, ысыта бастады. Лезбай астындағы өзіндей көнбіс кер бестінің шаужайын тартып, жерге түсті. Үстіндегі кір сінген ескі кара тонлы шешіп, былай тастады.

— Эй, Ұмындық мал жусайтын кез. Демалайық. Шай-суынды дайындағы ғой.

Ұмындық арбадан зорға түсті.

— Ау, саған не болған?

— Ауырып келем.

— Ертемен шыкканда сап-сау едін ғой?

— Ертемен сау болсам, қазір аурумын. Эйел жайын білмейсін бе?

Лезбай сәл кейінкіреп, мұрнының астымен бірдеме деді де, арбаны көлденен тартып, қалқан жасап, шай қайнатты. Ұмындық Лезбай шешіп тастаған тон үстінде кисайып сәл жатты да, басын көтерді.

— Жазған-ау, мына тонды баяғыда таста деп ем? Кайтіп киіп жүрсін?

— Кара тонмен ойнама, ол менін құтым.

— Құт болса болар, иісі өдемі екен. Тер саси ма, әлде шуаш саси ма, ажыратып болар емес, — деп Ұмындық бөлек жерге кисайды.

— Жә, жә, кекетіп-мұқаттай? Сенің де шыккан тегің белгілі еді ғой маған. Одан да мына шайды күй.

— Еркелеп жатыр дейсін бе. Ауырып келем дедім ғой.

Лезбай кенет Айғанды есіне алды. Ашылы-тұшылы бірге отасқан жырма бес жылдың ішінде ауырып жүріп те бір рет «аурумын» демеген екен. Тіпті өлерінің алдында айыр қалпақка барып, косылып кеткен саулықтарды айдал алып келді-ау. Мүмкін, сол жолы бармай-ақ койғанда өлмейтін бе еді, әлде қайтетін еді? Осы бір тоқтам үстінде Лезбай енді өзін кінәлады: біреудін бетінен келмейтін осы бір жұз жыртпастық-ай десенші. Елуді озып, ал-пыска тартқан шағында анқаулық пен анғырттық, сенгіштік пен бүйірілік деген кеселден қайтсе құтылмак?! «Менің койым қайта сенде кетті» деп шіміркпей түрді-ау айыр қалпак. Дардай басымен жұрт қайтіп барады екен осындағы кулықка? Кулық сырын түсінбегендіктен талай жерде опық та жеп жур. Сондай өкініш үстінде «бұл бір сабак болды. Енді ме, енді қайтып ондай іске Лекен баса қоймас, енді қайтып бұлай құрылған кулық тұзағына оңайлықпен Лекен түсे қоймас» деп өзімен-өзі болып, ант-су ішкенімен, залымдық пен кульш шіркін тонын айналдырып киіп, кейпін өзгертіп келеді де, табиғатында анғал жаралған Лезбайды тағы да оп-оңай ауната салып, жарқ беріп кете береді.

Лезбай қатты ойланған екен, атам заманнан келе жаткан тас құман тасып, бүркырап кетіпті. «Жазған-ау не болған саған, шайын тасып жатыр» деген Ұмсындық даусын зорға естіді.

Кенет абалап ит үрді. Лезбай жан-жагына шошына қарады. Отар тыныш. Кой біткеннің селкеу шыққан бірі жок. Аядай ашық жерде үйлігіп жатыр. «Марғау кайда?»

— Марғау, Марғау!

Марғау тағы да абалады. Даусы, бірақ әртінде.

Лезбай енді алысқа, алдыңғы беттегі төбеге көз салды. Марғау төбе басында. Әупілдеп үріп, Лезбайды шакырады. «Жайдан-жай бүйтпесе керек еді гой? Не көрді екен?»

— Марғау, Марғау! Кө-кә-кә!

Марғау өршелене түсті. Келер сынайы жок тіпті.

— Даусы тым қатты гой ана бишараның. Бекерге мазаланбаушы еді, бірдемені көрген болар, барсайшы, — деді Ұмсындық.

Ыстық шайдан бір-екі үрттап, Лезбай атқа қонды. Шоқытып төбеге шыкса, Марғау Айған моласының басында тұр. Лезбай көзіне жас келіп қалды. Аттан карғып түскен бойда итін келіп құшактады.

— Мал мен бір құлқынның жайын ойлап жүріп, Айғанның осы жерде екенін де үмытып кетілпін гой тіпті!

Лезбай дін дегеннін не екенін де білмеуші еді. Аксакал, караса-қалдар жиналып дұға оқып, дәм кайырып жатқанда, Лезбай қолын жұрт сөзіне қалмайып деп жаятып. Басқа біреулер аузын жыбырлатып тие берсін айтып жатқанда, бұл басқа бірдемені ойлап, әлденеге алан болып отыратын-ды. Не болмаса: «Аузын жыбырлатқанда осылар не айтады екен?» деген сұралкка жауап іздел азаптанатын. Сол Лезбайың тізе бүтіп отыра қалды да: «Алдың жарық болсын, Айған. Артында қалған карғаларың реніш дегенді білмесін!» деп күбірлеп, бетін сипады. Екінші жылға айналып, басылып қалған моланың әр жерін көтерді. Кирай бастаған шарбакты жөндеді.

— Кешіктін ғой, не көрдін? — деді Ұмсындық ренішті оралған Лезбайға.

Лезбай үндемеді. Атына бір жамbastap отырған күйі отарды орнынан көтерді.

— Ау, біздін үйдін кісісі, бірдеме естігеннен саумысыз? Дала-да калып коймайық. Арбаны ыңғайла, атты жек, — деп Ұмсындық күле қарап, көзін төңкеріп тастады.

— Арба дайын емес пе? Ынғайлайтындашашылып жатпаған еді ғой, — деп Лезбай кете берді.

Іс мәніне жете түсінбеген Ұмсындық:

— Әлгі екі арада мынаған бірдеме көрінген шығар? — деп аузын бір сылп еткізді. Атты жегіп, шашылған нәрселерді жинастырды.

Козі кір сінген кара тонға түсіп еді, «ырыстын бәрі осында тұрса да койшы» деп көтеріп алып лактырып тастады да, жүріп кетті. Бұл кезде тәбеден түсе берген Марғай жүрт жакка қарап, мұрнын шүйірді. Карайып жаткан тонды иісінен танып тұр. Лезбайға караса – біршама алыстап кетіпті. Одан беріректе ыдыс-аякты салдырылатып Ұмсыңдық мінген арба зымырап барады. Кара тон жүртта қалған. Марғай дүнк-дүнк етіп екі-үш рет үрді. Ұмсыңдық караған жок. Лезбай естімеген секілді. Ит жүгіртіп төменге түсті де, кара тонды үш айналды. Лезбай тоны, жақын келіп үш іскеді. Лезбай іісі. Аянар жан қалған жок енді. Абалап үріп, алыстап кеткендердің сонынан салды. Ұмсыңдыққа жетіп, арбаны айнала үрді. «Тон қалды. Тон!» Ұмсыңдық, бірақ сelt еткен жок. Одан кейін Лезбайды қуып жетіп, отарды айнала шапты: «Тонын қалды! Тонын!..» Лезбай атының басын тартып, итіне қарады:

– Неге шабаландын?

Марғай өршелене түсті: «Тонын қалды жүртта! Тонын!»

Лезбай койдын ол жақ, бұл жағына шықты. Бәрі түгел, бәрі аман секілді. Артына қарады. Салдырылатып Ұмсыңдық та келе жатыр.

– Ау, ит неге абаланды?

Ренжіген Ұмсыңдық жауабы келте:

– Ит иесі өзін білмесен, мен кайдан білем...

Лезбай үндей алмай қалды. Ашуды кер бестіден алғандай. Қамшыны бір үйіріп, борбайлата салды да, отардың септінеген жағына шаба жөнелді. Марғай тағы да үрді. Лезбайдың кайырылмайтынын білген сон, жосылтып, жүртка келді. Кара тонды үш айналды. Қателеспеген. Лезбай тоны. Жақын келіп, үш рет іскеді. Нак Лезбайдың іісі. Қызық. Кара тонды қалдырып, бұлар қайда бара жатыр? Ит ақылына сыймайды. Марғай жосылтып тағы келді Лезбайға. Жағына тыйым жок. Отарды айнала шауып, үрумен жүр. Ай мен күннің аманшылығында мынадай мінез көрсеткен ит қылығын Лезбай өзінше: «Айған қалды тәбеде, Айғанды тастап қайда бара жатырсың?! Қайт кейін!» дегені деп түсінді. Өйткені Айған дүние саларда Марғаудың үш күн бойы жағын жаппағаны Лезбайдың әлі есінде.

– Өлген Айған кайтып келмейді енді. Кой, Марғай, – деп жекіді Лезбай.

Марғай, бірақ өршелене түсті: «Ап! Ап!»

Әр килі сезім жетегінде келе жаткан Лезбай Марғай абалап, жанынан өте берген кезде бишікпен тартып жіберді.

– Байбалам сап, мазаны кетірдің ғой тіпти!

Азғана ғұмырында тәніне тұнғыш рет таяқ тиген Марғай әуелі шокиып отыра калып ұлыды да, кері салды. Артық кеткенін тез

ангарып: «Марғау! Марғау!» деп шақырган иесіне де қарамады. Салып жұртқа келді. Тон үстіне шоқиып отыра салып тағы ұлыды. Бірак Лезбай отары алыстай берді.

Арада ай өтті. Лезбайдын күздеуді қалдырып, қыстауға бет алар кезі де таянып қалған. Басында дала мінезін танытып: «Есті ит еді ғой, келіп қалар» деген үмітпен жүрген Лекен бара-бара көнілін күдікке алдырып: «Апыр-ау, қайда кете қалды?» деген сұракты жиңі койып, жауап таба алмай, дал болатынды шығарды. Әр килы тон пішеді: әлде қасқыр тобына кезігіп қалды ма екен? Әлде көре алмаған жат-жакын, шопан-жоралардың бірі жазым қылды ма? Әлде тәніме ашы таяқ тигіздің деп өкпелеп кетті ме? Не көрінді? Ойда жокта неліктен беймаза бола қалды? Әлде... Койшы, осы бір «әлдемен» жүргендеге тағы да біршама уақыт өтті. Лезбай отары тәменге құлдилап, қыстауға келіп бекінді. Бірте-бірте Марғау ізі көмексілене бастағандай. Басында ауыз жаппайтын балалардың өзі де Марғау атын сиретіп барады. Жалғыз-ак мал сетінese, жә болмаса, боран-шашында қасқыр торуылдаса, сондағана Марғау аты ауызға ілінеді.

— Шіркін, Марғау болғанда аксак қой далада жатып қалмас еді ғой.

— Марғау болса қасекен де аяғын байқап басар еді-ау біздің отарға!..

Осылай қыс өтуге айналды. Лезбай үйі Марғауды өлдігे санап, біржола ұмытта бастаған еді...

Бірін-бірі жақсы көретін ит пен оның иесі Лезбай арасында әйтеуір бір түсініспестік болды: «Тонын қалды» деп Марғау аба-лап барып еді, оны Лезбай Айғанға байланыстырып, өзінше жо-рыды. Соған орай тұнғыш рет мінез көрсетіп, кол көтерген Лезбай қылығы да Марғауға «неменеге беймаза бола қалдың, қалды-рып кетсем, қарап тұрмайсың ба, келмейтін бе едім кайтып?!» деген жарлық есебінде жетті. Кайтсе де Марғаудың тон күзетіп қалғанына талай уақыт. Құнде жолға қарайды. Тұмсығын созып, аудан Лезбайдың иісін іздеді. Сөйті-сөйті жалыға бастады. Бір нәрсеге қайран: кара тонды неге тастан кетті? Неге ізден келмейді? Ашыға бастаған кезде тышкан аулайды. Тышкан аулап, қарнына бірдеме барған кезде есіне тон түседі де, салып ұрып орнына келеді. Қызық бір ой: адам тойса, уайым-кайғысы азаяды. Жат-қанды, демалғанды ұнатып тұрады. Ал ит ше? Карны тойса, ата-

шан мирас болып келе жатқан өз міндеті – күзет міндеті есіне түсіп, мазасы кете бастайды.

Бір күні борап қар жауды. Ит жатқан жер дөнес, желдің өті скен. Сол себепті, Марғау кара тонды тісімен сүйретіп жыраға келіп түсті де, үлкен бір қойтастың ығына келіп жайғасты. Осынысы ақыл болғанына Марғаудың көзі ертеңіне жетті. Үйтки соккан боран жырашықты қармен толтырып, қойтастың үстінен жүріп кеткен. Етегінде кішкене санылау бар. Құдды әдейі жасаған үйшік дерсін. Марғау далаға шықты. Айнала аппак. Нағыз кансонар. Тау беткейіндегі шыршалар қар жамылып, мұлгіп тұр. Олай-бұлай жосылта шауып, ит бойын жазды. Содан төбеге шықты. Айған мolasы қар астында. Көз жетер атырап із түспеген ак қағаз бетіндей. Әлде Марғау іісі, әлде тон іісі шошытты, түн жортпалары бұл өнірді айналып өткенге үксайды. Ит аңсары кеңест жазда Лезбай отырған жұртқа ауды. Құйғытып келіп, айнала тіміскілеп жүр. Таныс жер, міне, мына жерде өзі жататын. Мынау Лезбай демалатын орын. Мынау, міне, Ұмысындық іісі. Казаншақ іісі. Дабыр, Адыр іистері де бүркырап жатыр. Дәп қазір сол іистердің өзі болмаса да, ит көзіне анық, айқын қалпында сол кездің суреттері келеді. Ал қаймағы бұзылмаған осы суреттердің ит жадында таныс, етene іистерге айналуы ықтимал құбылыс кой. Марғау тұмсығын көкке созып, ұзак ұлды. Қекіректі сондай бір ыстық сағыныш оты шарпығандай. Көзін аша салысымен бауыр басқан бір үлі жаиннан айрырылып, мына жұртта Марғау неге қалды осы? Жылы ықтасын, Ұмысындық беретін сүйек-саяқ, көже – көзден бір-бір ұшқандай. Бұрын мал қамы, жан қамы болмаса, құлқын қамы дегенді білмеуші еді. Ендігі іздейтіні – не кезігеді, қалай кезігеді?

Марғау өз жұртын тіміскілей жүріп, жарты таба нан тапты. Аяз сорып, катып қалған нан. Темір секілді, домалатсан тасқа тиіп, шын-шын етеді. Марғау наңды Лезбай жататын жерге алып келіп, ұзак әүреледі. Ақыры тұс ауды. Нанның соңғы киқымын жеп, тұра беріп еді, алдында анадай жерде шоқып отырған қасқыр қаншығына көзі түсті. Шошынып, денесі мұздап қоя берді. Ата жауын осыншама жақын келтіріп, қалай анғармай қалған? Иісін қайтіп сезбеді? Марғау мойнын күдірейтіп, ырылдап еді, қасқыр қаншығы жер бауырлай жата қалып, құйрығын бұлғады. Достыкка, татулыққа шакырған белгі. Өзі жылжып келеді. Жауап есебінде Марғау да құйрығын бұлғап койды. «Шын достыққа ниетін болса, мен де қарсы емеспін» дегені. Содан кейін ұшып тұрды да, төрт аяғын жерге шалқайта салып, кеудесін кере сәндene бой жазды: «Ал көре ғой, ит баласының сұлулығы менен өтпеген!»

Каншық жылжи қыңыслап, Марғауға жетті. Марғау да қарап қалған жок, бозбала сері мінезben екі-үш аттап барып каншық сауырынан иіскеді. Бірак қасқыр каншығының бойында айлалы есеп болмаса, басқа сезім белгісі жок. Соны сездірмейін дей ме, күйрығын кайта-қайта бұлғалап, қыңыслай береді. Қөніліне әлденені секем алған Марғау алыстан тұрып, мойнын кайта соза беріп еді, каншық шықкан беттен құйғытып келе жаткан үш нокатка көзі түсті. Аялдар шак қалған жок. Жалт берді. Аярлық жасап, жер бауырлай жаткан каншық кілт өзгерді де, тұра ұмтылды. Дегенмен ұзын сирак Марғау адымы алымды екен, барған сайын ұзай берді. Ұзаса да маза жок : кайда бармак? Изге түскен бір топ қасқыр қайда барсан да қалмайтыны айдан анық. Артына көз салып еді, басқаларынан оқ бойы алда келе жаткан каншық пен өз арасы жақындалп қалған секілді. Қуғанның жетпей коймайтынын сезген Марғау бір шешімге белін бекем байлаған секілді. Енді шоқалактап баяулата шапты. Элгіндей болмады, каншық салып жетіп, ауызды сала берем деген кезде Марғау төрт табандап бұға қалды. Каншық өз екпінінен, Марғаудан асып барып, үш домалады. Ит ұмтылып қасқыр алқымынан алды да, бірер толғап, ілгері тартты. Каншыкта дәрмен қалмағандай, серейіп сала берді. Сонынан жеткен үшеудін бірі каншық қасында қалды да, екеуі төтелей салды. Бұл кезде Марғау ертемен өзі қалдырган үйшікке жетіп, сұнгіп те үлгерген еді. Екі қасқыр қара тоннан адам іісін сезсе керек, салып ұрып келгенімен, үйшікке кіруге батпады. Марғау сак соңда да. Қасқырлар көбік карды бұзып кіре ме деп дайын жатыр. Қара тонды сүйреп есік алдына апарды. Адам іісі барына қасқырлардың көзі анық жетсін дегені. Үйшік іші тұні бойы кек мұзданып бекіп қалған. Төніректі олай-бұлай дүбірлеткен қасқыр салмағын көтеретін де сиякты. Бірак көкжалдар жақындалмады. Бірер сағат тас төнірегін айналып, ұлып-ұлып, акыры кас қарая кетіп отырды. Марғау да лаға шыкты. Айнала бұрыльып ауаны ұзак иіскеді. Қасқыр іісі алыстап кеткен. Шынылтыр аяздан басқа ештene сезілмейді.

Аяғынды кия бассан қатер төндірген ендігі тірліктің ашы шындығы ит қабілетін инстинкт таразысына салып, дәл бағалауды талап етеді. Өйткені, Марғау бойындағы қалыптаса бастаған сезім түйсіктері өзінің қара басын сактау құресінде шыныбып жетілмегендіктен, дала тағысымен бұл ретте таласа алмайтыны көрінді. Әлдебір жансактық себеп болып, тірлік үшін құрестің ұлы дүрбе-лен жолына оқыс түскен Марғауға, міне, енді барынша сак, барынша әkkі болу керек. Жауына қарсы бару – ең соңғы шара. Екінің бірі – өлесін, не өлтіресін. Адам колында бұла өсken, көп ретте өз тірлігін корғауда, ен онайы, тіпті тамак тауып жеуде қырсыздық көрсететін Марғауға ондай тәуекелдін қажеті не?! Шаман

келсе, бұғып қал. Әйтпесе аңғырттық пен жайбаракаттық жарға жығады. Бар болмысымен осы ақиқат шындықты сезінген ит үзак тұрып, меніреу тыныштық басқан төнірекке кадала қарады. Әлсін-олсін тұмсығын көтеріп, аудан иіс ізін іздестірді. Ақыры секем алар дыбыс пен иіс сезілменең сон манағы қанышық жығылған жерге барды. Қарға кан тамған. Тіпті көп тамған. Кайсы ретте касқырлардың сол кан тамған жерді қауып тістегендері де байкалды. Жығылған жерінің қарайып қалғанына қарағанда әлде қансыралы, әлде есін жия алмады, әйтеүір қанышық үзак жатыпты. Марғау бір сәт өз күшіне, өз ісіне разы болып, кайта-кайта керіліп, олай бұлай жүрді де, үйшігіне оралды.

## 9

Марғау өзінің ашықканын сезінді. Шынылтыр аяз сорып, кары обден бекіген жылы үйшіктен шыккысы келмеп еді, ку құлқын тысқа қарай жетелей берді. Не істеу керек? Төскейде калың қарагай бар. Соған барды. Шауып өткен бір коян ізі жатыр. Иісі бірак есқі. Тегі, әлденеден секем алып, ығысып кеткен болса керек. Марғау ізге түспеді. Қарагай басында бұтактан бұтакқа карғып бір тийн жүр. Соны андып үзак тұрды. Кимылы мұлтікіз, кайықша сырғанайды. Бұтак үзілмесе, жерге түсер ойында жок. Мекен жайы мен тамағы – ағаш басы. Марғау одан құдерін үзіп, тағы ілгеріледі. Бір ағаш түбінен аюдың иісі шығады. Баспалап келіп қарап еді, бұы бұркырап жатыр. Бірақ көп аялдамады, алыстан орағытып әрі кетті. Аюмен ойнауға болмайды. Тағы да із кесті. Алдағы бір төбе – суыр мекені. Оған да аялдаған жок. Суырды індету – су ішінен балық аулаумен тен. Тұс ауды. Марғау айналасы калың шілік тал түбіне тап болды. Іздеңі де осы еді. Қоқыстарды копарды да, үйқылы-ояу калпында бір борсыкты оп-онай суырып алды.

Карны тойған Марғау есіне тағы тон тұсті. Байқаса, біршама алыстап кетіпти. Келген ізді куалау бос әүрешілік. Сол себепті, төтелей салды. Кенет әдемі бір иіс шыкты. Адам иісі, жылқы иісі. Куанғандығы сондай, даусын созып, ұлып жіберді. Қарагай арасын қағып екі салт атты шыкты. Мойнында мылтығы, сонында иттері бар. Әдепкіде Марғау құйғытып барып қосыла кеткісі келіп еді, тез айнайды. Адамдар әр килы, айдалада жалғыз қалған Марғау жайын түсінсе жаксы. Түсінбесе, «қанғырған бұл не қылған ит?» деп атып кетпесіне кім кепіл. Жылыстай берді. Оқыстан аба-лап иттер үріп, осылай салды. Тегі, Марғау ізінен түскен болса керек. Иттерге елігіп, аңшылар айқайласты. Орман іші дабыр-дүбір, азан-казан.

— Өнег, кетті ақ тұмсық қара касқыр.

Екінші аңшы қарсы.

— Қара каскыр бола ма екен? Не шатып тұрсын?!

— Өз көзіммен көрдім.

— Каскыр дегенің өзіміздің Қырғын шығар.

— Жоға, Қырғын онда мына жақта жүрген.

Аншылар қалай таласса, олай талассын, Марғау мақсаты қайтсе де көзге тұспеу. Ізінде өкшелеп келе жатқан иттер барын сезіп, қалыңға бұрылды. Сол кезде қарсы алдынан дәп өзіндей ақ тұмсық, кара ит шыға келді де, Марғауға ырылдап ұмтыла беріп, токтап қалды. Марғау даусында араздық та, татулық та жок.

— Р-р-р-р!.. — «Не керек өзіңе?»

Аншы иті құйрығын бұлғап, Марғаудың қасына барып қатарласа тұрды. Танауында ақ бұршақ таңбасы бар. Қалған жері менсіз кара. Бойының кішілігі болмаса, бас, кеуде, дене бітімі қаптап койғандай нақ өзі, аумай қалған. Марғау бойында әлдебір жылдылық сезімі пайда болды. Өзіндей ақ тұмсық кара итке таянып барып, құлак түбінен екі рет жалады. Тіппі іісі де таныс, өз іісі. Тағы бір таныс ит іісі. Марғаудың көз алдына қырғыз шопаны Сәршенге еріп келген кара қанышық келді. Ұлы инстинкт заны табыстырған әкелі-балалы екі ит сағынып көріскең адамдарша айқасып сөл тұрды. Сол кезде жакындалап қалған ат дүбірі шыкты. Түбіт жүні дүрдие қалындалап, жартылай тағыға айнала бастаған Марғау қозғала берді. Өз орнында кимылсыз қалған Қырғын абалана үрді: «Мени тастап қайда барасын? Бірге болайык».

Марғау да дүнк-дүнк үріп барады:

«Кызмет бар. Дүниедегі ең қымбат адам — Лезбайдың тонын күзетіл жатырмын!» дегені.

Осы кезде аншылар да келіп жеткен еді.

— Әне, әне кетті. Қара каскыр болмайды дейсін. Мынау не-мене кара каскыр емей?! — деді манағы жіті көз аншы. — Қырғын, Қырғын! Тұс соңына! Айт! Айт, Қырғын!

Қырғын, бірақ қозғалмай қалған күйі ұли бастады.

Кейінірек келген Сәршен де басында Қырғынды айтқатап қалғанымен, кеткен ит нобайын кешеуlep барып таныды.

— Ойбай-ау, бұл Лезбайдың иті ғой. Жоғалып кетті деп зарлап жүр еді. Марғау, Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау қайырылмады. Фасырлар бойы калыптасқан ұлы инстинкт сезімі кара тонға қарай жетелеп алып кете берді.

— Ана иттің қайырылмағаны бір жән делік. Бейтаныс адамдармыз. Ал мына біздің Қырғынға не көрінді? — деп таңданды аншы серік.

Сәршен ракаттана күлді.

— Онда бір кілтипан сыр бар!

— Не сыр?

- Біздің Қырғын ана кеткен Марғаудың баласы.  
Аңшы серік үндей алмай қалды.  
Сәршен бір токтамға бекіген секілді.  
— Ал, бала, Лезбай қыстауына тарттық. Итін көргенімізді айтып, сүйіншісін алайык.  
— Тым алыс кой?  
— Алыс болса да, ат аяғы жетпейтін жер жок, бала.  
Аңшылар Лезбай қыстауына бет алды.

## 10

Марғау хабарын естіген Лезбай, Сәршен аттанысымен, жолға жиналды. Жаксы көретін итінің тірі екенін біліп, балалар «мен барам, мен барам» деп таласып жатыр. Лезбай оларға: «Жер мойыны шалғай. Тонып қаласындар» деді де, аттанып кетті. Бөтенге сондай сұсты болғанымен, жақынға тым арсаландай бермейтін үстамды, акылды Марғаудың ойда жокта жұртта қалып кю себебін канша ойласа да Лезбай таба алмайды. Ақыл алтау, ой жетеу, акыры ара қонып, жайлау алқымына жақындаған еді. Кол созым жерде Айған төбесі. Төменде былтыр күзде өзі шай ішіп аттанған жер. Марғау осы жерде кеткен. Бірақ Сәршен көрдім леген тұс әлі біршама алыс. Лезбай сол бетке көз тікті. Кенет кер төбел оқыранып қоя берді. «Оу, саған не болды?» дегенше болмады, алдында оқ бойы жерде шокып отырған бір итке көзі түсті. Итіне аяқ астынан онай кездесем деп ойламаса керек-ті. Эдепкіде: «Кара қасқыр болады деуші еді» деп шошып қалған Лезбай кейінде барып таныды. Кәдуілгі Марғау. Жон терісі қалын, мойны жуандап, аяғы сомдалып алыпты. Лезбай атын тебініп, алға үмтүллды.

— Марғау, Марғау, кә-кә-кә!..  
Бұрын атылып келіп, үстіне асылатын Марғау қозғалар емес. Көкке қарап, әлдебір түсініксіз дыбыс шығарды. Итке үксап үргенге де, қасқырға үксап үлығанға да үқсамайды. Лезбай «кә-кәлеп» жақындаій берді. Марғау кейін шегінді. Екі көзі қыпқызыл, қанталап кеткен. «Алты ай қыс бойы қанғыртып далаға тастап, жаман тонды құзеттіретіндей мен саған не жаздым?» деген ашу белгісі. Лезбай аттан түсіп, ілгері аттады.

— Марғау, кел бері.  
Марғау шегініп барады. «Бұған не болды? Танымай қалудың кай жағы?» деп Лезбай дағдарынқырап қалды. «Он жыл өтсе де ит иесін үмітпайды деуші еді ғой». Сасқаны ма, енді бет алды балаша сөйлеп келеді:

— Мен Лезбаймын ғой, Марғау. Үйде Дабыр, Алырлар бар. Марғауға апар деп олар жылап қалды. Қанат болса Алматыда.

Жазда біз тағы мына жайлауға шығамыз. Сонда Канат келіп, жатып кететін болады. — Кенет Лезбай көзі өлгінде ит шоқиып отырған жерге түсті. Ар жағында ұнгір үйшік. Аузында бірдеме карайады. Лезбай енді солай бұрылды. Марғаудың ұнатлаған белгімен аздап ырылдағанына қараған жок. Үйшік босағасын етік тұмсығымен бірер теуіп, қарайғанды суырып алды. Фажап, өз тоны! Осы қүнге дейін жұмбак болып келген ит қылышын енді түсінгендей. Марғау андаусызыда жүртта қалып койған тон қүзетінде. Лезбай басын шайқады. Құлерін де, жыларын да білмейді. Құлейін десе, есеп-кисабы жок ит кызметінін алалдығы кімді болсын ойлантпай қалмас еді. Жылайын десе, жыртық тонды қүзетіп айдалада калу — тіпті ақылға сыймайды. Есіне өткен жылы осы жерден қалай аттанғаны түсті. Ойлап караса, бәріне кінәлі ҰмысЫндық. Кейінде бір: «Осы менін тоным кайда?» деп сұрағанында, «лактырып кеткем» деп ҰмысЫндықтын жауап бергені де бар. Сонда қара тон мен ит жоғалуы байланысты-ау деп ойламапты ғой. Лезбай әлденеге кейігендей. Әлде өз түйсікіздігіне, әлде жок жерде пысықсына қалған қатын қылышына кейіді ме, тонды лактырып жіберді. Марғау: «Керегі жок болса, неге айтпадын? Қыс бойы бекерге қүзеткенім бе мен сонда?» дегенді танытып, ырылдағанда тісін көрсетті. Лезбай өз иті болған сон қорыккан жок. Кайтсе де карсы жүрді. Марғау әлдебір өкпелі дауыспен екі-үш рет ұлып, үрді де, жортактай жөнелді.

— Марғау, Марғау! — Лезбай алқынып, ит сонынан тәбеле шыкты. Шаршаса да қалатын емес. Марғау соны анғарды білем, бір шыршаның түбіне барды да, бері қарап жатып алды. Құдды атылар қасқыр дерсін. Ит алдында өз кінәсін мойындаған шопан жан ұшыра алқына келіп, Марғауға кол созды.

— Марғау жаксы ғой. Марғау иесін каппайды. Марғау онды ғой. Марғау Лезбайды каппайды.

Рас, ырылдағанымен Марғау ұмтылған жок. Лезбайдын жылы алақаны мандайына тиісімен, көзін жұмып сұлық жатты. Аялы алақан — адам қолында тұрудан артық не бар дейсін дүниеде! Содан кейін: «Сен осы шын Лезбаймысын?» дегендей көзінің киығын салды да, «өкпемді кештім» дегенді танытып, иесінің қолын жалай бастады. Қорықласа да, басында әлде қайтеді деп сактық жасаған Лезбай енді еркіндел, итін қапсыра құшактады.

— Бүттесен сен ит боласын ба? — Бірак көтере алар түрі жок. Құзден бергі төрт-бес айдын киямет-қайым тауқыметін тартқан Марғау бұрынғыдан да сомдалып, күш пен кайраттың түп иесі — нағыз сокталы арлан итке айналып алған екен. Карулы деген Лезбайдың өзі ит кеудесін козғалта алмаған сон, белбеуін шешіп, қарғы баудан өткізді де:

— Ал, Марғау, ауылға тарттық! — деп жетелей бастады. Баяғы жұмсақ, қамкор дауыс. Ит өткен күнді есіне алды білем, селкос тұрып, иесінің сонынан ерді.

11

Марғау Лезбайға еріп, келесі күні қыстауға жакындалды. Баяғы таныс қоныс. Таныс кора, таныс іс. Таныс емесі, бір сары ит. Лезбайды қызғана ма, алдарынан абалап шыкты.

— Койсайшы, Сарықасқа, шәуілдей бермей! — деген Лезбайды да тындаамады. Азу тісін акситып: «Сені мұнда кім шакырыд?» дегендегі ұмтылып келеді.

Марғау да ырылдады: «Мен болсам, осы үйдің итімін. Сен кайдан сая бола калып едін?» Сарықасқа күжілі сондай зор:

«Бұл біздің үй. Есін дұрысында жолынды тап!»

Марғау жайғана ырылдап, аттын екінші жағына шыкты:

«Лезбай да кой леді ғой. Койсайшы енді. Ақымак болма!» дегені.

Бұл мінезді сары ит өзінше түсінсе керек. Марғаудың тегін келе жатпағанын сезгендей, біржола ықтырып алмак болып, аузызды басып калды. Кайырыла беріп, окша атылған Марғау сары төбетті желкеден тістеді де, сілкіп-сілкіп жіберді. Содан кейін өзі: «Мен сен түгіл, небір көкжап бөрілердің де талай қокайын көргенмін. Кәне, не қыласын?» дегендегі танытып, касқая тұрды. Сарықасқа бір сәтке есенгіреп қалса керек, құлап кала жаздап, тенселе барып түзелді де, дүниені басына көтеріп қансылай тартты.

— Эй, кой десе коймайсын, өзіне де сол керек, — леді Лезбай, аттан түсіп жатып каркылдап күліп. — Сенін ит болып жүргенін Марғаудың жоктығы ғой.

Ит даусын естіп, үйдегі балалар далаға копарылған.

— Марғау, эй, Марғау! Марғаужан! — деп Дағыр мен Адыр жарыса келіп, наң тастады.

Марғау бірақ селкос.

— Байқандар, балалар, қауып алып жүрмесін. Бұрынғы Марғау емес бұл, — деп ескертті Лезбайді.

Балалар шошып қалысты.

— Эй, мынау сабалак жұн біздің Марғау емес қой, — деп Дағыр кейін шегінді. — Біздің Марғау мұнданай үлкен болмайтын.

Дағырдан кейінірек тұрган Адыр Марғауға ұзак қадалды. Бір кезде ит пен бала көзі түйісп қалды. Сол кезде Адыр:

— Иә деген, бұл Марғау ғой. Неге өтірік айтасындар? — деп айқайлап жіберді де, жүгіріп барып құшактай алды. — Марғау, Марғау, сен осы қайда қашып кеттің бізді тастап? Мен сені сағындым ғой.

Марғау әлдекалай ыңырсыған секілді дыбыс шығарды да, балынқ аяғын жалай бастады: «Мен сені ұмытқан жокпрын ғой, Адыр. Сенің ақылды көзің мен нұрлы жүзің менің есіме бірден түсті» дегендей.

Марғау балалармен осылай онай табысқанымен, сары тәбет-пен зорға татуласты. Басында: «Аты-жөні жок жай бір данғаза ақымак екенсін» дегендей манайластырмай жүріп еді, кейіндеп барып билді, бас-көз демей, бет алды тапырақтағанымен, арамдығы жок екен. Тамақ салса, таласпайды. Ен алдымен, «Марғау, сен ал» дегендей кейіндеп тұрады. Мал кайырғанда да мұның анысын бағады. Содан барып, Марғау қөнілі бірте-бірте жіби бастаған-ды. Осы өзгерісті сары тәбет уақытымен түсінді. Сол себепті, бұл күнде Марғаусыз аяғын аттап та баспайтын болған. Кашан да кай нәрсені болса да бұрын көріп, кашан да кай иісті болса да бұрын сезіп, жер-көкті құмпілдей көшіріп, Марғау тұра тартқанда Сарықасқада жан қалмайды. Шөу-шәү етіп, не қатерге болса да сонынан жөнеледі. Бір сөзбен айтқанда, сары тәбет Марғауға, Марғау Лезбайға, ал Лезбай болса, өз совхозына қызмет етіп, аман-есен мал бағып жүріп жатыр еді, сормандайлардың ойда жокта мына бір оқиғаға тап болғанын көрмейсін бе?!

## Үшінші тарау

### Жалғыздық

1

Марғау тал арасында тапжылмастан екі құн жатты. Өзіне та-ныс қызыл белбеу машина талай келді. Касына Ұмсындықты ертіп алған милиция формалы жігіт ізdemеген күыс калдырган жок. Шөп арасын, бұта астын сүзгіледі. «Марғау, Марғау!» деп дауыстары жыртылғанша айқайлап та бакты. Марғау, бірақ, селт етпеді. Не қатердін барын білмейді. Әйтеуір өз атын естіген сайын басын көтеріп, дыбыс берудің орнына калың тал түбіндегі тәмпешікті қалқалап, жерге жабыса түсті. Дес бергенде өзеннің екінші бетінен өтіп алғаны мұндай жаксы болар ма. Кейде тіпті ішілердің карсы бетте қол созым жерге келіп қалған да кезі бар. Сонда да байқаған жок. Бір ретте Ұмсындық тіпті балаларды да өзен жағасына алып келді.

— Сендер шакырындаршы!

Адыр жауабы бәрінен де орныкты.

— Шакырганмен түк те шықпайды.

— Неге шықпайды?

— Марғау бәрібір келмейді.

— Танысы шақырса ит келмеуші ме еді, келеді, — деп Ұмындық көнер емес.

— Манадан бері бакырып жатырсын, неге келмейді ендеше? Сен де таныс емессің бе?..

— Не дейді мына күшік? — деп Ұмындық бетін жыртты.

Ал, Адыр болса, кәдуілгі ұлken кісіше нығарлап жатыр.

— «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дейтін әкем. Мен білсем бар ғой, Марғау да «өлімтігімді мыналарға көрсетпей-ак кояйын» деп алыс бір жакқа тартып отырды.

Ұмындық үндеген жок. «Ебін таппаған тұз жалайды» дегендай, Марғаудан құдер үзген көк калпақ қой шарбактың алдында тыныш жаткан Сарықаскаға бас салды.

— Бұл Сарықасқа. Басқа ит дедім ғой, — деп Ұмындық көлденеңдай берді.

Көк калпақ тындаған жок.

— Бір ит құтырса, бар ит те құтырады. Алып барып, тексертеміз.

Ұмындық карсыласкан жок. Жалғыз-ак тілегені:

— Құтырмаған болса — қайтарып берсендер жақсы болар еді. Калай десен де ит аты бар, абай ғой, — деп Сарықасканы жетелеп машинаға салды. Кем шакта қызыл белбеу машина да, Сарықасқа да көзден ғайып болды.

Марғау тұмсығын тәмпешікке салып, кимылсыз жатыр. Бір кезде Ұмындық келіп, тап қарсы беттен су алды. Үйге жете бергенде салт атты біреу жолығыса кетті.

— Ау, Лезбай қайда, тыска шықсын.

— Ол кісі үйде жок. Екі-үш күн болды, ауданға кеткен.

«Неге жасырады? Арап таусылған соң Лезбай тәменге түсіп еді. Сол кезде Карғабек маған кол салды. Қызғанған Марғау содан кейін Карғабекті талап тастады. Мұның акыры төбелеспен тынды. Милиция келіп Лезбайды алып кетті» деп тұрасын неге айтпайды? Адамдар неге құлық сактайды өстіп?» — Марғау осындағы бір кияли сұрап койып, жауабын таба алмаған адамға ұқсан көзін жұмды. Бірак көкірегі ояу. Құлағы тігулі.

Аудан жактан келген екінші бір салт аттының хабары мұлде бөлек.

— Лезбайды камап тастанпты. Истің беті жақсы емес. Карғабек тым ашулы көрінеді.

Лезбай аты естілген соң иесін сағынған Марғау тұмсығын көкке беріп, ұли бастады. Үй сыртында ойнап жүрген екі бала калт тоқтады.

— Марғау емес пе ұлып жатқан? — деді Адыр тағы да сергектігін танығып.

Дабыр күлағын тосты.

— Кәне?

— Марғау ұлыған сияктанды маған.

Дабыр ештеңе естімесе де інісін күптады.

— Рас, ұлыған сиякты.

Есік алдындағы Ұмысындық бұл жайдан мүлде бейхабар. Салт аттыға қадала сөйлеп жатыр.

— Карғабекке сәлем айт. «Өкпеге киса да өлімге кимайды» деген бар. Ағасын соттатканда не барқадар таппакшы...

Марғаудың сырқырап жамбасы ауырды. Жылжып барып суға түскісі келіп еді, үй төнірегінде қара-құра көп болған соң ол пи-ғылынан тез айнды.

Салт атты кеткен соң Ұмысындық шарбак ішіндегі койды жайымға айдалы. Қозін ашканнан бері коймен өріп, коймен оралатын Марғауга мына жай тіпті ауыр. Екі күн қамауда қалған бір отар кой енді тұнғыш рет Марғаусыз өріп барады. Кейбіреулері жекерек шығып, манырап, мазаны кетірді. Не іздейді? Тұтқынға түскен Лезбайды іздей ме? Әлде тал түбінде тығызып жатқан Марғауды жоктай ма? Әйтеуір кой екеш койға да бірдеме жетпейтін секілді.

Койлар жапырлап, жамырай келіп ен әуелі суға бас койды. Марғау қыңсылай бастады. Өйткені, осы отардағы ірілі-уак бес жұз койдың бәрі таныс оған. Әрқайсының мінез-күлкyn, жүрістүрысын, тіпті ісінен дейін анық біледі. Әне, ана бір кайкы мүйіз ісекті Марғау иісінен таныды. Кашан да өзгелерден өзгеше бір іс шығарып, бұркырайды да жүреді. Лезбай болса, ерте демей, кеш демей далада да, үйде де ұстап алып, құйрығына дәрі сеуіп жатқаны. Ал әне бір ак каска сондай жалқау. Бір-екі рет тіпті далада жатып қалып, Лезбай мен Марғаудың зорға іздеп тапканы бар. Ал әне бір теріс жайылатын қыныр текені қайырганға көнбекен соң кеудесімен соғып, екі-үш рет домалатып жібергені де болған.

Айрыкша үлкен бір боз саулық мамырлап кеп суға түсті. Марғау да, Лезбай да бұл койды жақсы көреді. Лезбайдың жақсы көретіні – боз саулық жылына салмастан төрт козы табады. Сол себепті мал иесі әмәнда оны қозінің алдында ұстайды. Жиі-жіңі сауырын сипап қарап, кейде тіпті коналқаға оралғанда басқалардан бөліп алып, жем беретіні де бар. Ал Марғаудың жақсы көретіні – боз саулық камшы салдырмайды. Үнемі койдың кеуде тұсында жүреді. Бұра тартып, бүліне шығатын мінезін мүлде көрген емес.

Боз саулық сүйін ішіп болды да, ит жатқан қарсы бетке қадалып ұзак тұрды. Марғаудың иісін алды ма, кім білсін, манырай бастады. Иттін тынышы кетті. Бар катерді ұмытып, атып арғы жағаға шығайын деп еді, кираған бәксесе каксан ауырып, қозғалтпады. Анада мына бетке ет қызуымен өткені енді белгілі.

Суға қанған қойлар жағаға шығысымен-ак отқа бас қойып, үзай берді. Марғау өзімен-өзі арпалысып, аз-кем жатты да, дәрменсіздігін білдіріп, көзін жұмды.

2

Марғау тал арасында тапжылмастан үш күн жатты. Лезбай ізтүзсіз. Сарықаска да ізім-қайым. Кызыл белбеу машина да, ак халатты әйелдер де көрінбейді. Ат сабылтып келіп жүретіндер де саптыйылған. Бұл дүниеде Лезбай бары, оның мына бір жылап ағатын тау өзені жағасында үйі тұрғаны – бәрі де ұмыт болған сиякты.

Әйттеуір күйкі тірлік. Кешірек айдан шығарып, ертерек айдан камаса да қойды Ұмысындық бағып жүр. Кой өріске ұзап шықкан кезде екі бала оянағы. Көже-катығын іше салысымен өзен жағасына келеді. Ойнайтындары құм. Шұқанак қазады. Тау тұрғызылды. Сарай соғады. Ойынды тату бастайды да, араздастып аяқтай-ды. Кейде әрқайсысы өз алдына ту тігіп, араз бастап, тату аяқтайтын да кездері бар. Ондайда әнгіме тақырыбы да жарасты.

– Экемді сондай сағындым ғой, – дейді Дабыр.

Адыр төтеден косылады.

– Мен де.

– Бізді зарыктырып, неге келмей жатыр екен?

Адыр үлкен кісі секілді. Кешіккен өкенің келмей жатқан себебін аныктап әуре.

– Экем ауданда жиналыста жүрген жок па? Жиналыс калай біtedі, солай келеді.

Дабыр үндемеді. «Жиналыста жүр» деген Адыр сөзі құлағына жағатын секілді.

– Бәрінен де Марғауды айтсайшы. Ол әкем секілді жиналыска кеткен жок кой. Жиналыска кетпеген сон, қайтып келмей жалтуы да мүмкін ғой, – деп Адыр тагы да зерделілік білдірді.

– Ә, кайдан білесін, әкеме еріп кеткен шығар? – деді Дабыр.

– Калай еріп кетеді?! Аяғы сынып қалғаны қайда?! – Адыр жауабы бұлтартпайды.

Өз аты жиі қайталанған сон Марғау шыдай алмады.

Жайлап басын көтерді де, «ап, ап!» деп сонын уілмен бітірді.

Адыр қалт тоқтады.

– Эне, Марғау үрді ғой?

– Иә, үргендей болды.

Екі бала ойындарын қалдырыды да, суға төніп келді.

– Марғау! Марғау! Кә-кә-кә! Марғау, Марғау! Кә-кә-кә!

Марғау тал түбінен бері жылжып шыкты да, жүрелеп отырды.

– Ап-ап! Ап-ап!

Адыр бұрын көрді:

— Эне, Марғай!

— Мен де көрдім, — деп Дабыр да қосарланды.

— Марғай! Марғай! Бері келе ғой.

Марғай орнынан қозғалмады.

— Келмейді ғой? — деп ренжіді шыдамы таусылған Адыр.

Дабыр карсы:

— Дұрыстап шакыра алмай түрмыйз. Марғай! Марғай! Кәкә-кә!

Марғай сонда да қозғалмады. Адыр жана бір ұсыныс жасады.

— Марғаудын карны ашты ғой. Тамак апарып берейікші!

— Сейтсек, сейтейік!

Екі бала жүгіріп үйге барды да, жүгіріп кайтып келді. Колда-рында нан, май, ет. Үш құн нәр татпаған Марғаудың сілекейі шұбырды. Қыңсылап, тағы бір табан төмен жылжыды. Кимыл-сыз жатқанда мазаламаған жамбас енді қан қақсан ауырып бара-ды. Содан ба, Марғай балаша жылаған секілді.

— Марғай шакырып жатыр ғой, арғы жағаға өтейік, — деді Адыр.

Дабыр бұл жерде естияр екенін танытты.

— Сен өтпейсін, мен өтем. Сен кішкентайсын, суға жығылып қаласын.

— Сен мені ұстап жүр, сонда жығылмаймын.

Дабыр сонда да көнбеді.

Ит тағы да үрді.

— Эне, «тез кел» деп Марғай мені шакырып жатыр, — деп Да-быр суға беттеді.

— ЖОҚ, «Адырды тастама, бірге өтіндер!» деп түр ғой.

Марғай тағы да үрді.

— Эне, естідін ғой өзін де, — деп Адыр тиянақтап қойды.

Дабыр көннейін деген секілді.

— Сен онда менен мықтап ұста. Сонда жығылмайсың.

Екі бала тәуекел деп суға түсті.

Өзен табаны тәмениң бетте ойлы-қырлы, кедір-бұдыр теренірек болғанымен, дәп мына тұста ұсак малта тастаны колдың сала-сындаі тізіліп жатқан тегіс болып келетін еді. Балалар соны билетін секілді. Жылжып келеді. Дегенмен орта тұска жеткенде Адырдың белуарына жақындаған су көбіктеніп, «байқа, ағыным бар» дегендей сыйдырай бастады.

— Құлап қалмаймыз ба? — деді Адыр сескенінкіреп. Бойына сенген Дабыр мактанғысы келді білем:

— Сен құласан, құларсын. Мен өзім құламаймын, — деп ілге-рілеп кетті. Адымдай аттап, каттырак жүргендіктен бе ағын екпі-німен сәл ығынқырап, тәмениң теренірек жаққа салғанын өзі де

байкаған жоқ. Ал корқа басып, сақ келе жатқан Адыр, су астындағы ұсақ малта тастарды табанымен сипалап, тура жылжи берді. Сол кезде бір ірілеу тасқа барып тірелген Дабыр:

— Өй, берірек жүрмейсің бе? — деп аттай берді де, су шайып, шалау тұрған сырғанак тастан аяғы тайып кетіп, тәйкесінен тұсті. Бірер рет су жұтып шашалған сон колындағы май мен еттен де айрылып қалды. Ал Адыр болса, саскан жоқ. Ышқырланып алған көйлек ішіндегі нанды бір қолымен басып ұстал, арғы бетке шыкты да, артқа көз салды. Мықтымсынған батырың кейін кетіп барады.

— Өй, ет пен май қайда?

— Суға кетті.

— Ендеше үйден тағы да алып шық.

— Жоқ, алып шықпаймын.

— Неге альп шықпайсың? — деп қадалды Адыр.

— Итке тамақ беремін деп жүріп суға кетіп қалсын дейсін бе?

— Кетпейсін. Мұнда мен бармын.

Дабыр қайырылмады. Құм ойыншыққа қайта ауысты. Оның шын келмейтініне көзі жеткен сон, Адыр көйлек ішіндегі нанды сұырды.

— Мә, Marғay, жей ғой.

Ашықкан Marғay әп-сәтке жіберген жоқ, шеті ғана үзілген бір таба нанды жеп, жүргегін жалғады да, шалпылдатып су ішті. Содан кейін қайта жылжып келді де, дән ризалығын білдіріп, Адырдың сирағын жалай бастады. Бала да қарыздар болып калмады. Иттің басын сипады.

— Уш күн бойы қайда кеттін, Marғay?

Marғay жауап берудің орнына қынсылай бастады.

— Білем, білем тығылып қалдың ғой. Тығылғаның жаксы болды. Эйтпесе, ана Сарықасқаға ұқсатып сені де алып кететін еді. Сарықасқаны сау қайтады деп ойлама енді.

Өстіп ит пен бала көп отырды. Құн енкейейін деді.

Кенет Marғay басын қеккө көтеріп, танауын шиырды да, қалынға қарай жылжи бастады.

— Marғay, қайда барасың?

Marғay қайырылмады. Арғы беттен Дабырдың даусы шыкты.

— Адыр, бергі бетке шық. Ұмсындық келе жатыр. Ұрсады ол.

Marғаудың неге жылыштап кеткенін Адыр енді түсінді.

— Өй, Дабыр! Қазір Ұмсындық тәтем келгенде Marғауды көрдім деп айтпа. Marғауды көрдім десен бар ғой, машинаға салдырады да, аудан басына аттандырып жібереді. Білдін бе?

— Білдім. Ал өзің бергі жакқа ет. Ұмсындық ұрсады.

— Қалай өтем? Тәтем ұрсады екен деп суға кетіп өлейін бе?

Кел де шығар.

— Кара өзін! Суға кетсін деп тұрсың ғой? — деп Дабыр даула-са бастады.

- Ендеше тәтемнің өзі келіп шығарып алады.
- Өзі келіп шығармайды. Өзі келіп үрады тәтең сені.
- Үрса, үрсын...
- Сен жылайсың сосын.
- Жыласам, жылайын...

Дабыр енді не дерін білмей қалды. Сол кезде Ұмындықтың даусы шыкты.

— Эй, балалар, кайдасындар? Койдын алдын кайырысындар! Дабыр жүгіріп кетті де, әлгіндей болмай Ұмындықты ертіп кайтып келді.

- Әне, әне отыр.
- Ол бетке неге шыкты?
- Білмеймін. Марғауды көрдім дей ме, — деп күмілжіді Да-быр.

Адыр айқай салды.

— Өтірік айтады, тәте. Дабырдың сезіне нанба. Марғауды көрдім дегенім жок.

- Енді неге өттін?
- Дабыр ерегістірді. Сен өте алмайсың, кішкентайсың. Ал мен үлкенмін, өте алам деді. Мен сосын өтіп кеттім. Ал үлкенмін деген Дабыр су ішінде жығылып қалды.

— Иә деген, Адыр өтірік айтады, — деп Дабыр бір бәленін ба-сын қылтитып келе жатыр еді, Адыр мына беттен жұдырығын түйді. Ұмындық: «Не дейді мыналар!» деп бетін жыртты.

— Жығылғаның өтірік пе? Неге мойында майсың? — Адыр болалар емес.

Бір жаксы жері Ұмындық ит жөніндегі әнгімеге мән бермеді. Етегін ышқырына түріп, бергі жакқа өтті де, Адырды көтеріп алды. Жұмыстан шаршап келгендігі болса керек, қабағында кірбін.

— Сен ерегісем деп жүріп суға кетсөн, әкеңе не бетімді айтам?

Тасада жатқан Марғау есінеп алды. Әрине, ол адам болса, «бала өлімінен гөрі, бала әкесінің алдында жауап беру көбірек кинайды еken ғой сені?» деген болар еді. Бірақ жеті жасар бала жауабы одан да асып түсті.

— Суға кетемін деп ерегіспедім ғой, кайта суға кетпеймін, арғы бетке өте алам деп ерегістім ғой.

Ұмындық аузын сылп еткізді.

- Мына шірік не дейді?
- Тәте, мен өлмей-ак қояйын. Сен әкем алдында жауап та бермей-ак қой.

— Жетпегірдің сөзінің тастайын қарашы! — деп баска жауап таппаған Ұмындық Адырды жерге түсіре беріп, мәндайынан иіскеді. — Арғы бетке енді өтпейсің ғой?

— Өтпейін, тәте!

Ұмындық Дабырға қатандау ескертті.

— Енді қайтып ерегістірмейсің ғой?

— Ерегістірмейін.

— Ерегістірсөн, менен жақсылық күтпе. Аямай шыкпыштам. Дабыр мұрнын тартты.

Осы оқиғаның бәріне күә болып жаткан Marғau өз орнына жайласып алды. Тамақ уайымы тарқаған секілді. Ендігі уайымы — Лезбай. Сағынады. Даусын сағынады. Иісін сағынады. Жұмсақ алақанын сағынады. Әрине, Лезбай үйде болса, бүйтіп тасада жатпас еді. Marғau орны онда үй қасы болар еді ғой. Лезбай арғы қыстағыдай Marғauдың сынған жамбасын сылап, сүйектерін орнына келтіреп еді де, дәрі сеуіп, танып тастар еді. Содан кейін аз-кем күннің ішінде Marғau құлан таза айығып, шапқылап та ке-тер еді. Ит басындағы осы бір қасірет ұлғайып, Лезбайдың жок-тығын дауасыз ауруға, іш құса уайымға айналдырып жібергендей. Marғau басын төмпешікке салып акырын сынсып, ұзак уақыт ұлып жатты.

### 3

Marғaudың тал арасында тығызып жатқанына бүгін жетінші күн. Бір жақсысы, ішіп-жем мәселесі бұрынғыдай кинамайтын болған. Ұмындық ертемен кой жайып кетеді. Олар кетісімен Да-быр мен Адыр өзен жағасына келеді, тамақ лактырады. Marғau жылжып төменге түседі де, тамактын өзі жатқан жағаға жеткенін қақшып жейді. Содан кейін шалпылдатып су іshedі.

Бүгін де сондай бір дағдылы күн. Ұмындық қойды өріске ай-лады. Бірақ неге екені белгісіз, бұрынғыша Marғau балалардың келуін күткен жок. Жылжып су жағасына түсті де, әлдебір сағы-нышты зар танытып, кайта-кайта ұли бастады.

Дабыр мен Адырда ес жок.

— Тез барайықши, Адыр, Marғau ұлып, бізді шакырып жа-тыр. Карны ашқан ғой байғұстың, әйтпесе бұрын өйтіп үрмейтін еді ғой, — деп асықтырды Дабыр.

Бір қызығы, Адыр ойы осындауда мұлде басқаша:

— Мен таптым!

— Нені таптың?

— Marғauдың неге ұлып жатқанын.

— Иә, неге ұлып жатыр?

— Бүгін әкем келеді. Соны біліп ұлды Marғau.

Әкесін сағынған Дабыр айқайлап жылап жіберді:

— Әке-аяу, қайда кеттін бізді тастап? Сағындым ғой сені?!

Адыр кіші болғанмен ести.

— Өй, неге жылайсың? Жыласан, әкем келмей қояды. Сонда қайтесін? Бакыра бермексін бе өлдебір жаман балаларға ұқсап?

Дабыр көзінің жасын сұртті.

— Ал онда Марғауға тамақ апарайық.

Марғау бүл кезде сүйретіліп, өзеннің бергі бетіне шықкан еді. Үй қасына келіп, жолға қарап тағы да үре бастады.

Екі бала наң мен кешегі желінген тамактың сүйек-саяғын алып үйден шыққанда, Марғау есік алдында болатын. Дабыр мен Адыр соған кайран.

— Айттым ғой, қарыны ашты деп. Міне, қарыны ашкан сон ғой өзі келіп тұрғаны, — деп Дабыр тамакты Марғау алдына тастады.

Марғау тамакты екі-үш қармап, алғы жакқа құлағын тікті де, үре бастады. Екі бала сол бетке көз салып еді, алыстан қарайып бір машина көрінген екен. Осылай қарай салып келеді.

Екеу ара мана басталған таласқа енді Адыр жауап беріп жатыр.

— Айттым ғой әкем келеді деп. Әкемнің келе жатканын сезіп, Марғау, міне, үйге оралды.

«Әкем келе жатыр» деген сон несіне талассын, Дабыр үнде-ген жок. Хайуан сырына тым жетік, нағыз кеменгер адамша кесіп-пішіп айтқан Адыр пікірі бұрыс па, дұрыс па, оны бала түгіл үлкендердін өзі де дәп басып дәлелдей алмас еді. Тетірі қайда екенін кім білсін, әйтеүір жаксылық, жаманышлық хабарды ең алдымен ит сезетіні көпке аян ғой. Машина жақындаған сайын балаларда да, итте де ес қалған жок. Абалай үріп, бөксесін сүйретіп ит қозғалды. «Әкелеп» балалар жүгірді. Дабыр мен Адыр, бірақ бүл жолы Марғаудан жүйрік болып шықты. Олар жеткенде кілт токтаған машина ішінен әкесі емес, Қанат қарғып түскен-ди.

— Ой, ағатайым ғой?

— Алакай-алакай, ағатайым келді!

Мойнына асылған екі інісін Қанат кезек сүйіп жатыр.

— Ұмындық тәтелерін қайда?

Адыр өкпелі.

— Тәтен қайда дегенше, әкенді неге сұрамайсын?

Қанаттың қабағына кірбін ілінді.

— Әкеннің қайда екенін біліп келем, Адыр.

— Ал қайда екен?

— Жолда аудан орталығына соғып, сұрасам, Алматыға жөнелтіп жіберіпті.

Екі бала тұнжырап қалды. «Алматыға жіберетіндей не жазығы бар еді?» дегенді танытқаны ма, кім білсін, Марғай қайта-қайта абалады.

— Э, Марғай үйде екен ғой?

Екі бала жарыса сөйлеп, түсіндіріп əуре.

— Әкемді әкеткенде Марғай тығылып қалған.

— Марғай сенің келе жатқаныңды біліп, осы жанаған үй жаңына келді, — деп анықтады Адыр.

Дабыр таласа кетті.

— Иә, саған... Әлгінде сен әкем келе жатыр, соны біліп келді деп едін ғой?

— Әкем келді не, ағатайым келді не, бәрібір емес пе мынадай күйзеліп тұрган кезде.

— Жә, жок нәрсеге таласпаңдар, — деп Қанат басу айтып, екі баланы жерге түсірді де, өзі қыңылаш жылжып келе жаткан Марғауға барды.

— Марғай! Марғай деймін. Сен мені таныдын ба?

Марғай құйрығын қайқайта бұлғап, алдынғы аяғын тыптыратты.

«Ап! Ап! Танығанда мен таниын. Көзімді ашпай тұрып иісінді алған едім ғой. Сол иісің бүгін күндік жерден маған жетіп, тығылышып жатқан жерімнен сүйреп шыққан жок па?!» деген секілді. Қанат кайран қалды. Алдында баяғы Жойқынның өзі жатқандай. Ұмтылып барып, жүресінен отыра қалды да, иттің арқасынан сипады. Марғай алдынғы екі аяғын тік басып, кеудесін көтерді. Содан кейін бұған тұра қарап, үзак үрді. Әкесінің не себепті тұтқынға алынғанын біліп, торығып келген Қанатқа ит көзінде терен мағына бар: «Карғабек сенің әкеннің арын қорлады. Намысын аяқка басты. Сонын жазасын тартып Лезбай түрмеде жатыр. Мен болсам, міне, жарымжанмын. Ал Карғабек болса, сайрандал жүр».

Шынымен ит көзінде осындағы сырлар жазылған ба, әлде сол бір окиғаның қаһарманы Марғауды қөрген соң бүрк еткен өз көнілінің түйткілі ме, Қанат оны анықтап жатпады:

— Эй, «жігіттер!» Қамықпандар. Бүгін болмаса, ертең әкеміз үйге келеді, — деп інілерін жебей сейледі.

— Ертең келгенше, бүгін келсе жақсы болар еді, — деді Дабыр.

Адыр сабырлы:

— Кашан келсе де, келсе екен әйтеуір.

Қанат сипалап, иттің жамбасына қол апарып еді, Марғай арс етті. Ашуы емес, ауырды дегені. Басқа бір шәлдігей, шыдамсыз ит болса, қансылаш жер-көкті басына көтерген болар еді. Марғай болса, дүнк етіп бір үрді де басыла қалды. Байқап тұр: иттің жамбасы кираган. Егер жедел жәрдем көрсетілмесе, катарға

косылуы екіталай. Осы жайды түсінген Канат інілеріне сұрана карады.

— Экелерін келер-ау, мына Марғауды не істейміз?

Адыр ойы әртінде:

— Ағатай, Марғауды Алматыға алып кете көрші. Мұнда калса, бәрібір ауданнан келетіндер атып кетеді. Олар атпаған күнде де Ұмсыңдық тәтем ашулы, тірі коймайды.

Канат ойланып калды. Әрине, болған оқиғанын егжей-тегжейін білмесе де, көніліне түйген жорамалы бар-ды. Онысы Карғабек пен Ұмсыңдық ара катынасына саятын. «Ел құлағы елу» дегендей, ауылдан келгендердің кейбірі Карғабекті көрінеу жа-мандаласа, кейбірі астарлы құлқімен: «Ол ма? Ол...» деп айрышка мән бере әжуалап, көнілге түйткіл салып кететін-ді. Жігіт көнілі албырт. Төзімін намысқа алдырып, шыдамы таусылған бір сәтте:

— Эке, ел іші гулеген сөз. Тындырсайышы бірдеме ғып! — деп калғаны да бар. Бірақ құлак аса қоятын әкені көре алмаған-ды.

— Жүрт сөзі ана қара домалақтарға шеше, маған қатын бола ма, шырағым?! Оттай берсін! — деп Лекен бір-ақ каккан.

Сол елемеушілік, ынжықтық мынадай жағдайға душар етіп отыр. Не істеу керек? Бір ойы — дәп қазір салып ұрып Ұмсыңдықка барып, көкіректе кек болып қаткан намыс отын дүр ете түсіргісі келді. Онда не болады? Эке сонынан өзі де барып, абақтыға отырмак па? Жок, бұл акылдылық емес. Одан да істін жөнімен танысып, алдын алу керек. Осы бір тоқтамға келген Канат тоқал шешемен кездессе істін насырға шабарын білді де, күрт шешім жасады.

— Эй, Дабыр, әй, Адыр, тез киініндер де, машинаға отырындар. Алматыға, әкелеріне алып барам.

Дабыр айқайлап үтеге жүгірді. Адыр тұрып қалды.

— Марғау қайда қалады сонда? Тастан кетеміз бе?

Көнілін әке қайғысына алдырған Канат оқыс бұрылып итке карады. Марғау тұмсығын жерге тәсеп, көз қыығын ағалы-інілі екеуіне кезек қадап, сұлық жатыр екен. Канаттың көзімен көзі түйіскенде акырын қынсылап белгі берді: «Көзімді ашқан күннен бері мен сендерге адал қызмет етіп келем ғой. Жеті күн бойы сен келер деп, не болмаса әкенінің өзі келер деп тығылып жатып ем. Мына жарымжан күйімді көрмейсін бе, калдырып кете көрмендер!» деп жаткан секілденді жігітке. Канат не қыларын білмей, сасып қалды. Жолда Қертоғай аузындағы шлагбаум есіне оралды. Арғы бетте аусыл бар екен. Откен-кеткен машинаны қарал, арнайы ерітінді күйған жерден өткізіп жаткан-ды. Итті қалай алып өтпекші сол жерден?

— Қалдырып кетуге тура келетін шығар?

— Қалдыруға болмайды, ағатай. Біз кетсек-ак болды, көзін құртады оның табан аузында, — деді Адыр.

— Жолда карантин, бәрібір жібермейді итті.

Адыр көнер емес.

— Ендеше мен де бармаймын. Марғаудың қасында болам.

Әңгіме негізін ағайынды екеудін бет әлпетінен анғарған Марғау Қанатқа тура қарап үре бастады. «Алып кетпесен, қайтейін, ғағдырдың салғанын көремін де. Алдыннан жарылқасын!» деген сиякты болып естілді Қанатқа.

— Тәуекел, Адыр, бар, киініп келе қойындар. Марғауды да алып кетеміз, — деді Қанат.

Куанған екі бала үйге жүгірді.

Аз-кем уақыт өтпеді, кішкене «Жигули» машинасы кері айналып, келген жолына қайта түсті. Ит пен Адыр артында, Дабыр мен Қанат алдында. Ілгеріде жайлаудың ирелен жолы жатыр.

Кенет он бүйірден өйел даусы шықты.

— Эй, токта, Қанат!

Жалт қараған Қанат далактай шауып келе жаткан Ұмсындықты көрді. Оқыстан жүргегі өрекпіді. Қөріспейін-ак деп еді, енді не істесе екен?

— Тәтем ғой мына келе жаткан. Токта, ағатай, — деді Адыр.

Ұмсындық даусы енді айқындала бастады.

— Кайрылмай кетті деген не сүмдыш? Токтандар дедім ғой сендерге!

Шие «Жигули» жолдан шықты. «Неге токтадын?» дегені ме, жә болмаса, Ұмсындықты көргісі келмеді ме, машинаны басына көтере манқылдап Марғау үрді.

Бұрынғы жылдылығы жок, Ұмсындық жүзі салқын.

— От ала келдің бе, неге қашып бара жатырсын?

— Қашып бара жаткан ешкім де жок, — деп Қанат та салқын жауап берді.

— Енді неге келдін?

— Келгім келді, келдім. Кеткім келді, кетіп бара жатырмын.

— Қалай-қалай сөйлейсін, шырагым. Әкенде жіберттірген мен деп тұрсын ба? — деді Ұмсындық.

— Енді кім? Бәрін де білем. Мұләйімсімей-ак кой, Ұмсындық.

— Ей, шірік, не деп тұрсын өзің? Нені білесін? — Ұмсындық кер бестіні төбініп, машинаға жақындағы. Корғанудың амалы — шабуыл жасау екенін жаксы білетін секілді. — Менен ана ит артық болған екен ғой? Соған келген екенсін ғой?!

— Енді кімге келді деп едің? Ит пен інілерім үшін келдім.

Ұмындықтың кара көзі от шашып, жалт етті.

— Ендеше ана малды жинап алындар. Боктарынды теріп жүре алмаймын сендердін, — деп тебіне жөнелді.

— Тергенде, кандай тересің әлі. Лезбайдың малы мен дүниесі үшін келметгенде неменеге келіп едің? — деп айқайлады Қанат ұзап бара жаткан Ұмындық сонынан. Ашуланғаны сондай, аяқ-көліктерінде машинаға зорға енді.

Адыр аяушылық білдіріп жатыр:

— Тәтемді бекер ренжіттін-ау, ағатай.

— Тәтен әкенді неге ренжітеді ендеше?

Адыр үндеген жок. Машина тағы жолға түсті. Сол қапталда Қарқара өзені жарысып келеді. Төмен түскен сайын көлденен-деп келген жыра-сай, жылап аккан бұлак, бастау көздер косылып, молыға түскен өзен даусы зорайып, мотор үнімен тамаша бір өуен тапканда. Біршама уакыт өтті. Осындай дала жолында бауырын жаза алмай, кібіртіктеп қалатын «Жигули» машинасы Айған төбені айналып барады. Марғау терезеден басын шығарып, дүңк-дүңк етіп үре бастады. Неге мазасызданды? Бұл өлкенің қыбыр еткен тышқанынан бастап, жыра-сай, тебе-төмпешіктегіне дейін дәл басып жадына сактаған ит: «Ей, Қанат, Ей, Дабыр, Адыр, тоқтасандаршы! Мына тебеде аяулы аналарын жатыр ғой, бір сәтке бұрыла соғып, тауап етіп кетпейсіндер ме?» дей ме? Жә болмаса, тұнғыш рет машинаға отырғанына не күйініп, не сүйініп үре ме, ол арасын кім білсін, кайтсе де ит тілін ұғайын деп үмтүла қойған ешкім болған жок. Алғаш рет қалаға келе жатқан екі бала алыс арман жетегінде. Ал рульде отырған Қанат болса, әлгі бір оқиға тәнірегінде күйкі тірлік азабымен әуре. Айған төбе ұзап қалды. Ұзап қалса да, бір кезде өз тәнінен жаралған үш карғасына ак жол, он сапар тілегендей көпке дейін мен мұндалап тұрған еді. Машина жүрісіне еті үйрене бастаған Марғау тынышталайын деді.

— Ау, Адыр, соншама абалап итіне не көрінді? — деп сұрады жадырай бастаған Қанат.

Ақылды, тапқыр Адырдың өзі де не деп жауап берерін білмей қалды. Ең әуелі «жоқ жерде осы сенің мазаң неге кете қалды?» деп Марғауға қарады. Содан кейін он мен солына көз салды. Ақыры: «Марғау қимайтындағы не қалып еді?» дегендег артына бұрылып еді, мен мұндалаған Айған төбеге көзі түсті.

— Эй, ағатай, тоқта!

Қанат тежемені басты.

— Жанаң дәп касынан өтіп, апама тие берсін де айтпаппыз ғой. Марғау соған мазасызданған. Енді таптым.

Ит пигылы дәл осылай болмаса да, іні жауабы Канатқа сондай орынды көрінді. Өлген аруакты ескермей, баса-көктеп өтіп бара жатқан өз ісін ағат санап, машинадан шыкты. Екі бала сонынан ерді.

— Ағатай, кейін оралып, соға кетсек кайтеді? — деді Адыр.

Мұны Дабыр да костады.

Канат сәл ойланды. Құн ауып барады. Жол болса, ұзак. Оның үстіне қырық-елу шакырым дала жолымен қыистап, шлагбаумды айналып өту керек. Әйтпесе Марғауды қалаға апару онай емес. Бұл ісінің теріс екенін жақсы да біледі, бірақ амал қанша, кейде когамдық тәртіп пен адамгершілік, мораль принциптері өстіп қабыспай қалатыны да болады ғой. Сондайда жақсы деген азаматыңын өзінің де былай тартса арба сынады, былай тартса өгіз өледінің қайсысын қалары неғайбыл.

— Өлген шеше өлді ғой. Қарап жүріп кіріптар болып қалған тірі әкені тезірек босатып алудың қамын ойлайық, — деп Канат машинаға отырды.

Неге екенін кім білсін, машина қозғалысымен-ақ артқы тереңеге тұмсығын қадап Марғау ұзак ыңырысыды. Әлгі бір өз қателігін кешірілмес құнә санап, қазылып отырған жігіт ит тілін өз қөніл-күйіне әуендейстіре түсінгендей:

«Кешір, Айған, кала бола көрме! Кайтесін, адам табиғаты осылай. Әйтпесе балаларын жаман емес. «Қасымнан өткенде есіне неге алмады?» деп ренжіүін де мүмкін. Бірақ өзінде де аян ғой, тірінің ісі қашан біткен. Асығып барады. Жолдарын бөгеме!» деген секілді болып кетті оған ит ыңырсыуы.

Канат терең күрсінді. Анасын еске алған екі бала іштей тынып, үндемей қалды. Біршама уақыт өтті. Құн енкейейін деді. Жолаушылар айналып жүрер жол межесіне жақындалады. Жақындаған сайын Канат: «Тәуекел деп, тұра кетсем кайтер еді?» деп толқып келе жатыр еді. Дес берісте бір таныс шофер карсы жолығып, құзет кала жактан келетіндерге ғана койылғанын, бұл жактан далаға қарай жүретіндерге тоспаның жоқ екенін айтты. Ра-сында да солай екен. Тосқауылдан онай өтіп, машина асфальт жолда көсіле салып келеді. Ағайынды үшеуі де енді қөнілденейін деді. Бұрын менен жүйрік кәне кімін бар дегендей ен далада жосылтып жүретін Марғау да «Жигули» атты өзінен зор шыккан сон креслоға басылып, тынып қалған. Артта алыстал, тау астында Айған тәбе қалды. Алға сағымдай бұлдырап үміт пен арман жетелейді. Өскен жерді тастанап, туған жерге келе жатқан жарым-жан Марғау жөні бір басқа. Ақ басты тау етегінде көк түтінге оранып далиып жатқан үлкен кала — шоғырланған адам мекені — оған не сыйлығын дайындалп тұр? Айту кын.

## Төртінші тарау

### Әуре-сарсан

1

Калаға жақындаған сайын жол үстінде ұлкенді-кішілі машиналар көбейіп кетті. Содан болса керек, жер де, ауа да тарылып, тыныс алудын өзі киындағы бастады. Әсіресе, кара тұман құсып бара жаткан дарыллак дәу машиналарды басып озғанда киын. Колкаңды аткан көк тұтін кабина ішінде лақылдан кіреді де, көпке дейін сейілмей тұрып алалы. Марғауда маза жок. Кынсыладап, есікті тырналаумен келеді: «Кесіліп жүгіретін ен даланы қалдырып, кайда келе жатырсындар?» дегендей. Әрине, Лезбай мен өзі тартқан мына тауқыметтін негізіне үніліп, себебін ашуға оның кабілеті жетпейді. Сонда да иіс пен дыбыска сергек Марғау тыныс алу киындығы машинаға, бензинге тікелей байланысты екенін жақсы түйсінеді. Беймазалықтың кілтипаны да сонда.

Канат қала шетіне іліге беріп, ұбак-шұбак тізіліп тұрған көп машинаның арасына кіріп тоқтады. Киямет-кайым осында мадерсін. Төніректі орап алған бензин іісін тек машинамен ғана байланысты жадына ұстаған Марғау тағы бір «жаналық» ашкан секілді: мына бір жағымсыз иіс машиналардан ғана емес, келіп тоқтаған соң машиналарға тұтіктерін созатын ана бір темір жәшіктерден де атылып жатады екен. Неге екені белгісіз, мұндағылардың бәрі ашулы. Жок жерден себеп тауып, айқайласып жаткан біреулер. Канша тұрсан да, каркылдан күлмесе де, жылы шырай танытып, көнілді жүрген ешкімді кездестіре алмайды екенсін. Сондай қызық, мына кішкене машина ішіндегілер де бірте-бірте кабактарын түйіп, қалай сыйздалап, қалай ашуулана бастағандарын өздері де анғармай қалды. Марғау тіпті тұлданып алған, караптан-карап отырып біреуді барып бас салып, қауып алғысы да келді. Осындағы халде кезек күтіп тұрған бұларға бір үлкен машина жақындалап, кабинасынан бадыран қөз біреу басын қылтитты:

— Әй, сәупік, атанның басына қарап тұрсың ба? Ана өз колонканың бар. Машинасына ит салып алған тұрін... тұрінді үрайынның!?

И жұмсақ деген Канаттың өзі катты қыстықты. Әлдебір тұздықты сөзбен бетін кайтарып тастайын деп онтайланған беріп еді, бадырақ көздің пошымы мен дауыс ырғағын, кимылын ұнатпаған Марғау алдынғы екі аяғын ашық тұрған терезе жактауына салып альш, мойнын соза ұмтыла үріп, төніректі шулатып жіберді:

Ап! Ап! – «Жап аузынды, шошка! Эйтпесе алқымыннан бір ба-  
сып, үнінді өшіре салармын!» дегені.

Құлак түбінен шыккан ит даусының зорлығына кайран бол-  
ды ма, бадыраң көз ашуынан тез қайтып, Канат машинасына жа-  
қындалап барып басын шайқады.

– Эй, мынау бір иттің дөйі ғой!

Адыр да ашулы екен.

– Эрі кетініз, әйтпесе есікті ашамын да, итімді қоя беремін, –  
шеп коркытты.

Бадыраң көз сескеніп, кейін шегінді. Айласының асканына  
іштей мәз болып, масайраған Адыр ұстемелеп жатыр:

– Менің итім сіздей бейпіл ауыздардың талайын көкесіне та-  
нытып жіберген!

Бадырак көз: «Кәне, калай танытар екен, жібере ғой!» дей ал-  
мады. – «Құдды жолбарыс дерсін. Осындаі үлкен итті тұмысымда  
кездестірген емеспін» деп өз машинасына беттеді.

Канат Марғау тарихын баяндап жатпады.

– Не десен де сыйды, – деп машинасын ілгері колонкаға тая-  
лы. Бірақ көнілінде реніш: айқайлап, балағат сөз айтпай-ак: «Әу,  
жігітім, сіз кате тұрсыз ғой, колонканың ілгеріде емес пе, солай  
жылжыныз» десе жетпейтін бе еді? Бензин колонкасына келген-  
де адамдар не болып кетеді осы? Осы бір ауыр оймен Канат кала-  
нын ішіне кірді. Ағаның көніл күйі балаларға да әсер етсе керек.  
Дабыр мен Адыр да үнсіз. Өзінін жайсыз, жат ортага келе жат-  
канын сезе ме, әлде жарасы сыздал ауыра ма, әйтеуір, адамдар  
онінен салқындық нышанын байқаған Марғау да үйге жеткенше  
ұзак ынырсып, ұлумен болды.

## 2

Машина бір биік үйдін алдына келіп тоқтады.

– Нагира женгелерін, міне, осы үйде тұрады, – деді Канат  
машинадан түсіп жатып.

Адыр сұрағы оқыс:

– Ал өзін ше?

– Мен де.

– Ендеше «Нагира женгелерін» деп неге бөлекtekеп жатырсын?

– О, Нагира женгелерін жаксы адам!.. – Інілерін мына жана  
жағдайға дайындағысы келді білем, Канат әйтеуір өз әйелін осы-  
лай мактай сөйледі.

Нагира – Марғаудың көп естіген есімі. Қыстың сұық шағын-  
да көрінбей кеткенімен, жаздың сарша тамыз ыстығы түскен кез-  
де үнемі Канатка еріп, ак сары келіншек жайлауға келетін. Наги-  
ра – соның аты. Ит жадында із калдырғаны – Нагираның иісі.

Карғабектен шығатын арак ісі немесе ақ халаттылардан бұркырап тұратын дәрі ісі де емес, басқа бір түсініксіз іс. Карғабек ішіп шығарса, Нагира жағып шығарады. Тағы бір ерекшелігі – Нагира бұл төніректегі әйелдердің біріне де ұқсамайды. Жұрт болса, кой шарбакта, жә болмаса қазан-ошақ төнірегінде тірлік карекетімен әуре болып жатар еді, ал Нагира болса өйтпейді. Лезбай койды өрістетіп, сәске кезінде шайға оралғанға дейін ұйыктайды. Содан кейін Қанатты алып өзен жағасына барады да, қеудесі мен бөкссесінен басқа жерін жалаңаштап суға шомылады. Құнге қыздырынады. Тағы шомылады. Соғын асықпай жуынып, таранып, әлгі бір түсініксіз ашы істі бұркыратып жаға бастайды. Марғау бұл істі де үната бермейді. Дегенмен бензин мен арак ісінен қарағанда иман таразы екенін де аңғара алады. Кейде жаксы мінез-қылқартармен араласып, қатарласа шықса, ұнатпайтын дүниенің көленкеде қалатыны болмай ма, сол секілді Марғаудың мына өз табиғатына жат әтір ісінен онша көп өшікпейтіні де Нагираның сырт келбетінің әдемілігіне, мінез-құлқына, сыйпайылығына байланысты болса керек. Нагира жайлauғa қаншама рет келіп жүріп, біреумен айқайлад ұрыскан, немесе тіпті дауыс көтеріп қатты сөйлескен кезін Марғау көрген емес. Бар болғаны, кішкене құшқітерге ұқсан Қанаттың мойнына асылып, ойнап еркелейтіні ғана ит жадында қатты сакталған. Содан болса керек: «Мен Нагираны танимын ғой» дегенді байқатып, құйрығын бұлғандатты.

Балалардан күптау сөз ести коймаған Қанат:

- Эне, «Нагира» дегенге Марғау да құйрығын бұлғап, ықылас білдіріп жатыр, – деп койды.
- Жаксы, жаманын қазір қарсы алғаннан-ақ білеміз. Ал, Марғау, сен бүйтіп бос жалбактай берме, – деп Адыр итінің құлағынан тартты. – Кәне, түсейік.

Марғау қынсыладап, тағы да құйрығын бұлғандатты: «Өз бетіммен түсе алмаймын ғой» дегенді танытар көмек сұрау белгісі.

- Марғау жүре алмайды ғой, көтеріп алсақ қайтеді? – деді Адыр. Оған қарағанда Дағыр бар-жок шаманы байқайтын секілді.
- Қалай көтересін? Көтере алмайсың Марғауды.
- Біз көтере алмасақ, ағатайым бар, көмектеседі, – деп Адыр тағы да жол тауып кетті. – Ағатайым көтеріп шығарса, Нагира тәтем де «иттерін не, әкет» дей коймас.

Тапқыр інісінің сөзіне мәз болған Қанат машина бағажнигінен бір құлаш жіп алып шыкты да, итті шабынан асып, бір ұшын еki балаға берді.

- Үшінші қабат. Ал көтерілдік... Алдыңғы аяғы сау ғой, Марғау қеудесін өзі алып жүре алады.

... Есікті Нагираның өзі ашты. Марғау оны бірден танығанын белдірді:

— Ап! Ап! — «Сәлеметсіз бе?» дегені.

Ит даусында ашу болмaganымен Нагира шошып, жүрегін ұстады.

— Танымай қалдың ба? Бұл Марғау ғой, Нагира! — деп Канат неге екені белгісіз, көтерінкі айтты.

Нагира таң-тамаша.

— Кайдағы Марғау?

— Қедуілгі Марғау ше? Талай-талай қасқыр алған, әкем баккан малды талай-талай апattan сақтап калған Марғауды қалай үмытып қалдың?

Нагира түсінгендей болды. Бірақ жүзінде жылыштық жок:

— Бұған не болған?

Канат ептең косынқырап сөйледі:

— Әкем жокта қой ұрлаймыз деп келген біреулер мертіктіріп кетіпти.

Нагира сөзі кекесінді.

— Ит өлген жерден сосын осында алып келдін мертіккен итті?!

«Сұға кеткен тал қармайды» дегендей, сасқаны ма, Канат болмашыға жармасып жатыр.

— Ойбай-ау, Нагиражан-ау, бұл ит емес, баяғы өзім барып сатып әкелетін күшік қой.

— Күшігі не, иті не, бәрібір маған.

Сөз таппаған Канат күмілжіп, желкесін қасыды. Нагира сәл жібінкіреген сиякты.

— Аядай екі-ак бөлме, кай жеріне ит ұстайсын? — деп шара-сыздық белгі танытып, алақанын жайды.

Әңгімे басы осылай салқын болған соң ба, Дабыр мен Адыр есік көзінен аттай бере тұрып қалған. Марғау дағдысынша тұмсығын еденге салып, Нагираның жүріс-тұрыс, кимылы мен кабағын тапжылмай бағып, сұлық жатыр. Бір ғажабы, ықылассыз карсы алған осы әйелге түк өштігі жок. Кайта, неге екенін кім білсін, жүрек түкпіріндегі бұрынғы бір жылы сезім қүйрығының үшінша барып, дамылсыз қозғай беретін секілді. Өйткені ит түйсігі қате болмаса, Нагира жауыз, қайырымсыз әйел тобына жатпайтын секілді.

Канат енді әйелін сөзбен сылап жатыр.

— Нәке, ақылсыз емес едің ғой. Әкем болса, тұтқында отыр. Марғау оның мына балаларына тең санайтын қадірлі иті. Ертен тұтқыннан шығып: «Итім кайда?» десе, не дейміз сонда?

Нагира артығырақ кеткенін осы жерде анғарды білем, бала-ларға карады.

— Ал сендер неге бұл жерде тұрсындар? Былай шықпайсындар ма?

Аузын бұртитып, ашуланынқырап тұрған Адыр суырыла сөйледі.

— Калай шығамыз?! Қалада Нагира тәтеміз бар деп сағынып келгенде мандаймызға салып-салып жібердін. Есенгіреп қалдық кой тіпті.

Нагира балаға бұрыла беріп анырып қалды. Жүзінде ашудын ізі жоқ. Кайта көзінде күлкінің нышаны байкалады.

— Өзіне де сол керек, ал сөйлес енді Адыр кайын інінмен, — деп Қанат үрымтал жерден үстады.

— Өй, сен Адырсын ба?! Өсіп, сойталдай жігіт болып кетіспін ғой өзін? — деп Нагира жадырай келіп, Адырды көтеріп алып бетінен сүйді.

Кенет разы болғанын танытып, үйді басына көтере дүнкілдеп Marғay үрді.

— Кет, ей! Қауып алып жүрер мынауын?

— Қабағынды қарс жауып қарсы алып жатырсын, капса қабады да, — деп койды Қанат.

Адыр анқау бала мінезін танытты.

— Marғay қаппайды. Өйткені біз тірі жетім сиякты Нагира тәтемнің қолына келдік кой. Өзі біреуге кіріптар бола тұрып, несіне жетісіп қабады! Кай кезде, кімді қалай қабатынын Marғau біледі!

Қанат ішегі катканша күлді. Нагира да сылқылдай құліп, Адырды құшағында ұстаған қалпы умаждап әлек.

— Мынаның тілі мірдін оғындағай ғой. Тұқымында ділмар ешкім жок еді, кімге тартып мұнданып болып жүрсін?

Адыр әлгі ойынын жетегінде.

— Бір күн тамақ бермей койсан, саудамыз біткен жок па. Өтірік деші, Marғay.

Marғay растағандай, әлдебір дыбыс шығарып, ынырып койды.

Нагира мүлде жадырап алды.

— Корықпа, Адыр. Тамақ та, кабак та болады. Бұл сенің өз үйін, жайғаса бер. Әкеме барам деп кетіп, ит алып келген сон, мына ағана қыжылым ғой көрсетіп жаткан, — деп Адыр мен Да-бырды ілгері бөлмеге қарай жетеледі.

— Жок, тәте, итімді есік көзінде қалдырып, ол жағына шыға алмаймын.

— Итінді де төрге шығарамыз. Бірақ, ең алдымен, тазалап жуындырып, дәрігерге көрсетіп, содан кейін шығарамыз.

Marғay кателеспелті. Нагира салқын қарсы алғанымен, кілті табылса көктемнің күн шуағындағы жазылып кетер тегі жақсы, кайырымды әйел екенін бірден таныткан еді.

Тұнімен Марғаудың мазасы болмады. Ен далада таза ауада сркін өсіп, көсіле жүгіріп дағдыланған итке мына дәліз тар қапас лерсін. Тынысын тарылтып, тынышын кетірді. Әлденеше рет есікті келіп тырналады. «Тұнгі сағат он бірден кейін бейсауат лыбыс шығаруға болмайды» деген қағиданы адамдардың өздері де үнемі орындаі бермейді. Марғауға не жорық. Шырт үйқыда жаткан жұртты оятып, дүнк-дүнк етіп әлсін-әлі үрумен болды. Канат оны далага да алып шығып келді. Сонда да үре берді. Адыр мен Дабыр оянды. Дымы құрып, шыдамы таусыла бастаған Нагираға дәлелді жауапты тағы да Адыр тауып жатыр.

— Марғау бар ғой, тәте, әкемді сағынып жатыр. Осында келе жатқанда үндемеді ғой. Үндемеген себебі — әкемді көрем деп ойлады. Ал әкем болса, жок. Әкем жок болған сон: «Неге мені мұнда әкелдіндер? Табындар, кәне!» деп үреді. Әкем казір кіріп келсе бар ғой, Марғау бірден басыла қалар еді ғой. — Адыр топшылауы өз тілегі, өз ойындағысы екенін Нагира түсінеді. Лекен келсе иттен бұрын, ен алдымен, Адырға жаксы болар еді ғой.

— Ұрлық қылған жок, өтірік те айтпаған. Накак адамды тек-тен-тек ұзак ұстамайды. Қөп кешікпей келеді әкеміз.

— Тәте, аузына май. Айтқаның келсін.

Каймағы бұзылмаған ауыл ішінін осы бір сөзін ұлкендерше деп түсіріп айтқан бала тіліне Нагира сондай кайран.

Бір сәт тынышталған ит тағы абалады. Сөйткенше есік конырауы сылдырады.

— Бұл кім? — деп сұрады Канат ит мазасын алып үйкисы қашып, «енді не істеу керек?» деген дағдарыспен.

— Аш дедім ғой. Қөршінмін... — Дауыс сондай өктем.

Есік ашылды. Ар жактан бір такыр бас көрінді. Беймезгіл шакта мына келістің жай келіс емес екенін білсе де, Канат сыпайылықпен ілтипат билдіріп жатыр.

— О, көрші екенсіз ғой? Танымай қалғанымға ғафу. Жоғары шығыныз.

Бұл құрметке мән берген көрші жок.

— Калада тұрып ит асыраған деген не өнер? Үйкымызды алдындар ғой?

— Үйкы алғанда... — деп Канат істің мән-жайын түсіндірейін деп келе жатыр еді, ашулы көрші бір-ак какты.

— Ана-мынанды мен білмеймін. Мына пәленің көзін күрт. Эйтпесе табан аузында милицияға хабарлаймын.

— Немене, милиция ит ұстамасын дей ме екен сонда?

Такыр бас ашулы көрші танырқап қалды. Шінкілдеген бала даусы. Кайдан шыкты? Сөйтсе жүресінен отырған ит тасасынан бір кішкене баланың құлағы калқаяды. Канат артына бұрылып Адырды көрді де, күліп жіберді. Ашулы көрші де езу тартты.

— Тілің мен жағына сүйенген сен өзін кімсін?

— Ерекептін.

Көрші қаркылдаپ құлді.

— Ерекек екенінді көріп тұрмын ғой, — деп күмілжіді тақыр бас.

Адыр бастырмалатып барады.

— Ерекек екенімді білген болсаныз, енді неге сұрайсыз?

Манадан бері бала тіліне мәз болып тұрған Канат Адырдың катты кеткенін байқап, қысылып қалды.

— Адыржан, олай деме. Біздін бұл көрші үлкен ғалым адам. Ертен жігіт болған кезінде өзін түсіп оқитын университеттің профессоры.

Адыр ит тасасынан бері шығып, такыр басқа жақындалы да, балалық анғалдықпен сыйырлай сейлеп, сырын актарды.

— Марғау бар ғой іш құса. Осында әкемді көремін деп келіп еді. Ал әкем болса, жок. Сағынып келгенде көргісі келеді. Көре алмаған сон үрмегендеге қайтсін... Әкемді мен де сағындым. Сағынғандықтан да үйқым келмей қойды. Бірақ үндемей жатырмын. Егер Марғауға қосылып мен де бакырсам – онда не болғаны? Сіз онда тіпті әйелінізде ерте келіп, әлектін көкесін екеулемп көрсеткен болар едініз ғой. Сол себепті, мен жыламаймын. Өлсем де жыламаймын. – «Жыламаймын» десе де бала көзіне жас келіп қалды. Соны байқаған Марғау тағы үре бастады. Әкесін сағынып, көнілі босаған Адыр итінің мойнынан катты қысып құшактап алды да, бакырып жылап қоя берді.

— Үрме, Марғау. Үріп жұрттын мазасын ала беретін болсан, алып кетеді де, бір жерге апарып атып тастайды. Білдін бе? Дыбысынды шығарма ақылды болсан! – деп шырылдауды. Бала шырылдаған сайын ит даусы да зорайып, ығы-жығы халкы көп үлкен үйдін бүкіл орамын алып кетті. Түпкі бөлмеден Нафира көрінді.

— Жақсы көршісі-ау, тұн ішінде қонағымызды дүрліктіретіндей не жаздық? Қай бір айдарымыздан жел есіп, ит асырайық дедік дейсін. Истін реті осылай болып қалды. Бірер күнге шыдасаныз не ететін еді. Тағу арада әкеміз келеді. Әке келген сон далада ескен ит пен баланы байласақ та тоқтата алмаспыш, – деп байсалды сөз айтты.

Басында ашумен келген такыр бас көрші енді неге келдімге түсті. Бар айтканы:

- Байқаулы болсандаршы. Түн ортасында ит үріп, мазаны көтіргеннің несі жаксы дейсін, — деп есікті жапты.
- Раҳмет, ағасы, — деп Қанат есіктін баспасын салды. Қалағы алғашқы тұнді Марғау осылай өткөрген еді...

## 4

Үнемі қой сонында жүрген Марғау мен Лезбай үйкі дегенді білмеуші еді. Кез келген жерге қисаятын да, бір ғана шакка кор сте түсіп, көз шырымын алып, тұрып жүре беретін-ді. Ал мына кала халқы мүлде басқа. Жұмыстан келе салып тамағын ішеді. Содан кейін телевизорға шүкшіяды. Содан кейін баптап, мамықтап төсек салады. Содан кейін ит үшін жылына парапар үзак тұнде түж серіппей үйкітайды.

Миңе, тан аткалы қашан. Жайлаудағы мал үзап өріп, отығып атған да болар. Тан атпак түгіл күн де біршама көтеріліп калды. Жайлаудағы мал суға беттер, ал Марғау болса, иісі бұрқыраған кен сахарарада жосылта салып, отарды өзенге қарай қаумалар шак. Ал, мыналар болса, әлі түж серіпкен жок. Дәліз болса, қапас орны секілді, аядай ғана. Бір аттауына келмейді. Тарлығы бір сәріау, тынысынды тарылтатынын қайтерсін. Марғау даланы сағынады. Даладағы жусан иісін, шуаш иісін, кер бесті мен Лезбай иісін сағынды. Сағынғандығы соншалық, тұла бойы өрт дерсін. Еріксіз аузын ашты. Қекіректе шер боп тұнып, шемен боп каткан жалын тарғылданып, тыныс белгісі жок үрдіс те үзак, құлак кесті ашы бір дыбыска айналып жүре берді. Ит үфымында соншама үзак үйкі болғанымен, адам үфымында көршіге де маза бермей түнімен дүрлігіп, жаңа ғана көз іліктірген Қанат пен Нағира шошып оянды.

— Мынау тірлік болмайды ғой. Енді қайттік? — деп сұрады Нағира.

Қанат үн демеді, бар болғаны, сағатына қарады да:

- Ойбай-ау, сегіз болып қалыпты ғой? — деп киіне бастады.
- Мына итті не істейсін?

Оқыстап Қанат ойына Адырдың тұндеғі бір сөзі оралды. Жеті жасар бала түгіл, үлкен кісінің өзі тауып айта бере алмайтын сөз.

— Осы ит шынында да Адыр айтқандай іш құса ғой деймін. Экемнің ескі-құскы бір киімін алдыру керек шығар.

Нағира қанша десен де бұл жолы әйелдігін жасады.

— Ескі киім деп үш жұз шакырым жерге тағы да машина айда-максың ба?

Қанат үн демеді. Нағира да қайталап тіс жарған жок. Солай жүріп екеуіт тамақ ішті. Обалы нешік, Марғауды да үміткан жок.

Сұға салып кара нан, қалған-құтқан тамақ қалдығын әкеп алдына койды. Содан кейін итті алып, ерлі-зайыптылар далаға шықты...

Сағат тоғызыды сокты. Ит мінген, ерлі-зайыпты екеуі мінген кешегі кішкене машина біраз көшелерді аралап, бұрыла салып, бір үлкен үйдің алдына келіп токтады. Үлкен үйдің үлкен есігіне маза жок. Калың нөпір адам тобы осы бір мерзімге әдейі уәделескен секілді, жан-жактан шоғырыла жиналып, ағыла кіріп жатыр.

— Түсіністік кой деймін? — деді Нагира машинадан түсіп жатып. Даусында айрыкша бір мән бар.

— Адыр жылап жүрмес пе екен?

— Осыншама жаска келіп, екеулеп жүріп, жеті жасар баланы жұбата алмаймыз ба??

Канат желкесін касыды.

«Бәрекелді, калаға алып барып... жақсы істеген екенсіндер. Өйттегінің бар, жаткан жерінен неге қозғадындар?» деп әкем келгенде реніш білдіреді-ау....»

— Кой, былқылдатпа, жігітім, тыныштық керек. Ал уақыт болып қалды. Дегенді істе де, тез орал, — деп Нагира ішке беттеді. Тұмысында ит баласынан тұнғыш рет койнына Марғауды ғана салған Канат пен тұмысында адам баласынан тұнғыш рет Канаттың иісін алған Марғау екеуі машина ішінде онаша қалды. Канат ойын ит түсінді дей алмайсын. Сонда да бірдеме айтқысы келгендей, ашу-араздығы да, тату-тәттілігі де жок бейтарап салқын жанарын жігітке қадап дүнк-дүнк етіп үрді де, креслоға кисайды. Алда күтіп тұрған ит тағдырын жұмсақтығы келді ме, жә болмаса амалсыздықтан туған катығез өз шешімін актағысы келді ме, кім білсін, Канат әйтеуір артына қайырылып, Марғаудын мандайынан сипады.

— Жазғыра көрме, Марғау. Кала жайы кын, сен жарымжансын. Ал бізде сені күтерлік жағдай жок. Сол себепті мен сені көшеде ит аулайтындардын арбасына салып жіберейін деп алып шықтым. Басқа амал қалмады.

Марғау тырс етпеді. Тағдырдын не сүмдігін болса да қайыспай карсы алар кейінде.

Кішкене машина қозғалып кетті. Эр көшеге бір түсіп, ұзак жүрді. Жапырайған аласасы мен манқиған биігі, дүнкіген үлкені мен үйшіктей кішкенесі... небір үйлер артта қалды. Қөшелер де әр қылы екен. Шолтан етіп, мандаиды әлденеге барып тірелетін шолағы мен қанша жүрсөн де таусылмайтында болып көрінер ұзыны да, тау етегіндегі орман секілді қөгалдысы мен қызыл шака жартас секілді жаланаши да, шынардай сұлу мұсін түзуі мен сексеуілдей бұралып жаткан кисық, бүкірі де бар.

— Жайшылықта көлденен жүргізбеуші еді. Бұл иттер кайда кеткен? — деп кейіді Қанат. Әлде, салып отырып ит өткізетін жердін өзіне барған дұрыс па? Ондай пункті кайда болды еken? Жігіт өтіп бара жаткан бір ересек адамды тоқтатты.

— Ит өткізетін жердің жобасын айтып жібермес пе екенсіз?

Ересек адам жақын келіп машинаға үнілді.

— Калай дедініз?

— Ит өткізетін жер?..

Ересек адам көзі арткы креслоны бір өзі толтырып терезеге карап шоқып отырған Марғаяға түсті.

— Кешіре көрініз, ит өткізетін жер болғанда... өткізейін дегенініз сонда мына ит пе? Жанылыссам, әрине, айып ете көрменіз. — Танданған да, тамашалаған да сұралк.

Канат жалтара сейледі.

— Жок, мұндай итті өткізіп... жынданды дейсін бе?

— Бәсе, бәсе... — деп көлденен адам қуанып қалды. — Дегенмен бұл итті өткізбесеніз, ондай жердін не қажеті болды еken сізге? Сұрағым ерсі болса, әрине, кешіре көрініз, інішек.

Канат не дерін білмей, қысылып қалды.

— Қажеті болғаны да.

— Құдай акы, қысылмай-ак қойыныз. Расынызды айтсаныз еken.

Канат енді көп созып тұрмайын деді де, төтелей тартты.

— Ағасы, егер білсеніз — сілтей салынышы.

— Сілтегенде... мына келесі көшемен онға бұрылып, одан арғы көшеде солға... — деп көлденен адам сәл мұдірді. — Жок... жо... астапыралла, кателесіп тұр екем. Келесі көшемен онға емес, солға бұрылып, арғы көшеде солға емес, онға бұрылып... Ит өткізетін жер... Так... так... Ит өткізетін жер, ә?.. — Көлденен адам ит пен Канатқа алма-кезек сұктана карап сәл тұрды. Содан кейін бармағын тістеді. — Ит өткізетін жер, ә? Құдай-ая, ит өткізетін жер дейтін жер бар ма еді осы қалада?

Канаттың шыдамы таусылды.

— Білмесеніз, білмеймін демейсіз бе?

— Оныныз рас. Білмейді екем шынында.

Ашулы Қанат жөнеле берді. Көлденен адам кайта дауыстай үмтыта түсті.

— Ә,былай еken ғой, жана есіме түсті.

Табиғатында ұстамды Қанат кайта тоқтады.

— Гафу етініз. Мынадай сұлу итті ондай жерге апарғанша, маған бере салсаныз кайтер еді? Әрине, құнын төлеген болар едім.

Көлденен адам пиғылын Қанат енді түсінді.

— Е, бұлталактатпай, басында-ақ осылай демейсіз бе?

— Сізді ренжітіп алам ба деп... — деп мұдірді көлденен кісі. — Мынадай сұлу иттен сізді жерінер деген кімнің ойна келмекші.

— Жерінбес-ақ едім, амал қанша. Жарымжан болып қалды. Жамбасы кираган болса керек, бекесеінде жан жок.

— Кап, әттеген-ай, ә? Тұқымын алатын-ақ ит екен.

— Анығын айттым. Алам десеніз, карсы емеспін.

Көлденен адам қуанып кеткені соншалық, итке колын созды.

— Итім жаксы ғой...

Манадан бері мына әңгімені үнсіз тындап, тыныш жаткан Marғau ырылдай бастады: «Осыдан колынды тигізіп көр! Жұлып алайын!»

— Үнатпады білем, ырылдап жатыр ғой?

Канат Marғaudы сипалады.

— Marғau жаксы, Marғau қаппайды... Айтпакшы, кайда тұратын едініз? Апарып салайын, итті сол жerde алып қаларсыз.

Көлденен адам қуанып, алдынғы есікті аша беріп еді, Marғau атып тұрып, арс етті. Канат итке төтті де, ашы да айтты. Бірақ Marғaudа көнер сиық жок. Көлденен адам есікті ашып қалса-ақ болды, бас салып, талап тастауға әзір. Канаттың ашуы келді.

— Ендеше өз обалын өзіне. Айдалаға апарып тастаймын. Не болмаса, ит аулаитындардың арбасы кезіге қалса, салам да жіберем. Сонда табан аузында сабын кайнататын жерге жетесін де, колың қол, бұтын бүт болып кете баrasын. Ал, не таптын?

Не табарын кім білсін, Marғau әйтеуір, көнген жок. Қыстық-кан Канат газды басынқырап жіберді білем, шие түсті «Жигули» зырлай жөнелді. Қайда бармақ? Есеп бермелі. Бар максат — кайтсе де масыл иттен күтылу. Келесі канталда салдыртып кеп үлкен магазиннің алдынан бұрыла беріп еді, көше киысында ofаштау тұрған біреуге көзі түсті. Біреу болғанда да бір жerde көрген таныс адамы. Бір кереметі — мойны толған сары ала медальдар. Айқыш-үйқыш етіп салып алған. Бірақ көйлек, шалбары умаж-умаж, сары ала сауыс. Бір кездегі жасыл түсті калпағы аппак бөздей жүқара онып, мыжырайып калыпты. Колын сілтеп, бет алды сейлеп тұрған секілді. Тамашалаған топ курамы алысыракта, әжептәуір. Қайда көріп еді? Окыс есіне түсті де, сарт еткізіп тежемені басты.

— Иван Иванович!?

— ... Эй, жарандар! Тұсінсендерші! Соңғы екі ғасыр дүниеге өзінің екі ұлы перзентін әкелді. Бірінің аты — Сұлеймен, екіншінің аты — Ахмет. Он тоғызыншы ғасырдың ұлы перзенті Сұлей-

меннің қартайған шағы. Үйірді бастар шама жок енді... — деп токтады.

Топ ішінде күбір-күбір сөз, сыйыр-күлкі.

— Ұлы перзенті не? Үйірі қалай??

Иван Ивановичка бұл құлқінің түк өсері болмады. Колын ілгері сермеп, сөзін жалғастыра берді.

— Сұлеймен кілең қыршын, көкөрім жастарды сапқа түрғызыды да, топ алдында ойқастап ұзак жүрді. Әрқайсысын тұмсығымен тұрткілеп, аяқ-колоны, өсіп келе жаткан күрек тісін байқады. Ақыры карт көнілі Ахметке құлаган ғой. Бұл ықыласты өзіне мактанды санаған Ахмет Сұлейменнің қасында қолқанат-серік болып ұзак жыл жүрді. Жатса қүзетіп, демалса шыбынын какты кәрінін. Өстіп жүріп құндердің бір құнінде екеуі де ғайып болды. Сырттан бакылаған көпшілік құлағы түрік, бір-біріне сұрау салып, хабар алып жатты. Бірақ Сұлеймен мен Ахметті көрген бірі жок. Ақыры араға алты жыл түсіп, жұрт көнілі сұып, «өлдіге» санаған кезде туған жері — Кениясына Ахмет кайтып оралып еді. Картайған Сұлеймен әлде мұхитқа жетіп суға кетті, әлде Піл Сүйегі Жағалауы еліне барып, батпакка батты, бір құдайым білсін оны. Көп кешікпеді, Ахмет Сұлейменнің орнын басты. Үйірге түсті. Сұлейменге ұқсан аса ірі, аса қарулы, ақылды болып өсken Ахмет жетпіс жыл бойы өз үйірін септінетпей, от пен судан да, каскөй жаулары құрган айла-шарғы камалдардан да аман алып өтіп, бүгінгі заманың ұлы перзенті атанды.

Сол ұлы перзент Ахмет те картайды казір. Ұлы ұстазы Сұлейменге ұқсан, бұл да өзіне қолқанат-серік таңдал алып, үйірімен кош айттықсан. Осы кереметті көрейін деп мен Африкаға бардым. Кенияның ой мен қырын, далаларын кездім. Кия жартастарда миллиондаған жыл піл аяғы қашап түсірген ғажайып жолдармен жүрдім...

— Мен бұл шалды жақсы білем. Африкада болдым деп өтірік айтады, — деді біреу топ ішінен.

Екінші біреу жарыса кетті.

— Ана мойнындағы салпыншактары да қызық. Ит көрмесінен келген медальдар.

— Айтып тұрғаны не нәрсе өзінін? Тұғіне түсінсем бүйірмасын, — деп екінші біреу жүріп кетті.

Машинадан шықкан Канат Иван Ивановичтің нені мензеп тұрғанын білгісі келеді. Неге болса да шыдалп, тыңдал қалған.

— Мен, сөйтіп, қызыл шақа кия жартаста миллиондаған жыл бойы пілдер түсірген жолмен жүрдім. Іздегенім — Ахмет. Көрсем деймін. Төртінші құн. Қасымдағы кениялық жолбасшым куанып кетті.

— Мінекей, Ахметтің ізі!

— Ахметтің ізі екенін кайдан білдің?

— О, Ахметтің ізін білу оп-онай. Басқа пілдерден Ахмет екі есе үлкен ғой. Сол себепті табаны да сондайлық жалпак.

— О, бұл шал пілдер туралы айтып тұр екен ғой, — деген көп ішінде сыйыр жүгірді.

— Мен жерге енкейдім, — деп жалғады Иван Иванович сөзін. — Расында да, екі піл катар өткен айқын із. Мені кайран қалдырыды: бір із бакыр шелектің түбіндегі де, екінші із бакыр шелектің аузында.

— Байқайсын ба, тезегі әлі жас екен. Бұл жерден кеше ғана өткен ғой. Алыста емес, осы манда. Бүгін кешке, не ертен азанда кездесуге тиіспіз, — деді жолбасшы.

Тағы да екі күн өтті. Біз Ахметтің ізінен қалмадық. Ушінші күн азанда бір ағаштың түбінде үйездеп тұрған Ахметті көрдім мен. Касындағы әзірге аты жок бала пілге қарағанда таудай екен. Тұмсығын созып, ағаштың шор басындағы жапыракты жұлып жеді де, ұзак уақыт құлағын тігіп, кимылсыз қалды. Төнірегінде кісі барын сезген болды-ау деймін. Одан артық жақындауға батылымыз бармады. Тағы біршама уақыт өтті. Ахмет тұмсығын жоғары көтеріп, бірер рет өкіріп еді, анадай жерде оттап жүрген жолсерігі жүгіріп келді. Содан кейін екеуі ман-ман басып ілгері кетті. Алдында Кенияның ұлан-ғайыр, кен жазық қырқа корығы жатыр. Сол корықты еркін жайлап жүреді де, бір әдемі күні Сүлейменге үқсан Ахмет те ғайып болады. Иә, бұл бір адам үшін шешілмес жұмбак. Өлер шағында пілдер осы қайда кетеді? Бір адам оған жауап берे алмайды. Онын себебі — піл піл болып жаралғаннан бері піл өлімтігін көрген бір адам жок. Өлген піл сүйегін кездестірдім деген бір пендені ұшыратса алмайсын. Иә, Ахмет те солай, актық демі таусыларға дейін кең жазира даласын тәстеп жүре береді. Өйткені Ахмет секілді табиғат ғаламатына бір пенде қол көтеруге тиісті емес. Кол көтерер бір тентек табыла қалса, Кения занының катал қаһарына ұшырайды. Өйткені Ахмет — ұлт, адамзат мактандыши. Ахмет жи-ырмасыншы ғасырдың ғаламаттарының бірі. — Конілі толқып, көзі жасаураған Иван Иванович алаканын алға созды. — Ей, жарандар! Мен сендерге не жаздым? Итім қайда менін? Жойқынымды кайыссың аттындар? Неге аттындар? Дүниеге ғаламат күшіктер келтіргеннен басқа не жазығы бар еді онын? Анау піл төресі Ахмет секілді, менін Жойқыным да ит төресі еді ғой. Жүргегі дауалап кай хайуан қол көтерді екен?! — Иван Иванович даусы барлығып, аяқ-қолы дірілдеп кетті.

Шал касіретін Қанаттан басқа бір пенде түсінбеген секілді. «Бет алды сөйлейді екен. Алжасқан шал ғой мынау бір» деп тара-

са бастады. Канат машинаға сүйенген калпы козгалмай калған. Иван Иванович сөзі көр соқыр көніл көзін әлденеге ашып жіберген секілді. Өзінен-өзі қысылып итіне бір, Иван Ивановичка бір карады. Байқаса, әлгінде ғана көшеде кездескен бейтаныс адам ұфымы Қанаттан көш ілгері екен ғой. Қандай надандык! Көзін аша салысымен әкесінің малын баккан, адап баккан асыл итті көзі киып, қалай өлтірмек болды. Жарымжан? Жарымжан болса момын әкенін намысын корғаймын, арын аяққа бастырмаймын деп мертікті ғой. Қазір үйге барғанда «итім кайда?» деп алдынан жылап шығар кішкене інісі Адырға не демек? Ертең әкесі келгенде қандай дәлел таппакшы? Қанат осыған қысылды. Марғауды ветпунктке апарып көрсеткен жөн.

Мына шал жоғалған Жойқынды өлген жакынындай жоқтап, кастерлейді екен. Қанат болса, бір түнгі киындықты көтере алмады. Марғаудан құтылғанша асық. Өз ойынан өзі үялған жігіт тез басып машинаға келді де, жүріп кетті.

Окыс шошынғанда кей сакаудың тілі шығып кететіні секілді, Иван Ивановичпен кездесу – мына шаруаға жауапсыз, женілдеу қараған Қанатты кілт өзгертіп жіберді. Бір шешімге шұғыл келіп, мықтап бекінген жігіт күшік күнінде қойнына салып, елге апарған Марғауды енді кайтып жәбірлемеске ант етті де, мандайшасында «Ветпункт» деген жарнамасы бар үй алдына келіп токтады.

Кішкене бөлме сондай таза екен. Қедуілгі поликлиникалардағыдай үстінде ак халаты бар қария карсы алды.

- Не шаруамен келдініз?
- Итім мертіккен еді, жәрдем керек болып тұр.
- Дәрігер казір болады.

Қанат Марғауды алып, кайта кіргенде ак халатты дәрігер орнынан ұшып тұрды.

- О, мынау Иван Иванович итінін тұқымы ғой.
- Ә, иә, біледі екенсіз ғой?
- Білмегендеге ше! Иван Иванович айрықша ірі, аса көрнекті ит тұқымын өсірген үлкен кинолог еді ғой.

Дәрігер сөзі өткен шаклен айтылғандықтан ба, Қанат күрсініп алды.

- Иван Ивановичті мен осы жана ғана кездестірдім.

Дәрігер басын көтеріп алды.

- Біреудін ала жібін аттамайтын алтын адам еді ғой. Әттен, не керек... Әсіресе, иті өлгеннен бері адам танығысыз, тіпті.

- Итін кім атқан?
- Кім атты дерін бар ма? Жер бетінде акымақтар көп кой әлі.
- Сонда да?.. – деп киылды Қанат.

— Иван Иванович соңғы кезде бір күрылым объектісін күзеткен екен. Ұйыктап қалған ғой. Тұнде келген ұрылар объектіге кіре алмаған соң, итті атып, кашып отырған.

— Мынау ит ендеше сол Иван Иванович итінен туған еді. Мұны да бір хайуан мертіктіріп таставды.

Дәрігер Марғаудың жамбасын ұзак сипалады. Айнаға да салды. Ақыры жіліктін жамбасқа кіріп тұрган ұршық басы үзіліп кеткенін анықтады. Содан кейін укол жасады. Гипске салып танып берді.

— Итін көп жатып қалған екен. Ертерек келгенінде жазатын едік. Амал бар ма, тым кеш әкеп тұрысыз. Осылай ақсақ болып біtedі енді, — деді дәрігер.

Канат капаланып, ветпункттін есігін жапты.

## 5

Жараның аузын тазалап, укол салып, гипстеген соң жамбас сырқырағаны басылайын деді. Марғау ұш аяқтап жүруге жарады. Содан ба, әлде кала тәртібіне қөндігейін деді ме, әйтеуір келесі күндер шусыз, дұрыс өтті. Ит тыншықкан соң негізінде ақылды Нагира да назаланған жок. Канат айтқан дәлелді сөзге күлак асып:

— Тұнде үріп, көршілерді шулатпаса болды ғой, — деп тынды.

Осындай өзгерісті байқаған Адыр да жадырай бастады. Ағасының машинасынан тұспейді. Қайда барса да қасында. Канат әлдебір жұмыспен бір мекемеге кірсе, Адыр ұзакты күн күтүге бар. Шаршамайды. Жалықпайды. Шіл пысса, ермегі дайын, сурет карайды. «Балдырған» журналының беттерін аударыстырып, өлендерін ежіктейді. Табигатында пысық, дарынды бала жайлауга келетін газет-журналдарды екі жасынан бастап қарал, әріп танбаларын өз бетінше жаттап алған еді. Енді қалаға келгелі басқа ермек болмай, көбірек үнілгендіктен сол әріпттердін басын косып, ежіктеуді машық ете бастаған-ды...

... Шие «Жигули» бір үлкен үйдін алдына келіп тоқтады. Дағдысынша Канат Адырды машинада қалдырып, «отыра тұр» деп кетіп қалды.

Адыр ұзак күтті. Аздап зеріге бастаған соң машинадан шықты да, ашылып, жабылып, шықылдап жатқан үлкен есіктін алдына келді. Есік қапталы жыптыраған бір кенерелі тактайлар. Сол көп тактайдың бірінен Адыр «Облыстық прокуратура» деген жазуды оқыды.

Бір кезде Канат шықты.

— Ағай, әкем осында ма? — деп сұрады Адыр.

— Оны неге сұрадын?

— Эне, прокуратура деп түр ғой.

Канат өсіп келе жаткан ақылды ініге сүйсініп койды. Тек тіл-көзден аман болсын де.

— Осында.

— Неге мұнда? Әкемді милиция кеп әкетіп еді ғой?..

— Милиция кателескен. Сосын істі прокуратуралың өзі қолға алды.

— Әкем, немене, ойыншық па еді оларға?! Неге кателеседі? Бәріне кінәлі Карғабек сүм ғой, Ұмысындық тәтеме кол салып... Кателессе, соны неге алып барып жауып қоймайды?

Кайтер екен деді білем, Карғабек аты аталған соң Канат інісін жайлап сөзге тартты.

— Алдымен кол жұмсаған әкемнің өзі көрінеді ғой?

— Иә, саған! — деп Адыр ашуулана бастады. Әкесіне шаң жұқтырар емес. — Карғабек сүм ғой Марғауды мертіктіргеніне карамастан, әкеме «әкеннің аузы...» деп... Әкем сосын «Не дедің? Қайталаши?» деді. Карғабек сүм тағы қайталап «әкеннің аузы...» деді. Әкем, кайта, құлаштап бір-ак рет үрді. Мен болсам... бар ғой, онын аузын бұзар едім... — Адырдың көзіне жас келіп калды.

Канат зерек інінің енді сұнғылалығына қайран. Әрі қарай жаңын жарапай бермейін деп жұбата сөйледі:

— Ау, сен немене, ынжық балалар секілді көзіне жас алыш... Мен жаңа облыстық прокурордың өзінде болып, түгін қалдырымай айттым ғой. Исті өзім алыш танысада деп, ол кісі уәде беріп калды ғой.

Адыр жадырайын деді.

## 6

... Кешке қарай Канат пен Дабыр, Адыр — үшеуі Марғауды есік алдына алыш шыкты. Үшеуі де көнілді. Үлкенді-кішілі болыш бірін-бірі өзілмен қағытады.

— Итін мактаулы ит болмады ғой, Адыр. Бір Карғабекке шамасы келмей, өзі мердіккен соң не дерсін, — деді Канат.

— Шамасы келмеген жок. Келді. Бірақ аяды ғой, — деді Дабыр.

Адырдың қабағы қалындалап кетті.

— Аяғаннан не пайда, әкем түрмеде жатыр. Әкемді бәрібір түрмеге салатын болған соң, көкесін таныта талауы керек еді.

Кенет ит үрді.

— Ә, итін жаманшылыққа үйрететін мына батырдың өзі екен ғой. — Құлак түбінен естілген бір таныс дауыс. Зәрезап болып

калғандықтан ба, Адырдың жүргегі су ете тұсті. Такыр бас көрші профессор екен.

Адыр жүгіріп профессордың касына барып:

— Көке, құлағынцызды тосыныз, онаша айттар сөзім бар, – деді.

Профессор жуан денесін иіп, Алырға енкейді.

— Көке, Маргаудың күшіктері касқыр алатын кілен ірі ит болып шығады. Солардың ішінен нағыз дәкейін тандап, сізге сыйлаймын.

Такыр бас профессор каркылдап күлді.

— Раҳмет, Адыр.

Адыр профессорды енкейтіп, тағы сыбырлады.

— Марғай сондай ақылды. Бет алды үрмейді. Жаманшылық ойлап келгенге ғана үреді. Сіз, міне, жаксы адамсыз. Марғай сізге үрмейді. Өйткені, сіз қастық ойламайсыз.

Профессор да, Адыр сыбырын естіген ағалары да мәз.

— Бірақ, итің жана мен келгенде үрді ғой... – деді көрші аздан кейін сәл қуланып.

Адыр жауапка қысылған жок.

— Жок, ол үргені емес, амандастаны ғой. Сіз түсінбей қалған екенсіз ғой. Жаксы адамдармен Марғай үнемі өстіп амандасады.

Профессор кішкене дипломаттың тіліне мәз болып, үйіне беттеді.

Кенет есік алдына машина келіп токтады. Ишінен бір жігіт шықты. Жыға танымаса да, Канаттың бір көрген адамы секілді.

— Қырғыз Сәршен кездесіп, арнайы сәлем айтып жіберді.

— Құлағым сізде.

— Сіз осы Лезбайдың баласысыз ғой?

— Ия, Лезбайдың баласымын.

— Токал шешенін аты Ұмындық па?

— Ия, Ұмындық? – деді өлденеге жүргегі лұпілдей бастаған Канат.

— Ендеше сол Ұмындық шешен ашуланып, «кой бакпаймын» деп кетіп калыпты...

— «Кой бакпаймын» деп?.. Отар қайда?

— Білмедім... Қырғыз Сәршеннің айтканы осы.

Не істеу керек? Мал иесі – мұның әкесі. Ұмындықта түк жауапкершілік жок. Мынадай іске шатылып жүргенде, оның үстінен бір отар кой колды болса... Құдай үрді дей бер.

Ұмындықтың кетіп калуына өзін тікелей кінәлі санаған Канат әйеліне телефон соғып, істін мәнін түсіндірді. Содан кейін жұмысына барып, бірер күнге рұқсат сұрап алып, дереу жолға шықты. Ен болмаса, колдан санап, үкімет койын өзіне өткізу керек.

Марғау дәлізде тыныш жатыр еді. Зеріккен екі бала магнитофон ойнартты. Конакка келгендердің даусын жазып алу Канат пен Нагираның машиғы екен. Барлығып шықкан домбыра үні, ерекек дауысты әйелдер, әйел дауысты еркектер... Бәрі де осында. Дабыр өткен жылы мектепке барса да, екі баланың хатқа жүйрігі Адыр. Сыртына кісі аттарын бадырайта жазып, дестелеп койған ленталарды сұрыптап отырып, өз әкесінің даусына кездесті: «1974 жыл. Көктем айында калаға келгенде жазып алғынған» деп Канат қол койыпты.

— Эй, мына кара, әкем де жүр!

— Кәне! Кәне?.. — деп Дабыр қосарлана үнілді. — Кәне, ойнатайыкшы.

Магнитофон жағына жүйріктеу Дабыр ойналып жатқан лентаны алып тастады да, әке даусы жазылған лентаны косты: әуелі күмбірлеп домбыра тартылды. Содан кейін орта жастағы бір әйел, тамакка тойып алған болса керек, ентіге отырып Нұргисаның «Құстар әнін» шырқады. Әке даусына құмартқан Адырда шыдам жок.

— Фу, Ұмысындық тәтем әлдекайда жаксы айтады.

Ду кол соғылды. Түсініп болмайтын бір ерек, әйел әзілдерінің соны құлкіге ұласты. Содан кейін жан тенгермес асыл әкенін «қадірлі туыстар!..» деп бастаған касиетті, ыстық даусы санк етті. Екі бала таласа келіп магнитофонға төнді. Сол мезетте жайбарақат жатқан Марғау құлағын қайышылап, оқыс қарғып тұрды да, келер сәттеге абалай салды. Оқыс үрген иттен сескеніп, Дабыр кейін шалқайды. Адыр орнында козғалмай тұр. Марғау келген бойда магнитофонға қарғыды. Тышкан інін іскелегендей әр жерін бір иіске, дауыстап сөйлеп жатқан Лезбайды іздейді. Көрінбегені өз алдына, иісі жок тіпті. Соған танырқады ма, енді әлдебір жа-лынышты кейіппен қынсылай бастады: «Дауысынды естімін, өзің де, иісін де жок. Кайда, қалай тығызып тұрсың? Шықшы бері карай!» деп жалынатындей.

— Әкем даусын Марғау да таныды ғой. Эй, корқак, бері кел! — деді Адыр.

Танырқаған Дабыр қайта келді. Магнитофон ішін тіміскілей ештене шығара алмаған Марғау катты ызаланды білем, екі-үш рет арсылдап үрді де, кеудесімен тумбаны соғып өтті. Тумба бір жакка, магнитофон екінші жакка домалады. Екі бала катты шошынды.

Тұсқи шакта кішкене қонақтарға тамак істеп берем деп үйге келген Нагира да сескенгендей: «Құтырғаннан сау ма екен?» Қанша

сабырлы болайын десе де, осы иттін жай масылдығы өз алтына, шырыкты бұзып, берекені кетіре бастағанына қынжылатын секілді. Не істей керек? Әлде ит аулайтындарды шақырып алып, арбасына салып жіберсе кайтер еді? Көп болса қайын атасы ренжір. Тіпті кісі азасы да үмтіг болмай ма, ренжір де басылар... Бір итке бола ажырасып кете коймаспыз. Ажырассак, татуласармыз. Осындай токтамға келген Нагира телефон трубкасын көтерді...

— Алло... Алло... Бізде бір мертіккен ит бар еді. Құні-тұні, өзіміздің былай койғанда, көршілеріміздің мазасын алып, шыркымызды кетіріп тұрғаны. Алып кете көрініздерші. Құдай акы, жол шығынын өзім төлейін тіпті. Жүргіртіп, келе койсынышы. Сұрамаңыз тіпті. Келістік қой?.. — Нагира телефон трубкасын қойды да, үстінен бір ауыр жүк түскендей курсініп алды: «Бүгін магнитофонды киратса, ертең жыны түссе, мына балалардың біріне ауыз салмасына кім кепіл? Кайтсе де күтылған дұрыс».

Адыр сұнғыла. Әнгіме төркінін анғарып қалған секілді.

— Тәте, Марғауды кайда жөнелтпексің?

— Жарасын емдел жазам деген бір дәрігер бар еді. Соған... — деп жалтарды Нагира.

Адыр «рас па?» дегендеги Нагираға сынай қарады. Нагира ештенеге түсінбегендей.

— Ал, балалар, менін уақыттым аз. Шайға келіндер.

Екі бала үнсіз келіп тамакка отырды. Марғау дәліздегі өз орнында үнсіз жатыр.

— Тәте, Марғауды ешқайда да жібермеші.

— Емдел, жазатын адам дедім ғой.

— Емдемей-ак та, жазбай-ак та койсын.

Нагира жауап беріп үлгермеди. Марғау дәлізде бір жамbastap ерсілі-карсылы шапқылап, үйді басына көтере үре бастанады. Оған Адыр даусы косылып жатыр.

— Тәтетай! Келді ғой, әне, Марғауды алып кетуге. Мен естідім ғой, дәрігер емес, ит аулайтындардың арбасына салып жіберейін деп тұрсын ғой. Керегі жок, тәте. Ешкімге де емдептей-ак койшы Марғауды, — деп боздады.

Әлде ашуы, әлде қуанышы, итте, әйттеуір, ес қалған жок. Арсылдай үріп, есікке шапшыбы. Адыр да шырылдай түсті.

— Марғаудың далаға шыққысы келеді. Қөрмейсін бе, әне, есікті тырналап жатқанын. Мен Марғауды далаға алып шығайыншы, тәтетай. Мен Марғауды далаға алып шығып, қыдыртайыншы.

Істің аяғы бұлай насырга шабады деп Нагира ойламаған еді. Өз есебі бойынша балалар тамак ішіп жаткан кезде акырын ғана есікті ашып, жөнелтіп жібермек болған. Енді кайтпек?

Марғау арсылдап, тағы да есікке асылды. Не істерін білмей әрі қысылып, әрі дағдарған Нагира:

— Жә, шығарсан, шығаршы! — деді. Даусы қытымыр.

Адыр жүгіріп есікті ашты. Марғау сыртқа атылды...

Иттің жұрт түсінбеген осы бір жат қылышының сирьесі біреу-ак еді. Жаңсақ статьямен түскен ісі бұзылып, түрмеден шықкан Лезбай бұл кезде есік алдына жеткен болатын. Накактан аз да болса зәбір көріп, тұтқыннан қөнілі бұзылып, жасынқырап шықкан шопанды есік көзінде бірінші болып карсы алған, ұлкенді-кішілі балалар да, ата сыйлай білетін жақсы келін де емес, жаздың ап-тап ыстығы мен қыстың қақаған ұскірігінде де көленексі болып, қалмай қасында жүретін ит жолдас — адал жолдас — Марғау болып шықты. Шын сағынған еken. Сау жамбасына салмак салып, артқы аяқтап көтерілген ит сағынысып кауышкан кәдуілгі адамға ұқсап, алдыңғы екі аяғын иесінің иығына асты да, тұмсығын Лезбайдың мойнына тығып алды, ынырсып көрісе бастады. Шопан көзіне жас келіп қалды.

— Жә, жә болды, Марғау, мен, міне, біржола босап шықтым, — деп итінің жауырынынан қағып, үйге беттеді.

Балалар мен ит ұфымында жұдеу тартып түрған үй бірден қөнілденіп жүре берді. Сағынған сәбілер әкесін қоршап алған. Соңғы жарты айда болған түрлі жаналықтарды жарыса айттысып, әке мағлұматын кенейтіп жатыр.

Нагираның балаларға арнаған шайы келді. Ұлken кісі төрде, балалар екі жакта. Бірден құрт тынышталған Марғау Лезбай аяғына тұмсығын салып, стол астына кеп жатты. Соңдай сұлық. Енді кайтер еken деп женгесіне кайта-қайта қарай бергей Адыр дастарканнан нан алып төмен енкейді де, дауыстап жіберді:

— Әке, мына кара, Марғау жылап жатыр!..

— Кой, ит жылайтын ба еді? — деп Нагира төмен енкейді.

Жасының ұлкендігі, мінезінің ауырлығына қарамастан Лезбай да Дабырмен бірге орындығын кейін ысырып, стол астына үніліп жатыр. Адыр сөзі рас еken. Талай күндер аурумен, ең жақын деген адамдардың білместігінен, жат адамдардың немкүрайды салғырттығынан барып туған өлім катерімен, сағыныш атты дерптен алысқан Марғау дәп қазір айттып жеткізе алмас ұлы бір тыныштықта — ракат-жан тыныштығында. Бір пенде түсініп жет-пес ит қөнілінің аргы бір терен түкпірінде туып, жұмулы көзінің үшпасынан секунд сайын мөлдіреп шықкан жас тамшысы кірпік астындағы қылышқ ұштарымен дыбыссыз домалап, кілемге түсіп жатыр, түсіп жатыр...

Нагира қысылайын деді.

— Құдай-ау, кәдуілгі адамша жылайды ғой.

Жұбаныш тауып, көнілдене бастаған Адыр енді мыкты.

— Марғаудын заты ит демесен, адамнан да артық. Ал, тәте, сен болсан, осындай ақылды итті беріп жібергін келді фой.

Лезбай елеңдеп калды.

— Беріп жібергісі келді? Кайда?

Шакырған адамдары келіп қала ма деп қызылықтап, асығыс ісін ағаттықка санап, қызылып отырған Нагира атасына шынын айтты да, телефон трубкасын қайта көтеріп, «келмей-ақ қойындар» деп өтінді.

Лезбай көnlі бір түрлі, күйзеліп, жасып қалғандай. Өзі жок он бес күн талай-талай өзгерістерге толы: екі бала қанғып Алматыда жүр. Ұмындық болса, Лезбай үйінің түндігін жауып, түтінін өшіріп өз жағына кеткен. Ақылды деген келін пиғылы болса, мынадай. «Кой, шалқайып жатып, контактап қала қыдыраш шак бұл емес. Кайтсе де ауылға жетіп, сөнген отты қайта жағып, жабылған түндікті қайта ашу керек».

Лезбай дайын шайдан екі-үш ұрттап, касына балалары мен итін ертіп алды да, ауылға аттанып отырды...

## Бесінші тарау

### Ізім-қайым

#### 1

Жайлау какпасынан өткен сон-ақ Марғаудың мазасы кете бастады. Таныс жер — кен сахара. Ауасы да бөлек. Әр түста көк шүйгінге тұмсығын қадап, жайылып жатқан шоғыр-шоғыр мал. Карбаластық, әбігершілік дегеннен мүлде бейхабар. Марғау машинаның ашиқ терезесінен басын шығарып, тұмсығын шүйірді. Шопан ісі, кой ісі — жұпар іс. Казір машинадан карғып түсіп, мына тылсым тыныштық орнап тұрған кен жазық, жасыл ангарда бауырды бір жазып алар ма еді! Не керек, бір жамбастың аты — бір жамбас, салдауыр секілді. Кимылға келмейді.

Машина үйреншікті есік алдына келіп тоқтады. «Үйге келдік, үйге келдік!» деп балалар жамыраса түсті. Куанғандығы сондай, үш аяктап Марғау да карғып түсіп, жан-жакты тіміскілеп иіскей бастады. Үй де, кой шарбақ та орнында, бірақ бәрі иесіз. Қыбыр өткен тірлік белгісі жоқ. Кой кайда? Ұмындық кайда? Ұмындық төркініне кетерде койды өткізіп жіберген шығар... Осы бір жорамал жауап ретінде көлендеп көнілге орала берсе де, жанағы екі сұрақ корғасын болып көмекейде түр. Әлсіздік тұтқындаған осы бір сәттегі хал мүшкілдігін, бейшара кейпін балаларына

көрсетпейін деді білем, Лезбай теріс айналды. Ұмсындықка не болды екен? Төсекте басы қосылып, шопанның ашы енбегінде білегі айқаскан сонғы бірер жылда ренжіткен күні жок еді ғой. Бетіне де келметген. Кейде оның кисық, өзінікі дұрыс болса да, заты әйел ғой, бұзып-шағып не қылар дейсін, ренжітпей-ак кояйын деген ниетпен: «Жә, сенікі жөн» деуші еді ғой. Бір он бес күнге шыдамай, неге кетті? Әлде күнде аркасынан қағып, мандайынан сипап жүрсөн де, күн сайын сөгіліп, ашыла берер кираган ескі үй кабыргасындағы көлденен түсіп, жас алшактығы себеп болып жатыр ма? Бірак отыз деген әйелге аз жас емес кой. Сырт қарағанда екеу ара жас айырмашылығы он сегіз жыл кере қарыс секілді болып көрінгенмен, келер мүмкіндікті салыстырсан, шығар төбен – бір, он бес жыл қарайлас, катар шауып шығар меже емес пе?! Қырық бесте әйел шешек жармайды. Бұл көпке аян. Алпыс бестегі ерекк туралы олай дей алмайын. Рас, жер ортасы елуге келгенде тағы төсек жанғырту онай шаруа емес. Бірак ағын альсашалыс басып жүріп, отызға келген әйелдің де жар тауып ала қоюы онай ма? Қарғабектер жолсокты ғана. Шынтуайтка келгенде, бетінін әрі он жерден құлпырып тұрса да, аузына су да тамызбайды. Ұмсындық ақылды болса осыны неге ойламайды? – Лезбай құрсініп койды. Кім біледі, мүмкін ойлайтын да шығар. Өйткені өзі білетін Ұмсындықты ақылсыз әйел дей алмайды. «Әрі отыр, бері отырызы! үй іші болмақшы емес кой. Сондай кезде Ұмсындық істі ушықтырмайтын. Кайта ынғайлы жол тауып, бірлік, татулық жалауын жоғары көтеруге тырысатын-ды. Ана екі өгей баланы алалап, мандайынан шерткен кезі болған жок. Эркайсысында әр килем мінез болғанымен солардың жүргегіне жол тауып, қатесін кате, дұрысын дұрыс деп әділ қазы бола білді. Қасына келінді ертіп, кісі ертіп ерте демей, кеш демей қаладан келіп жүретін Канатқа да бөтен мінез көрсеткен емес. Эке ойын Адыр бұзды:

– Ұмсындық тәтем рас кетіп қалған ба? – деді аузын бұртишып, жыларман тұрмен.

Дабыр да көнілсізденіп қалды.

– Бәріне ағатайым кінәлі.

– Ағатайын неге кінәлі? – деді Лезбай жұлып алғандай.

– Бізді алып кетерде ұрысты ғой Ұмсындыққа.

– Сейтіп пе еді?! – деп Лезбай жақтырмадан кейіппен шытынанқырап қалды. Бір пәленін беті ашылғандай.

Ошағына қайтып оралған Марғау күйі бір басқа: жатқан, шоқып отырған, тамақ ішкен жерлерін тіміскілеп жүріп, кой шарбаққа келді. Откен түнде түнеп шыққан бір отар кой иісі бүркырап жатыр. Ит жер іискелеп тұртінектеп біраз жүрді де, екі-үш

дүркін манқ-манқ етіп үріп, үш аяктап кырға тартты. Лезбай Марғауды кайырган жок. Калай десен де, үйде біреу конғанға ұқсайды. Ертенгі кой киы әлі кеүіп ұлгерменті. Әлде Ұмсындық кайтып келіп, кой жая кетті ме екен? Лезбай көзі ит кеткен жакта. Шоқаңдай алыстап, нокатка айнала бастаған Марғау жайылып жүрген бір отарға жетті. Сол-ак екен, ұшып тұрып біреу атқа конды. Марғау-нокатка өзіндегі тағы бір нокат қосылып, енді үшеу болып бері салды.

— Кім болды екен?

— Дәүде болса осы келе жаткан Ұмсындық, — деді Дабыр.

Адыр баяғы қалпы, ойға жүйрік.

— Марғау касында кара ит бар. Тәтем болса, ол кайдан сая бола қалған екен?!

— Сарықаска қайтып келген болар?

Адыр болар емес:

— Сарықаска сары ит. Ал, мынау, әне көрмейсін бе, кара ит.

Дабыр дәлелді сөзге жауап бере алмаған сон, үндеңдемеді.

Әлгіндегі болмай салт атты келді. Қырғыз көрші Сәршен.

— Оу, Лезбай, келіп калдың ба, әйттеур аман-есен? «Катын елде» деп атан казак баяғыда білмей айтпаған. Ен жаксысы, жасыма. Жанына салауаттық болса, бәрі де қалпына барады. Ал отарын аман. Кірген кірісін болмаса, шықкан шығынын жок. Санап ал.

Істін жайын сөз шалымынан байқаған Лезбай еміреніп кетті.

— Эй, Сәршен, аттан тұс. Еркектерше төс түйістіріп, құшак-тасайыкшы бір. Он бес күн он бес жыл секілді. Сағындым фой.

Ежелгі дос қырғыздың кісілігін Лезбай осы жерде тағы көрді. Өгей баласына өкпелі Ұмсындық малды тастан кеткенде, көрші Сәршен шыдай алмаған екен. Өз малын әйелі мен көмекшісіне калдырып, Лезбай отарына келген де, екі күн камауда жаткан койларды өріске шығарған.

Адал достын осы азаматшылығын көрген Лезбай іштей үялатын да сиякты.

— Ана жылы итімді қалап келгенінде ойлаған жеріннен шыға алмап едім. Мына ісінді көріп, сол қылығыма қысылып тұрмын нансан. Кісілік жасадын, Сәршен. Бір семіз күнаным, бір семіз танам бар — қалағанын ал.

Сәршен көмекейіне дейін көрсетіп қарқылдай күлді:

— Бірер күн малынды баксам, сенен акы дәметіп бакты деймісін. Қунде байқаймын, қойын қамауда. Маныраған даусы мына бетке — бізге естіледі. Үй төнірегінде кыбырлаған тірі жан жок. Ежелден мал бакқан елдін баласы емеспіз бе, содан сон шыдай алмадым. Ойлаған жеріннен шықладым деп қысылма, Лезбай. Түйе қалап, бермесен, өкпелер едім. Ит бермедін деп

өкпелеу иттік болады. Ит бермесен де, нәсілін бердін. Мынау жаткан Қырғын сенің итіннің баласы. Марғауыннан артық десем, мактанды дерсін. Бірак кем десен, кеміткенін. Откен қыста бір өзі уш каскырды домалатты.

Көнілдене бастаған Лезбай көзі енді иттерге тұсті. Марғау мен Қырғын сән түзеп қатар жатыр. Нәсілі десе дегендей. Әкесінен сәл кішілеу көрінгенімен, жамбастағы ақ бүршак таңбалары жок демесен, аумай қалған, сом денелі, сұлу мұсін ақ тұмсық кара ит. Лезбай қызыға қарады. Бәрінен бұрын ит татулығына қызықты. Бұрын көріспеген екі ит откен қыста айдалада жолғысып, бірін-бірі иісінен таныды. Мынау екінші рет кездесуі. Сонда да атам заманнан бірге өскен секілді. Айналасы кен болғанымен бір-біріне тақасып, тату жатыр.

— Айтканым айткан. Әсіре сөз деме, Сәршен. Екеуінің бірі — қалауын.

— Менің де айтканым айткан, Лезбай. Бұлай тұрып, саудаласа бермейік. Сен барам деп ойламаған жеріннен кемді құн дәм та-тып оралдын. Ендігі дәм қырғыз үйінен. Малды иттер мен бала-лар қайыра тұрады. Жұр, атқа мін.

Лезбай сәл ойланып, Сәршенге ерді.

## 2

Кеше күні бойы ет қызуымен көп жүгірген Марғау бүтін коз-фала алмай қалды. Жамбасы сырқырап, қалай көтерсе де қақсап, ауыра берген сон амалдың жоқтығынан киіз үйдін қоленкесіне келіп жатты. Кой болса, өріп кеткен. Сонында шапқылап Дабыр жұр. Адыр көнілді. Су жағасында дағдылы ойнымын әуре. Бұл төніректе көнілсіз жұрген жалғыз ғана Лезбай. Ертемен койды өргізіп, Дабыр алдына салып беріп, қайтып оралған еді. Ер-түрманды жастанып, колын желкесіне айқастырған қалпы ұзак жатты. Тұс болды. Әлде ой қажытты, әлде басқа себеп бар, әйтеуір бір кезде оқыс тұрып, анадай жерде тұсаулы жұрген кер бестіні әкеліп ерттей бастады. Шамасы бір жакка жиналатын түрі бар. Марғау ата кәсібіне бағып, атып тұрып еді, жамбасы қақсап коя берген сон, бір канк етіп, қайта жатты. Осы кезде кішкене машинасын салдыртып Қанат келді. Қуанғанын танытып, бірер рет әупілдей үріп еді, көніл аударған Қанат болған жок, «әке!» деп құшағын жайып Лезбайға ұмтыла берді.

— Шығарда ғана жолықтым фой прокурорға. Шығарамыз деп еді. Сөзінде тұрған екен гой.

Лезбай салқын. Колымен белгі жасап, баласын токтатып тастады. Ұмындықтың кеткенін Қанаттан көретін секілді.

— Үйіннен алдыңғы күні шықкан екенсін, содан бері кайда жүрсін?

— Сол күні осында келгем. Кыргыз Сәршен «малынды мен карай тұрайын» деген соң совхоз орталығына бардым. Директор жоқ екен, соны күттім.

Лезбай даусы кекесінді.

— Көп нәрсөн тындырыпсын.

Әке жөнінде әр киңи қанку сөз естіп, сағы сынып жүрген Канат та шыдай алмады.

— Өзін де тындырып келдін ғой біраз дүниені. Әкесінен асып кайда барушы еді баласы.

Лезбайдың селдір мұрты дірілдеп кетті:

— Осыны айткалы келдін бе?

Катты ашуланса да, не істеудін амалын таппай мысы құрыған Канат жылармен халде:

— Ел іші гулеген сөз. Тұтқынға түсуін жайлы әркім әр сакқа жүгіртпін айтады. Тындауға үяласын, тіпті. Сүйекке таңба екенін үксан деймін.

— Жә, жә! Ақылгәйсу — акылы аздың үлесі! Ойға кемел, кеменгер адам артық ақыл айтып, көрінген жерде шашыла бермес болар. Сен қаладасын. Мен екі інінмен даладамын. Сен маған бала, мен саған әке болғаныммен отымыз бөлек. Әркім ауырған жерін өзі біледі. Өз конын өзі касиды. Мен өлсем, жаңазамды сен шығарып, арулап сен коярынды да жақсы білем. Бірақ қалаға хабар барып, сен мұнда жеткенше олай-бұлай болып кетсем, басымды кім ұстайды? Аузыма суды кім тамызауды? Осы арасын ойладың ба? — деп Лезбай жуаси, салмақ сала сөйледі.

Канат шоршып түскендей. Сұрағы да оқыс:

— Сөзіннің төркіні жаман екен. Ұмындықтың аяғына тағы барып жығылмаксың ба сонда?

Лезбай шыдамады:

— Анада әдейі келіп үрыс салғандағы ойың бізді ажыратып жіберу екен ғой? Енді түсіндім.

Ішкі бір есеппен әке тамырын басқысы келген Канат «қайтер екен» деп әдейі морт кетті:

— Ұмындық қайтып осы үйдін табалдырығынан аттаса, мені балам деп санамай-ак кой.

Какланға түсер Лезбай жок.

— Санама десен, санамай-ак кояйын. Отка қарап отырған жок-пын. Басқа да балаларым бар. Ештенем кете коймас. Мен, бірақ, сені аяймын. Осы күнге дейін ішіп-жемнің өзін бізден тасисын. Астына машина мініп, шалқақтап жүргенін де жаман әкеннің ар-

касы. Ал, әкен болса, біреу-ак еді ғой. Содан айырылып қалсан, сенін күнін не болады?

— Ол жағынан қиналмай-ак ғой.

— Ендеше, мен жөнінде сен де қиналма!

Кыстығып, сөз таба алмаған Қанат үндей алмай қалды.

Лезбай даусы енді құрт жұмсарып, жылылық нышанын та-  
нытты.

— Жұмысыннан зорға босанып шықкан екенсін. Құн ашықта  
үйіне жетіп ал да, ертен қызыметіне бар. Ұят болып жүреді.

Әке сынайынан ештене шығара алмайтынын білген Қанат осы  
жерде кош айтты да, келген ізімен кейін қайтты.

Лезбай ұзак отырды. Манадан бергі әке-бала қарым-катаңына  
сырт куә Marғay жағын таянып, әлденеге ойға шомып кал-  
ған иесінің касына келіп жатты.

— Е-е, Marғay, сен жарымжан, мен жалғыз. Ендігі күніміз не  
болар екен?

Лезбайдың ішкі сезім, ой ағынын қылп еткізбей кейпінен ба-  
ғып, көз алмай жаткан Marғay егер адамша сөйлер болса: «На-  
мыс үшін ер-азамат өлімге де барады. Қанат балан дұрыс айтты.  
Арын тапталған сүрлеуге кайта түспе. Аузына су тамызар, ба-  
сынды үстар адам іздесен, өз құралпыннан іздей көр!» деген бо-  
лар еді. Бірак тілі болмағандыктан құйрығымен екі-үш рет жер  
соғып, екі-үш рет үріп басылды.

Лезбай терен бір күрсініп алды да, атка конды.

— Кой, бұл тірлік – тірлік болмайды. Кайтсе де істің басын  
ашқан жөн.

... Тұс ауды. Дабыр шоқытып келіп, сусын ішіп кетті. Адыр  
оійн үстінде. Бұл кезде кан жайлаудын төсінде кой арасында  
салдырып жүретін Marғay болса, тілін сала құлаш етіп шыға-  
рып жіберіп, іс-карекетсіз үй көленкесінде жатыр. Ұят сондай...

... Бесін boldы. Дабыр отардың бетін бері бұрды. Казір кой-  
лар жапа-тармағай кеп суға құлады. Содан кейін орта қалған  
жері болса, соны толтырып, аз-кем шақ тағы жайылады. Сөйткен-  
ше кеш түседі. Қакпа шалқатап ашылады. Кой кен шарбакқа  
кіреді. Күнімен қарынға түскен дүниені корытып, бойға сініру  
үшін сол бойда жата-жата қалады да, күйіс кайыра бастайды...

Marғay, міне, күнделікті кәсіп-тірліктін рет-ретімен бәрін де  
біліп жатыр. Амал не, кимылдауға дәрмен жок.

... Ымырт үйірлді. Сәскеде кеткен Лезбай әлі хабарсыз.

Сәршен көрші келді де:

— Әкелерің әлі келмеген бе? Iрі әнгімеге кіріскең ғой. Түнделе-  
тіп болса да жетер. Анда-санда судан өтіп келіп, қойларынды өзім  
байқаймын ғой. Аландамай жата беріндер, – деп кетті.

... Ай туды. Марғау бұрынғы дағдысы бойынша кой шарбактың қасына барып жатты.

... Тан атты. Өзеннің арғы бетіндегі қырғыз малы өре бастады. Марғау есік көзіне келіп үзак үрді: «Оян, Дабыр, жұрт малын өргізіп кетті. Экен болса, келген жоқ. Койың қамауда. Өріске шығар мезгіл болды».

Ит даусынан Дабыр емес, Адыр оянды. Ояна салып Дабырды шымшылады.

— Ерте оянам деген батыр едің. Әлі үйықтап жатырсын ғой. Тұр кәне. Малды өріске шығарайык.

Ит Адырды оятып, Адыр Дабырды оятып, ақыры Лезбай ота-ры өріске беттеді. Сәршен келіп, балаларды мактап кетті.

— Қайтер екен, оянар ма екен, оянбас па екен деп әдейі кешеу-леп келіп ем. Жарайсындар, балалар. Кісі болғандарының белгісі бұл.

Тағы да тұс болды. Үш аяктап кой сонына ерген Марғау, жам-басы ауыра бастаған соң амал бар ма, кері оралып, кешегідей тағы да үй көленкесіне орналаса беріп еді, кенет машина дүрлі естілді. Ит, бірақ бұрынғыдай карсы үмтүлған жоқ. Мазасының кете бас-тағанын танытып, екі-үш рет арсылдап үрді де, алысырап барып жатты. Әлгіндей болмады, қырқадан қалкайып көрінген жұқ ма-шинасы есік алдына келіп бір-ак тоқтады. Сол машинамен жа-рыса салған Лезбай да аттан тұсті.

— Ал, Ұмындық, мынау өз үйін. Үй сәні әйелмен. Сен кеткелі тозып қалғанға ұқсайды. Қолына ал.

Ұмындық сыйылып машинадан шыкты. Баяғы қалпы. Кабағын керіп, кара көзін төнкеріп, жан-жакқа көз салды.

Лезбай бала секілді. Алдына тұспіп жорғалап жұр.

— Сенікі де қызық. Жок жерден өкпелеп?.. Бала менікі болғанмен оты бөлек, сұы бөлек. Қалада тұрып, тік мінез болып кет-кен жандар. Ол келмесе, мен өзім барып басымды идім. Не қыл дейсін?!

Ұмындық сыңайы ұнатпағандықты танытады.

— Жә, койшы. Кешеден бергі айтқанын бір сөз. Көк мылжын болып кеткенсің ғой деймін өзін.

Лезбай жым. Машинадан көр-жер, тәсек-орын түсіріп, үйге тасып өлек. Ұмындық та колғабыс жасайын деп білегін си-банды.

Анадағы өзі салған үш тіс танбасы тыртық болып шодырайып біткен екен. Соны байқаған Марғау жадына сол бір оқиғаның елесі қайта оралып, ырылдай бастады. Ұмындық итті осы кездेғана байқап, шошып калды.

— Мынау ит тағы да сая болған ба?

— Ўйге келсек, есік алдында жатыр ғой, — деп Лезбай қосын-  
қырап жіберді.

Ұмындық мұндайда сабырлы. Тіс жарып ештеге дей кой-  
ған жок. Бірак қабағы да онша жадырамады. Иттің де оған  
деген ықыласы көп емес. Тамак берсе, ішеді де, алысыраққа  
барып, үй ішіндегі, үй төнірегіндегі жайларды сырттан ғана  
бақылап жата береді.

Осындағанда қоныр салқын қонырайысқан қүйде біршама  
күндер өтті. Келе жатқан күз белгісін танытатын беткейлер түсі  
әр киғы. Қайындар сарғайып, терек жапырактары қызырып  
сола бастаған. Дегенмен жайлау өні онша өзгермеген. Бік  
тауға өрмелей өскен шыршалар ғана әуенде се көгеріп, кал-  
пында жатыр.

Бір әдемі ашық күн. Неге екені белгісіз, Ұмындық пен Лез-  
бай ұзак сөйлесті. Элденеге келіспейтін түрлөрі бар. Тіпті Ұмын-  
дық даусы қаттырақ та шығып кеткендей.

— Өйттегі болсан, сонынан сүмендеп несіне келіп ен?

Лезбай үндемеді. Сол бойда кой шарбакқа кіріп, бір токтыны  
ұстап алды да, тағы да алтып ұрды. Өрген койдың сонында Дағыр  
кетті. Өзі үйде қалды. Құдды осыдан ай жарым бұрынғы жағдай.  
Жалғыз-ак күн бұлынғыр емес, ашық. Кой да өрісте. Ал жас ток-  
ты еті болса, енді далада, жерошакта бүлкілдеп жатыр.

Ұмындық пен Лезбайдың тағы бір кадірлі қонақ күтердей  
түрі бар.

Ак тұмсық қара ит те анадағыдай тұмсығын жерге салып, кой  
шарбактың қасында жатыр. Бірак бұрынғы қүй жок. Уақыт өз-  
ған сайын жамбас жарасы ұлғайып бара жатқан секілді. Бір күн  
коймен өріске шыкса, азабы екі құндік. Өстіп жатып калады.  
Содан болса керек, Лезбай да бұрынғыдай емес. Қөніл бөле  
бермейді. Марғай: «Кә-кә-кә!», «Айт, айт! Айт!» деген сөзді ес-  
туден калып барады. Кейде «кәне, кашан «кә-кәләр» екен? Кәне,  
кашан айттар екен?» деп мөлиіп ұзак жатып күтетіні де бар. Амал  
қанша, ондай күн бұлдыр сағым-сағынышқа айналған. Өзін ит  
болып жаралған сон, «кә-кәлеп» ешқайда шақырмаса, айтқатап,  
ешқайда жұмсамаса, дүниенін коры екенсін ғой. Керемет қызық-  
тын бәрі деннің саулығында.

Марғай өстіп мына қүйбен тірлік карбаластығынан шеттен-  
кіреп жүдеп жатыр.

Кенет машина гүрлі естілді. Ит селк етіп, басын көтерді де,  
кайта жатты. Қозғала қоймады.

— Келе жатыр ғой? — деп Ұмындық үйден жүгіре шыкты.

— Солар ма екен? Элде басқа біреу ме? — деп Лезбай да тесіле  
карады.

Баяғы жолмен баяғы жерге келіп машина токтады. Баяғы машина. Адамдар да солар. Карғабек, Таспай, Баспайлар. Басқа айтар сөз жоқ па, әлде жатталып калғандықтың салдары ма, неге екені белгісіз, баяғы сөз де қайталаңып жатыр.

— Мына бала — құда бала, мына бала — жиен. Екеуі де Алматыда оқиды. Ауылға келген екен, жайлауымызды көріндер деп әдейі алып шыктым.

Лезбай елп ете қоймады. Салқын. «Түсे калындар» деп бәйек боп жаткан Ұмсындық кана. Карғабек, бірак баяғы калпы, еркін.

— Әй, жігіттер, көне, ана аға сыбағасын ала түсіндер!

Екі жігіт конъяк, шампаны бар бір жәшікті көтеріп жерге койды.

— Ой, бұларың не, ішіп-жем осында да бар еді ғой? — деп Ұмсындық қызылыңқыраптап калды.

Карғабек домаландалап жүр. Бет бактырап емес.

— Жок дегенім емес. Ағамыздың алдында аздап кінәміз бар. Ат-шапан айыбы сонын.

Карғабек кішірейген соң Лезбай езу тартайын деді.

Манадан бері Лезбай қылышына разы болып тыныш жаткан Marfay «өлсен де иile көрмे!» дегенді танытып, ырылданап койды. Карғабек шошып, кейін шалкайды.

— Өй, мына итін әлі бар ма еді?!

Лезбай ұнатпағандыкты танытып, итіне жаман көзімен карауды. Соны түсінген Marfay: «Байқамай қалдым, кешіре көр» дегендей әлдебір жалышты түрде қынсылады да, шокандап кейінірек барып жатты.

Конактар үйге кірді.

Дәл анадағы көрініс: Лезбай тәменде онаша. Тәрде Таспай мен Баспай. Олардың сол жағында он жамbastap Карғабек жантайған. Оған таяу Ұмсындық.

Карғабек басын көтерді.

— Мен казір жұмыс жайын сөйлегім келмейді. Ол басқа мәселе. Мен ферма бастығы болғаныммен, қызмет бабында келіп отырғаным жоқ, — деп бір токтады да, Лезбайға қолын шошайты. — Мына кісі маган аға болады. Арамыз бес-алты атағана. Сол ағаға сәлем берейін деп келдім. Сол үшін өзім-ак алып коям...

Жұрт көтеріп койды. Лезбай отырып қалды. Ұмсындық бәйек болып жатыр.

— Жолының үлкендігіне карамастан ағалап жатыр ғой. Алып кой енді.

Лезбай алып койды.

Шыны сыйдыры көбейе берді. Тарсыладап шампан атылды. Кандала ісінен енді ашыған көже секілді бірдеменің ісі араласып, бүкіл орамды алып кетті. Осы іистер ұлғайған сайын үйдегі адамдардың да дауыстары зорайып, күлкі жиіледі.

— Ал, ағайындар! — Бұл тағы да Карғабек даусы. — Мына шал, байқаймын, әлі де коныр отыр.

Сөзге Ұмсындық араласты.

— Коныр отырмайды. Кеше сен келем деп хабар салған соңак бәрін кешкен.

Карғабек даусы қайта көтерілді.

— Кешкенде бар ғой, бір сәт адам болып теренірек ойланайыкшы. Неге ренжістік біз осы? Бір итке бола!.. Итке бола ашулаңыстық. Итке бола тәбелестік. Естір құлакка ұят тіпті. Ал енді ағалы-інілі болып жүріп сол ағаттығымызды, тіпті ағаттық емес-ау, акымақтық қой, міне, сол акымақтығымызды бір-бірімізге кешіріспесек, көрінген жерде конырайысып, сәлемдеспей жүретін болсақ, сонда не болғаны?.. Құдай-ау, біз сонда бар ғой адам болып екі аяктап жер басып жүрсек те, төрт аякты иттін нағыз өзі болып шықпаймыз ба?!

Баспай мен Таспай ішегі қатканша күлді.

— Ай, біздін Караақен сөйлейін десе тілдің майын тамыздауда өстіп?!

— Рас емес пе осыным? Жо-жо... Тіпті бар ғой иттен де жаман болып кетеміз.

— Жөн айтасың, қайнам, — деп қойды Ұмсындық.

— Сол себепті, мен өзім көп сөзді білмеймін, — деп Карғабек қайта көтерілді. — Жасы ұлken аға, Леке, сіздін алдыныңда абайсызда иттік жасап алдым. Сол кінәмді мойындал, кешірім сұрай келіп отырмын. Кессен, бас мінекей. Кешсен, ықыласындамын.

Екі жігіт жарыса сөйледі.

— Төс түйістіріп, ер азаматтарша құшактасу керек.

Карғабек ұшып тұрды.

— Аталы сөзді кайырма енді, түрегел, — деп Ұмсындық та Лезбайдың қолтығынан алды.

Шопан қарсыласқан жок. Ұмтылып келген Карғабекке құшын жайды.

— Кіші болып, кішірейіп келгеніне раҳмет, Карғабек. Мен де өзімді ұстай алмай қалдым ғой. Сен де сол ағаттықты кешіре гөр. — Лезбайдың көзіне жас келді білем, даусы барлығынкырап шыкты.

Манадан бері үй ішін бакылап, қой шарбактын түбінде ұнсіз жаткан Marғay құшактасып, шөпілдесе сүйісе берген

Лезбай мен Қарғабекті көрді де, атып тұрып, үре бастады: «Ай, адамдар-ай, үшеу ара араларында не катынас – сыр жатыр, жаксы білесіндер ғой. Ұмындық Лезбайдың некелі әйелі екені Қарғабекке қандай анық болса, сол әйелдің Қарғабек-пен не катынасы бары Лезбайға да сондай аян ғой. Үрыс басы ит болғанымен, тамыр теренде емес пе?! Сол жайды біле тұрып, білмеген боласындар. Қоре тұрып, қөздеріне жас алғы құшақтасасындар. Өстіп, жай көлгірсу неменеге керек осы?!» дегені болар ма?

Екі аттап орнына барған Қарғабек ит даусын естіп тынып қалды.

– Эй, Леке, кешіргенің рас болса, осы иттен құтылшы. Көксіндей ит тауып берем...

Ұмындық даусы жарыса шыкты.

– Бұрын қой қайырады деуші еді. Енді нендей дәлел айттар екен?

Лезбай дәлел таппады білем:

– Калай құтылам? – деп дағдарды.

– Сол да сөз болып па?! – деп Қарғабек кекей сөйледі. – Былай шығарасың да, атасын да тастайсын.

– Жоқ. Марғау сондай қадірлі ит. Қол көтере алмаймын. Итте болса, обал.

Қарғабек қояр емес:

– Ендеше Баспай мен Таспайдың бірі атады.

Арап ішіп қызынқырап алған екі жігіт жарыса сөйлеп:

– Қарғабек аға айтса, ит түгіл... – деп мұдірді.

Анада өз үстінен жасалған актіге кол койған үшевдін екеуі осы Баспай мен Таспай болатын. Сол есіне түсті білем, Лезбай:

– Ит түгіл, немене мені де атасындар ма? – деп тіксініп қалды.

Қарғабек шалқая тартты:

– Ал енді бар ғой, жеме-жем дегенін, міне, осы жер. Осы тілегімді орындаадын бар ғой... Онда, шынымды айтайын, қанжығада көрісеміз.

Ұмындық шыр ете түсті:

– Мына кара ит қара пәле болып жабысты-ау осы бізге!

Лезбай отырған орнынан ұшып тұра келді де, тұнғыш рет әйеліне:

– Өй, иттен жаралған неме, жап аузынды! – деп акырды. Содан кейін Қарғабекке төнді: – Қанжығада көріскенде, немене, шауып аласың ба мені?!

Қарғабек даусында салмақ жатыр.

– Одан да жаманы болады.

— Жаманы болса, көрсөт көне, найсан! Көп болса, үшеуін бірігіп тағы акт жасарсындар. Тағы да қаматарсындар көп болса, — деп Лезбай ойламаған жерден көтеріліп, булыға сөйлемеді.

Карғабек басылып қалғандай.

— Оу, Леке...

Лезбай өршелене түсті:

— Мен сендерді шакырған жоқпын ғой. Не әкелеріннің құны бар осы менде? Көне, қайқайып тұрындаршы!

Үш жігіт жым болды. Ұмсындық дағдылы ерке қылышын таңтып:

— Біздін үйдің кісісі, үйге келген қонақты қуып, бұл не?.. — деп жатыр еді, Лезбай бір-ақ қакты:

— Карғабекпен кіндігін жабысып қалған болса, бар, сен де кет!

Марғай сойленіп жаткан сөз мағынасын түсінбесе де, бірте-бірте зорайып шықкан дауыс екпініне сондай канық. Мұндаиді отырыс аяғы жақсылықпен бітпейтін — ит жанына өшпес таңба, із калдырған. Анадағыдай Карғабек шыға келіп, бұған ұмтылар болса, Марғауда карсы тұрар кайрат жок. Ит бойындағы тірлікке құмарлық санасыз түйсік тұжырымы осы. Сол себепті, тұмсығын көкке беріп, ұзак ұлып үрді де, бір жамбастап келіп судан өтті. Бет алды — қалың жыныс тау беткейі. Анада өзі жаткан тал түбіне де соккан жок. Бұл биіктеген сайын өзен денгейі айқындалып, ал сол өзен жағасындағы шопан үйлерінің карамы кішірейіп барады.

Кенет дауыс естілді. Таныс дауыс. Лезбай даусы.

— Марғай! Марғай! Кө-кө-кә!

Марғай бір сәт кері бұрылды. Лезбай үйінің қасында бес кісі тұр. Бәрі де таныс: ак байлар салған әйел — Ұмсындық. Ұзындықыскалы екеу — Баспай мен Таспай. Ал ана буылтық дene — Карғабек. Лезбай олардан кол ұсыным алда:

— Марғай! Марғай! Кө-кө-кә!

Бұл шақырыстың мәні неде? Жалғызыраған Лезбайдың Марғаудан сұрап көмегі ме? Жә болмаса, дуылдап, канша керіссе де кайта табысып, ымыраға келген топтың әлдебір катпарлы шешімі ме? Марғай оны кайдан білсін, кайтсе де қайрылмады. Беткейді бектерлей ілгері салды.

«Марғаулаған» Лезбай даусы айқын, санқылдап шығады. «Марғай?!» Көзін ашқан күннен бастап құлағына сінген осы сөзде енді түк мағына жоқ секілді. Марғай не? Кырғын не? Не болмаса, Сарықасқа дедін... Онда не тұр! Ақылы асып жаралған адамдардың бір итті екінші иттен ажырату үшін жайғана ойдан шығарған бірдемесі. Бұдан былай ондай аттардың ак тұмсық кара

итке түкке де керегі жок. Ақ тұмсық кара ендігі жолда кездескенде тұс-түгі мен иісінен, тісі мен күшінен танып, дәп басып ажыратыны болады.

— Мар... Maray!.. M-a-p-f-a-y!.. — Үзіліп жінішке шыккан бала-лар даусы.

Marfay оқыс токтап, артына бұрылды. Екі бала өзгелерден бөліне шығып, жарыса айқайлайды.

— Marfay! Кайда кеттін, Marfay?!

Айла-арамдығы жок, тек кана ыстық ықылас, сәби маҳаббатынан туған бұл шақырыска құлағын төсеп, сөл тынып қалған ит шоқиып отыра қалып, ұлып-ұлып алды да, тағы да ілгері жөнелді. Жуан-жінішке, үлкенді-кішілі адам үні барған сайын алыстап барады.

Біршама уақыт өтті. Бір жамбасын көтеріп үш аяктай салған ак тұмсық кара ит, шоқандап жортқан сол бойы, қалың қарагай арасына енді де, көзден файып болып жүре берді...

### Эпилог

Арада аллар жатыр. Кыс түсіп, қар бекіп алған. Лезбай отары қыстауда. Шопанның дағдылы кәсібі: ашық күні ертерек айдал, малды тебінге шығарады. Кешеулеп әкеп жылы кораға қамайды. Жер үй мұржасынан ұшатын түтін де ошакта тірлік барын танытып, будактап шығады. Құзде жоғалған Marfay да ізім-кайым. Сырт қарағанға пәлендей өзгеріс жок секілді. Иә, бұл сырт көзге ғана осылай. Жанаған тірлік нышаны мән беріп, үнілгенге ғана байкалмак. Өзгерістің үлкені — балалар совхоз орталығында окуда. Адыр биыл бірінші класқа барған. Ол жактан бір жақсы хабар бар: Адыр екі ай оқып, екінші класқа көшіріліпті. Бала іждағаты жақсы. Қектем шыкканша Дабырды басып озып, үшіншіге ауысып кетуі де ықтимал. Сабак берген мұғалім пікірі осылай. Элі жаттыға қоймаған сәби колымен әкесіне жолдаған хатында: «Жалғызын деп камыкла, әке. Жазғы демалыста өз қасында боламын. Өз қасында болып, жаз бойы кой бағысам» депті Адыр.

Жалғыз қалған кам көніл әкеге медеу болар мағыналы хат бұл.

Ия, Лезбай казір жалғыз. Анадағы оқиғадан кейін ол күрт өзгеріп, үнделмейтін болып алған. Не ойласа да ішінде, әйтеуір. Бұрынғыдай Ұмындыққа жалбактай да бермейді. Осы өзгерісті анғарған Ұмындық жок жерде мінез танытып, реніш білдіріп қалатын болды. Сондай бір үйішіндік кикілжін үстінде Ұмындық:

— Өйтетін болсан, кетемін! — деп қалды.

Үлкен баласы – Канатпен арасы ашылып, онын үстіне ел ішінің өсегі құлағына жетіп, әрі жасып, әрі қазытып жүрген Лезбай жайына коймады.

– Осы үйден қалағаныңды ал да, бара койшы! Құлағымыз тынышталсын, – деген.

Ұмысндық кайырып ештеңе айтпады. «Тағы келіп аяғыма жыбылып, жалынасын ғой, байғұс» деген ішкі есеппен өзіне тиесілі дүниесін алғып, кетіп отырған. Лезбай, бірақ қайтып барған жок. Бұл жолғы шопан байлауы – нағыз шие, шешілмес түйін.

Ұмысндық кеткен сон көп кешікпеді, Қарғабек те орнынан атынды. Тағылған айып: іshedі, қыдырады, өзіне тапсырылған қызметке жауапсыз карайды. Жана болған ферма бастығы жүре бара бұзылмаса, дәп казір Қарғабек бойындағы кеселдерден таза. Жұмысина да ұқыпты, ізетті жігіт. Жалғыздығы ауыр тисе де, Лезбай казір Ұмысндық пен Қарғабек арқылы кадалған шөнгеден құтылып, кісі болып қалды. Жалғыз дейтін, тіпті, жалғыз да емес ол казір. Совхоз директоры көмекшін болсын деп бір жас жігітті косып берген. Енді малды екеуlep бағады. Сонда да Марғаудың жоқтығы ма, боранды күні жін-жін каскыр торуылдап, мазаны алғып жүр. Жол серік, жұмыс серік бір тәуір итің болмаған сон шопан тіршілігінің онбайтынына көзі жеткен Лезбай бір күні аудан орталығына арнап келіп, Канатка телефон сокты.

– Балам, Марғаудан айрылыған сон, шыркымыз бұзылайын деді. Әлгі ит алған кісіне жолығып, кайтсен де бір тәуір күшігін алғып бермесен, құритын болдык.

Әке туралы өсектен құлағы тынышталып, көnlі орнына тускен Канат ықыласты:

– Әке-ау, ол кісінің иті өліп қалған.

– Өліп қалса, үрім-бұтағы, зәузаты бар шығар, соларға із сал.

Әке айтқан сон – амал жок. Канат Алматы өзенінің жағасындағы таныс үйге тартты. Келсе, Иван Иванович үйінің орнында төрт қабатты бір үлкен жай тұр. «Осы үйденсін-ау» дегеннің Канат бәрін де тоқтатты.

– Осы жерде бұрын Иван Иванович деген кинолог тұрып еді. Кайда кеткенін айтпас па екенсіз?

Кездестірген адам сондай көп. Жауап, бірақ, біреу-ак:

– Атам заманнан бері бұл жерде осы үй ғана. Иван Иванович дегенді естіген де, көрген де емеспіз.

Тауы шағылған Канаттың есіне ветпункттегі дәрігер түсті.

– Ә, Иван Иванович па? – деп дәрігер суырмадан бір блокнотын сұырды. – Міне, адресі.

Иван Иванович қаланың шет жағындағы жана салынған биік үйлердің бірінде тұрады екен. Дәрігер көрсеткен адресспен оңай

тапқанымен, Канат одан да ештене шығара алмады. Есікті ақ сары бір кыз ашты.

— Маган Иван Иванович керек еді...

— Иван Иванович?

— Иә, Иван Иванович. Кинолог. Былайша айтканда ит бапкері. Асыл тұқымды ит асырайтын адам.

Ақ сары қыздың жүзі жылы тартты.

— Ә, Ваня ағайды айтады екенсіз ғой?.. Ол кісі дүние салған...

Канат шошып қалды.

— Кайтіп?

— Ваня ағай көптен ауыратын еді ғой...

Не дерін білмей, абдырап қалған Канат тыныштықты бірінші болып бұзды.

— Ал семьясы, әйелі кайда?

Ақ сары қызы күрсініп алды.

— Әйелі жоқ болатын. Балалары болса бойжетіп, ержетіп әр жакқа кеткен.

— Ал сіз ше?

— Мен бе? Мен бір пәтерші ғана едім...

Канат сөз аяғын күттей, кері бұрылды.

Иван Ивановичтің өлген хабары жетіп, айтулы қүшіктен құдерін үзген Лезбай, енді Марғауды ойлай бастады: ит жамбасы жазылып кеткен секілді ған. Ана жылғыдан әлдебір себеппен жайлауда ғана қалғандай. Осы бір ойдың жетегіне ергені сондай, тіпті есқи-құскы киімдерін де түгендеді. Кара тонды құзеткеніндей және бір киімін бағып, далада қалып қоймады ма еken тағы да?! Тіпті Лезбай ат сабылтып әдейі іздеپ Сәршенге де барды. Өзін, итін, тағы бір жігіттерді ертіп, топ-топ болып талай күн Мыңжылқы, Карқара жайлауларының ормандарын сүзді. Ел ішінде гулеп бір сөз жүр:

— Ақ тұмсық бір кара иттін Айған төбеде ұлып тұрғанын біреу көріпти.

— Бір көкжалмен алысып жатқанда үстінен шықкан біреу бар деседі...

— Орман ішінде аң қағып жүрген ак тұмсық кара касқырга пәленшекен жолығысып қалыпты дейді ғой...

Лезбай осындағы сөз шықкан жердін бәрін де індettі. Бірақ ак тұмсық кара итті өз көзімен көрген бір адам жоқ. Екінші, үшінші адам арқылы жеткен лақаптардың арты тайғақ. Сөйтсе де құдерін үзер емес: ертең көктем келеді. Мал тағы да жайлауға бет алады. Сонда Айған төбе тұсынан Марғаудың еркелей шығып, Лезбай мойнына асыла кетуі де ғажап емес кой...

1975 ж.

## МӘЖНҮН ТАЛ

### 1

Ол кезде Бағдан аты шыға коймаган жас суретшілердің бірі ғана болатын. Көркем училищені бітірген соң бірер жыл осы Алматы каласында қызмет істеді. Бір үлкен суретшінің көленкесінде жүріп, салынып жаткан сарайларды, жанадан ашылып жаткан ресторандарды өрнектеді. Бір гажабы – көп идеялар мұнықі болса да, сол идеяларды бұл өзі өз колымен жүзеге асырып жүрсе де, атак-абырой жанағы үлкен суретшінің болып шығатын. «Өрнектерінде тапқырлық бар екен. Жақсы. Ұннаттық» деген жылды сөздер де, газеттегі ресми пікірлер де жанағы үлкен суретшіге арналатын. Неге екенін кім білсін, о да: «Жок, бұл жұмыс менікі емес, Бағданшікі еді» деген жатпайды. Бәрін де өзіне кабылдайды. Тіпті онаша бір сәттерде де бұған келіп кешірім сұрап көрген емес. Содан ба, Бағдан да базында: «Бұл калай?» дегенімен, кейін келе көндіге бастаған-ды. Өйткені ана суретшінің бедел-атағы болмаса, ондай мактаулардың болмайтынын бұл да билетін.

Әстіп жүріп жаткан еді. Бір ретте Жамбыл каласына жол түсті. Сол сапардан әсерленіп қайтканы сондайлық, келе салып үштөрт айдың ішінде «Айша Бибі» деген үлкен полотно жазды. Өзі де ойлаган жок. Жұрт дүрілдетіп әкетті: «Біз Бағданның таланттың билетін едік. Оның сарай, ресторандардағы колтанбасынан кабілет-куатын танып, бағалаушы едік. Міне, сол үғымның айғағындағы болып жас дарын жана бір кырынан танылып, жарқ етті».

«Айша Бибі» – Бағданның тұсаукесері болды. Осыдан кейін оның аты жиі аталды. Данқы жайыла бастады.

Бағдан бір әлемі қызға үйленді. Бала сүйді. Бір сөзben айтқанда оған кәдуілгі қала тұрғынына лайыкты тірлік күруға жол ашылды.

Бағдан көлденен жүрісті білмейді. Ермегі де, қызметі де өзі қуған осы өнер. Сол себепті көп жазады. Жазғандары айғай-шусыз өтеді. Артық мактап жаткан ешкім жок. Сонымен қатар шүкшия жамандап, сынағтындар да кездесе бермейді. Қунделікті күйкі тірлік секілді: дұрыс екен, кабылдайық. Ұсыныс осы. Жазған дүниелері бәлендей кедергі-кілтенге сокпай өтіп жаткан соң, Бағданның тұрмыс күйі де жөнделіп қалды. Аз жылдың ішінде қатардағы үй дүние құрап, енді дәүлетті семьялар тобына кірді. Басында үлкен суретшілермен кездескенде именінкіреп жүретін жұбайы Сәлима да енді қаракөлден тон, норқадан бас киім киіп, «мен кәне, қайысынан кеммін» дегендей төрге карай ұмтылынқырайтын болды: әңгіме жаста емес, сінірген енбекте, талантта. Таланты зор адамдар кашанда жұрт көңілінде екенін ол жақсы біледі.

Бір ретте Бағданға тағы бір жол түсті. Ол тұнғыш рет суретшілердің Бүкілодактық съезіне делегат болып сайланды. Кайтар жолда жұрт самолетпен аттанып жатса, Бағдан асыға коймады: съезд әсерлерін сарапап жүйеге келтірейін деді ме, әйтеүір билетті поезға алды. Шынында да осынысы ақыл болған екен, жол үстінде болашақ шығармаларының жайын ойлап, әр түрлі эскиздер жасап, біршама іс тындырып тастанды.

Поезд Жамбылға келді. Бағдан бой жазайын деп сыртқа шығып еді, осы вагон алдында бір топ жастар түр екен. Кімдер екенін бұл танымаса да біреулері бас изеп амандаскандай болды. Эрі өтіп бара жатканда: «Мынау Бағдан ғой. Казіргі суретшілердің ішінде ауызға жиі ілініп жүргені» деген сыйырды құлағы шалып та калды. Бағдан артына бұрылып караған жок. Жай езу тартты да, әрі өтіп кетті: талай жерде талай-талай естіген, құлағының еті үйрене бастаған сөздер. Сөйтсе де, құдай тағала бұған талант беріп, былайғы жұртты өзіне аздал болса да табындырып койғанын шүкіршілік еткендей, көніл шіркін маркайып, мереі үстем болып жүре берлі. Өзіне деген осы бір өз ырзалығымен біршама перронда жүріп күпеге келсе, қарсы орында жайғасып жаткан бір қызға көзі түсті. Шамасы әлгі топ осы қызды шығарып салған болу керек, Бағдан кіргенде, бұл да сыпайылықпен бері бұрылып, сәл жымып сәлем етті.

«Кысылманыз, жайғаса берініз» болды Бағданның алғашкы сөзі.

— Раҳмет, — деді қыз естіртер-естіртпес етіп. Содан кейін жонын бермей, бір қырында тұрып, төсек-орнын реттеді. Бағдан: «Ибалы қыз екен, әдептісін карашы. Танымайтын адамы болса да жонын берудің жөн емес екенін жақсы біледі» деп ойлады.

Қыз сыпайылығы ештеге көрмеген ауыл қызының ұяндығы емес екен. Оған көп кешікпей-ак Бағданның көзі жетті. Сапарлас көрші жайласып болған сон, Бағданға тура карап:

— Жолым болады екен. Сіз менін түсімде де көрмейтін адамымсыз ғой. Міне, көрмейсіз бе, бір купеде баратын болдық, — деді оқыстан.

Қыз сөзі екі үшты: данкты адаммен кездесіп танысканына ғана куана ма? Әлде сол данкты адаммен таныскандығының үстінде бір купеде бір күн Алматыға дейін онаша баратынына куана ма? Түсініп көр. Бірақ, Бағдан болам деп әлі бола алмай келе жатқандықтан ба, алғашкы үшқа көбірек ден койды. Айна алдында өзін-өзі тамашалайтын сұлуларға ұқсанқырап:

— Сіз мені кайдан білесіз? — деп сұрады.

Қыз жымып күлді.

— О, сізді білмейтін жан бар ма! Сізді не надан, не болмаса, көзі шын көрмейтін сокыр ғана білмеуі мүмкін. Ал менін көзімнің барлығына сіздің көзінің жетіп отырған шығар деп ойлаймын.

Жұбайы Сәлима секілді данқ деген дертке аздал болса да, өзі де шалдыға бастаған Бағданға «менін көзім», «сіздің көзінің» – әзіл болса да үнай қойған жок. «Калай десен де, ауыл-үй арасынан шықкан қызы балалар канша әделті болғанымен, естіп әзілде-рін «тұздықтанқырап» жіберетін әдеті емес пе?» деген жұбату та-уып, онын өз каруын өзіне колданбак болды:

– Ал менін көзімнін барлығына сіздің көзінің анық жете ме?

Кызы тайынбады:

– Анық жетеді.

– Дәлел?

– Көзінің болмаса суретті қалай сала алсыз. Керен композитор музыка шығарады дегенді естігем. Себебі «внутренний го-лос» деген бар. Казакша қалай десем екен? «Жады» деген дұрыс. Өйткені кейбіреулердің «ішкі дауыс» деп аударуында түк мағына жок. Ал соқырдан да суретші шығады, көзі жок адам да сурет салады екен дегенді естісем құлағым керен болсын.

Сапарлас көрші сөзі әзіл болса да түйеден түскендей тым ірі секілді: айталық, таныспай жатып «құлағым керен болсын» деп карғанудын не керегі бар? Содан ба, Бағдан іркіліп қалды.

– Енді таласпайсыз ғой? – деп қызы тіктеп қарады. Жанарында үшқындал тұрған от бар секілді. Сыйлауы болғанымен, жасы үлкен, данкы зор екен деп қаймығуы жок.

Жок, Бағданның таласкысы келді: ен алдымен «жады», «жа-дында» сөзі дұрыс емес. «Көкірегі», «көнілі» деген жөн. «Көнілі ояу», «көкірегі ашық» деген бар емес пе. Атам заманда естіген дыбыстын кейде көніліне оралып, құлағына ызындал тұратыны болады ғой. Сол секілді ертеде бір көргенінді де көзінді жұмып, көз алдына келтіре алдын. Олай болса, соқырдың да сурет салуына болады. Соқырлар коғамындағы басырлардың істемейтіні жок. Сонын бәрі көкіректін ояулығы. Бағдан қызбен осылай та-ласкысы келді. Бірак таласпады. Өйткені бір ұлы композитордың ен ұлы шығармасын керен кезінде жазғанын білгенімен, соқыр суретші болған дегенді естіген емес-ти. Оның үстінен данкка бөление бастаған жолында туған шамшылдығы, кіділігі болмаса, канша дәрекі айтылды десен де қызы әзілі мұнын өз пайдасына шешіліп жатыр ғой. Иркіліп қалған Бағдан жаңағы от шашып тұрған өжет көзге кайта қарап еді, достық, татулықка шакырып тұрғандай көрінді. Каймықпай тік кадалған көзде жылылық, әдемілік, өзіне тартар сиқырлы күш бар екен. Құдіретті күш. Осыны сезінүі-ақ мұн екен, жігіттің арқасы мұздады: әлгі бір кесірлі ойдың жетегінде кетіп бірдеме деп тастаса суретші деп мактан тұтып, бір купеде келе жатқанын дәреже санаған қызы алдында акымақ болып қалатын еді ғой.

— Эрине таласпаймын. Өйткені сіз мені қандай білсөніз, мен де сізді сондай білемін, — деді Бағдан. Бірақ мұнысы балалардың ойыны секілді екенін өзі де анық түсінеді. Түсіне тұра айтты. Сөйтсе де әсерсіз де шықпаған секілді. Кыз «қайдан білесіз?» дегендегі танырқай карады.

— Сіз Әспетсіз.

Кыз кейпінде әлгі сұрап: «Иә, ал сосын?»

Бағдан мұдіріп қалды. Өйткені жаңағы бір топ жастар арасында: «Әспет, ренжіме, өмірде не болмайды. Әспет, барған сон хат жаз» деген секілді сөздерді естіген сон. «Сол Әспет дегені осы шығар» деп төтелеп жібергені болмаса, басқа не біледі?

Кыз кейпіндегі танырқаумен сұрап өте берді:

— Атымды әлгі шығарып салғандардан естідініз ғой. Әйтпесе мені кайдан білейін деп едініз, — кыз өніне жаңағы бір жылышық кайта оралды. — Ал мен болсам сізді көбірек білем. Сіз салған «Айша Биби» көпке дейін біздін үйдін төрінде ілулі де тұрған.

Бағдан бойындағы данккүмарлық әрі қуантып, әрі шошытып таставды.

— Неге көпке дейін? Казір ше?

Әспеттің жүзінде реніш көленкесі жүгіріп өткендегі болды.

— Ол бір ұзак хикая.

Неге сұрадым деп өкінді ме, әлде кыз реніші әсер етті ме, Бағдан күрсініп койды. Әспет бірақ тез жадырады.

— Неге күрсіндініз?

— Өзім де білмеймін, — деп Бағдан күлді.

Кыз іркіліп қалды. Сол сәтті пайдаланды ма, Бағдан оған қабак астынан ұрлана карады: бір ғажабы — басында жүре көз салғанда он жеті-он сегіз жасар кыз секілді болып көрінген Әспет, байкаса, енді жиырмалардан аскан әйел екен. Суретшіге тән қырағы көз бірден таныды: өнінде әжім болмаса да, балалық пәктік, наушалық емес, құрсақ көтерген, өмір көрген әйелге тән іздер жатыр. Сөйтсе де тартымды кескін. Осы төніректің қазاكتарына тән дөнгелек бет, қысық көз торы емес, ат жакты, қыр мұрын, ак сұр. Тағы бір байқағаны — өнінде бір мін, дақ жок. Тұп-тұғел әлдебір асыл заттан құя салғандай. Тік жарлауыт та емес, жә болмаса кемерсіз өзен ағысындај жайпақ та емес, әдемі біткен қабак астындағы көздерде ыстық құмарлық та, тентек ашу да бар. От пен мұз ебін тауып катар қонғандай.

Ал ана парасатқа біткен әрі кен, әрі биік мандайдан иегіне қарай жіңішкере түсken екі жақ мысқалдан өлшеп, тен соккан зергер колынан шықкан секілді. Сондай мінсіз. Осы әдемі келбетке орай дene бітімі де жаразты. Шығынкы кеуде, биік мықын, аш қарын. Күнәлі бір ой: тыр жалаңаштап картина жазар ма еді!

Канша мактаса да кайта дәуірлеу кезіндегі жаланаш мадонналар Бағданға ұнай бермейді. Ол әйелдердің бар сызық-линиялары, кимыл-козғалыстары канша жұмсақ болғанымен қарын бітімдері сары қарын әйелдердікіндегі тығынды келеді. Бір досынын бір әдемі талдышмаш келіншек көрсө: «Аш белінен қысар ма еді!» деп тамсанатыны Бағданың есіне түсті. Аш бел! Қыпша бел! Құмырска бел! Шіркін, казағын да сұлулықты тани білген-ау!

Кенет қыз даусы шықты:

— Ал қалай, Бағдан аға, зерттеп болдыңыз ба мені!?

Канша білдірмеймін десе де Бағдан сезімін сұнғыла қыз сезіп қалыпты.

Табиғатында сырпайы Бағдан:

— Кешірім сұраймын, — деп қысылынқырап қалды.

— Кісі мұсінін зерттеу сіздердін машықтарыныз емес, кәсіппетініз ғой. Ерсілігі жок. Машығы бар да, кәсібі жок біреу болса, сазайын берген болар едім.

Қыз жауабы тағы оқыс. Тапқырлық пен білгірлік те, тентектік те бар. Қараған үшін де сазайын бермек! Бірак қараудын да қарауы бар ғой: жай ат үсті қарау... көз ала алмай қызыға қарау... ішіп-жеп тесіле қарау... өліп-өшіп құмарта қарау... тағы-тағы қараулар. Әспет жауабына қарағанда Бағдан қарауы да жай әншнейін қарау емес, сондай бір ерсі сынай қарау болса керек. Жігіт соған қысылды. Қызық — жаңа ғана жасының біршама үлкендігімен, атының зорлығымен мысы басып түрған Бағдан енді қыз ырқына түсіп, пұшайман болып қалғанын өзі де байқаған жок. Сол колайсыздықтан шыққысы келді ме:

— Мен алыс сапардан келе жатқан адаммын ғой. Ресторанга барып тамак ішсек қайтеді? — деді.

— Аға шакырса неге бармайын, барам.

«Неден болсын тайынбайтын пәле ғой мынау» деген оймен Бағдан орнынан көтерілді.

## 2

Бір жаксысы, вагон-ресторанда кісі аз екен. Колайлы деген бір столға келіп, әуелі Әспетті отырызыды да, Бағдан өзі қарсы бетке жайғасты. Ол енді сақтанынқырап көз салып еді, тан-тамаша: әлтінде ала көленкелеу күпе ішінде ескі өнділеу сияктанып көрінген Әспет мына жарық ресторанға келгесін бе, әйтеуір құлпырып кеткен. Манағы қырағы көз байқаған сұлулық нышандары мына жерде суретші түгіл жай адамның өзі де байқай алатындей көзге ұрып тұр. Көзі қоныр емес, кап-кара, мәп-мәлдір. Каны теренде жатқан аппак балғын өн. Аппак. Кап-кара. Осы ақ пен кара керемет үйлестік тауып, бірін-бірі аша түскен, айқын-

дап құлпырта түскен. «Апыр-ау, «құрсақ көтерген әйел» деген ұғым қайдан келді осы маған» деп ойлады Бағдан.

— Ал, не ішесіз?

— Сіз не қаласаныз, соны... — деді Әспет.

— Мен аракты қалаған болар едім...

— Жок, мен арақ ішпеймін. Жиіркенем.

— Жиіркенем?

— Иә, жиіркенем. Ішкен адамдардың акымақтығын көріп тойғанмын.

— Енді не? Шампан?..

Әспет ойланындырап барып:

— Жарайды. Қөнілініз үшін... бір фужер. — Бокал да, немесе орыс тілін шала білетін, бірақ «білем» деген көкірекпен сирек киын сөздерді кисайтып айтатын кейбіреулердің фужоры да емес, фужер. Эрі екпінді «е» әрпіне салып әдемі айтты. Бағданының бұдан түйгені: Әспет орыс тілін жақсы біледі. Оның үстінен қаланың білімдар қауымының жақсы дәстүрінен де хабары бар. Сыпайылап шампан ашкан жігіт жаңағы білімдар қала қауымының ғұрпы бойынша әуелі өз бокалына бірер тамызып, содан кейін шампанды қыз бокалына аса меймілдетпей, толтыра құйды. Әспет бұл кілтипанды да біледі екен. Үрзalықпен басын ііп, жымия құлді.

— Рахмет, аға...

— Ал, таныстық үшін, Әспет. Сіздің келешегініз, бакытының үшін...

Кыз өні өзгеріп кетті.

— Не келешек, не бакыт бар дейсін енді...

— Жап-жас басыңызben мұныңыз қалай? — деп таңданды Бағдан.

Әспет «өзім де білмеймін» дегендей иығын құтты. Бағданының ойына манагы «Айша Бибі» туралы әңгіме тағы оралды. Қөпке дейін ілулі тұрған картина неліктен алынып қалған? Неліктен ол бір ұзак хикая? Қызды мына бір ауыр халден шығарғысы келді ме, жігіт енді әңгіме такырыбын соған аударды.

— «Айша Бибі» не, ұнамады ма? Неге алып таstadtыныздар?

Кыз тағы да сұралққа оқыс сұралклен жауап берді:

— Шыныңызды айтынышы, «Айша Бибі» өзінізге үнай ма?

Жігіт кыз каруын тағы да өзіне жұмсады.

— Сізге ше?

— Шынымды айтайын ба?

— Шыныңызды айттыңыз.

— Шынымды айтсам, бұл картина маған мүлде ұнамайды.

Бағданының төбесінен жай түскендей: дүйім жүрттың аузында жүрген, «талантты суретші» деген атак өперіп, мұны данкка бөлеп

келе жаткан картина мына бір шөп желкеге ұнамайды. Кім өзі бұл соншама?! Бағдан қыстығып, ашуланыңқырап қалды. Бірақ құдай берген төзімділік артық сөзге жіберген жок. Бірдеме десе – Әспет тұрады да, жүре береді. Сонда не үтады? Кейінгі сөтте ақылға салып сабасына түсken жігіт:

– Е, сол ұнамағандықтан еken ғой алып тастағандарыныз. Бірақ ұнамайтын картинаны көпке дейін іліп қойғандарынызға кайранмын.

– Алып тастаудың себебі мүлде баска.

– Соны айтпайсыз ба ендеше?

– Бұл жерде айта алмаймын.

Бағдан қайтсе де Әспет жүргегіне кілт тапқысы келді.

– Олай болса неге ұнамайтынын айтыныз.

– Айту үшін кояр шартым бар.

– Қойыныз.

– Неге ұнамайтынын дәлелдеуім үшін жұрт болып мактап жүрген, сізге даңқ әкелген картинаны мен сынаймын ғой. Ал сын атаулының сіздерге жаға бермейтінін мен жақсы білем. Шартым – бұл жерде суретші Бағданнан азамат Бағдан биігірек тұрса еken деймін.

Бағдан Әспетке қарап еді, суретшінін қырағы көзі тағы да дөп басты: кыз кейпінде жырынды құлық бар: шыдасан, шыда, шыдамасан, өзін біл. Бағданға манағы құдік тағы оралды: «Жок, мынау құрсақ көтерген әйелдін өні». Кенет жігіт құлді. Бар шаруа соған ғана тіреліп тұрғандай, өз ойының болымсыздығына құледі. Бұл құлкіні өзінше қабылдаған Әспет те езу тартты.

– Жақсы, қендім... – деді Бағдан.

– Қөнсеніз, бірінши сұрап: жұртқа мәлім Айша Бибі күмбезінін казір бір-ак қабырғасы ғана қалған ғой. Ал сіз бүтін күмбез етіп шығарыпсыз. Неге?

Манадан бері мына кыз бұллірмесе жарап еді деп көнілі төп болып отырған Бағдан қуанып кетті. Талайлар қойған, жауабы дайын сұрап бұл.

«Айша Бибі сепіз ғасырдан астам уақыт бойы халық жүргегінде. Оған деген ел маҳаббатын тот баспақшы емес. Менін күмбезім бүтін болып шыкса, оны халық маҳаббатының ойып алған үлгісі деп білініз. Кай суреткердің болса да киялдауға еркі бар. Бұл – символ».

Әспет, тегі, автордың бұл түсіндірмесін естіген болса керек, сыйылыштай құлді.

– Ал сонда сіз неге сүйендініз? Жок үш қабырға мен төбені қайдан таптыныз?

Бағдан сөл қабак шытты:

— Оу, сіз менен емтихан алмаксыз ба? Одан да айтам деген сыйнызызды айтыңыз.

Әспет жауабы бұл жерде де орныкты:

— Бұл емтихан емес, автордың түпкі ойын түсіну. Ал автор ойын түсінбей айтылған сыйның бәрі жансак. Сыншы мен шығарма тіл табыса алмайды ондайда.

Бағдан отырып қалды: мына қызбен ойнауға болмайды. Өйткені Әспет сөзі кай өнер иесінің болса да сыншыға қояр бірінші талабы.

— Ә, онда айтайын: Анызға сүйендім.

— Кандай аныз?

— Тектүрмас деген батыр... Айша Бибі сұлу қалындық. Тектүрмасқа жетуге бір күншілік жер калғанда сол күмбез көтерілген жерде каза болған...

— Екеуі де арманда кетті десенізші?..

— Иә, арманда кеткен, — деп Бағдан күрсінді. — Сонда ел сүйген батыр, халқын жинап, ғасырларға аныз боларлық күмбез соккан. Соған орай разы болған халқы да Тектүрмас коныстаған тауды Тектүрмас тауы деп атапты.

Әспет алдындағы шампан құйылған бокалды ерніне апарып болар-болмас таңдайын жібітті де:

— Міне, ойыныздың мешеулігі осында, — деп қойып қалды.

Бағдан қызырып жүре берді. Жүргіл лұпілдеді. Тұра беріп шапалакпен тартып жіберсе кайтереді?! Жок, жоллас суретшім, сабыр, сабыр ет. Сен ел адамысын. Кім біледі, осы ресторанда отырғандардың ішінен де өзінді танитындар табылып қалар. Жолжөнекей кездескен әйелмен шатасып, акымак болма. Мүмкін еси ауыскан біреу шығар. Жұрт күлкі етеді. Ашуын осылай ақылға жендірген Бағдан сәл кідірінкіреп барып:

— Құлағым сізде. Айта берініз, — деді сабырлық калыпта.

— Ойыныздың мешеулігі, — деп, Әспет баса кайталады, — мұның несі Айша Бибі? Бұл Козы Қөрпеш — Баян сұлу емес пе?!

Бағдан шалқая отырды. Тағы да қан тепті ме, шекесі шынылдап, көз алды буалдырланып кетті. Карсы бетте енкейінкіреп отырған Әспет мүлде бұлдырап алыстап бара жатқандай: үш үйіктаса түсіне енбеген ой. Қыз даусы тағы естілді:

— Бар айырмашылығы: анда Козы, Баян болса, мұнда Тектүрмас, Айша, анда күмбез тағылық стильде шошак болып келсе, мұнда Орта Азия стилінде жұмырлау. Бары осы. Не жаналық айткыныз келді осымен? Картинанызды қөрген адам кандай ой түймек?

Бағдан есін жиды. Біреу-міреу өз шығармалары жөнінде бірдеме дей бастаса, ішінде жатқан, жай жатқан емес, барған сайын даусы нығызыдалып келе жатқан ала күшік — дыбыс беріп

акырын болса да шәуілдей бастайтын ала күшік бұл жолы үнде-  
мей қалды. Неде болса шыда, Бағдан. Айтсын.

— Картинанызда ой жок кой. Махаббат жок. Күмбездің өзін  
көрмей, картинанызды көрген адам жақынырак үніледі де:  
«Е, әлгі, Айша Бибісі осы екен ғой» дейді де жөніне кетеді. Козы  
мен Баянның ұлылығы — ол екеуінін арасындағы асыл махаббат-  
ка тікен болып көлденен түскен зұлым күш — Карабай, Қодар-  
лар бар. Ал Айша болса, ғашығына келе жатып құншілік жер  
қалғанда дерте шалдықкан. Сейтіп косыла алмаған, арманда кет-  
кен! Осы да сөз болып па? Өлімнен қашқан Коркыт кайда олай  
болса? О да өлген еді ғой. Өлімді азалай беретін болсақ, құніміз  
не болмак? Бір нәрсеге мен құдайдай сенем: егер осы қүмбездің  
енді кайтып ашылmas жұмбак сырында әлеуметтік бір мән, не  
халықтық бір трагедия жатпаса, күр өлім үшін қалдығының өзін  
жұрт тамашалайтын сұлу күмбез соғылмаған да болар еді. Керек  
десеніз, мен әлгі Козы мен Баян күмбезін де жай ғашықтарға ар-  
налған күмбез дей алмаймын. Халық арман қуалаған әмәнда. Сол  
арман жолында ұлы-ұлы хикая-дастандар дүниеге келген. Сол  
дастандарды еніреп тындаған ата өз қызын лакша бакыртып, ұнат-  
пағанының канжығасына байлап жібергенде қолы қалтырамаған.  
Оны сіз де білесіз. Өйткені арман арман да, құнделікті тірлік  
күресі бір басқа. Фольклор халықтың сәби кезінде туған. Ал бү-  
гінгі құннін адамдары сол фольклорға табынып, Айшадан Баян-  
ды жасамак болса, онымыз сәбілік емес, надандық.

Бір ғажабы — басында бас асауша тулаған Бағдан көнілі мы-  
надай ұтымды ой-пікірлерден кейін бір тыныш халге түсті: айта  
берсе екен. Тындаі берсем екен. Рас, Бағданға ауыр-ауыр сөздер  
де айтылды. Мүмкін ондай сөздер басқа біреудің, айталық, өзі  
түстас ер адамдардың бірінен шықса, көнер ме еді, қонбес пе еді?!  
Ал мына сөздер кыз аузынан шыккандықтан ба, ашы болса да  
пәк, таза ойлар секілденді.

Әспет мұдіріп қалды. Әлгі бір ашууланған кезінде шалқая отыр-  
ған Бағдан сол калпынан қозғалмаған екен. «Иә, жалғай бермейсіз  
бе?» дегендегі жоғары карап еді, көзі қыз қөзімен түйісе кетті.  
Керемет, манағы қап-кара көздері үлкейіп алған. Аздап ішкен  
шампанның әсері ме, теренде жатқан қан тамырлары бері теуіп,  
аппак өні сондай нұрлы, жарқын. Жанағы «айта берсе екен, тын-  
дай берсем екен» деген жігіт үғымын растағандай татулыкка, дос-  
тыққа шакырған келбет. Ойламаған жерден оқыс кездескен қыз  
туралы сезім-пікірлерінің тоқтаспағанынан ба, дәл осы сәтте  
орныға бастаған жігіт қөнілі суретшінің қырағы қөзімен: «Ненди  
көріп отырсын, бұл әлі түрмис көрмеген пәк адам ғой, ал сен  
құрсақ көтерген әйел дейсін» деп реніш білдіргендей болды. Бар

киын сәттерден аман өтіп, не айтылса да пайыммен тындауға бел байлаған Бағдан жүзіне тағы да құлкі жүгірді.

— Иә, айта берініз.

Бір кереметі — манадан бері Бағдан бакылаған бір жай: қаншама талап қойып, мінін ашып, сын айтса да, қыз қабағына кірбін ілінбегені. Кыз сөзінен пәктік барын анғарғаны да содан болса керек. Қыз да жымиды.

— Сіз неге қүлесіз? Әлде тілі жана шығып келе жатқан сәби сөзін қызықтайтын үлкен кісі секілді мазактап отырысыз ба мені? — деп еркелеп сұрады.

— Құдай сақтасын. Сөзінізде ашы шындық бар, — Бағдан столға кайта үңілді. — Ал, алып қояйык.

Кыз енді хрусталь болмаса да, шыны бокалдың сирағынан ұстап, Бағдан бокалына нұқынкырап, назбен соғыстыруды.

— Мұны хрустальдің сынғыры деп үғыныз, аға.

Бағдан күлді. Тұсінер ме екен, тұсінбес пе екен дей ме, өзілі әйтеуір астарлы.

— Сіз купеге келіп жайласқаннан бастап мен шыныдан хрусталь сынғырын іздегенмін. Ал таза хрустальдің өзінен шыны дыбысын да ести алмай отырган мына сіз ғой.

Әспет алғашкы рет сылқылдай күлді де:

— Аға, байқаймын, ку екенсіз, — деп сұқ саусағымен еркелей нұскады, — шыны деп отырганыныз сонда мен ғой.

— Кім біледі, хрусталь да шығарсыз. Кайтсе де сіз секілді балакандарды алдауға жететін кулығымның бары рас.

— Ал қакпанынызға түспесем ше? Түспеуге жететін қулық менде де бар болса ше?

— Кайда барам дейсін, түсесің ғой, — деп «сенге» қалай көшкенін Бағданның өзі де байқамай қалды.

Кыз қабағына кірбін ілінді.

— Кімді болсын құртатын нәрсе, өстіп өзін-өзі алдаркату ғой.

Ал өнер адамы үшін өзін-өзі алдаркату өлімнен де жаман.

Бағдан Әспетті сөзден женгісі келді.

— Өлімнен де жаман? Өлімнен жаман да бірдеме бар ма екен?

— Ойбой, ағасы, сіз тіпті мені шынымен бала санайсыз ғой деймін. Сөзініздің сынайы солай. Басқаны былай қойғанда кейде жер басып тірі жүрудің өзінін де өлімнен жаман болатыны бар. Талантты деген, қолынан іс келетін өнер адамы болмай жатып болдым десе, толмай жатып толдым десе, сонын салдарынан артына түк калдырmasa, жай ас ішіп аяқ босатардың өзі болса ол тірліктің өлімнен несі артық?!

Бағдан женілгенін іштей мойындағы да «өзіл ғой» дегенді таңытып:

— Ал, Әспет, алып қояйық, — деді.

Әспет колы бокалға бармады.

— Рахмет.

Бағдан шылбырдың үшын берсе түбіне жармасар кейбір мезілерге ұксап, сөзді кор өтіп, өтінішін қайталамады. Өзі шампанға ернін тиғізіп, бокалын столға қойды. Қайтсе де осы қызды сейлемету қызық. «Ой жок...», «махаббат жок...» Бағданның Әспеттепен таласқысы келді. Махаббат жоқ?.. Махаббат болмаса, онда, ана кирамай бүтін қалған мандайшшада ұзак өлең үшігі: «Аспан... Бұлт... Аруана дүние...» деген сөздер калай жазылған. Аруана дүние? Қандай құдіретті сөз тіркесі! Бүгінгі заманда осындай құдіретті сөзді кай құдайын айта алып еді?! Бірақ сөзуар қыздан именгені сондай, тағы бірдемені бүлдіріп алармын деп жалтара тіл қатты.

— Жақсы. Пікірініз дұрыс дейін. Сіздіңше, Айша кім сонда?

— Айша ма? Айша қайтсе де ақылды, сұлу әйел. Айша — атақты ханның ханшасы. Айша — атақты ханның анасы. Айша — қүйеуі өлгеннен кейін хандықты өз қолына алған так, тәж иесі. Мына күмбезді кім салдыrsa да бір-ақ мақсаты болған: қайтсе де ел ішінде Айша беделі арқылы өз әмірін жүргізу, өз үстемдігін нығайту. Сағым қуаламаныз сіз одан.

«Шынында да сөзінде жан бар-ау» деп ойлады Бағдан.

Әспет сөзін жалғай берді:

— Содан кейін картинаныздын фоны ұнамайды маған. Әлдебір адамдар, машиналар. Бұл не? Бүгінгі заман мен өткен заманның тіл табысқаны демексіз ғой. Қандай арзан, — деп токтады да, содан әрі дауыс ырғағын өзгертіп кекей, шеней сейледі. — Ана тұмсығы қөрінген женіл машинанызды да түсінem: Айша Бибіге тауап етушілердін ішінде әкімдер де бар. Ал алыс қырқадан қөрінген электр линиясы: міне, біздің өмір осында! Соны паш етіп тұр. Егер Айша байғұс: «Мын жылдан кейінгі үрпактарым қандай болар екен?» деп кетсе, міне, қөрсін қандай екенін!

Мына сықақ Бағданның шымбайына қатты батты. Тұрып жүре берсем бе екен деп бір ойлап еді, ана заказын өзі берген шампан есіне түсті. Төлеу керек кой, сол ұстап қалды. Ашу ұстінде:

— Байқа, шырак, мен беделді суретшімін. Тіл тиғізе бастадың, — деп салғанын өзі де білмеді.

Әспет сәл мұдірді де:

— Тіл тиғізді десеніз, ғафу өтінемін. Бірақ мына пікіріме айтар дауыныз бар ма? — деп сұрады.

Бағдан дауласа алмады. Қанша шамданса да, қыз сөзінде жан бар.

— Бедел! Беделді суретші екенінізді жаксы білем, — деп кыз сөзін әрі жалғады. — Бірак бедел әперген, данқынызды шығарған шығарманыздың сикы мынандай болып түр ғой. Бұл не сонда? Бұл сонда беделініздің жалғандығы болып шығады ғой. Шын таланттылар көбіне далада қалып, кейде беделге жай пысықтар ие болып кететіні де болады. Өйткені беделдің жарым-жартысы лакаптан тұрады: пәлен екен, түген екен. Өйттіпті бүйтіпті... Міне, бедел осы, Бағдан аға. Пікір таласында бедел сізге қару бола алмайды.

Мынау бір пәле. Кайда салса да тіліп шығады. Бедел туралы айтканына қалай кол коймассын. Эу баста бұл өзі кол астында істеген аға суретші ше? Ой мен қылқалам мұнықі, атак онықі. Осы ретте бір қызық оқиға есіне түсті. Бірер кісімен бірге кала ортасындағы жана ғана жөндеуден шықкан бір ресторанға барған. Жасыратыны жок, кабыргаларындағы бұрынғы бұл салған өрнектер тамаша еді. Ал мына өрнектерде жан жок, саби баланың қолынан шықкан суреттер секілді. Мұнын осы ойын растағандай жанағы өзімен бірге еріп келген үлкен кісі мұрнын тыржитты:

— Ана пәленшекен салған бұрынғы өрнектер жаксы еді ғой. Мынасы немене?..

— Ол өрнектер пәленшекендікі емес, мына менікі болатын. Мен салғанмын, — деп аныктады Бағдан. Сонда ана кісі:

— Әй, шырағым, не былжырап тұрын? Мені білмейді деймісін! Бұл ертегінді басқа жerde айт! — деп кесіп тастаған.

Әне бедел. Жә, болмаса, жасы да, таланты да сенен әлдекайда төмен бір пысықтарды ал. Бағдан ойлап отырып, сондайлардың он шақтысын санады. Бедел алудың әдісін тапқандар. Жазғандары орта колды жай плакаттан аспаса да, көбіне солар бұрын аталағы жүреді.

Бағдан ашуы тағы тарқап кетті. Соны байқаған Әспет те жынып күллі. Даусында мұңды еркелік бар.

— Бағдан аға, сіз маған ұрыспасанызышы. Келіспесеніз, пікір таластырыңыз. Әйтпесе маған ұрсатын адамдар сізсіз де табылады.

Сонғы сөзді Әспет, неге екені белгісіз, күрсініп айтты. Содан ба, Бағдан жүргегінде оған деген әлдебір аяушылық пайда болды. «Осыным не, жұдырықтай балаға реніш білдіріп... Кайта айта берсін. Бірі болмаса бірі сабак болар. Мүмкін, мұның айтып отырғандарында жүрттандырылған естігені де бар шығар». Өз ойын осылай түйген Бағдан кызыға тағы да шампан ұсынды.

— Алыңыз. Бас-аяғы бір-ақ бокал. Элі орталаган да жоқсыз.

— Соның өзін де сізбен бірге отырған соң ғана іштім, — деді Әспет. Суретшіні ренжітіп алдым ба деген кулығы, әлде шынын сол ма, әйтеуір кайта иілгені хак.

Бағдан оқыс бір шындыкты ашты. Байқап караса кездескен-нен бері үш-төрт сағат уақыт өтіпті. Содан бері сөйлеп жаткан мына каршадай кыз. Ал Бағдан болса, анда-санда ашу білдіргені болмаса, аузын да ашпаған. Жасының үлкендігі кайда? Көп көргені, көп билетіні кайда? Бағданның ойына өзінің Югославия сапарындағы бір окиға түсті: соны айткысы келді. Ішкі есебі – көп жерлерді аралағанын танытып, үстемдік алмак. Әрі жолжөнекей Әспет пікіріне дау айтып, мін де такпакшы. Бағдан енкейе отырды.

– Білесіз бе, Белград қаласында казіргі заманғы өнер музейі бар екен...

Кыз елең ете қалды.

– Казіргі заманғы өнер музейі дейсіз бе? Ал, иә?

– Ен алдымен, музей үйінің өзі кызық. Қабырға, төбелердін бәрі кілен шаршыдан тұрады.

– Ә, кубизм деніз... Пикассо ғой.

Бағдан: «Мына пәле қайда салсан да алдынды орайды ғой» деп ойлады.

– Иә... сол кубизм... Пикассо. Музей – ұзакты күн айтсан да таусылмайтын хикая. Әңгіме – бакса айналып кеткен музей территориясындағы екі-ак туынды туралы. Бірі – «Хаос», екінші – «Гармония». Кісі бойындағы гранит тұғырда тұрған не дейсіз ғой? Бір ретпен бір-біріне пісіріп косқан никель шенберлер...

– Шенберлер?.. – деп таңданды Әспет.

– Иә, шенберлер. Никельді пісіру тым қын ғой. Косқан жерлері бадырайып тұр. Бұл «шедеврдің» аты – «Гармония». Ал музейдін екінші бетінде дәл сондай тұғыр. Дәл сондай шенберлер. Жалғыз-ак айырмасы – калай болса, солай пісіріліп косылған. Онын аты «Хаос». Басқаны былай койғанда, өнер қасиетін тани білетін менін өзім құлдім де, өте бердім. Кенет дауыс шыкты.

– Біраз аялдай карамадыңыз ба?

Жалт бұрылсам, көк шөптеген жамбастап сақалды біреу жатыр.

– Карайтындағы не бар мұнда?

– Ой салады. Мен ертемен тұрып осы жерге келгенімде басында тұқ ой жок еді. Міне, қарап жатырмын. Килы-қилы ойлар шырмауда.

Мен сәл бас изеп, әрі өтіп кеттім. Бірак жанағы сөз есімнен кетер емес. Бір айналып қайта келіп ұзағырақ үніліп едім, өмірдін ашы-тұщысы жайлы ойлар мазалай бастады. Осы күні сол сапарды еске алсам, көніліме бұрын оралатыны – өнерге тұқ катысы жок жанағы коспа шенберлер...

– Ал сосын?..

— Не, сосыны бар?! Кейде біз өнер туындыларын көзбен оқысак та, көнілмен оки алмаймыз...

Бар болмысымен үйіп тындаған Әспет оянып кеткендей болды.

— Сіздер ойлауға мүмкіндік қалдырмайсыздар ғой.

— Неге қалдырмаймыз? Тек оки білініздер.

— Сіз егер Айша Бибінің құламай қалған қабырғасын салсаныз, мен «қалған қабырғалары мен тәбесі қандай болды еken?» деп ойланар едім. Ал сіз ғасырлар бойы шешілмей келе жаткан жұмбактың бәрін шешіп, сырдың бәрін актарып койып тұрызы ғой... Нени оқимын? Не жайында ойланам?

Бағдан жауап таба алмай қалды. Әспет өз ойын жалғай берді.

— Шишкеннің кәдүілгі «Қара бидайын» алынышты. Осы картинаның құдіреттілігі ана теңселе төгіліп, пісіп тұрған қара бидайда ғана деп ойлайсыз ба? Тіпті олай емес. Ондай картинаны сіздер де жаза аласыздар. Онын тағы бір сикыры арғы фонында.

Бола бастаған кай суреткерді алма, өз дүниесінен басқаның бәріне салғырт қарайтындығынан ба, Бағдан ол фонды айқын калпында көз алдына келтіре алмады.

— Бергі бетке қара бидайдың сыйбырын естігендей болып тамсана қарасаныз, арғы фонға колынызбен көзінізді қалқалап, өкшенізді көтеріп, мойнынызды соза қарайсыз. Неге? Себебі елеусіз бір дөн аскалы тұрызы ғой. Сол дөн астында не бар еken деп қарай-қарай көзініздің талатыны содан. Бергі ернеуден тіпті айқын басталған қара жол да, бара беріп, бұрылып кетеді. Соған қарап «бұл жол кайда апарады еken?» деп сұрау қойып, білмеккे құмартпаймын денізші. Ал, сіздер болсаңыздар, егіні жайқалған теп-тегіс егістіктің дәл ортасына шашты, шашсыз біреулерді әкеп салып қоясыздар. Ол жөнінде не ойлау керек? Бидайының да жаксы. Адамдарының да тамаша. Кілен кайраткерлер. Шабуға жарай ма? Қанша центнерден алмаймыз? Әңгіме осы. Бас катырар не бар онда?

Бағдан қабағын түйді.

— Не қыл дейсіз сонда. Ашылар Америка баяғыда ашылған.

— Шын ізденгенге ашылмаған Америкалар әлі де бар.

— Қалай де, бұл пікірге косыла алмаймын, — деп Бағдан дауласа кетті.

Әспет мұдірмеді.

— Бүкіл жазушы қауымы болып көркем әдебиеттегі Америка баяғыда ашылып болған деп шулап жүр еді. Маркес келді де роман жазудың жана жолын тапты ғой.

Бағдан нығарланқырап айтты:

— Онынызды қойыныз, Маркс еш уақытта да роман жазып көрген емес.

Әспет ішегі катқанша құлді.

— Маркс емес, Маркес. Габриэль Гарсия Маркес. Колумбия жазушысы. «Сто лет одиночества». Оқыған жоксыз ба?

Бағдан ақымак болып қалғанын сезінді: оның бір кемшілігі — колына түскен шығармалар болмаса, іздел, індептіп жүріп ештенені оқымайтын еді. Соған қызы алдында үялды да:

— А, Мар... кес?! — деп біледін адамша мән бере айтты.

— Байқап отырымын, Бағдан аға, бәрібір, Маркесті оқыған жоксыз, білмейсіз.

Бағдан тағы да қабағын түйді:

— Сіз өзі кімсіз?

— Өзініз айттыныз ғой, Әспетпін, — деп қызы сүлкүлдай құлді.

Байқаса, Әспет кейіпінде сенгіштік пен жылылықтан басқа, жаңа ғана қатты сөз айттып, жасы, жолы үлкен ағаны ренжітіп алдым-ау деген құдіктен нышан да жоқ екен. Соған орай:

— Бағдан аға, тамақ алсанызышы, — деп қызы колын ілгерірек ұсынынырап столға салды. Саусактары түп-түзу, тым салалы екен... Көнілдін теренінде жаткан әлдебір түсініксіз, әзәзіл сезім жігіт колын көтере берді. Ырық берсе, қызы колының үстіне салмақ. Алда-жалда Әспетті ренжітіп алса, жұбату да онай: суретшіге адамның қай мүшесін болса да зерттеуге ерік берілген ғой. Оны мынадай білімді қызы сөкпеуге тиісті. Бірақ табиғатында сыпайы Бағдан әрі аскан жок.

— Колыныз неткен нәзік, саусактарыныз қандай салалы еді! Пианистка емессіз бе?

Әспет жымышп құлді де, колын тартып алды.

— Жоқ. Пианистка болу бізге қайдан келсін. Бірақ өнерді жақсы көрем. Актриса болғым келеді.

Кыздын бұл өзі жөніндегі бірінші сөзі.

— Ал, иә?

— Консерваторияның актерлік факультетіне бара жатырмын...

— Ә, онда сәтті сапар болсын.

— Раҳмет.

Кездескеннен бергі екі көнілдін үндестік тапқан бір сәті осы ма, екеуі де кідіріп қалды. Сол үнсіздікті әуелі Әспет бұзды.

— Бір машиғым да бар еді...

— Қандай машиқ?

— Жақсы картиналардың репродукцияларын жинастынмын, — деп Әспет ашыла сейледі.

«Е, жақсы картиналарды жинаса, «Айша Бибі» де жаман болмағаны ғой, — деп, далбасалады қызы сөзі шымбайына бат-

кан суретші. – Бірак ілулі тұрған жерінен неге алып тастанды екен?»

– Е, содан екен ғой, өнердің бұл саласында ешкімге дес бермейтінің...»

Әспет рақаттанып, балаша мәз бола күлді. Пілдей суретшінің апшысын қуырып тастағанына дән риза.

– Бірак бұл машиғынызды өткен шакта айтып отырсыз. Казір не, жинамайсыз ба?

Кыз кейпіне кіrbіn ілінді.

– Жинамақ түгіл, жинағандарымның қайда қалғанын да білмеймін...

– Неге?

Әспет күрсінді.

– Бағдан аға, оны сұрап қайтесіз. Есіме алсам құр жанымды жегеннен басқа пайда жоқ. Әрі мына жаксы сапардан келе жатқан сізге де көнілсіз әнгіме айтып, мазанызды алу лайық емес.

«Кара, мазаны алмайтын адамның түрін!» деп ойлады Бағдан.

– Тамағынызды алыңыз. Кетейік. Менің түсетін уақытым болды.

– Қалайша? Алматыға бармайтын ба едініз? – деп сұрады қызы Алматыға бара жатыр деп түсінген Бағдан.

– Мына Шуда бір шаруам бар. Алматыға кейін барамын.

Кеп кешікпей, поезд Шу станциясына келіп токтады. Өз творчествосы туралы қаншама артық-кемді сөз айтылғанымен, бұл жігіт «ал кеттімі» жоқ, кай күбылысқа болса да әріректен теренірек үніліп қараяуга кабілет-парасаты жете бастаған, соның жаксы-жаманың айырып ала алғатын халдегі суретші еді. Сол себепті суретші Бағданның ат өтті ренішін азamat Бағдан соншалықты білімдар, ойға жүйрік, пікірге мығым өзет қыз алдында жығып берді де, Әспетті шығарып салды. Коштасарда тұнғыш рет колын үстады. Жып-жылы, жұп-жұмсақ. Қанша салалы десен де, жігіт алаканына сұнгіп кеткен кішкене кол дұрс-дұрс соккан жүректің өзіндей, тамырлары лұп-лұп етіп біршама тұрып қалды. Босанбак болып, болмашы қарсылық жасап еді, оған жігіт алаканы көнген жоқ.

– Ен болмаса, мені осы қызықтан айырманыз.

– Поезиңыз жүріп кетеді ғой, – Әспет мұны сыйырлай, нәзік леппен айтты.

– Алматыда қайда токтайсыз? Іздеп барайын...

Кыз колын босатып алды да, басын шайқады.

– Керегі қанша?

– Өзім де білмеймін. Әйттеуір кездескім келеді.

— Жок, Бағдан аға, қажеті жок. Мені сіз іздеуден гөрі, сізді мен іздел табу онай ғой. Реті келсе өзім хабарласармын...

Поезд козғала бастады. Жұмбак қызы кол бұлғап кала берді.

### 3

Ғаламат! Кездесу деген әр киңи екен ғой. Бір кездесу бар: сондай сыпайы. Сондай сұлу. Әнгімелестін, әзілдестін де. Қабак шытқан бірін жок. Коштасуын да сондай әдемі. Тіпті аты-жәндерінді айтыстындар. Адрес, телефондарынды берістіндер. Поезд жүре берді. Купеге кірдін. Кіре салысымен газетке не-месе кітапқа үнілдін, не далаға қарадың. Жанағы адамынның тіпті көленексі де жок көнілінде. Көзден таса — көнілден гай-ып. Бейне бір кездеспеген, сөйлеспеген, бірге отырып дәм де татыспаған секілдісін. Зым-зия. Ал мына кездесу мүлде бөлек: таласа келді де, кетерінде жайын да айтпады. Керемет! Сабырлы деген Бағданың өзі кол жұмсал та кала жаздалы. Сөйткен жігітін енді конылтаксып, жуденкіреп калды. Элгінде ғана карсы отырған, карсы отырып алып, мұның бар болмыс-қасиетінің борша-боршасын шығарған сұнғак бойлы талдырмаш қызы көнілдің ойранын шығарып кеткендей. Даусын сағынды. Тостағандай қара көзіне, аппақ мінсіз келбетіне қарағызы келді. Бірдемені ести алмай, бірденені көре алмай қалған секілді. Естігісі, көргісі келеді. Бауырын әлі жаза алмай келе жаткан поездан қарғып түсіп, куып жетсе... Сөйтіп, ертен-бұрсігүні Алматыға бірге келсе...

Бағдан терезеге қарады. Поезд әлі қаладан шығып болмаған екен. Кілен бір жалан қабат аласа үйлер айналып артта қалып жатыр. Әне, ана бір ак үйдін қалтарысынан сұнғак бойлы бір қызы шықты. Колында кол чемодан. Ақ өнін ашатын ақшыл кек көйлегін куалап жел соғады. Кыздың құлын мүшесі ап-айқын. Кетіп барады. Кайда бара жатыр? Жігіт оған жауап таба алмады.

Осы бір алабұртқан көнілмен Бағдан Алматыға келді.

Сәлима мен кішкентай Алданы қуана қарсы алды. Алдан «папалап» мойнынан қысып алса, жырма шакты күн көріспеген Сәлима ол жер, бұл жерімен сүйкеніп, сағынғандығын айқын танытады. Үйге келді. Тап-таза. Жып-жылы. Өз үйі, өз ошағы. Егер осы үй болмаса, мына Сәлимасы, Алданы болмаса, Бағданың күні нешік? Жауап орнына Бағданың аркасы мұздалды. Қарсы алған қошеметті достармен тамақ ішілді. Бір қуаныш — «Огонек» журналының сонғы санында Бағданың «Есіл бойында» деген картинасының репродукциясы жарияланған екен. Жұрт колдан-колға жүгіртіп соны тамашалады. Тағы бір картинасы бір жиналыста бір үлкен басшының аузына ілігіпті. Ол да үлкен

куаныш, дәреже. Өйткені ондай адамдардың аузына екінің бірі іліге бермейді. Шіркін, осы бір жақсы лепес, кошемет сөздерді Әспет естісе... Мынадай керемет достары, Алдан секілді нәсілі бар екенін өз көзімен көрсө... Сәлима секілді жары бар екенін... Бағдан мұдіріп қалды. Кенет көз алдына үйірліп қалып бара жаткан жалаң қабат үйлер, сол үйлердің арасында кетіп бара жаткан сұнғақ бойлы бір қыз елестеді. Қолында кішкене чемодан. Кетіп барады. Қайда бара жатыр? Соған жауап іздегендегі бұрыла қарап еді, мойнынан қысып құшактап алған Алданының колы жазылышп, үйқыға кетіп бара жатыр екен. Енді түсінді, оң жағында осы бір сәтті тамыршыдай андып жаткан Сәлима жана толысып пісіп, бар ләzzаттың құдіретін түгел игеріп құныққан жастық қызуымен бері аунап түсті. Тұла бойы дертіп тұрғандай.

— Самолетпен келмей... Сағындырдың ғой, жігітім...

Көнілінде бір көленкесі болғанымен ары таза келген жігіт жар алдында үялған жок. Аз уақыт па, көп уақыт па, сағыныш құмарлар тарқаған кезде өрі, өз төсегіне карай жайыла тускен Сәлимаңың даусы шыкты:

— Самолетпен неге келмедин деймін?

Не сұмдық? Бағданың көз алдында: жалаң қабат үйлер. Ақшыл көк көйлегін жел қуалап кетіп бара жаткан қыз...

— Қайда бара жатыр?..

— Кім қайда бара жатыр? — деп сұрады Сәлима.

Бағдан үндемеді.

Бүгінгі күніне, Бағданға, Алдан секілді баласы барлығына дән риза, осыдан артық пәлендей ештеңені тілей бермейтін Сәлима байғұс түсінген жок... «Жолдан шаршап келді ғой, дем алсын» деп көрпесін бүркенді. Ал өз әйелінің қасында жаткан Бағданға әлдене жетпейді. Не жетпейді? Кімді іздейді ол? Өз әйелі, Сәлиманың қасында жаткан Бағданға, неге екені белгісіз, Әспет жетпейді. Алабұртқан көнілі Әспетті іздейтін секілді.

Баурап алған осы ойды арқалап ол ертеңіне машинасын тұташып, гаражынан шығарды да шеберханасына барды. Жиырма шакты күн көрмей, сағынып келген өз шеберханасы. Таныс иіс. Әр килі бояулар иісі. Бағданың өз иісі. Кеше әлдебір киялдың шалығына бой алдырып жолдан келгенде қожасын сағынып күткен жып-жылы, тап-таза үйін көріп: «Бұл үй болмаса күнім не болар еді?» дегенде, Бағданың арқасы мұздап еді. Бүгін, мына шеберханасында, сол сезім қайта баурады. Кім білсін, ол үйі болмаса, өлмейтін де шығар. Кийіндық көрер. Азап шегер, жүдер де. Бірақ өлмес. Ал мына шеберханасы болмаса, өліп қалатыны айдан анық. Бұл — касиетті мекен. Бұл оның бар болық, мазмұны. Бұл — оның нақ өзі.

Бағдан кірген бетте ең алдымен қылкаламды ұстады. Неге екені белгісіз, мұрнына апарып іскеп қойды. Кебінкіреп, бояу іісі кетінкіреп қалған екен. Бір-екі тюбиктен бояуды сығып шығарды да, араластырынқырап жіберіп, мольбертте түрған по-лотноның жабуын көтерді. Ар жағында әлдебір сзықтар, адам кейіптерінің нобайы. Солардың әр жерінен қылкалам ұстаган колы жорғалай кетті. Енді бір сәтте токтап қалды. Сап еткен ой: бұл суретке Әспет қалай қарап еді? Бағдан ойланып қалды.

Әспет?! Бұл кім өзі? Жын ба? Пері ме әлде? Ойланбастан жаңағы нобайды мольберттен ағытып алып еді, астында мұның ертерек кезде жазған «Егін даласы» деген картинасы шыға келді. Бағдан әуелі шошып қалды: жаңағы жайкалған егін ішінде жалтыр бас біреу тұр. Енді есіне тұсті: салуын салса да, картинаның бірдемелері ұнамайтын өзіне. Соны жөндесем бе деп, кайта жазсам ба деп іліп кеткен. Кенет Әспеттің «Қара бидай» туралы айтканы есіне тұсті де құлді. Рас екен-ау. Ойлауға пұрсат бермейді екенбіз. Бағдан съезге кетер алдындағы ойынан тез айнұды да, картинаны мольберттен жұлып алып, есікке қарай лактырды. Әспетті неге іздейтінін енді тапқандай: Сәлима өмір серік болса, Әспет ой серік. Ой серікке Бағдан зәру екен. Содан болса керек, Сәлиманы шеберханаға бұл шакырмайтын. Сәлима да келем дей коймайтын. «Ананы жазып жатырмын», «мынаны жазып жатырмын» десе, «е, жақсы» дейтін де коятын. Нені жазып жатыр, қалай жазып жатыр? Сәлиманың онда шаруасы жок. Әйтеуір жазса жақсы. Әйтеуір жазғаны өтсе жақсы.

Осындай бір сырды ашкан Бағдан үйге келсе де, шеберханасына барса да, телефон шылдырласа, жүгіріп барып, трубканы өзі алатын болды. Хабарласамын деп еді. Телефон соғып қалар деп күтеді. Апта өтті. Ай өтті. Келер жылдын көктемі келді. Алабұртқан көnlі басылып, көnlдегі Әспет суреті көмексілеңе берген... Сол көктемнің бір әдемі күні тұс әлетінде тағы бір телефон шылдыры шыкты. Дағдылы шылдырлардың бірі шығар деп ойлаған Бағдан:

— Әй, Сәлима, трубканы көтерсейші, — деп дауыстады.

Трубка көтерген Сәлима әуелі: «Бұл кім?» деп тіксініп сұрауды да: «Білмеймін, бір әйел, сені сұрайды» деп телефон трубкасын Бағданға ұстадты.

— Бағдан аға, бұл менмін ғой, — деген дауыс шыкты. Сондай жылы, сондай таныс, бірақ сондай алыс дауыс. Капелімде «бұл кім еді» дегендей Бағдан токтап қалды.

— Мен Әспеттің ғой...

Күте-күте сарғайғаны ма, әлде ойламаған жерден қуанғандығы ма, Бағдан даусы ерсі:

- Ойбай-ау, қайда жүрсін, шырағым-ау?
- Бағдан аға, кездесе аласыз ба менімен?
- Неге кездеспейін. Кездесе алам.
- Ендеше далаға шығынышы, — деп Әспет кездесер көшелердің түйілісін айтты. — Құтем.

Бағдан тез киінді. Мойнына асылған Алданға да караған жок. «Кайда барасын?» деген Сәлимаға: «Радиодан даусынды жазам деп еді, көп күттірді фой» деп қосынқырап жіберді де, далаға жүгріді.

Былтырғы Әспеттің өзі. Тұқ өзгермеген. Кейлегі де баяғы акшыл көк. Чемоданы да сол. Бағданнын сағынғандығы сондай, жақындал құшақтағысы келіп еді. Әспет салқын кейіппен қолын алға тосты.

- Бағдан аға, мені Жамбыл қаласына алып бара аласыз ба?

Сұрактың оқыстығы сондай, Бағдан алды-артын бағдарлай алмай қалды.

- Апара алмасаныз — киналманыз. Бірақ тұрасын айтыныз.
- Неге апара алмаймын. Апара алам...
- Менің бүгін кешке сол қалада болуым керек еді... Ертенгі күні кеш болады.

Бағдан басқа сөз катпады. Гаражға келіп, машинасын тұтатты. Үйге келсе, Сәлима жұмысына кетіп қалған екен. «Айтпай кеткенім жән болмас» деп телефон сокты. «Мен тығыз бір шаруа-мен Жамбыл қаласына кетіп барамын. Екі-үш күнде оралам. Алан болма».

Сәлима байғұс: «Онда не бар еді? Неге бара жатырсын?» деп жатпады. Жалғыз-ақ айтканы: «Жолға сақ бол. Байқап жүргейсін». Бары сол. Сәлиманың бір кереметтігі — ұсақ емес. Күйеуінің ізін бағып, жолын андыған күні жок. Ерте кел, кеш кел, аман келсен болды. Кейде түннін бір уағына дейін жұмыс істеген Бағдан: «Шаршап отырмын, шеберханада кона салайын» деп телефон сокса: «Шәйнегін бар еді фой, болмаса шай кайнатып ішсейші» деп камын ойлап, қамкорлық жасағаннан басқа тұқ айтпайтын. Кей жолдастарының әйеліне үқсап, қайта тексеріп немесе кезекшімен хабарласып, «шеберханасында ма, касында кім бар» деп қазбалап жатпайды. Осы кендіктің аркасында олар тату, ұрыс-қағыссыз тірлік етіп келе жатқан жандар еді. Бағдан әйелінің осы кендігін тұнғыш рет пайдаланды да, сүйт жүріп отырып түннін бір уағында Жамбыл қаласында кірді. Неге келе жатқанын әлдебір ойға бағынқырап, көнілсіз отырған Әспет айтқан жок. Өзі айтпаған соң Бағдан сұрамады: әйтеүр қызы өтінішін орындаған соң, неге келе жатқанын білуден келер-кетер не бар?!

Әспеттің айтуымен кішкене «Жигули» машинасы каланың шет жағындағы жұптынылау бір там үйдің алдына тоқтады.

— Бағдан аға, мен бір нәрседен кысылып келе жатырмын, — деді Әспет машинаның есігін аша беріп.

— Кысылма. Айт, — деп Бағдан енді «сенге» көшті.

— Бұл қалада машина коя алатын, түнеп шыға алатын мүмкіндігініз бар ма?

Бұл мәселені Бағдан әлдекашан шешіп койған еді, осында өзімен бірге оқыған Маусымбек деген досы болатын. Театр суретшісі. Алматыдан соған телефон соккан-ды, күтіп отыр.

— Бар болғанда қандай!

Әспет куанып кетті.

— Ертең онда сізді мен осы арада күтем... Сағат екілер шамасы... — деп қалып қойды.

— Жаксы, Әспет. — Кішкене машина зымырай жәнелді.

Маусымбек, расында да, үй іші болып күтіп отыр екен. Бірге оқығанымен, мәдениет пен өнер орталығынан алыстау облыстық қалада тұрып жатқан Маусымбек бұл күнде аты шығып, өзінен көш ілгері озып кеткен досын тамак үстінде әнгімеге тарташып, ананы-мынаны сұраған еді, жолдан шаршанқырап келгендейтін бе, әлде жұмбак Әспеттің мына жұмбак жайын ойлап мазаланды ма, әйтеуір Бағдан шешіле койған жок. «Не шаруамен келдін?» деген сұракка да: «Творчествоның жолымның бір ұшы мына Айша Бибіге байланысты ғой. Соның бір детальдарын көріп қайтсан ба деп едім» дей салды. Әнгіме осымен бітті.

#### 4

Ертеңіне басқа ешкіммен кездесуді қалай қоймаған, бөтен ермегі жок Бағдан уәделі жерге айтылған уақыттан ертерек жеткен еді. Машинадан шыға беріп, арғы беттен үйіне қарай келе жатқан Әспетті қөрді. Устінде жәнсу киім, колында күрек. Бағдан карсы жүрді. Бір қадам қалғанда Әспет айнала берлі де, бағын тәмен салып, тұрып калды. Күрегі колынан түсіп кетті.

— Не болды, жаным? — деді шошып қалған Бағдан. Әспет тіл қатпады. Көз жасына булығып тұрғаны дірлдеген тұла бойынан анық сезіледі. Тебіреніп кеткен Бағдан тағы тіл қатты:

— Айтсанышы, Әспетжан, не болды? Кім жәбірледі? — Осы сәттегі риясyz жігіт сезімі: жәбірлеген біреу болса, колында өлу.

Әспет тез түзелді.

— Бағдан аға, ғафу етіңіз, мен қазір... — деп күрегін алды да, үйге қарай жүгіре жәнелді.

Біршама уақыт өтті. Машина төнірегінде әрлі-берлі жүрген Бағдан Әспет жайын ойлады: күрегі несі? Киген киімі неге жәнсу? Бақша салмайтын шығар? Жер қазбайтын шығар? Ойлап-ойлап таба алмады. Айдан анығы — қайтсе де жанын жегідей жеген бір

қайғысы бар. Әйтпесе өр мінез әлі танысып болмаған, жақын-даспаған адамының алдында әлсіздік көрсетпесе керек еді ғой.

Жігіт көзі мына бір жөнсу үйде. Шыбықпен коршалған аула. Сол ауланың көне дарбазасы кисайып, кішкене какпасының шарбактары түсіп қалғанына караганда күтімі жоқ үй. Жалғыз-ақ көнілге тоғы – аула ішінде көктемнің мына дер шағында гүлдеп жапырақ жайған алма ағаштары. Әріректе кою көленкелі бір бәйтерек. Тұбінен сылдырлап арық ағып жатыр. «Әспетпен бірге демалып отырап ма еді?!» деп арманады Бағдан. Сол кезде Әспет үйден шықты. Әлсіздік көрсетіп алған әлгі бір сәттін әсерін басқысы келді ме, құліп келді. «Құлгеніңмен қайғынның барын көріп тұрмын ғой, жасырмай айтсаншы одан да» дегендей Бағдан қыз көзіне тұра карады. Кыз да каймыккан жок:

— Бағдан аға, Айша Бибіге барып кайтсақ кайтеді?! — деп өтінді жымия күліп.

Айша Бибі! Бұл күмбез әу баста Тараз, жүре келе Әулиеата, кейін Жамбыл аталған осы бір ежелгі казак қаласының іргесінде көне заманның бізге, бізден кейінгі үрпактарына сыйласп кеткен гүл шоғы секілді-ау, шіркін! Бағдан бұл жерге қанша рет келмеди! Қанша рет сынып түсіп кираған кірпіш-өрнектерге үнілмедин. Соның бәрінде де керемет бір сезім билейді оны. Атакты Самарқанд өрнектерінен үш жұз жыл бұрын, жер-дүниеге данкы кеткен Тадж-Махалдан бес жұз жыл бұрын тұрғызылған, Селжук жұртының аузымен құс тістеген сұлтаны – Санжар батыр күмбезімен тұрғылас бұл күмбез, сакталып қалған бір қабырғасының өзімен-ақ, құрылыс пен сәулет өнерінің небір кереметтерін көзімен көріп, қолымен жасап, танғалудан калып бара жатқан бүтінгілердің өзін де табындырып, бас иғізбей коймайды ғой. Көнелік жағынан бері, көлем жағынан кіші болғанымен сәулет өнеріндегі сұлулықтың бұл үлгісін Периклдің көрегендігі, Фикийдің даналығымен тұрғызылған Парфенон мен Эрехтейоннан әсте кем дей алмайсын. Жалғыз-ақ өкініші – «Колда барда алтынның қадірі жок», алтынды алтын дейін, жаксыны жаксы деп бағалай білейік деп біліп айтқан тілі жүйрік, колы шабан халықтың кеш кимылы өте кымбатка – үш қабырғаға тұсті. Киелі күмбездін кираған кірпіштері табылып, тауап етуге келгендердін, әуескайлықпен жай тамашалауға келгендердін колдарында ғана кеткен жок, іздейтін көз болса, ол кірпіштер күмбез тәнірекіндегі бүтін оты маздал жанған, бірак, ертенгі оты қалай жанары белгісіз тоғышарлар үйлерінің пеш қабырғаларынан да табылып қалар еді-ау. Әттең, не керек!.. Амал бар ма, кайтсе де қалған кірпіші жиналып, құламай тұрған қабырғаның шыны қалпакпен жабылғанына да шүкіршілік жасап, дәтке куат санайсын ғой.

Әспет те, Бағдан да тіл каткан жок. Күмбезді үнсіз жүріп үш айналып шыкты да, машинаға отырды. Мұмкін, осындаға үндеудін керегі де жок шығар. Үн катып, сейлеп түр ғой Айша Бибі. Сегіз жұз жыл бойына сойлеп түр. Адам баласын сұлулыққа мегзеп, татулыққа, достыққа шакырып түр. Қасиетті осы жерге келген көнілі оғы адамдардың үндемей қалатын себебі де сол Айша Бибі үнін тыңдағандықтан болса керек. Ол үнді әркім өзінше естіді. Өзінше ұғып, өзінше көкірегіне ұлатады. Соған уақыт кажет болса керек-ті.

Кішкене машина бұрылып, асфальт жолға түсті. Алда: «Міне, мен кандаймын!» деп, Айша Бибіге қыр көрсеткендей, көк түтінін будактатып Жамбыл қаласы көрінеді. Одан әрі ел аузында анызға айналып кеткен Тектүрмас тауы. Жолда, сұы тобықтан келмесе де, дүрліге ағатын Аса өзені. Сол өзенге дейін үнсіз келген Бағдан машинаны ірке жүрді де, көпірге жете бере кілт бұрылып, жоғары салды. «Қайда барасыз?» деп Әспет сұрамаса да, Бағдан өзенге жақындал келіп, шөптесін көгілді бір жерге токтады да:

— Аздап тынышып, демалайык. Тамак ішейік, — деп машинадан шыкты.

Әлгіндей болмай брезент жайылды. Машина артындағы тағамдар, ішімдіктер алынды. Аздап шампан ішкендіктен бе, Әспет көнілденейін деді. Бал-бул жанған екі беті сондай нұрлы. Екеуі суға түсті. Асты құмды, тасты келген өзен ағынына бой бере алмай жығыла жаздаған бір сәттерде Әспеттің Бағданға сүйеніп қалған да, Бағданды құшактай алған да кезі болды. Сонын бәрінде де жігіт сабырлылық танытып, кызды сүйеп қалды, демеп жіберді. Бас жок, көз жок жармаса кеткен жок. Соған разы болды ма, кім білсін Әспет бір сәтте судан шығып, күнге кыздырынып жаткан Бағданның қасына келді де:

— Бағдан аға, жылан жегім келіп кетті, — деді.

Бағдан жансақ естідім бе деген болса керек, қадағалап қайта сұрады.

— Не жегім келді дейсін?

— Жылан... жылан тауып берінізші.

— Кайтіп жейсін?

— Шикідей де, пісілей де...

Жок, Әспет ойнап тұрмаған секілді.

— Табылса іздейік, — деп Бағдан орнынан тұрды. Екеуі енді судан өтіп, арғы жағаға шыкты да, катарласа отырып, өзенде өрлей салды. Бет алды тау. Соған дейін бұркырай көктеген кен жазық кайқаң қөкленбек. Біреуі екеу, екеуі төртеу болып өніп, өрбіп көбейіп жаткан тірлік. Көктемнің жылы лебімен жеткен әр килем шөп иісі мұрынды қытықтайды. Олар құм аралас тасты жағамен

едәүір жүрді. Алда аласа кабакта жалғыз тал тұр. Қаралы әйелдін жаюлы шашы бейнелес шашакты майыскак бұтактарын иіп, төмен салып жіберген...

— Мына талдың атын білесіз бе? — деп сұрады Әспет жақын-дап келгенде.

— Білем. Плакучая ива...

Әспет күлді.

— Жоқ, қазакша не дейді?

— Естіген емеспін. Жылауық тал дейтін шығар? — деп Бағдан ағынан жарылды.

— Білмесеніз, біліп койынныз. Мұны қазактар «Мәжнүн тал» дейді.

— Мәжнүн тал?.. Ғажап!..

— Табылған ат емес пе?

«Табылған ат болғанда кандай!» — Бағдан енді байқады, мәжнүн тал түбі — кою көленке, әрі көктемнің ерте шағында су жүретін өзекше, жұп-жұмсақ таза құм. Біршама жер жүріп, үстібасы құргап, енді қызына бастаған екеудін демалуына сондай жайлыш орын. Манағы жұптыны үй алдындағы тубінен арық ағып жаткан бәйтерек көленкесінде «Әспетпен отырып демалар ма еді» деген арманды сезім дүр етіп қайта ояны.

— Әспетжан, көленкеде отырып демалсақ қайтеді? — деп Бағдан қыздың колынан үстады.

— Шаршап қалдыңыз ба? — деді Әспет жымырап. Бағданның өз байлауы бойынша Әспеттің мұның алдында назданып, әйелше сөйлегені осы.

— Шаршамасақ та... Ен болмаса, кейін айта жұру үшін...

— Мейлі... ырқындың білсін....

Екеуі тал тубіне келіп отырды. Бағдан айналаға көз салды. Кол созым жерде дүрліге ағып жаткан өзен. Машина біршама алыста қалған. Тәніректе қыбырлған пенде жоқ. Сөйтсе де секемшіл жігіт көнілі дәл басты. Тал түбі жат көзден таса, ойда екен. Осы бір жағдай өл берді ме, қасында тым жақын, алған деміне дейін сезіліп, қеудесі мен бөксесінен басқа жерінің бәрі жаланаш отырған Әспеттің аркасына Бағдан колын салды да, өзіне карай тартты. Кыз бейғам отырса керек, әуелі түк карсылықсыз кисая кетті де, келер сәтте барып түзелді.

— Бағдан аға, керегі канша?

— Керегі каншасы несі? Мен сені жаксы көріп калдым ғой, Әспет.

Әспет құмды шүқылады.

— Мен сізді ендеше бұрыннан жаксы көретінмін...

— Олай болса, бөгет болып тұрған не?! — деп жігіт еркінірек кимылдап, қыздың аш белінен алды. Жүрегі дүрсілдеп, аяқ-колы

дірілдеп кетті. Әспет бірак көнген жок. Каттырақ күш салып, жігіт құшағынан босап шыкты да, жылжып әрірек барып отырды.

— Бір сәттің әлсіздігіне бой алдырып, арзанға барманыз, Бағдан ага. Биік болыныз.

Кызық. Қазіргі заманғы машиналардың алдынғы әйнегін та-залайтын щеткалар керемет жұмыс істеп тұрып, машинан сазға батып қалған кезде, мотордың бар қуат-күші донғалакқа жұмса-латындықтан, тоқтап қалатыны болады. Мына жерде Бағданың да жанағы щетка секілді бір нүктелері істемей қалды.

— Олай болса, неге алып келдің бұл қалаға? — деп төзімі тау-сылған жігіт бүрк етті.

Өз ойының тым биік тұғырындағы ақылды, сыпайы, сабырлы деген Бағданың ашуға бой алдырған мына бір кейпіне Әспет таңдана қарағандай:

— Сонда не, бір сәттік нәпсі үшін ғана шакырған екен деп ойлайсыз ба?

Тұзелер Бағдан жок.

— Енді не үшін!?

— Онда тым арзан ойлағансыз, Бағдан ага. Мені қойшы, ерік берсем, балтыры қотыр, басы таз болса да ереккін деп кеудесін қағар наладандардың кез келгені жәбірлеп кете алады. Ал сізге не болған? Мен сізді еркек емес ер деп танып едім ғой. Сіз осы арзан ойынызben өз бағанызды төмендетіп алып тұрғанынызды бай-камайсыз ба?

Машина әлі саздал жатыр. Щетка жұмысқа қосылған жок. Алдынғы әйнектін кірі калындаі түскен. Бағдан түкті көрер емес.

— Сондағы ойын не? Мені өзіне біржола қаратып алу ма сон-дағы ойын? Катын-баламды тастауым керек пе мен сонда?

Әспет көтеріле беріп, жүресінен отырды. Енді ол Бағданың үстінен қараған секілденді.

— Бағдан аға, не айтып кеттініз? — деп кыз таңдана сөйлемді. Даусында зіл де, ашу да жок. Окыстан суға батып тұншығып бара жатқан кісінің дәрменсіздігі ғана сезіледі.

— Егер менің бар есебім — сізді өзімекі біржола қаратып алу ғана болса, онда менің ойым жанағы сіздің ойыныздан да арзан болып шығар еді ғой.

Машина саздан шығып кеткен секілденді. Щеткалар тырсыр ұрып, кір басқан әйнекті тазалай бастады. Өзіне енді келген Бағдан кисая кетті: «Мен не істеп қойдым осы?»

— Бағдан аға, сіз мені мұнда алып келгенінізді бұлдайсыз ба?

Бойы суынып, сабасына келген Бағдан енді көзін жұмып, жұмсақ құмда созыла түсіп тыныш жатқан калпы, салмакты қызға сала сөйлемді:

– Өзініз қалай деп ойлайсыз?

Жігіт қайта «сізге» көшті.

Бірақ Әспет оған тұра жауап бермеді. Өз ойын әрі жалғады.

– Менде бір арман бар. Тегі, орындалмайтын арман.

– Айта берініз. Құлагым сізде...

– Дүниедегі ен кішкентай адам мен болсам... Менен басқалардың бәрі үлкен болса... Мен кішкентай болып еркелесем... Олар менің қай еркелігімді болса да көтере білсе... Ал шында п келгенде, мен кездестіргендердің бәрі кішкентай, құмырска секілді табанда жатады... Үлкені де, ақылдысы мен білімдісі де өзім болып шығамын...

Көзін жұмып, шалқасынан жаткан Бағдан мына сөзге карсы дау айтпақ болып козғала берейін деп еді, өзіне төніп, жакында п қалған Әспетті демінен сезді де, кимылдысы қалды. Рас екен, кыз ерні жігіттің бетіне жабысып шөп етті де, бұл карманғанша болмады, қайта алыштан кетті.

– Сау болыныз, Бағдан аға...

Бағдан жауап қатпады. «Қайда баар дейсін, қайтып келеді ғой» деген оймен біраз жатты. Айнала тып-тыныш... «Қайда екен?» деп бір кезде басын көтеріп, көзін сығырайтса: Әспет ұзап барады екен.

– Әспет, жылан іздемейміз бе?

– Ойнап айткам. Жылан жейтін жерік емеспін, Бағдан аға.

Көп болса машинаға баар. Мұны сол жерде күтер... Бағдан шалқасынан жаткан қалпы қөзін ашты: аспан көкпенбек. Сол мөп-мөлдір көк аспанның бір киырында бір-екі акша бұлт қалықтап барады. Кенет Айша Бибі құмбезінде жазылған ақын сөздері жадына оралды: «Аспан... Бұлт... Аруана дүние...» Аруана дүние! Ғажап! Ана, тазалық-татулықка, достық пен ірілікке шакырып тұрған Айша Бибі құмбезінің іргесінде, мына ашық аспанның астында, мына Аруана дүниеде Бағдан оқыстан өз болымсыздығын сезінді. Бар күнәлі ойлардан күрт тазарып, ұшып түрегелді.

– Әспетжан! Эу, Әспет!

Караса, машинаға барып киініп алған Әспет асфальт жолға жетіп қалған екен. Бағдан тұра жүгірді.

– Әспетжан, өтінемін, токтандызы!

Жігіт даусын естіді ме, естімеді ме, Әспет бұрылмастан үлкен жолға шықкан бетте қолын көтеріп, бір машинаны токтатып мінді де, көзден ғайып болып жүре берді.

Бағдан айдалада құлазып жалғыз қалды. Әлдене журегін тырнап өткендей, бұрап ауырткан секілді. Кай жерден мұлт кетті? Қоңіл күйінін қай пернесі кате, теріс басылды? Сырт караса бәрі де дұрыс секілді. Келгені де, Айша Бибіге барғаны да, бұл жерге

отырып демалғаны да, бәрі-бәрі дұрыс. Қателік – қызға қол салуда... Оның несі қателік? Өкпелейтінде онда түрған не бар? Оны өзіне бір жәбір санайтын болса, онда мұнда неге алып келді? Кенет Эспет жауабы есіне түсіп, Бағдан шошып кетті. «Мен сізді ерек емес, ер деп танып едім ғой». Бағдан ойланып қалды. Бұл не сөз? Ері несі? Еркегі несі? Бәрі бір емес пе? «Ер», «ерек» деп жіктеп, біріне-бірін қарама-карсы койып айтса, бәрібір болмағаны ғой. Қемескіленіп бара жаткан бір жай: ертеректе, бұл оқып жүргенде данкы жер жарған бір ақынмен кездескені бар еді. Сонда сол ақын өзінен бұрын өткен бір ақын туралы тамсанынкырап: «Ер кетіп ерек калған бұл заманда...» деп қалай тауып айткан. Осындағы «ерек» – «самец» деген мағынада. Бұл ақыннан бұрын ешкім колданған емес» деп еді. Бағданның есіне сол оқиға түсті. «Ер», «ерек» деп бөліп айтса, Эспеттін де соны білгені ғой. Оқығаны ғой. Бағдан көзі бір шындыққа жеткендей. Ол шындық – өзінін аз оқитындығы. Өзі қуған өнерден басқаға мойын бұрып, құлак сала қоймайтындығы. Білімді қызға өресі жетпей, дерекілік көрсетіп алғаны да содан болса керек. Егер қыз жүргегіне теренірек үніліп, көніл күйін нәзігірек түсінгенде кайда баратын еді! Қенетін еді ғой... Бағдан өз ойынан өзі шошыды. Ал көнді, онда не болды? Мұның өзін үлкен баласындағы аялап, алаканына салып отырған Сәлима қайда қалады? Жалғыз ұлы Алданының құні не болмак? Қенбегенінің өзі дұрыс болды. Бағдан күрсініп койды. Канша «дұрыс болды» дегенмен, мына құлазып қалған көнілді жай жұбату, өзін-өзі алдарқату екенін ар жағы жақсы түсінеді. Тағы да сұраптар камалады: осы қыз күрек үстап қайдан келді осы? Мұны қөріп жылағаны несі? Канша толғанса да – жауап жок. Жайлап машинасына келді. Шашылып жаткан дүнилерді жинап, бұл да жолға шықты. Әлгі Эспет мініп кеткен жерге келіп, машинадан түсті. Тұнғыш рет кеудеде қызғаныш оты пайда болды. Мінгізіп әкеткен машинадан қызғанды. Ишінде отырған адамдардан қызғанды. Ишкі дүниесін жидіп жүре бергендей. Тағы машинаға отырды. Жүріп келеді. Ойлап келеді: қайда бармак? Алматыға тұра тартса қайтеді? Жок, Маусымбекке барғаны жөн. Жөн десе де, көніл шіркін дауаламайды. Әлде манағы кираган дарбаза алдына барып, Эспетті сол жерде тосса ма екен? Шықпай койса ше? Тұн тұрады, күн тұрады. Әйтеуір бір шығуға тиісті ғой үйінен. Үйі? Үйі ме екен сол үй ен алдымен? Үйі болса «үйге кір» деп неге айтпады? Осылай камалаған ой жетегінде Бағдан көп қөшелерді аралап, бір жерге келіп токтады. Байқаса, манағы Эспет шықкан үйдін нақ өзі. Жігіт әрі қуанып, әрі шошып қалды. Куанатыны – Эспетті кездестірермін-ау деген үміт шырағы. Корқатыны – қалай десен де бұл жұмбак үй. Бір сойқан

шыға келіп: «Манадан бері кімді аңдып, кімнің жолын тосып тұрсын?» деп тұра ұмтылса не қылмак?

Осындай аласалыран ой камалаған Бағдан ұзак тұрса керек. Ымырт үйіріліпті. Кішкене терезелерден шам жарығы түсті. Санаулауы жоқ шілтерлерден қараңдарап әлдекімнің бастары көрінді. Кімнің бастары? Айырт болар емес. Үйге кіруге жүргегі дауала-майды. Ақыры ойлап-ойлап, Маусымбектің үйіне кайтып келді. Ол байғұс құрак ұшып жатыр: «Кешіккенге кетіп қалған шығар десем...»

Бағдан жауабы қыска:

— Өнер азабын өзің білесін ғой, Маусымбек. Айша Бибіге байланысты жаңа бір шығармам бар еді. Сол картинаның кілті та-былмай... — деп мұдірді. — Шаршап келдім, достым. Арағын болса әкел, құй. Көріспегелі көп болды ғой. Ішейікші бір.

Арап та табылды. Тамақ та әзір. Бағдан сілтей берді. Алма-тыдан келген беделді дос сілтеп жатқанда Маусымбек те қарап қалмады.

— Байқаймын, студент кезінде аузына лимонад та алмаушы едің, кісі болайын деген екенсін, жігітім, — деп мәз бола тар-тады.

Сонымен тұн ортасы ауды. Бағдан Маусымбекті касына отыр-тызып алды, шешіле сейлемеді. Оның бір-ак корқынышы бар: бұл сейлемесе, Маусымбек әйелінің касына кетеді. Бағдан жалғыз қалады. Жалғыз қалған Бағданды құндізгі оқиға келіп торлады. Жұмбак Әспеттің жұмбак қылыштары еске туседі. Бағдан содан корыкты. Сағат үш болды. Шаршаган Маусымбек есіней баста-ды. Соны қөріп, мұны жалғыз қалдырып, бөлек бөлмеге кетіп кала ма деп корықкан Бағдан:

— Сағындым ғой, достым, құшактасып бірге жатайыкшы, — деді.

Маусымбек атакты досының мына бір ыстық сөзіне майдай еріп:

— Ұмытпағаныңа рахмет, достым, — деп кайта-қайта шөпілдете сүйіп, көз жасына ие де бола алмай қалды.

Сағат төрт болды. Сағынысып қөріскен екі дос диванды жа-зып тәсекті көң етіп салды да, құшактасқан бойы үйкыға кетті.

## 5

Бағдан ертеңіне кеш оянды. Бұрынырак тұрған Маусымбек шай жасап, күтіп отыр екен.

— Үйкыны сілтедін, достым.

Ала көніл болып келіп, осыншама алаңсыз ұзак үйықтағаны-на әрі қуанып, әрі қысыльынқырап қалған Бағдан такырыпты бас-қаға аударды.

— Біздің замандас қайда?

— Таң атқалы қашан. Жұмысына кетті. Коштаспак болып қарайлай беріп еді, бөлмені отарбаша сілкінтіп жатып алдың ғой. Сонан соң сәлемінді өзім айтам деп коя бердім.

Бағдан сағатына қарады. Құндізгі он екі.

— Ал менің де журуім керек...

— Кейінрек жүрерсін. Тамақ салып қойдым. Аздап бас жазайык. Мұмкін замандасын да келіп қалатын шығар...

— Жок, Маусымбек, бір минут токтауға мүмкіндігім жок. Сен де жұмысына бар, — деп Бағдан беті-колын жуып, бір кесе шай ішті де, жалынған досына қарамастан, кош айтысты.

Бұл жолы: «Кайда барсам екен?» деп Бағдан тіпті ойлаған жок. Салып отырып, кешегі таныс үйдің алдына келді. Келуін келсе де, үйге кіруге бата алмай, ұзақ тұрып қалды. Жана Маусымбекті ала келіп, соны жіберіп алмаған екенмін деп те өкінді. Бірақ қайтып барудың орны жок... Ілгері жүріп, кайта кейін оралды да, машинасын жолға қарай бұрып, дұрыстап коя бергенде жүгіріп бір бала өтіп бара жатты.

— Эй, балакан, қайырыла кетші, — деп дауыстады Бағдан машинадан шығып жатып.

Кайырылған бала сондай тәрбиелі екен.

— Сәлеметсіз бе, ағатай!

— О, көп жаса. Атың кім?

— Қәпжасар.

— Қәпжасар? Өзім де біліп айтып түр екенмін ғой. Ал қай үйденсін?

Қәпжасар көрші үйді нұскады.

— Мынау үйден...

— Ал мына бір үйде кім тұрады? — деп Бағдан кисық дарбазалы үйді қөрсетti.

— Ақдәulet тұрған....

— Неге тұрған? Қазір қайда?

Бала жауабы келте.

— Сотталған...

«Не үшін?» деп сұрағысы келіп Бағдан мұдірінкіреп қалып еді, Қәпжасар:

— Арак іshedі. Тәбелеседі, — деп анықтап койды.

— Ал әйелі қайда?

— Эйелі Алматыда.

Бағданның жүргегі бір түрлі сазып жүре берді: Әспет болғаны ғой?!

— Атын білмейсін бе? — деп сұрады Бағдан жүргегін басып.

— Неге білмеймін. Білем. Аты — Әспет...

Бағдан аузын аша алмай қалды. Шаруа бітті деп ойлаған бала жөнеле беріп еді. Бағдан даусы қайта шыкты.

- Ал, казір кім тұрады?
- Ақдәүлеттің әпкесі – Алтын...
- Жалғыз тұра ма?

Көпжасар жақындал келді де, біреу-міреу естіп қалмасын дегендей сыйырлай сөйлемеді.

– Ақдәүлеттің бір жарым жаста баласы болатын. Соны асырап алған еді. Енді жок.

- Жоғы қалай? – деп сұрады Бағдан түсінбекендіктен.
- Алдыңғы құні өліп қалды.
- Өліп қалды?..

– Иә, өліп қалды, – деп Көпжасар жүгіре жөнелді. Бағданың өн бойы мұздап, жүргегі шымылдап жүре берді. Неге өйтті, өзі де білген жок, тұрған жерінде отыра кетті. Жай сокқандай. Бала мен байдан айырылған жаразы әйел екен ғой Әспет. Қалай түсінбеді? Қалай андамады? Бір дауыс акталғандай болды: өзі жайлыш түк айтпады ғой. Қалай түсінесін! Қалай андайсын! Бір дауыс Бағданға үкім шығарғандай болып естілді: надансын, Бағдан. Надан емессін-ау, топассын. Жол бойы бір ауыз тіл каттай, күрсінумен келді. Сонысы айтканы емес пе! Қүрек ұстап келе жатып солқылдап жылады. Сонысы түсіндіргені емес пе! Егерде сен топас болмасан, өткен жылы күзде осы Жамбыл вокзалында Әспетті шығарып салғандардын: «Әспет, ренжіме, өмірде не болмайды!» деген сөздерінен-ақ Әспет басында бір қайғынын барын сезген болар едін ғой. Ен болмаса, «Айша Бибі» картинасының қабырғадан алынып қалуы «ұзак бір хикая» демеп пе еді. Сен оны өзіннін өзімшіл де күдікке толы секемшіл көніліне бағып: «Ұнамаған соң алып тастаған ғой» деп жорығансын. Әне, надандық қайда! «Ұзак бір хикая» деп күрсініп айтса, ұнамағандығы емес, басқа бір себебі болған да. Соған да үніле алмадын ғой. Топастық болмаса – бұл не?

Жер сыз екен, соны сезген Бағдан түрегелді. Өзін-өзі «надан», «топас» деп канша жерлесе де өнер адамының бәріне тән бір әлсіздік осы жерде Айша Бибіге байланысты тағы бел алып кетті: дегенмен неге «ұзак хикая?» Соның сырын ашса, осы үй ғана аша алады. Тағы бір дауыс: оның бос далбаса. Қайтсен де қаралы қалған, өзін жәбірлеген Әспетті тап. Аяғына жығыл. Кешірім сұра. «Әпкесі жалғыз» деген бала сөзі камшы болды ма, Бағдан ақырын жүрсем айнып қалармын дегендей, каттырак басып келіп, шарбактары түсіп, қаусап тұрған қакпаны ашты...

Алдан жуантық келген аласа бойлы, қысық көз орта жастағы әйел шыкты. Алтын дегені осы болса керек.

— Кірініз, — деді ол қысылыңқырағандықтан есік көзінде тұрып қалған Бағданға.

— Жок, мен бір сәтке ғана...

— Бір сәт пе, екі сәт пе, келгеннен соң есік көзінде тұрманыз. Былай шығыңыз.

Байқайды, Алтын дегені дұрыс адам. Бағдан төргі бөлмеге өтті. Жұпны үй. Жұпны темір кереует. Кабырғаға көнелеу кілем ұсталған. Устін кір баскан көне диван. Стол, орындықтар да сәннен әлдекашан шығып қалған ескі дүниелер... Бірак Бағдан көзі оларға емес, ауыз үй, төр үйлердін кабырғаларындағы жиілініп, кейін алынып қалған картина-суреттердің айқын сакталған таңбаларына тұсті. «Осының бір жерінде Айша Бибі де тұрды-ау бір кездे» деп ойлады Бағдан.

Келе салып, отырмай жатып жалаңаш кабырғаларға сүзіле караған Бағдан мінезін ерсі санауды ма, үй иесі үн катты:

— Ал, шырағым, жай жұрсін бе?

Бағдан алдымен «жай» деп калды да, тез түзелді.

— Маған Әспет керек еді...

— Әспет кетіп калды ғой...

— Кетіп калды? — деп таңданды Бағдан. — Кайда?

Әйел: «Денін дұрыс па өзіңнің» дегендегей сұрана карады.

— Кайда болушы еді, Алматыға. Таңғы алтыдағы автобуспен кетті.

— Апыр... р-ай, ә?..

Үй иесі: «Енді не дер екен?» деді ме, үнсіз калды. Енді не айтудың жөнін таба алмаған Бағдан көп киналып барып:

— Ал жаксы, апасы... — деп орынан тұра берді.

— Иә, шырағым, Әспет танысын ба еді?

— Иә, танысым... Былтыр консерваторияға келіп түсем дегендегі... — деп ар жағында тағы не айтудың жөнін біле алмай, мұдіріп калды.

Үй иесі іліп әкетті:

— Е, бір жігіт түсірем деп уәде беріп еді, колынан келмей калды деп еді. Сол сен екенсін ғой, шырағым.

«Суға кеткен тал қармайдының» кері:

— Иә, сол мен...

Үй иесі жібін деді.

— Иә, шырағым, сенен жазық жок. Барынды салыпсын. Көнбекен ана шұбар бет көрінеді ғой?..

— Иә, сол... женгесі. Ұмытпасам, сіздің есімініз осы Алтын ғой?..

— Иә, Алтын... — Алтын жадырай тұсті.

Бағдан өзіне-өзі келе бастады.

— Эспет сізді аузынан тастамал еді сол кезде. Алтын десе, алтын... Тұған анам секілді. Осында келгенім сол кісінің арқасы... Шынтуайтқа барғанда інісін емес, мені жактайтын... Жассын әлі, оқы... кісі бол... баланды мен асыраймын... — Сөзі осы.

— Рас, рас... — деп Алтын көзін сұртті. — Бір өтірігі жок. Оны інім деп қалай жактайын, ісі кисық болса... Мұны келінім деп қалай жамандайын, ісі мен мінез-құлқынан бір мін таппасам... «Адам — сыйлағанның құлы» емес пе. «Қарына тартпағанның қары сынсын» деген білімсіздікten туған сөз, шырағым.

Өзі ку болмаса да, онай жерден күлшік жасап, ол күлшік ойда жоқта жүзеге асып кеткен соң, Бағдан еркінси сөйледі:

— Соншама не бұлдірді Ақдәulet, алып қалуға болмады ма?

— Ойбай, шырағым-ай, алып калмайық дедік пе. Эспетжан екеуіміз жаксысын асырып, жаманын жасырып, кірісіп-ак бактық кой... Болмады ғой.

Бағдан билетін адам секілді:

— Сонда да ішүін коймады?.. — деп койды.

Алтын көзіне тағы жас алды.

— Коймады ғой, байғұс бала... коя алмады. Жай ішіп келсе бір сәрі. Дүниені қырып-жойып келеді ғой. Эспетке болысасын деп тіпті маған да тіл тигізуге дейін барды. Ал ол байғұста түк жазық жок. Жұмысына уақытында барады. Уақытында жұмысынан келеді. Содан кейін зарығып Ақдәuletті қүтеді. Алданына карайды.

Бағдан шошып кетті.

— Алдан?!

— Иә, Алдан еді аты. Мен койып едім ол атты. Он сегізімде тұрмыска шыктым. Екі ай отаспастан соғыс басталды. Қүйеуім майданда қаза болды. Содан кейін бала сүймек түгіл жар құшағы дегенді де көрген жокпын, шырағым. Экеміз де майданнан оралған жок. Соғыс басталған жылы іште калған осы інім Ақдәulet еді. Бұл дүниеге келісімен анамыз да дүние салды. Сосын мен осы балаға ана орнына ана болып отырып қалған едім... Эйтеуір он кластық білімім бар ғой. Әуелі колхозда есепші болдым. Содан бастауыш класқа сабак та бердім. Жеткіздім, адам еттім. Осы Жамбылдағы су шаруашылығы институтын бітірді. Обалы нешік, жақсы бітірді. Жақсы оқығаны сондай, соңғы курсында ғылыми командировкамен Москваға да барды. Сол жолы ғой Эспетжанмен кездескені. Ол онда МГУ-дін философия факультетінін екінші курсында оқиды екен. Окуын тастап, Ақдәuletтіме еріп келді. «Бір жылға академиялық демалыс алдым. Келер жылы кайта барып түсем ғой» деп келген. Кайдан түссін, «Үйдегі көнілді базардағы нарық бұзады» демей ме, келер жылы нәрестелі болды.

Жөргек иісін сезбеген басым алданышым болсын деп атын Алдан койып, бауырима салып едім, міне, одан да айырылып калдым. — Алтын солкылдап жылап жіберді. Жалғыз қалған әйел тағдыры әсерлендірді ме, әлде Әспет тағдыры батты ма, Бағданың да көзіне мөлтенденеп жас келіп қалды.

— Сабыр етің...

— Сабыр етпегендеге не шарам бар?! — деп Алтын енді бетін шәлісімен басып, үнсіз жылады.

Арап ішсе де, Ақдәүлеттің не кылмыс үшін жазаланғанын білмейтін Бағдан тағы жымба жолдады:

— Ақдәүлеттің ақтап алуға болмай ма өзі?

— Ақтайтындағы кылмысы да жок кой ол сорлының. Откен кыста шығарып та алғанмын. Жұмыска да орналасты. «Енді ішпеймін» деп ант-су да ішті. «Ішуйн койса, қайтып келем» деген Әспеттен де хабар келді. Бірақ бәрі зайды. Інімнің уәдесі он-ақ күнге жетті гой...

Бар жағдайға қанған Бағдан кетуге бет алды.

— Сөзге алданышырып қалыппын ғой. Ең болмаса, шай ішіп кет, шырағым.

— Рахмет, апасы. Асығыс едім...

— Үй осы, шырағым, жолың түсіп алда-жалда келе қалсан, қайырыла кет... — деді Алтын. Содан кейін аз кідіріп, ар жағынан төгіліп келіп қалған көз жасын күш салып токтатты да: — Әспет-жан келінім емес, бірге туған сінлімдей, несін айтасын, баламдай болып кетіп еді. Сорлы болып қалмасын, көз қырынды сала жүргейсін... — деп боздал коя берді.

Не ғажап?! Жағасы жайлау ток көнілдің бір күйтін ғана қуалап келген Бағдан да жок жерден касірет арқалап, көз жасына ие бола алмай қалды:

— Алтын апа, өзініздей көрініз. Шамам келгенше көмегімді аямастын...

Осыны айтып Бағдан орнынан көтеріліп, ауызғы бөлмеге өтті де, тұрып қалды: темір кереует пен бетіне жарықшак түскен гардероб, сыры тайған этажеркалардың арты толған сурет кенерелері. Кәсіби көз соны бірден шалды.

— Алтын апасы, осыншама көп кенерелер қайдан келген?

— Ой, шырағым-ай ол бір хикая ғой...

— Қандай хикая?

— Әспет келінім жинаған картиналар еді... Ақдәүлет мас болып келіп, бір кеште талқанын шығарды.

«Осының ішінде Айша Бибі де бар-ау» деген ой билеген Бағдан:

— Көруге бола ма? — деп сұрады.

— Қөргін келсе, көре ғой. Не тамтығы қалды дейсін, бірақ.

Бағдан енді кысылған жок, еркінірек басып барды да, біргіндеп көтере бастаны. Джорджоне. «Юдифь». – Айқыш-үйқыш салған пышак таңбасы. Рубенс. «Телпек киген әйел». – Киялатып бір тартылған. Рембрандт. «Даная». – Келдененінен үш тартылған. Репин. «Каһар Иван және оның баласы». – Пышак ізі Каһар Иваннның мандай тұсынан тиіпті.

– Құдай-ау, мынауың құдды Балашов кой.

– Балашовың кім, шырағым? Ақдәulet де, – деді түсінбеген Алтын.

Бағдан түсіндіріп әлек:

– Репиннің Третьяков галереясында ілулі түрған осы картинасына қарап тұрып Балашов деген бір орыс офицері: «Сұмырай» деп қанжар сілтеген фой...

– Иә, сол Балашовың ендеше...

Бағдан келесі кенерені көтерді: Бағдан Шаймұратов. «Айша Бибі». – Айқыш-үйқыш жеті-сегіз сзық түскен. Бағдан кенерені колына ұстап тұрып қалды:

– Ала бөтен тілглейтін бұл суреттің не жазығы бар еді?

– Оған кінәлі мен, шырағым... – деп мұдірді Алтын.

– Кайтіп?

– Киепеті соғады. Ең болмаса, мына Айша анана қол тигізбе, – деп едім, соған ерекіспін жасағаны...

Бағдан әрі қазбаламады. Колына жұққан шанды кетірмек болып, алаканың шапалактады да, сыртқа шықты.

– Ал сау болыңыз, Алтын апа.

– Сау бол, шырағым...

Екінші үйден айнала бергенде андып түрғандай алдынан жүгіріп Көпжасар шықты.

– Ағатай, токтанаңыз...

Бағдан тежемені басты.

– Ана бала бар фой бәрібір өлетін еді...

Түсінбеген Бағдан:

– Неге? – деп сұрады.

Көпжасар машина есігінен ішіне үнілді:

– Жұрт айтады....

– Жұрт не деп айтады?

Көпжасар біреу-міреу естіп калмасын дегендей үніле тұсті:

– Алдан бітерде Әспет женгем жылан етіне жерік болған...

Бағдан түк айтпады. Естімеген болды да жүре берді.

Карайлар ештеңе калған жок. Ендігі бет – Алматы. Жүріп келеді. Ойлап келеді:

Мұны жүрттан артық санаса, артық санап, асыра бағалаған-дықтан ғана қолқа салған болса, өз жайын неліктен жасырды?

«Бағдан аға, менің халім осындай, келе жатқан себебім мына-  
дай» деп жол үстінде шынын айтса, Бағдан жіберген кателіктің  
бірі де болmas еді ғой. Сұп-сұлу, тап-таза қалай алып келсе, Бағ-  
дан оны дәл солай тап-таза, сұп-сұлу күйінде атып қайтар еді.  
Неге жасырды? Неліктен Бағдан бұл шындықты қөлденен адам-  
дардан естіді? Әлде шынымында айтам деп, сырымды ашып алам ба  
деп корыкты ма? Бір ғажабы – Бағдан Әспетке шан жуытар емес.  
Теренірек ойлап қараса, жанағы құрқартарға тапқан жауабы мұның  
өз пайдасына емес, Әспет пайдасына шешіліп жатқанын аныкта-  
ды. Осы Әспет тақылеттес адамдар болады – өз басынын жайын  
айтып, шашыла бермейтін адамдар. Ондайлар өліп бара жатса да  
шағынбайды.... біреуге сабыт та салмайды. Мал баккан казак  
ауылында туып, мал жайын жаксы білгендіктен бе, Бағданың  
есіне жылқы малы түсті. Осы бір сұлу жануар төрт аяғын бай-  
лап-матап, бауыздап жатқанда дыбыс шығармақ түгіл тұяғын да  
серіппейді. Керемет емес пе? Асылы, шағынбау, мен осындай  
болып калдым деп байбалам салып, біреуге міндетсімеу – асыл-  
дықтың белгісі. Кім білсін жок жерде жүргегі тілгіленіп, көнілі  
құлазып, кен мұхиттың бір кирында, апатка ұшыраған кемедей  
ұшып түскен секілденіп Бағданың мұсәпір болып калуы –  
Әспеттің осы бір мінезінен шығар. Егер ол былтыр кездескен  
бойда өз халін паш етіп, бұл мұсіркесе еken, аяса еken деп арзан  
есеп кұrsa, Бағдан мүмкін осыншама киналмаған да болар ма еді,  
әлде кайтер еді? Данышпан Леонардо да Винчидің «Джоконда-  
сы» көрермендерін табындырғанына бес жұз жыл. Осы бір жар-  
ты мың жыл бойында адамзат әuletінін оған деген махаббаты-  
ның айнымай, сұымай келе жатқан сыры неде?! Оның сыры Мона  
Лизаның жұмбактығында емес пе еken? Сол бес жұз жыл бойы  
шешуі табылмаған бітімсіз бір дау бар: Мона Лиза күліп тұр ма?  
Әлде Мона Лиза күлмей тұр ма? Мына кереметті қараныз. Сол  
бес жұз жыл ішінде орта есеппен жиырма буын ауыскан еken.  
Соның бірде-бірі жауап бере алмаған құrak. Былай карасан адам-  
ның құлген, құлмегендігін айыруда нендей кындық бар! Құлген,  
құлмегенінізді керек десен бесіктегі бала да айыра алмай ма? Не  
ғажайып бұл сонда? Бұл ғажайыптың кілті – Мона Лизаның ішкі  
дүниесінін томага тұйық, жұмбактығында деп білініз. Сол себепті  
Мона Лизаны түсіну өз көніл күйіне байланысты. Бір келіп кара-  
дыныз: Джоконда сізге миығынан құліп жымып тұр. Айнала  
беріп кайта үңлінізші: жок, Джоконда жымып тұрмадан еken,  
үстіннен қарап, «неткен сорлы едіндер» деп мазактап тұр еken...  
Ал түсініп көр... Сол секілді құlай берілген көнілдін де сыры,  
міне, Әспеттің осы жұмбактығында жатыр. Не сұмдық? «Жылан  
жегім келеді» деді-ау! Тағы да жерік емес пе еken? Біrак бұл

күдіктे негіз жоғына кешегі Әспет айткан сөздерді саралай келіп көзі жетті: «Ойнап айткам. Жылан жейтін жерік емеспін» деді емес пе?! Бағдан өзіне-өзі разы болмай бетін тыржитты: «Бағдан сен өзін не болып кеткенсін, таза жерден кокыс іздейсін. Пасықтық қой. Мұнын қалай, жігітім?!» Жігіт ойы енді көленкеден шығып нұрлы, сәулелі бір жағаға қарай бет алды. Кеше Маусымбек үйінде неге онаша қалғын келмеді осы? Жалғыздықтан үрейін үшқан себебі не? Маусымбекті сағынып келген жоқ едің ғой. Сөйтсе де касында қалдырыдын. Себеп? Себебі – онаша қалсан, Әспетті ойлар едін. Өз білмestігінмен өз жүргегіне өзін салған жара бар еді. Сол сыздатып ауырттын еді. Сен содан қорыктын. Ендеше дәл осындай сезім Әспет басында да бар еді ғой. Ол жалғыздықтан корыккан еді ғой. Отірік күлгени, Айша Бибіге шакырғаны, суға түскені, жылан тауып бер деп жетелеп кеткені... бәрі-бәрі өзінің ана кайғылы, мүшкіл халін бір сәт болса да ұмыту еді ғой. Кайғымды ұмыттыра尔, алданышым болар деп саған кол созып еді ғой. Сен болсан сол үміттің биігінен табылудын орнына, көп наданның бірі болдын да, саздал аяқтын астында жаттын. Бағдан жүргегі сазып, тағы ауыра бастады. Ту сырты шымырлай мұздалап, мандайынан шып-шып салқын тер шыкты. Жер табанын суырып, асфальт жолды донғалағына бүктеп салып, зырлап келе жатқан кішкене машина жолдан бұрыла беріп кілт тоқтады. Сыртка көтерілген Бағдан қеудесін желге беріп, терен дем алды. Біраз желпініп, олай-бұлай жүгірді де, содан кейін: «Алматыға барған сон қайтсем де іздеп табуым керек Әспетті» деген байлам жасап, машинасына отырды.

## 6

«Табам» деп, Бағдан қанша қадап айтса да Әспет, бірак таптырмады. Консерваторияға барғыштады. Кездесіп қалмас па еken деп көше кезді. Әспет жұмыс істей алады-ау деген әр килемекемелерде болды. Университет пен институттардын, Ғылым академиясының үйлерін шарлады. Балалар бакшасына, мектептерге телефон сокты. Бәрінен естілер жауап біреу-ак: «Құрмантаева Әспет? Жоқ, ондай адам істемейді мұнда». «Әзі хабарласып қалмас па еken?» деп үйде де, шеберханасында да ұзын шнур жалғап, телефонды касына да койып жүрді. Бәрі зайғы.

Бір ретте шеберханада отырған. Жұмысы түскірі жүрмей, бір түсірген бояуы өзіне ұнамаған сон сырырып тастап, кайта-кайта жазып, күзелінкіреп отырған-ды. Кенет телефон шылдырлады. Әйел даусы. Бағданның жүргегі тулас кетті.

– Не істеп отырсын?

Бағдан кешеуlep барып айырды: өз әйелі, Сәлима.

— Немене, асық ойнап отыр дейсін бе, жұмыс істеп... — деп ашуланды Бағдан.

— Мен казір барам, — деп Сәлима телефон трубкасын койды. Бағдан «аманшылық па?» демекші еді, үлгере алмады.

Шеберхана маңына онша көп ат ізін сала бермейтін әйелінің мына мінезіне таңданған Бағдан жұмысына қайта кірісті. Арада канша уакыт өтті, кім білсін, бір кездे Сәлиманың даусы шыкты:

— Кәне, қаншығы қайда өзінін?

— Қаншығы несі?

Сәлима бас жок, көз жок күйс-куысты тіміскілей бастады.

— Ау, батырекесі, не іздеп жүрсін?

— Элті қаншыкты.

— Қаншығын не? Ит пе?

— Кой, жігітім, ойынды.

Тату семьяны бұзып, Сәлима екеуінің арасына от жағушы біреу барын Бағдан енді ангарды. Қай суретші болмасын, өз шеберханасына, жазу ниетімен, кімді қаласа — соны әкеле алады. Аздаған өзімшілдігі, жонып тастайтындаған кисықтығы болғанымен, «ал кеттімі» жок, алды кен, негізі момын, бар тілеуін бала баксам, Бағданға қызмет істесем деген ниетке бағындырған Сәлима оны жаксы білетін, жаксы түсінетін. Соны біле тұра, түсіне тұра келіп тұр. Олай болса, азғырынды өсек әсері ойсан да мықты. Әуелі шамданыпқырап қалған Бағдан негізі анқау, сенгіш әйелінің мұлт жіберіп алғанына күлді.

— Ондай сенбестігін болады еken, «казір барам» деп телефон неге соктың? Үндемей келіп, үстімнен түспейсің бе! Сен келем деген сон коя бердім...

Сәлима не дерін білмей, аңырып қалды.

— Койшы, ойынын қалмайды еken осы сенін...

— Осындай ойын бола ма? Сенбесің бар, телефон сокпа, барам деме. Андып жүр де, үндемей бас. Жөні осы. Теріс деші, кәне?

Үндей алмаған Сәлима терезе жақтағы күшеткаға барып отырды. Сол жайды пайдаланды ма, Бағдан енді аздал ақылғойсінкірей сейледі.

— Бізде казір бәрі бар: бала бар, үй-жай бар. Ақшамыз да бар. Бағданының атак-данкы өз алдына. Ол қазір халыққа танылып қалған ел адамы. Мүмкін біреулерге татулықпен күн кешіп келе жатқан осы өміріміз ұнамайтын шығар. Арамызға от жағып, араздастырып жіберсек дейтін шығар.

— Жоқ, қайта жақсы болсын дегені.

— Жақсы болсын дегендер осылай жасар ма? Сені маған жаны ашығансып шаптаса — көр соқыр, надандығы. Ал біліп шаптаса — залымдығы. Қайсысы болсын жақсы емес. Өнер адамы қай

заманда болмасын өсек сырығының үшінда жүрген. Тоғышарлар өсегінін сырығы. Сол өсектің сойыл соғары өзін болсан, ол менін ғана емес, сенің де бакытсыздығын ғой... «Жаман айтпай жақсы жок», сондай бакытсыздықка душар бола қалсан, жаңағы «жаны ашымпаздарын» кол үшін берер ме саған? Бермейді емес, бере алмайды, беру қолынан келмейді. Көп болса, «алда байғұс-ай» деп мұсіркейді. Тілейтінің осы ма сонда?

Сөз паркын түсіне білетін Сәлима күрсініп алды да:

— Ана, Әспет дегенін кім? — деп сұрады.

Бағдан мұдіріп қалды: қайдан естіді? Кім айтты? Тіпті екеуінін кездескенін тірі жан көрген жоқ қой. Маусымбек Әспетті білген емес. Алтыннан шыкты деуге, ауыз бармайды. Бағданның кім екені оның түсіне де енбеген. Көпжасар — бала. Кайдан шыкты бұл әнгіме? Кайран.

— Неге үндемейсін?

«Сен жұртты танымасан да, сені танитын көз көп» деп жорыған Бағдан:

— Білмесем, не деп үндеуім керек? — деді танданған болып.

— Білмесен, мә, ендеше? — деп, Сәлима бір комакты қағазды Бағдан алдына лактыра салды.

Ашып караса, вагон-ресторанда қызыға байқатпай отырып Бағдан жасаған Әспет суретінін эскиздері. Бір эскиздің астында: «Әспет!» деген өз қолы.

— Иә, бұл Әспет, — деді ары таза Бағдан.

— «Оның кім?» деп тұрмын ғой мен саған.

Съезд сапарындағы альбомда осындағы кырық-елу эскиз болатын. Соның ішінде толып жатқан әйелдер де бар еді. Сол эскиздердің бәрін былай тастап, Әспетті алып келгеніне мұлде кайран.

— Малшы мал бакласа, аңшы аң ауламаса, жазушы кітап жазбаса, олардын несі малшы? Несі аңшы? Несі жазушы? Сондай-ақ көрген-білген кездескен адамдарымды альбомыма түсірмесем менің қай жерім суретші? Жол-жөнекей кездескендердің бірі шығар?

— Ойнама, шынынды айт!

Бағдан жалтара сөйлемеді.

— Ана альбом ішінде толып жатқан бейнелер бар. Солардын біріне сокпай, бұл эскизге неге шүйліктін?

— Себеп бар.

— Кандай?

— Екеуін поезд ресторанында бірге отырыпсындар.

Жамбыл сапарын біліп қалды ма деп секем алған Бағданның жүргегі орнына түсейін деді.

— Оны кім айтты?

— Кім айтқанын кайтесін. Әспет деген кім деп тұрмын ғой, соны түсіндір.

— Әспет деген бе?.. Соның кім екенін өзім де жәндең білмей-мін. Тері, сол менің өзім болсам керек, — деді Бағдан салмақты қалпына келіп.

— Ойнайсын, ә?.. — деп жымиды ашуы таркай бастаған Сәлима.

— Ойын емес, шыным. Байқайсын ба, алдыңғы жылы съезге барып келгеннен бері менің такырыбым да, стилім де өзгере бастады ғой. Сол — Әспеттің арқасы. Менің көзім ашылайын деді, Сәлима. Тері, кемелдік келе жаткан болар...

Сәлима біраз үнсіз отырды да, такырып өзгерді, стиль өзгерді деген соң ба:

— Осы ана жылғы бір картинаң қайда? — деп ашу-араздығы жок сұрап койды.

— Кайсысы?

— Әлті «Егін орағы алдында...» деген бе еді? Бірдемелері ұна-майды, жөндеймін деп жүруші едің ғой?

— Ә, ана бір картина ма? Жойып жібергенмін.

Сәлима шошып кетті.

— Өзінді танытатын дүние емес пе еді?

— Бүгін танытса да, ертен күны болмай қалатын шығарма маған кайбір түпкілікті бедел әперер дейсін. Бедел емес, сабынның көбігі ғой ол. Казір бүркырап тұрғанымен ертен жок. Сен егер ақылды болсан, менің бойымдағы құдай берген талантты сабын көпіршігіне итермелеме.

Негізгі мамандығы мұғалімдік болғанымен біраз жыл өнер адамының қасында жүргенін танытып:

— Бұл жанрдан неге шошизын? Тек кана портреттер жазып тааты шықкан суретшілер бар емес пе? — деп дауласты Сәлима.

— Ол портреттерде өмір бар. Ол келбеттерден кайғы мен қуанышты да, ақыл-ой, кеменгерлікті де, ашу-ыза мен құлқіні де, жаксылық пен жаманшылықты да, құлық пен зымияндықты да, бәрін де көре аласын. Олар шын көркем туындылар.

— Е, сен де ендеше солай етіп жаз.

— Жок, егінжай ол палитраның орны емес, калай жазсан да — плакаттың аты плакат.

Сәлима жығыла сәйледі:

— Қозғе көбірек түссін, ауызға жиірек іліксін ғой менікі...

— Жок, бұл қозғе ертен тұспейтін, ауызға ертен ілікпейтіндердің жолы. Арзан жол.

Сәлима үндеген жок.

Міне, жұбайымен екеу ара болған осы әңгімендегі кейін сегіз жылдан астам уақыт өтті. Жылдар қарап жатпайды. Элденелерді алып, әлденелерді сыйлап жатыр. Аларын опырып, ойсыратып бірден де алмайды. Сәт сайын, сағат сайын күн, ай сайын жымба жолдап алады. Сол алыстың белгісі – самайға ақ кіре бастады. Басында нысана ғой деп жұлып тастан жүрген Бағдан жүре бара әлгі жылы құрғылардың алып жатқан бірдемелері екенін түсініп, мойынсұна берді. Ақыл-ойдың тоқтасқанын, таланттың қалыптасқанын танытып мұрт койды. Өзі ат жакты келген өнін ашып, сындарлы ұзын бойына әлдебір сүйкімділік, ірілік сыйлаған копкою, кап-қара әдемі мұрт. Бір күні Бағдан айнаға қарап отырып, сол мұрт арасында да жасырынып жүрген ақ талдарды көрді. «Әзірге жасырына тұр. Кайда барам дейсін, ертең өзін-ақ шығарсын» деп құлғен-ді. Бұл – жылдардың ұрлағаны болса, сыйлағаны әлдекайда еселі. Алып-алып, есесіне тұқ бермей қойса қайтер едін? Жастық дәурені өтіп, кемелді кіслік шакқа жеткен Бағдан соны шүкіршілік етеді, ен алдымен ол тағы бір ұл бала көрді. «Айбарымыз болсын деп атын Айбар қояйық» деді Бағдан. Сәлима қарсы болған жок. Бұл – оның өмірдегі табысы болса, өнердегі табысы ше? Атаулы жылдар Бағданның қылқаламынан ірілі-уақты елу-алпыс шығарма туғызды. Соның ішінде он шактысы ірі полотно – атақ пен бедел әкеліп, Бағдан данкын қалыптастырыған шығармалар. Бұрынғы «жас суретші» деген анықтама әлдекашан ұмыт болған-ды. Енді Бағдан фамилиясына «белгілі суретші», «көрнекті суретші», «бетке ұстар суретші» деген анықтамалар қосарлана жүретін болды. Айла-құлықсыз, өзінің адап енбегі арқасында көзі біршама дұрыс ашылып, киким есеп, халтура дегенге сокпай, екінің бірі дәл басып танып, таба бере алмайтын шеберлік атты жолға адаспай түскен талантты арқасында жеткен анықтамалар ол. Шын надан, шын топас адам «мен топастын» деп өзінің ондай «касиетін» ешқашанда мойындағы емес қой. Бір кезде Аса өзенінің бойында Эспеттен айрылып, күйзеліп қалған Бағдан өзін-өзі: «Надансың, Бағдан, топассың» деп жерлесе, ол оның топастығы емес, кайта топас еместігі. Қыз жанына терен бойлап үніле алмай, мұлт жіберіп алғандығына білдірген өкініші ғана болатын. Задында сенгіш Бағдан жаксылық пен жаманшылық жолы кай жерде айрылып, дарын мен дарынсыздықтың, ауырдың үсті, женілдің асты дегендердің кай жерде жіктелетінін «білем» деп сеніп айттар болса, ол Эспеттің арқасы. Егер ол бұл күнде данкты суретші атанса, сол данкка жету жолында екі-ақ рет кездессе де, өнеріне үкім шығарып, жүргегінде лепті таңба, із калдырып кеткен Эспет әсерінің айрықша екенін айқын түсінеді. Содан ба, жылдар өтіп жатса да, Эспетке деген

ыстық сезім өршіп сала бергендей: келіп қалар, телефон шылдыратып қалар, бір жерде болмаса, бір жерде көрініп қалар деген үмітпен күн кешкен Бағданның жолы тағы да Жамбыл қаласына түсті. Бірақ анадағыдай жан баласына айтпай, үрләнген бармады. Ұзак жылғы жемісті еңбектің түйіні секілдендеріп, сонда ашылған өз көрмесіне шакырылып барды.

Маусымбек бастаған бір топ жас жігіттер қарсы алды. Өнер үзенгісіне аяқ салсақ па деген дәмелі жастар. Көрме орталықтағы қазақ драма театрының фойесінде үйымдастырылған екен. Келген адамдарда кисап жок. Бағдан шарапаты театрдың өзіне де тисе керек. Бұрын ойналып, ығыр болған спектакльдердің өзіне де келушілер көбейген. Мұның бәрі автордың көнілін аулау үшін өсіріп айткан сөз емес екеніне көп кешікпей Бағданның өз көзі де жетті: театр төнірегі кара-құра кісіге толы. Құйқи тірлікте кездесетін әр киң өмір тауқыметінен біршама биіктеп, көніл жүдетең ұсак-түйектің бәрін ұмытып, қошемет пырағына отырып канаттанып алған Бағдан өзін қарсы алған топпен фойеге кірді. Ар жақтан аздап киық пен шербидің мәткесіне ұксайтын сопақ бет әдемі келіншек шығып қарсы алды:

— Бағдан Шаймұратович, кош келдіңіз. Құтуліміз біз сізді. — Көрме директоры Анна Васильевна деген кісі осы екен.

Бағдан рахмет-ырзалығын танытып ілгері өтті. Әр кезде мұның киялынан туып, мына екі кол арқылы дүниеге келген сурет-картиналарға үніле караған жұрт. Бір ғажабы, осы бір «г» әрпіне үксас фойенің екі жақ кабырғаларына ілінген сурег-картиналардың барайп тоғысар жері — жанағы «г-нің» шолақ жарындағы кең мандайды түгел алып тұрған «Айша Бибі» картинасы екен. Картина алдында үймелегендердің қарамы тіпті ұлken. Колына микрофон ұстаған түсіндіруші сөзі санк етті:

— Бұл — казақ совет бейнелеу өнеріндегі ірі полотнолардың бірі...

Бағдан шегініп кетейін деп еді, Маусымбек оның колынан үстап ілгері сүйреді:

— Тында қазір не дерін...

— Бұл картинаның күндылығы — өткен заманның бүгінгі күнмен үндесіп, тілдесіп жатқандығында. Картинаның фонына қараныздар: мыналар, міне, Айша Бибині көруге барған бүгінгі енбек адамдары. Ана арғы қырқадағы электр линиясы, жартылай тұмсығы ғана көрінген женіл машина.... Бұдан сегіз жұз отыз жыл бұрын өткен Айша Бибі анамыздың түсіне де енбеген жаңалық.

Әр тындауға Бағданның дәті шыдамады. Маусымбек құшағынан жұлқына босанды да, шегініп кетті. Фойенің екінші залына бұрылып, жанағы түсіндірушіден біраз алыстаған соң, «бұл не болды?» дегендей соңынан ере келген «шербидің мәткесіне»:

— Осы картинаны алып тастаныздаршы, — деп өтінді. Ештегенге түсінбеген Анна Васильевна таныркай берді:

— Ол не дегенініз, Бағдан Шаймұратович, бүкіл көрменің көркіғой бұл картина, қалайша алып тастаймыз?!

Басқа ештене деп сөз қатпаған Бағдан даға шыкты. Сонынан ерген Маусымбек пен тағы бір жас жігітten:

— Машиналарың бар ма, қызырайықшы? — деп сұрады.

— Бар болғанда қандай!

Әлгіндей болмай лып етіп, пұшық мұрын бір машина келді. Шоферден рұқсат алды рульге отырған Бағдан ескі жолды ұмытпаған екен, бір көшеден екіншіге, одан үшіншіге, төртінші көшеге өтіп, ақыры баяғы үйдін алдына келіп токтады. Бірақ дарбаза, какпа да, үйдің өзі мен коршауы да өзгеріп, жанарып кеткен. «Дұрыс келдім бе өзі?» деп күдіктеніп еді, баяғыда өзі Әспетпен бірге көленкесінде отырып демалғысы келген терекке, сонын ар жағындағы Көпжасар баланың үйіне қарап көнілі орнына тұсті. Сөйтсе де, жанарып, өзгеріп кеткен үйге кірісі келмеді де, касында отырған шофер жігітten:

— Мынау үйде Көпжасар деген бала тұрады. Соны шакырып шыға койшы, — деп өтінді.

Жүгіріп кеткен жігіт өзінен де зор бір жігітті ертіп кайта шыкты.

— Осы үйде Көпжасар деген бір бала тұрушы еді...

— Көпжасар мемнін. Сіз кімсіз?

Бағдан не дерін білмей, қысылып қалды.

— Бұл аған суретші, Бағдан Шаймұратов, — деді артта отырған Маусымбек.

Көпжасар елпілдеп қалды.

— О, сізді білем фой мен. Кеше көрменізде болдым. «Айша Бибі» — тіпті, керемет сондай!

Осындағай жөні жок жерде өзін паш етуді жөнсіз деп білетін Бағдан әнгіме тақырыбын тез өзгертті.

— Өсіп кеткенсің, Көпжасар.

— Ағасы, мені кайдан білесіз? — деп сұрады таңданған Көпжасар.

— Осыдан сегіз жыл бұрын осы көшеде бір көргенім бар еді...

Көпжасар канша ойласа да, есіне түсіре алмады.

— Оқасы жок, ал өзін қайда оқисын?

— Осындағы су шаруашылығы институтының үшінші курсында... — Содан кейін кілт өзгеріп:

— Ағасы, неге отырыздар машинада? Түсініздер, үйге жүрініздер... — деп өтінді Көпжасар.

— Рахмет, шырак...

«Ал сонда не тілейсіздер?» дегендей Көпжасар Бағдан мен Маусымбекке кезек қарап тұрып қалды. Бағдан: «Айтсам ба екен, айтпасам ба екен» деген толкумен асықпай сөйлемді:

— Мына көрші үйде... баяғыда Алтын деген әйел тұруши еді... Көпжасар іліп әкетті.

— Иә, тұрган. Өткен жылы қайтыс болды.

— Қайтыс болды? — деп Бағдан әрі таңданып, әрі шошып қалды. — Неліктен?

Ержетіп, кемелдене бастаған Көпжасар мына үлкен кісі койған сұрақтын ерсілігін байқады ма, жымния жауап берді.

— Неліктен дерініз бар ма? Ауырды да дүние салды.

— Ал оның інісі бар еді ғой?..

— Иә, Ақдәulet деген інісі болған. Казір білмеймін.

— Аласының жаназасына келе алмады ма?

— Жок...

«Сұрасам ба, сұрамасам ба?» деген әлгі толқу Бағданды тағы баурады:

— Басқа жақтан, айтальық, Алматы жағынан ешкім келмеді мे?

— Келді, — деп Көпжасар так еткізді. — Әспет дейтін келіні болатын... Сол келді.

— Алматыдан ба?

— Ол арасын білмедім, ағасы, Алматыдан емес кой деймін...

Ендігі тұрысты артық деп санаған Бағдан:

— Ал, сау бол, Көпжасар, — деп жүріп кетті. Бағдан үн демеген сон қасындағы шофер бала да, Маусымбек пен оның қасындағы жігіт те көпке дейін ауыз ашпады. Кызық! Әспет, әйтеуір осы Бағдан жүрген жерлерде жүр. Мүмкін ол Бағдан жұмыс істеп отырған кезде шеберхана алдынан талай рет еткен де шығар-ау. Мүмкін жанаған Әспет жүріп кеткен көшени бойлап Бағдан да жүрген болар...

Кенет Бағдан ойын бұзып бір дауыс шықты:

— Аға, сіз калғып кеттініз ғой деймін... Рульге өзім отырғаным дұрыс болар... Қайда барамыз, айтсаныз болды ғой. Бұл қала-да мен білмейтін куыс жок.

Бағдан токтап, орынды шофер баланың өзіне берді.

— Әуелі бір азық-түлік магазинің алдына токта. Содан кейінгі бетің — Аса өзені. Мәжнүн тал... білесің ғой?

Шофер бала күлді.

— Бүкіл Аса өзенінің бойында бір-ак талымыз бар. Қалайша білмеске...

«Әуелі азық-түлік магазиніне» деген сон ба, Маусымбек көнілденейін деді.

— Е, бәсе... Үлкен қаладан келгендерде сарқыт-саукат деген болушы еді... Қайдағы бір өліп қалған кемпірді іздеп...

— Алтын деген бір жаксы кісі еді, — деп акталды Бағдан.

— Ол кісіні мен де білетін едім, — деді Маусымбектін қасында отырған жігіт.

— Ал, іә? — деп Бағдан артына жалт бұрылды. — Сіздің атыңыз кім?

— Осында кала өрнектейтіндердің бірі. Суретші. Аты — Мирас, — деп таныстырыды оны Маусымбек.

— Ал, Мирастан?..

Аға суретші мән беріп, қадала қарағандыктан ба, Мирас мұдірінкірей сөйлемеді.

— Шынында да мен ол кісіні емес, ана келінін білетінмін...

Шан жуыгтай жүрген Эспет туралы әлдебір ерсі, қолайсыз сөз естіп қалам ба деп корыккан Бағдан жүрегі лупілдеп коя берді. Інісін білем демейді, келінін біледі.

— Иә, келіні деген кім еді? — деп Бағдан салқынқандылықпен жай сұрады.

— Келіні — Эспет. Ой, керемет адам еді!

Бағдан күрсініп қойды.

— Оның керемет екенін қайдан білесін? Ай, бір бәлен болған-ау, тегі?! — деп әзілдеді Асаға жеткенше асығып отырған Маусымбек.

Бағдан мазасызданынқырап қалды.

— Ай, Маусымбек-ай, балалармен ойнайсын-ау.

Мирас қысылған жок:

— Неге білмеймін? Ол кісі бізге сабак берді ғой.

— Бізге де берген, — деп қосарланды шофер жігіт. — Орысша, казақшага бірдей, ағып тұратын.

— Мұрат дұрыс айтады, — деп қостады Мирас. — Мен орыс класында сегізіншіде оқыдым. Ал Мұрат казак класының сегізіншісінде оқыған. Эспет апай сөйлегендеге біз аузымызды ашып қалатынбыз.

Мына сөздерден кейін Бағдан жүрегі орнына түсейін деді: «Апасы сонда жиырма-ақ жаста!»

Мирас токтар емес:

— Кейде Эспет апай әдебиет пен өнер, эстетика тақырыбына лекция оқитын-ды.

— Рас айтасын, Мирас. Менін де есімде. Ол лекцияларға сонда кала мектептеріндегі мұғалімдер түгел жиналатын... — деді Мұрат.

Бағдан тағы бір күрсініп алды да, шалқая отырды. «Әлдене дер екен?» деген түйткілді көніл жадыраған сайын Эспетке деген сағыншы түс көтеріліп сала берді: «Жаңым-ау, неге хабарласпайды?»

— Ол апайларын қайда енді? — деп сұрады енді Бағдан жымба жолдап.

Жігіттердің жауабы бұл ретте кабыспай қалды.

— Кайта түсіп, МГУ-ді бітірген сон өзінің туған жері Манқыстаяға барды деп естігем, — деді Мұрат.

— Жок, кате. Әспеттің туған жері Манқыстая емес, Семей жағы ғой. Ол казір Аксуат, Тарбагатай, Аяқөз аудандарының бірінде болса керек, — деді Мирас.

Осы әңгімемен олар Аса өзенінің жағасына келді. Шынында да кемері аласа мына бір тау өзені — осы тұста тым жаланаш екен. Кай жақтан келіп карасан да, көзге түсері баяғы жалғыз ағаш — Мәжнүн тал. Машина тұра соған бет алып келеді. Арада сегіз жылдан астам уақыт өтсе де, бәрі дс Бағданың көз алдында. Эне, арғы беттегі ана ойпандау көгалды жерге машинасын қойған. Міне, мына бір жерден кол ұстасып екеуі бергі жағаға өткен... Бұрырап жаткан коймалжың лай су да сол қалпы.

— Ал, ағасы, мәжнүн талыңызға келдік, — деп Мұрат машинасын кілт тоқтатты.

Көктемде дүрліге көтерілген дала ренкі күкүл тарта бастаған шак. Құн сондай ыстық. Тау жақтан соккан леп жақын жерде лапылдал жанған от қызыуындей. Машинадан қарғып түскен жігіттер суға бірден лап койысты. Ал Бағдан болса, шешінүн шешінсе де, бүкіл жан дүниесін баураған сағыныш сезімінің жетелеуімен мәжнүн тал астына келді. Жылдар қылауы оған да белгі берген. Жалбыр шашты бір бұтактар енкейе-енкейе, куарып, сынып түсіпті. Оның есесіне жас бұтактар ұшталып, «кәне, былай тұр, орнынды мен басам» дегендей жайыла енкейіп келеді.

Бағдан баяғы өз «орнына» келді де, шалқалай жатты: аспан нәлге салғандай түп-тұнық, мөп-мәлдір. Бар болғаны батыс жак кияда алақанға салып үрлеп, ұшырып жіберген макта секілденіп еki-үш шекім акша бұлт қалықтап барады.

Құлды бұдан сегіз жыл бұрынғы аспан. Сегіз жыл бұрынғы акша бұлттар. Тасқа жазылған өлеңнің бүгінгі құнғе жеткен жолдары тағы да көнілге оралды: «Аспан... Бұлт... Аруана дүние...» Окыс бір түйін: сегіз жыл дейсін, сегіз жұз жыл бұрын да мөп-мәлдір осы бір аспанда үлпілдеген осы бір бұлттар қалықтаған ғой. Кім біледі, жан тәсілімін жасар алдында Айша ананың бір кезде жер-дүниені табындырыса да, міне, енді сөніп бара жаткан кара көздері қазакы үйдін кара шанырағынан дәл казір мына Бағдан көріп жаткан мәлдір аспанға, ана қалықтап бара жаткан ак ұлла бұлттарға түскен болар?.. Сурет салып дағдыланбаған, бірақ тіл өнерін дерте ке балап, көкке көтерген ел осы бір сәтті келер үрпакқа жеткізіп бер деп дәупері ақынына тапсырған шығар... Дәупері?.. — Бағдан сегіз жұз жыл бұрын өтіп кеткен атсыз ақынға осындаи тенеу тапқанына шошынып қалды. Жок, шын дәупері ол ақын. Өйткені «... Аруана дүние...» жай ақынның қолынан келе бермейді. Жай

тілдін ұшына орала да бермекші емес. Аруана дүние?.. Мал баккан казақ даласында аруана – сұлулықтың төресі. Олай болса, мына колдан тайып өтіп бара жаткан ыстық дүниеге ыстық інкәрлік болды ғой?.. Арманды Асан Кайғының аныз болған желден жүйрік желмаясы да осы аруана. Олай болса, дүниенің ешкімге үстаптай кететін шолактығы ма еken аруана? Аруана – туған жерге деген айнымас махаббат бейнесі. Қезді байлап, Жердің кай түкпіріне апарып тастасаң да, бөтен жерді жерсінбейтін, туған жерін таппай қоймайтын жануар ғой ол. Олай болса Жер киянында тірлік еткен атакты Бибі өлер сәтінде өзінін туған жеріне апарып коюды есiet еткен еken ғой? Мына сикырлы сез тіркесінде не сыр, нендей мән бар? Бағдан қалай ойланбаған осыны? Осы жұмбакты шешіп алмай, Айша Бибіні қалай жазған? Бағдан шалқайып жаткан қалпы қөзін жұмды. Кенет өн бойын соғып өткен дауылдай «қайта жазсам» деген шабыттың жойқын құші баурап әкетті. Бағдан Айша Бибіні қайта жазады. Жок, кате, Айша Бибіні емес, Әспепті жазады. Айша Бибі Әспептің фонында тұрады. Сегіз жыл болса да құлакта тұнған таныс дауыс, Бағданның інкәр даусы – Әспет даусы. «Сонымен не айтпақсын?» деп сұраған секілденді. Жок, кате, ен әуелі Мәжнұн тал... одан әрі Айша Бибі, ал одан әрі көл жетпес алыста Әспет... Қөзі жұмұлы Бағдан жанағы өзі інкәр дауысты естір ме екенмін деп тағы да құлақ тікті: жалан аяқ құм басқан аяқ дыбысы жақындал келеді... Жүргі тарсылдан сокқан жігіт қөзін жұма түсті: қазір келеді де, шөп еткізіп мұның бетінен сүйеді. Сонда кайтсе де шапшан кимылдан үлгереді де, құшактай алады. Босатпайды сосьын. Рас, осы үміт актальып қалатында, аяқ дыбысы касына келіп тынды. Мұның бетіне қөзін кадап, енкейгені сезілді. Дем алысы естілді. Бағдан құшағын аша берді: «Ал шөп еткізсейші енді». Бірак шөп еткізген ешкім болмады. Бағдан қөзін ашты: өзіне уніле төніп тұрган Маусымбек еken.

– Ұйыктап қалғанның кай жағысын? Жүр, суға тұс. Жігіттер дастарканды жайып, дайын отыр, – деп Маусымбек Бағданның қолынан тартты.

Сол күннің кешінде кездесуде болып, конак үйге кеш қайткан Бағдан түнде қызық бір тұс көрді. Дәл өніндеңідей. Аса өзені бүркырап жатыр. Арғы бетте жарға төніп Айша Бибі күмбезі жаркырап тұр. Бұл жерге қалай келіп қалған? Бағдан соған кайран. Жок, кате еken. Айша Бибі келмеген, қайта Аса өзені сол Айша Бибі күмбезінін касынан өтеді. Калайша? Тіпті түсініксіз. Бағдан осы бір жұмбакты шеше алмай киналады. Өзі бергі бетте. Баяғы мәжнұн тал. Шашакты бұтактары басын бұрынғыдан да төмен ип, қолемді

аумакты алып жайылып кеткен. Бағдан сонын қоленесінде отыр. Касында... Әспет. Иә, иә, Әспеттің тап өзі. Ап-айқын. Ақшыл өнінде тіпті бір дақ, мін жок. Устіне киген кен етек ак көйлегі төгіліп, баштайына дейін түгел жауып тұр. Сондай жарасты. Әспет өнін көк көйлек ашады деген ұғым қайдан шыкты осы? Әспет өнін ак көйлек кой ашатын. Сол ак көйлектей аппак періште өнінде күлкі бар. Әспет Бағданға қарап күледі. Бағдан қол созды:

— Сағындым фой, Әспет, келші бері...

Әспет басын шайқап, жылжи бергендей болды...

— Босқа әуреленбе, Бағдан. Ана екі баланды қайтесін? Сәлиманы қайда қоясын?

Бағдан ұмтылып жүгірген секілденеді, бірак жүрісі өнбейді. Әспет жеткізбейтіндей.

— Токташи, Әспет! Екі бала өзімдік фой. Ал Сәлиманы...

Аккүдыш сұнқылы секілді бір дауыс Бағдан сөзін естіртпей жіберді:

— Жок, Бағдан, кателесесін. Мен өз куанышымды басқа біреудің қайғысы мен көз жасынан іздемеймін. Менін бакыттым басқа біреудің бакытсызығында болмауға тиісті.

— Әспет! Аялдашы сәл ғана!..

Әспет аялдамады. О, ғажап! Жалан аяғымен Асаның ыстық құмын басып біршама жүгіріп барды да, жерден көтеріліп жүре берді. Құдай-ау, Әспет құс емес еді фой, қалайша көтеріліп, қалықтап кетті? Жок, Әспет құс екен. Құс болғанда да құс төресі — акку екен... Жана: «Менін бакыттым басқа біреудің бакытсызығында болмауға тиісті» деп аккуша сұнқылдан айтқаны да содан. Бағданың «ак көйлек» дегені де кате. Ак көйлек емес, аккүдыш ақ канаттары екен фой. Әспет сол ақ канаттарын баяу қағып барды да, Айша Бибі құмбезін жанап өте берді... Жок, жанап өткен жок, тұра барды. Айша Бибі әуелі сырлылып жол берген секілді еді, о да кате болып шыкты. Айша Бибі сырылмады. Көтеріле берді. Көтеріле берген Айша Бибі құмбезін Әспет ақ канатына отырғызыда, мөлдір аспанның сонау киясындағы акша бұлттарға карай самғап барып, көзден файып болып жүре берді...

Бағдан шошып оянды. Байқаса, жүргегі құрғыр тулап, кара терге түсіп қалған. Сағатқа қарап еді, ертенгі сегіз. Алды да, Маусымбекке телефон сокты.

— Эй, Маусымбек, түнде жер сілкінген жок па осы?

— Оны қайдан шығардың?

— Білмеймін... Маған Айша Бибі құмбезі құлап қалған секілді болып тұр.

— Кой онынды. Айша Бибінің қалған кабырғасы өлі мың жыл тұрады, — деп Маусымбек жұбата жауап катты.

– Қайдам?.. Барып қайтсақ қайтеді?

– Тұс көрудін кай жағысын? – деп күлді Маусымбек.

Дегенмен Бағдан өтініп қоймаған соң, ертенгі шайды ішкеннен кейін, Маусымбек пен Мұрат, Мирас төртеуі кешегі пұшық машинамен Айша Бибінің басына келді. Машина әрірек етекте қалған. Бұлар жаяу көтеріліп, ұнсіз айналып, құламай тұрған жалғыз қабырганы зерттеп ұзақ қарады. Күмбез дін аман. Үстіне орнатылған шыныты қалпактың есірі құлыптаулы тұр. Кейін орнатылған шойын шарбактар мен тас плиталар төсөлген аллеялар кеш келсе де, ұқыпты қолдың, қамқор иенін барлығын танытады. Күмбез іргесіндегі тактайда «XII ғасырда соғылған бұл ескерткіш-мұра Біріккен Ұлттар Ұйымының оқу-ағарту, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі үйымы – ЮНЕСКО-ның карауына берілген» деген жазу бар. Күмбез тағдыры енді беделді халықаралық үйымның колында. Қөнілге тоғы да сол.

Осы бір кезде етекке ұлкен автобус келіп токтады. Ішінен шулай түскен қырық-елу саяхатшылар жақындаған сайын сыйырға ауысып, ақыры күмбезді ұнсіз айнала бастанды.

Айша Бибіні өз көзімен көріп, қөнілі орнықкан Бағдан машинаға мініп жатып касындағы жолдастарынан:

– Келген сайын байқайтынам – ойнап-күліп дабырласып түскен адамдар Айша Бибі басына келгенде үндей алмай қалады. Себебі неде? – деп сұрады.

Мирас пен Мұрат бұл жайында ойланбағандықтарын танытып, жауырындарын қикан еткізді. Ал Маусымбек жауабы қөнілге қонбайды.

– Қанша қөне дегенмен күмбез астында өлік жатыр ғой...

Бағдан оларды сыйнайын деген жок еді. Ана екі жігітті аз біледі. Ал өз жолдасы Маусымбектің сурет салу тәсілі біршама дұрыс болғанымен, әр құбылыстың тереніне үніліп, философиялық ой түйіндей бермейтінін бұрыннан сезетін. Айналып келгенде бұл сауалды Бағдан өзіне қойған еді. Соған енді өз жорамал-топшылауды ортаға салды.

– Менінше, өлік жатқандықтан ғана емес, Маусымбек. Қозі барға көрініп тұрғаны секілді, құлағы, қөніл құлағы барға сөйлеп тұр ғой бұл күмбез. Сегіз жұз жылдан астам уақыт сөйлеп тұр. Жер бетінде ұлылық барын, Жер бетінде сұлулық барын, Жер бетінде асыл маҳаббат, тазалық барын паш етіп тұр ғой... Бұл ұлы мұраның басына келген адам соны түсінеді. Соны түсінеді де тазарып, ағарып қайтады. Биқтеп қайтады.

Ана үшеу келіскендіктерін бас изеп түсіндіріп, үндей алмай қалды. Жанагы пікірдің жалғасын куалаған Бағдан да ойда. Ас-фальт жолмен зырлап келе жатқан пұшық машина Аса өзеніндегі

көпірден өтті. Баяғы Әспет екеуі келе жатып бұрылған жер кейін қалды... Әспет... Кенет ой көзі көптен бері іздеп, бірақ таба алмай жүрген бір ғаламат шындықты ашты: байқаса, ана Әспет пен мына Айша Бибі күмбезінде бір ғажайып үндестік, ғаламат үқсастық бар екен. Айша Бибі секілді Әспет те ұлылық пен сұлулықтын, тазалықтың иесі. Егер Бағдан Әспет бейнесін жасаймын десе, ол бейнені, міне, осы қасиеттерден іздеуге тиісті.

Жел ызынын, мотор үнін басып, кенет акку сұнқылы естілді: «Мен өз қуанышымды басқаның көз жасы мен кайғысынан ізdemеймін...»

Мүмкін бұл тілті аққудың сұнқылы да емес шығар. Қөрген түсте Әспет айтқан осы бір мөлдір сез үзак жыл бойы Бағданың өз көкірегінде піскен, сөйтсе де тілге оралып дыбыс болып шыкпаған, мұнын өз жан сыры шығар?.. Бірақ одан Әспет ұтылып тұрған жок кой. Өйткені, ол бұл сөзді өз аузымен айтпаса да, сол шындықты бар болмыс, ісімен танытып, Бағданға қайтсе де мойындааттырып, көзін жеткізіп кетті ғой. Бағдан күрсініп койды. Көніл көзі тағы бір шындыққа тірелді. Әспет бұган енді қайтып телефон соклады. Әспет бұган енді қайтып кездеспекші емес...

Бағданың жүргі сыздады. Көнілге медеу болсын деді ме, жазсам ба деп арман еткен әлті бір түк нобайы жок бұлдыр сағым секілді Әспет бейнесін қайта ойлай бастады. Қалай жазбак? Ұлылық пен сұлулықты, тазалықты танытар бұл асыл бейне қылқалам үшінан қай күйде, қай түрде шыкпакшы? Кенет Бағданың көз алдына Джоконда келе қалды: кызық. Әспет жалаң аяғымен күм басып, бұдан алыстап бара жатқанда қай күйде кетті осы? Құліп кетті ме? Әлде жылап кетті ме? Бағдан ойлап-ойлап, таба алмады. Бірақ таба алмадым деп ренжіген жок. Өйткені шын талантты дүниенің өмір мен өлім таласында болып ауыр толғакпен келетініне оның көзі жете бастаган еді. Бір жап-жаксы әннің өлеңінде «Мен сенің құдіретіне түсінбедім» деген жол бар. Сол туралы Әспет бір сез орайында: «Қандай анғалдық! Түсінсе ол құдірет бола ма? Құдіреттің құдіреттілігі түсініксіздігі мен жұмбактығында емес пе?.. Неліктен оған таңданып, камығады?.. деп еді. Сол сөзді есіне алды да Бағданың көнілі орнына түсейін деді. Шалқая отырды. Керек десен – Әспеттің жұмбактығының өзі жаксы. Себебі: Әспет адам түсінбейтін құдіреттілікке мегзейді. Егер жұрт ойлап, бағалағандай Бағдан бойында шын таланттың бір сыйнының бары рас болса, бір әдемі күні бұл құдіретті бейне Мона Лизадай жарқырай шығып, галереяның бір үлкен залында жұрт көзін сұқтандырарына сене берсе де болады ғой...

1978 жыл,  
Алматы – Саздығаш.

## **МАЗМҰНЫ**

### **Повестер**

Мезгіл .....	5
Битабар балуан .....	37
Ит ашуы .....	119
Мәжнүн тал .....	221

**Художественное издание**

**Сафуан Шаймерденов**

**БИТАБАР БАЛУАН**

**Повести**

*(на казахском языке)*

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *А. Хасенова*

Көркемдеуші редакторы *Е. Тұмабеков*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Корректоры *Ү. Бахова*

ИБ № 038

Теруге 20.08.2004 берілді. Басуға 28.10.2004 көл койылды. Пішімі 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>.

Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 14,28

Есептік баспа табагы 15,63. Тараптұмы 3000 дана. Тапсырыс № 1239.

«Атамұра» баспасы, 480091, г. Алматы қаласы, Абылай хан дарыны, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41.

**«Атамұра кітапханасы» сериясымен  
жарық көрген кітаптар:**

*Шәкәрім.* Қазақ айнасы.

*А. Байтұрсынов.* Әдебиет танытқыш.

*Ж. Аймауытов.* Ақбілек.

*I. Жансүгіров.* Құлагер.

*C. Сейфуллин.* Аққудың айрылуы.

*B. Майлін.* Шұғаның белгісі.

*F. Мұсірепов.* Ұлпан.

*I. Есенберлин.* Каһар.

*T. Ахтанов.* Каһарлы құндер.

*B. Бұлқышев.* Заман біздікі.

*M. Иманжанов.* Алғашкы айлар.

*C. Мәуленов.* Алыс кетіп барамын.

*F. Қайырбеков.* Қөнсадак.

*K. Мырзабеков.* Менін мұным – махабbat.

*C. Жиенбаев.* Алтын қалам.

*Ә. Кекілбай.* Ханша-Дария хикаясы.

*ІІ. Мұртаза.* Соғыстың сонғы жесірі.

*B. Соқпақбаев.* Менің атым Қожа.

*O. Әубекіров.* Мың мінездеме.

*K. Мырза Әли.* Көкейкесті.

*T. Молдагалиев.* Шақырады көктем.

*T. Кәкішев.* Сәкен аялаған арулар.

*K. Сегізбай.* Біз калада тұрамыз.

*M. Шаханов.* Эверестке шығу.

*K. Салгараяулы.* Сол бір құндер.



Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ – жазушы.  
1922 жылы туған.

Алғашқы ірі туындысы «Болашакқа жол» романы (1953) жарық көрді.  
«Минез» (1960), «Таныс көрші» (1965),  
«Қарғаш» (1967), «Сыбызғы сазы»  
(1971), «Өмір нұры» (1972), «Селдің  
екпіні» (1977) повестері мен  
әңгімелері, «Әнім сен едін» (1976),  
«Декей келе жатыр» (1982)  
пьесалары басылып шықты.  
«Әдеби толқындар» (1985) атты  
зерттеу макалалардың,  
«Ағалардың алаканы» (1987)  
естеліктерінің авторы.  
Шығармалары өзбек, тәжік,  
башқұрт, татар, саха, неміс, венгер  
тілдеріне тәржімаланды.  
С. Шаймерденов Л. Н. Толстойдың  
«Альберт» повесін, Р. Тагордың  
«Күйреу» романын, «Алтын сағым»,  
«Гәуірманаң» повестерін қазак, тіліне  
аударған.

